This paper focuses on analyzing and contrasting the processes of noun-formation in the English, Russian, Kazakh, and Turkish languages. Within that there is an attempt to reveal the similarities and differences between the noun-forming process by the means of suffixes and their potential productivity in word stock enriching and as well as for pedagogical purposes. The material for the present study has been collected from different sources, compiled and analyzed in terms of morphology, productivity and semantic indications of the different processes of noun-formation in languages. It is found that the English and Russian, Kazakh and Turkish languages reveal a common linguistic phenomenon in noun-formation processes as well as their exploitation of the language by forming productive rules and patterns. The similarities are found in some general universals, such as affixation, compounding, blending, onomatopoeia, borrowing, diminutives, conversion and acronyms. Every language has its regular rules for noun-formation, but some irregular forms may also exist in a couple of them.

Our scientific work is devoted to apply to the works of famous linguists. They distinguished some kinds of noun forming suffixes, their origin of meaning, and usage. We applied to the works of English scientists as Diana Goodey, Francis Katamba ; Russian scientists as Meshkov, Karashuk, Sebakovskiy; and Kazakh scientists as Baitursynov, Iskakov, Salkynbai. They had a great contribution on this

direction. So A.Baitursynov was the first person who investigates word-formation in the Kazakh language. In his work he determined various kinds of suffixes. These researches were ones of the first works investigating the word-formation process of the Kazakh language. The Turkish scientist Mehmet Hengirmen – the author of the book by the title of "Dil Belgisi", demonstrated different kinds of the Turkish word-forming suffixes.

The ability of any language to create new words from existing ones is of unarguable importance. Word-formation generally occurs by one of two processes. The first is compounding, whereby two or more words are combined to create a new one. This is a common way in the English language, though more so in Old English than in modern. Compounding is responsible for words like *steamboat*, *snowsuit*, and *firefighter*. The second word-formation process is derivation, in particular, affixation. Affixation is one of the most productive ways of word-building throughout the history of English. It consists in adding an affix to the stem of a definite part of speech. Affixation is divided into suffixation and prefixation. Affixes are also divided into several categories, depending on their position with reference to the stem. Prefix and suffix are extremely common terms. Infix and circumfix are less so, as they are not important in European languages. The other terms are uncommon.

Lexical affixes (or semantic affixes) are bound elements that appear as affixes, but function as incorporated nouns within verbs and as elements of compound nouns. In other words, they are similar to word roots/stems in function but similar to affixes in form. Although similar to incorporated nouns, lexical affixes differ in that they never occur as freestanding nouns, i.e. they always appear as affixes [2].

Suffixes are affixes that attach to the ends of the base forms of words to create new words or new forms of words. Suffixation is a type of English derivation that creates new words. In addition to the agent suffixes *-er*, *-or*, and *-ar*, other derivational suffixes also result in the creation of agent nouns. Derivation suffixes create new Agent nouns are nouns that identify the person performing an action or, in other words, are names for people [1].

The following suffixes are more noun suffixes that create names for people:

- *-ist* – person; *-ian* – of or belonging to
- *-ess* – denoting female persons
- *-ar /-er/-eur/-ier/-or/-ur* – agent

For example, affixing *-ist* to the base form of the noun *art* results in the new noun *artist*, meaning someone who creates art, and affixing *-ian* to the base form of the noun *library* results in the new noun *librarian*, meaning someone who works in a library. This article explains a number of English noun suffixes that create nouns that are names for people including agent nouns and occupations.

The main function of suffixes in Modern English is to form one part of speech from another; the secondary function is to change the lexical meaning of the same part of speech. (e.g. “*educate*” is a verb, “*educatee*” is a noun, and “*music*” is a

noun, “*musicdom*” is also a noun).

There are different part-of-speech classifications of suffixes, and we consider the following one. Suffixes which can form different parts of speech are given here:

- a) noun-forming suffixes, such as: *-er* (criticizer), *-dom* (*officialdom*), *-ism* (*ageism*),
- b) adjective-forming suffixes, such as: *-able* (*breathable*), *-less* (*symptomless*), *-ous* (*prestigious*),
- c) verb-forming suffixes, such as *-ize* (*computerize*), *-ify* (*micrify*),
- d) adverb-forming suffixes, such as: *-ly* (*singly*), *-ward* (*tableward*),
- e) numeral-forming suffixes, such as: *-teen* (*sixteen*), *-ty* (*seventy*).

There are also disputable cases whether we have a suffix or a root morpheme in the structure of a word, in such cases we call such morphemes semi-suffixes, and words with such suffixes can be classified either as derived words or as compound words, e.g. *-gate* (*Irangate*), *-burger* (*cheeseburger*), *-aholic* (*workaholic*), etc. Taking up nouns we can subdivide them into proper and common nouns. Among common nouns we shall distinguish personal names, names of other animate beings, collective nouns, falling into several minor groups, material nouns, abstract nouns and names of things.[2]

Abstract nouns are signalled by the following suffixes: **-age, -ance/ -ence, -ancy/-ency, -dom, -hood, -ing, -ion/-tion/-ation, -ism, -ment, -ness, -ship, -th, -ty.**

Personal nouns that are emotionally neutral occur with the following suffixes: **-an** (*grammarian*), **-ant/-ent** (*servant, student*), **-arian** (*vegetarian*), **-ee** (*examinee*), **-er** (*porter*), **-ician** (*musician*), **-ist** (*linguist*), **-ite** (*sybarite*), **-or** (*inspector*), and a few others.

Feminine suffixes may be classed as a subgroup of personal noun suffixes. These are few and not frequent: **-ess** (*actress*), **-ine** (*heroine*), **-rix** (*testatrix*), **-ette** (*cosmonette*).

Let's see how it creates in the Russian language. The essential parts of most Russian nouns are the root, the suffix, and the ending. A **suffix** is usually a group of letters which goes at the end of a word and carries a new meaning or grammatical properties. For example, the suffix *-изм* (*-ism*) added to the word *капитал* (*capital*) turns it into an abstract noun *капитализм* (*capitalism*) in both Russian and English. Noun suffixes number over one hundred and play a fundamental role in the creation of nouns.

Suffixed nouns may derive from verbs: *стрельба* 'shooting' from *стрелять* 'to shoot'; adjectives: *мальш* 'child, small boy' from *малый* 'small'; other nouns: *рыбак* 'fisherman' from *рыба* 'fish'; [3]

Abstract meanings (attitudes, feelings, qualities): *-ба, -ие/-ье, -изм, -ость/-есть, -ота, -ствие, -ство, -сть.*

(b) Actions (verbal nouns): *-ация/-изация, -ка, -ние, -ок, -ство, -тие.*

(c) Animate beings (agents of actions, nationals, inhabitants, members of organizations, etc.): *-ак/-як, -анин/-янин, -арь, -ач, -ец, -ик, -ист, -ник, -ок, -тель, -ун, -щик/-чик*.

Noun forming suffixes denoting person in the Russian language as following: *-ак/-як (-чак after -ль)*.

Persons:

(a) with particular physical characteristics or personality traits (based on adjs.): *бедняк* 'poor person', *весельчак* 'jolly person', *пошляк* 'vulgar person', *смелъчак* 'daredevil', *толстяк* 'fat person'.

(b) practitioners (from nouns): *горняк* 'miner', *морьяк* 'sailor', *рыбак* 'fisherman'.

(c) nationalities, inhabitants of certain ancient towns and cities: *пермяк* 'inhabitant of Perm', *поляк* 'Pole', *словак* 'Slovak', *тверяк* 'inhabitant of Tver'.

-анин/-чанин/-янин

(i) nationals, inhabitants, members of social, religious and other groups: *армянин* 'Armenian', *гражданин* 'citizen' (from град 'town'), *крестьянин* 'peasant', *мусульманин* 'Moslem', *парижанин* 'Parisian', *рижанин* 'inhabitant of Riga' (from Рига 'Riga'), *северянин* 'northerner', *славянин* 'Slav', *христианин* 'Christian', *южанин* 'southerner' (from юг 'south').

Persons: **-Ач** with particular characteristics:

(a) from adjs.: *богач* 'rich man', *лихач* 'reckless driver', *ловкач* 'dodger'.

(b) from nouns: *бородач* 'bearded man', *силач* 'strong man', *усач* 'man with large moustache'.

(ii) practitioners (from verbs or nouns): *врач* 'doctor', *скрипач* 'violinist', *трубач* 'trumpeter', *ткач* 'weaver'.

-ец Persons:

(i) with personality traits (from adjs.): *гордец* 'arrogant man', *мудрец* 'wise man', *счастливец* 'happy person', *хитрец* 'cunning devil'.

From to noun agents of actions (from verbs): *борец* 'wrestler', *гребец* 'oarsman', *певец* 'singer', *продавец* 'salesman'.

From-adjective **-ие/-ье**

Qualities (based on adjs.): *величие* 'greatness', *веселье* 'gaiety', *здоровье* 'health'.

Qualities (based on adjs.): *близна* 'whiteness', *дешевизна* 'cheapness', *крутизна* 'steepness', *новизна* 'newness'.

Qualities (based on adjs. in -ый/-ой): *доброта* 'kindness', *красота* 'beauty', *простота* 'simplicity', *чистота* 'cleanliness'.

(ii) States (based on adjs.):

(a) general: *беднота* 'poverty', *теснота* 'cramped conditions', *пустота* 'emptiness', *теплота* 'warmth'.

(b) disabilities and ailments (based on adjs. in -ой): *глухота* 'deafness', *немота* 'dumbness', *слепота* 'blindness', *хромота* 'lameness'.

-ист Persons (based on nouns):

(a) musicians: *арфист* 'harpist', *виолончелист* 'cellist', *гитарист* 'guitarist', *пианист* 'pianist'.

(b) sportsmen: *волейболист* 'volleyball player', *теннисист* 'tennis-player', *футболист* 'footballer', *хоккеист* 'ice-hockey player', *шахматист* 'chess-player'.

(c) drivers: *таксист* taxi driver, *танкист* 'tank driver', *тракторист* 'tractor driver'.

-иха Feminine ending (based on m. counterparts):

(a) women with particular characteristics: *трусиха* 'cowardly woman', *щеголиха* 'showy dresser'.

Animate nouns:

(a) agent nouns (many based on verbs): *защитник* 'defender', *изменник* 'traitor', *охотник* 'hunter', *работник* 'worker'.

(b) practitioners (based on nouns): *дворник* 'yardman', *мясник* 'butcher', *плотник* 'carpenter'.

Some nouns in **-ник** denote animate beings and inanimate objects: *проводник* (a) 'guard on train' (b) 'electrical conductor'.

The Kazakh new words and various word forms are formed by consecutive additions to the root (*tübirge – түбірге*) or the word stem (*sözdin negizine – сөздің негізіне*) of derivational and inflectional affixes: suffixes (*žurnaqtar – жұрнақтар*) and inflexions (*žalğaular – жалғаулар*). The English has a similar way of word formation. Adding the inflexion *"-ing"* to the infinitive produces the most multidimensional form in the English language – the so-called *"ing" form*. The suffix *"-er"* (more rarely, *"-or"*), when added to the infinitive, usually implies a person performing an action: to read – *reader*, to write – *writer*, to work – *worker*, to sail – *sailor*, etc. In the Kazakh the most common derivational affix is also the suffix (*žurnaқ – жұрнақ*), which gives the word a new lexical value. It is easily detected, and participates in the formation of new words.

For example, the suffixes *-šy, -ši (шы, ши)*: *žūmys – žūmysšy* (жұмыс – жұмысшы; work – *worker*); *oқu – oқušy* (оқу – оқушы; read – *reader*); *žazu – žazušy* (жазу – жазушы; write – *writer*); etc. Nevertheless, they do differ. In the Kazakh root morpheme remains unchanged, and affixes harmonize with the root. I.e., word formation takes place according to the law of vowel harmony – the law of combining the sounds of the primary parts of both words and affixes. According to this law, all Kazakh words may be grouped into the coronal or soft (*žiniške – жіңішке*) and the dorsal or hard (*žuan – жуан*). Hence, all words are divided into hard and soft words. For example, *köl* (көл) and *ән* (ән) are *žiniške* (жіңішке – soft), *qol* (қол) and *жан* (жан) are *žuan* (жуан – hard), etc. In English, on the other hand, suffixes and inflexions are entirely independent of the stem, and coronal vowels may be combined with dorsal vowels [4].

Here it has to say that in the Kazakh language adding of different kind of suffixes to word one can notice the process of creating new words that refer to different parts of speech as for verb, adjective, etc. For example, by the means of using verb suffixes **-ыс, -іс**, there creates new form noun *айтыс, жүріс* they give names or things, or

names of movement as: *айтыс, желіс, айқас, таныс, дағдарыс* etc. and names of place or names of action as: *өріс, егіс, құрылыс*.

Here suffix (-y) plays an important role by adding suffix -y to noun (*асу, ауру, қашу т.б.*), in adjective (*жүдеу, қату, бітеу т.б.*), and also in names of motion of forms (*оқу, байқау, жылу т.б.*).

Verb-forming suffix -y creates nouns as (*саба-у, еге-у, жама-у, боя-у, тұса-у, тіре-у, қаша-у Pinnacle Studio*.) all these words mean common nouns, these words mean movement process, either all these words appeared due to increasing the meaning of these words.

The Kazakh scientist A. Toleuov names that such a suffix as homonymic one, and the formation of this derived word as pronoun or verb he connects with the expansion of meaning of the word.

A. Baitursynov in his book “Til tagylymy (Тіл тағылымы)” determined various suffixes, where he showed his classification of suffixes usage. He subdivided suffixes into 2 groups: Suffixes attached to words creating new words and changing the meaning of words; and Suffixes attached to words without changing of the meaning of words. A. Baitursynov distinguished such kind of suffixes which add to other parts of speech as, for instance, verb, adjective, etc. As he explain suffixes as: *-лық, - шыл, - лас, - лы, - лау, - сыз, - ғы, - ны, - у, - ғыш, - ғын, - қы, - ақ, - нды, ма*. The second edition of his book published in Orenburg in 1915 was completed with other suffixes: (*- шақ, - а, - е, - ла, (- ле, - да, - де, - та, - те), - зар, (- қар, - кер), - сын, - шыла, (- шіле), - ай, (- ей), - гер, - дай, (- дей), - дағы, - (дегі), - лау, (- леу, - деу, - тау, - теу), - шыл, - ғыл, - ғылт, - ғылтым, - шылық, (- шілік), - ар, (- ер), - ай, (- ей)*). At present time the Kazakh language has negative verbal suffixes as *ма, ме, ба, бе, на, не, ыс, іс, с*, which can create noun forms. For instance: (*көрме, кесне, терме т.б.*)[5]

In English it means positive side. as we see from these examples, the word *көрме* means in English and Kazakh languages the same meaning, as: *көр* means *watch* in English, adding a negative verbal suffix *-ме* to the word, so *көр+ме* creates a new word which forms a noun that takes new meaning as *exhibition* in English. As other examples *кесне*, and *терме* we can see the same meanings.

The word *Кес* means *cut* in English, adding suffixes *-не* takes new form and change meaning of the words that creates noun form. *Кесне* that means in English language graphic. The word *мер* (a verb) means in English *to collect* or *to gather* by adding negative verbal suffixes *-ме*, changes noun forms and creates new meanings, *мер+ме*, which means Kazakh musical instrument.

Scientist A. Yskakov called these noun-forming suffixes (*ма, ме, ба, бе, на, не, ыс, іс, с, у*) as homonymic. Suffixes *ма, ме, ба, бе, на, не, ыс, іс, с, у* form such nouns as (*қырма сақал, терме басу, елірме күлкі* etc.), and negative verbal ones as (*кесне, көрме, терме*). Notwithstanding negative suffixes (*ма, ме, ба, бе, на, не, ыс, іс, с, у*) form new meaning and create noun forms; and the meaning of word changed and took positive parties [6].

Suffixes in Turkish language can be different part of speech. They form forms as: verb-to noun, or noun-to verb. In Turkish language have 13 types of suffixes which create noun form [7].

Summing up we would like to say that noun- forming suffixes are the most important and wide - spread. This scientific work was chosen as the first attempt to explain the essence of affixes usage, as well as it is an interesting theme for many well known scientists who worked on the problem. They had a great contribution in such a research. By our opinion the problem of noun - forming suffixes is an interesting one with back formation different kinds of suffixes, in their origin, meaning and different kinds of forming. It is definitely said that suffixes have certain peculiarities and their peculiarities are of in their origin, back formation, and meaning. Due to adding suffixes the meaning of nouns changes and these new formed nouns represent other categories. In fact adding with some kinds of different suffixes, the form of the word changing and their meaning could be different. We think that suffixes are base forms of words resulting in the creation of new words in English

In linguistics, a suffix (also sometimes called a postfix or ending) is an affix which is placed after the stem of a word. Common examples are case endings, which indicate the grammatical case of nouns or adjectives, and verb endings, which form the conjugation of verbs. Particularly in the study of Semitic languages, a suffix is called an affirmative, as they can alter the form of the words to which they are fixed. In Indo-European studies, a distinction is made between suffixes and endings (Proto-Indo-European root). Suffixes can carry grammatical information (inflectional suffixes), (derivational suffixes). An inflectional suffix is sometimes called a desinence. Many synthetic languages – Czech, German, Finnish, Latin, Hungarian, Russian, Turkish, etc. – use a large number of endings. Suffixes used in English frequently have Greek, French or Latin origins. Inflection changes grammatical properties of a word within its syntactic category.

LITERATURE

1. *Diana Goodey, Meridith Levy. Brief Overview of Grammar. – Cambridge, 2004. – 144 p.*
2. *Francis Katamba. English Words: structure, history, usage. – Routledge, 2005. –203 p.*
3. *Карацук П.М. Словообразование английского языка. – М.: «Высшая школа», 1977. – 302 с.*
4. *Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2008. – 462 б.*
5. *Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 444 б.*
6. *Бісқақов А. Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысы тарихи тұрғыдан. – Алматы, 1999. – 186 б.*
7. *Mehmet Hengirmen. Turkce dilbelgisi. – A.: «Engin», 2001. – 619 s.*

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада суффикс арқылы жасалған зат есімдердің құрамдық-семантикалық қасиеттері, олардың қолданылуы және әр түрлі жүйелі тілдердегі лексикалық бірліктердің салыстырмалы сипаттамалары қарастырылған.

(Уразбаев К.Б., Парманқұлова Д. Зат есімдер жасалу процесіндегі суффикстердің қолданылуы)

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются структурно-семантические, функциональные свойства имен существительных, образованных с помощью суффиксов, их употребление, а также сравнительные характеристики лексических единиц в разнотипных языках.

(Уразбаев К.Б., Парманқұлова Д. Использование суффиксов в процессе образования существительных)

ӘОЖ 818 992 71

Ж.КАМАЛҚЫЗЫ

филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

МӘҢГҮРТТІК – ҰЛТТЫҚ САНАҒА ТҮСКЕН ДЕРТ

Мақалада қазақ жазушысы Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесінде алғаш сөз болатын мәңгүрт бейнесі мен қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ түн» романындағы мәңгүрт бейнесі салыстырылады. Мәңгүрт туралы аңызды суреттеу арқылы екі жазушы да сол кезеңдердегі ұлттық сананың мәңгүрттенуін, мәңгүрттіктің пайда болу себептерін көркемөнер заңымен түсіндергені айтылады. Мақалада адамзатқа құлдық сананы егудің сұмдық әдісі - мәңгүртке айналдырудың ескі және жаңа жолдары Ә.Кекілбаевтың, Ш.Айтматовтың повесть, романдарында қалай көрсетілгені баяндалған.

Кілт сөздер: аңыз және тарих, мәңгүрт, кек, мәңгі өлмейтін өнер, мәңгүрттену.

Эпикалық шығармалардың ерекшелігі көбінесе, ұлттың басынан өткен қилы тағдырлардың көркем бейнесін суреттеп отыруында. Әсіресе, түрік халықтарының көшпенділік тұрмыста өмір сүрген тайпаларында тарихты ауызша баяндау, тіпті, рудың шежіресін де ауызша жеткізу орын алған. Сондықтан, түрік халықтарының ауызша айтылатын тарихын тек аңыз, қиялдан туған, армандаған жанның қиялындағы көрініс деп бағалауға болмайды. Бұл тайпалардың арасында ондай тарихи әңгімеге орынсыз қосылған қосымшаларды өз «цензорлары» яғни тыңдарман қабылдамай тастаған. Аңыздарда белгілі фольклортанушы ғалым, профессор Р.Бердібай айтқандай: «Ауыз әдебиеті тіпті ресми тарихқа түспеген мағлұматтарды бере алады», немесе: «Аңыз түбінде тарихтан бетер тарих бар» [1.385],- деген қағидалар болатындығын ескеру қажет. «Өзге мәнбелердің ешбірінде сақталмаған «құпияны» аңыз ұмыттырмағанын» [1. 385],- ғалым көптеген еңбектерінде атап көрсетеді. Түрік халықтарына өз тарихын ұмыттырып, орыс миссионерлері мен шовинистері жазған тарихты оқытып жатқан кеңес үкіметінің билік құрған дәуірінде (1917-1991) ақын, жазушылар ұрпаққа өткен бабалардың қадірлі қасиетін түсіндіру үшін өзгеше әдіс тапты. Ол әдіс бұрынғы аңыздардағы түйінді мәселені романдарға ептеп енгізу болатын. Үлкен өркениетке ие болған, X-XI ғасырларда өзінің ренессанстық дәуірін басынан өткізіп, өркениетке Әл Фараби, Қ.А.Ясауи, Ж.Баласағұн, А.Жүйнеки сияқты философ-ақындарды, Ибн Сина, М.Қашқари, Бируни, Әл Хорезми, Ұлықбек сияқты ғажайып ғалымдарды берген түрік халықтарын отаршыл Ресей ғалымдары «бұратана», халық дәрежесіне жетпеген «инародцы» деп

атады. «Жабайы елдің ұрпағысыңдар» деген ой бала бақша мен мектептерде, жоғарғы оқу орындарында барынша түсіндіріліп, ұрпақ санасы құлдық психологияны бойына сіңіріп жатты. Міне, осы тұста «ақыл ойдың шамшырағы» (Данте) болатын ақындар мен жазушылар ұрпақ санасын оятудың жолын іздеді. Үкімет билігі мен саясатына қарсы да келмей, бабалар рухын ұрпақ санасынан біржола өшіп кетуіне де жол бермейтіндей амал қарастырылды. Оны ұлттық сөз өнерінің ежелгі мұрасынан тапты. Екінші сөзбен айтқанда, модернизм әдісін пайдаланды. Алғаш қазақ жазушысы Ә.Кекілбаевтың «Күй» романында суреттелген мәңгүрт бейнесі оқыған жанның жүрегін тігіретті. Қоғамда болып жатқан өзгерісті анық байқаған жазушы өз замандастарының басындағы халді анық көрсететін сурет іздегені аян. Міне, осы кезде өзіне таныс аңыздағы мәңгүрт бейнесі жазушының ойынан шықпаған болу керек. Он алтыға жаңа келген, алдағы өмірден күтер үміті енді бұр жарған, атасы мен анасының келер күннен күткен қуанышы болып отырған балаң азаматтардың қор болуы адам жанын түршіктіреді. Оны оқыған әрбір оқырман өз баласы үшін, ұрпақ болашағы үшін қатты қиналысқа түседі. Өз тағдырының осындай қасіретке ұрынбауын жаратушы Алладан жалынып сұрайды. Адам баласын мәңгүрт ету кімнің ойына келді екен? Не деген жауыздық?! «Читаешь книгу, и тебе тоже дышится тяжело, так вещественно плотно воссозданная писателем атмосфера ненависти, страха, насилия. И только задашься вопросом: «Зачем?»,- деп жазған екен грузин сыншысы Тимур Мамаладзе осы повесть туралы. Шындығында, жас балаларды мәңгүрт еткен оқығаны оқығанында тынысың тарылып, мына дүниенің барлығын қараңғылық басқандай жанарың жасқа толады. «Алты жігіттің қолдарындағы теріні алып, тұтқындардың басына жапты. Әлі ылғалы бойындағы жып-жылтыр тері жаңа ғана шашы алынған жалтыр басқа жабыса кетті. ...Қолдары жып-жып еткен мосқал еркектер терінің жиегін шыр айналдыра бүрмелеп қойған көк тартпаны шірене тартып, сықитып таңып тастады. Жаңа ғана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді. ...Кенет тұтқын балалардың бірі артындағы тұтқынның кеудесіне екі шекесін алма кезек ұрғылап шыңғырып жіберді. Ақ тайлақтың терісі күнге күйіп тырысып барады. Қаудырлап кеуіп бара жатқан түйенің көні бас сүйекті сытырлатып шаға түсті. Қазір-ақ ұн қылып уатып жіберетіндей. Басқа тұтқындар да бебеулей бастады» [2. 74-75]. Адам баласының адам баласына жасаған қиянатының шегі жоқ болар, сірә. Соншама ақылды жақсылыққа ғана жұмсаса, қайғы қасірет болмас еді-ау!.. Кектен кек туады, жамандық жамандықты тудырады. Азап шегетін адам баласы. Бірақ жеңіс жоқ. Ылғи жеңіліс. Шығарма кейіпкерлері Көкбөрі жауыздық жасады, Дүйімқара одан да асырып жауыздық жасады. Көкбөрінің кегін алмақ болған Жөнейіт, міне, адам естімеген жауыздық жасап отыр. «Олар бір апта бойы осылай зар илеп

шыңғырды да жүрді. Сосын бастарына шаш шықты, ол түйенің көнінен өте алмай, қайтадан бастың күйқасын тесіп, кері өсті. Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. Жүре-жүре тілден де айрылды. Түйемен бірге өреді, түйемен бірге келеді» [2. 75]. Мәңгүрттің жайын жазушы осылай түсіндіреді. Адам келбетті, күш-қуты да өзінде, бірақ адамдық сезімі жоқ, мәңгүрт жан. Адам қолымен жасалған мәңгүрт пенде. Неге керек бұл? Жөнейіт Дүйімқарадан кек алмақшы. Өзінің бауырларының мәңгүрт болғанын көріп, жауым күйінсе деп ойлайды... Жоқ, Дүйімқарадан да асқан күйінішті Жөнейіттің өзі бастан кешіреді. Жөнейіт өз дегеніне көндіріп, өнер қуған ұлы Дәулетті кек алуға жұмсаған еді. Бірақ... Жазушы Дәулеттің қандай жағдайда қаза болғанынан хабар бермейді. Жөнейіттің ауыр қайғыдан есеңгіреп, айналасында не боп жатқанын білмейтін мәңгүрт халін суреттейді. Әрине, оның шашын алып тастап, басына жаңа сойылған түйенің терісін ешкім қаптаған жоқ. Оны мәңгүрт жасайын деп ешкім азаптаған да жоқ. Бірақ ол да мәңгүрт болып отыр. Кек қайтармақ болып, өзі үміттеніп отырған кенже ұлы Дәулетті Дүйімқара еліне жіберіп еді. Баласының өлі денесі келді. Содан есін жинай алмай отыр. Жазушы осы жерде екінші бір тағдырды араластырады. Дәулеттің кегі үшін айдалада өзімен-өзі жүрген күйшіні Дәулеттің қасындағы нөкерлері алып келеді. Күйшінің домбыра сазымен Жөнейітке көңіл айтқанын, өмірдің мәні туралы, тойымсыз нәпсіге еріп, жауыздықтан жауыздық тудырудан пайда жоғын ескерткен күй сазын Жөнейіт түсінеді. Бірақ жалған намыс күйшіге тағы жөнсіз жаза қолдануға бұйыртады. Бірақ оқырман күйшінің өліміне, дәл мәңгүрттерге күйінгендей күйінбейді. Өйткені өлім кемдік емес, өлім қай пендеге болса да жат емес. Бір күн кездесетін тағдырың. Күйші үшін күйінбейтінің – артында өлмес өнері қалды. Соңғы, өмірдің мәні туралы тартқан күйін ұмытпай кішкентай бала үйреніп қалды. Оның өмірі осы өнерімен жалғаса бермек. Ал өлтіруге келсек, күнәһар жан жазасыз қалмайтынын ішкі түйсігіңмен сезесің. Мәңгүрттер тағдыры еш көңіліңнен кетпейді, өз тағдырың болып қорқынышпен еске түседі де тұрады. Мен бұл повесті сонау он бес жасымда, алғаш «Жұлдыз» журналына шыққанында оқығанмын. Сол бір суық қорқыныш әлі күнге жүрегімде сақталған. Неге? Қазір ойлансам, ол – бір адамның немесе повесте сөз болатын алты баланың тағдыры емес екен. Бүкіл ұлттың рухани қазынасынан айрылып, тек тамақ асырау үшін еңбек етуге бет алған рухсыз қоғам өмірінің сипаты екен. Мәңгүрттік – бастарына тері қаптаған бейшара жандардың естерінен адасуын емес, түрік халықтарының ұлттық рухани дүниесінен бездіретін коммунистік құрылымның, барлық мемлекеттік жүйенің өзі екен. ...Осыны танытуға жазушы өткен күннен қалған аңыздағы қорытындыны пайдаланғанын түсіндім... Повесте Қорқыт бабаның өлмейтін өмір іздеп, оны таба алмағанында, өмірді қобыз күйімен жырлап, ажал періштесін күй қуатымен қырық жыл бойы жанына жолатпаған, адам баласының ажалды жеңген өнерінің өлмес күдіреті Абыл күйшінің өмірі арқылы көрінеді. Адам баласын өлтірмейтін артында қалдырған өнері екенін автор суреттеп көрсетеді. Сондықтан да, күйшінің өліміне мәңгүрттер тағдырына қиналғандай қиналмайсың. Өнер күдіретін модернизм әдісімен тағы бір рет түсіндіреді. Коммунистік идеология ескіліктің көзі ретінде

қуғындаған күйшілер мен олар тартқан өлмес қазына ұлтымыздың күй өнеріне прозада жазылған ода десек болады. «Бәрін де көріп, бәрінен де торығып, бәрінен де сырт айналып, іргеге қарап бүк түсіп жатып алған кәрі дананың үй ішінде өзінен басқа адам қалмаған бір сәтте көкірегін кеулеп, жүрегін сыздатқан мұн-наланы бір лықсытып оңаша күрсінгеніндей, өткен мен кеткенді, дәл қазір қасында кәрі жүрегін тілімдеп жатқан пәтуасыз көп күйбенді, не күлдіретіні белгісіз, не бүлдіретіні белгісіз ертеңді ойлап күрсінгеніндей, ыңылы баяу, лебі ыстық күй сазы шымыр-шымыр өніп, бірте-бірте ширығып барады. Күй көкірегі өрекіпген сайын түрі жоқ, тілі жоқ мынау мақау дала бетінде әдемі әшекейі болмаған соң ешкім көзіне ілмей, оқып та көрмей, бір шетке ысыра салған көнетоз сұңғыла кітап сияқтана түсті» [2. 59]. Автор осылай өз ұлтының қасиетті өнеріне мадақ айтады. Осындай күй қалдырған Абыл күйшінің өліміне оқырман қинала қоймайды. Оқырманның жанын ауыртатыны – мәңгүрттер тағдыры. Мәңгүрт болып тірі жүргенінен сол жас боздақтарға өлімнің артық сый екенін жан жүрегімен езіле ойланасын. Бірақ мәңгүрттердің өздері бұл аянышты халдерін сезінбейді. Оны сезетіндей санасы өліп қалған... Бұл - сол кезеңдегі қоғамдық сананың дәл өзідеуге болады.

Дәл осы аңыз дамытылып, қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ түн» романында тағы алдымыздан шығады. Ә.Кекілбайұлы мәңгүрттерді ешкімге зияны жоқ, бейкүнә, тек құлдыққа әбден мойынсұнған өздерін танудан қалған мүсәпір жан етіп көрсетеді. Бұл сол повесть жарық көрген уақыттағы 1969 жылдардағы қоғамдық сана көрінісі деуге болады. Ал, Ш.Айтматовтың романы 1980 жылы жарық көрді. Мәңгүрт болып тәрбиеленген қалың қауым енді өз анасына қол көтеруге жарап қалып еді. Яғни, өз ұлтына қарсы шыға алатындар саны көбейіп қалған. Атақты әдебиеттанушы ғалым Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы жазған ғылыми еңбегінде: «елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Жұртта жоқ рухты ақын өзінен шығарып айта алмайды. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» [3. 416.],- деп атап көрсетеді. Олай болса, қазақ жазушысы Ә.Кекілбайұлы өз повесінде тек жан бағу, тірі боп қалу қамымен жүрген қазақ қоғамындағы қоғамдық сананы түсіндірген. Бұндай жағдайға түсірген сыртқы өктем күш болғандығын, ұлттың қансыраған ауыр халін көрсеткен. 1917 жылы болған Ресейдегі революция нәтижесінде дүниеге келген коммунистердің үкіметі түрік халықтарының биік рухын сындыру үшін, ер халықты қорқақ, құл етіп ұстау үшін қаншама сұрқия саясаттар жүргізді. Кәмпеске, қолдан жасалған аштық, репрессия, соғыстағы ауыр қасірет, одан кейінгі тағы да репрессия біздің ұлт үшін Жөнейіт істеген қылмыстан кем емес еді. Жазушы осыны көрсеткісі келген. Бірақ оны ашып айтуға мүмкіндік жоқ. Сондықтан жоғарыдағы біз сөз еткен мәңгүрт туралы оқиғаны суреттеген. Оны көзімен көрген түрікмен азаматының аузымен айтқызады. 1980 жылдары мәңгүрт ұрпақтың балалары өсіп жетілді. Ұлттық рухани мұрадан алыс тәрбиеленген бұл толқын енді өз ұлты үшін қауіптірек сипат ала бастады. Міне, осы тұста белгілі қаламгер қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов қазақ жазушысы Әбіш Кекілбайұлы суреттеген мәңгүрт бейнесін қайта жаңғыртты. Тағы да модернизм әдісі жазушыға көмекке келді. Романдағы «Найман ана»

аңызында оқырман сол Ә.Кекілбайұлы алғаш суреттеген мәңгүртпен кездеседі. Мәңгүртті жау тайпа қолдан жасайды. Ақыл есі бүтін жанды мәңгүрт ету сол жазушы Ә.Кекілбайұлы жазған әдіс. «Жуан-жуандар ондай құрбан құлдардың басына кепеш кигізіп, айуан азаппен ақыл-есінен айырады екен. Әдетте мұндай азапқа қолға түскен жас жауынгерлер ұшырайтын» [4. 99], – дейді жазушы. Жуан-жуандар жасайтын «айуан азапты» былай суреттейді. «Ең әуелі олардың шашын бір қылпық қалдырмай тақырлап тұрып ұстарамен қырып алады. Шашын алап бола берген тұста, жуан-жуанның жалаңдаған қасапшылары таяу жерде ең сыйдаң-саяқ түйені сойып тастайды. Түйенің терісін сыпырып жатып, ең қалың деген төстік көнтерісін бөлек кесіп алады. Сол көнді кесіп-кесіп, әлі жып-жылы буы бұрқыраған қалпында тұтқынның жап-жаңа шашы алынған тақыр басына қаптай қойған кезде осы өзіміздің қазіргі заманда суға жүзгіштердің басына киіп алатын резинка шәпке сияқты сып-сығыр желімдей жабыса қалады. Басына көн қаптау деген осы екен. Мұндай сықпытқа ұшыраған пенде не өліп кетеді, не бұл азапқа шыдай алмай ақылынан адасып, өткен-кеткенін мүлде ұмытып, өмірбақи мәңгүрт құлға айналады» [4. 99]. Ауыр азаптан аман қалған мәңгүрт мүлдем басқа жанға айналады. Жан түршігерлік қиянат дегенің де міне, осы. «Мәңгүрт өзінің кім екенін, ел-жұрты, руының кім екенін, өз атының кім екенін білмес. Балалық шағы, әке-шешесі де мүлде есте қалмас. Бір сөзбен айтқанда, мәңгүрт өзінің адам екенін аңғармас. Өзінің кім екенін білмейтін, сезбейтін мәңгүрттің толып жатқан артықшылығы болған. О да бір, шексіз бағынған құлақ кесті құл. Қашып құтылып кету деген ұғым оның ойына мүлде келмес. Мәңгүрттің басқа құлдардан өзгешелігі сол – онда ешқашан бүлік шығару, бағынбау деген сезім оянбас. Ондай пиғылдан ол ада. Сондықтан да оны қадағалап, қарауылдаудың қажеті жоқ. Мәңгүрт те ит сияқты иесіне ғана пейіл» [4. 100]. Мәңгүрттің жазушы осылай толық қасиетін авторлық баяндау әдісімен түсіндіреді. Бұл да жазушыға қоғамдағы жалпы саналық өзгерістің түсіріп отырған көлеңкесі деуге болады. Шындығында, 1980 жылдарда, кеңестер одағын мекендейтін түрік халықтарының көпшілігі дәл осындай мәңгүрттік халде болатын. Коммунистік партия саясатымен тәрбиеленген көпшілік ортада дәл осындай өз ұлтының өткенін білмейтін, өз тарихынан мүлдем хабары жоқ оны іздеуге талап жасамайтын мәңгүрттер көбейе бастағаны анық. Жазушы осы қоғамдық типті дәл суреттеп көрсеткен. Ол үшін көп оқиға іздеп те жатпайды. Қарт теміржолшы, жұмысшы Қазанғаптың өлімі арқылы осы қоғамдық дертті түгел анық сипаттап көрсетеді. Қазанғаптың қазасы туысы болмаса да Едіге мен оның әйелі Үкібалаға қатты батады. Жерлеу рәсімін өткізу барысында қоғамдағы адамдар теңдей екіге жарылғандай әсер етеді. Бірі – мәңгүрттер, бірі - өз қасиеттерін сақтап қалған қайсар жандар. «Бұлар құдайға сенбейді, ешқандай дұға, фатиха да білмейді. Жарық әлемде құдай бар ма, жоқ па – ешкім білген жоқ, ешуақытта білмейді де. Біреулер бар дейді, біреулер жоқ дейді. Ал мен болсам, сенің бар екеніңе сенгім келеді, сен менің ой-санамда болсаң деймін. ...Ал, мына жастар бұл туралы ойламайды, дұғаны жек көреді. Бірақ бұлар ажалдың ұлы сәтінде өзіне де, өзгеге де не айта алмақ. Егер де бұлардың кез келгені кенеттен құдай бола қалса, оның ойы ғаламат шарықтап кету керек қой. Міне, бұлардың ой

шарықтата алмайтын шарасыздығын, өзінің адамдық қасиетінің бар қадірін біле алмай, жер бауырлап қалғанын көремін де аяймын бейшараларды» [4. 259]. Айналасынан өзін түсінер жан таппай қиналған Едіге осылай іштей күңіренеді. Әдебиеттану ғылымындағы ішкі монолог. Бар қайсарлығымен мәңгүрттікке қарсы қойылғасн ерен тұлға Едіге бейнесі жанына біртүрлі жылы шуақ құяды. Барлығы мәңгүрт болып кетпегеніне іштей қунасың. Екі түрлі адамдар бір жерде өмір сүріп жатыр. Қазанғап, Едіге, Үкібала – өз қасиеттерін берік сақтаған қайсар да қадірлі жандар. Кезекші Шаймерден, Қазанғаптың ұлы Сәбит пен келіні, қызы Айзада, күйеу баласы – мәңгүрттер тобынан орын алады. Жазушы аңыздан қазіргі өмірге өтеді. Енді айналада жүрген мәңгүрт пенделердің сиықсыз өмірін суреттейді. Ол да маңызды емес, роман жанрының заңдылығы бойынша жазушы бұлар қайдан пайда болды деген сұрақ қойып, соның жауабын іздейді. Автордың сол кезең үшін ерекше батылдығы да осы суреттеулерінде деп түсінуге болады. Бұл үшін сол уақыттарда қолданысқа ене бастаған ішкі монологты пайдаланады. «Бұл балалардың мұнысы несі? Неге бұлай болып өсті бұлар? Бұлардың азабын тартып, ыстығына күйіп, суығына тоңып, Құмбелдің интернатына тасып оқытып, әйтеуір адам болсыншы, ешкімнен кем болмасыншы, Сарыөзектің шөлінде көзі ашылмай қор болып қалып, кейін бізді кінәламасыншы, деп Қазанғап екеуі жар құлағы жастыққа тимей мәпелегендегі көреміз дегені осы ма еді? Алда есіл еңбек-ай... Бұлардың азамат болып, адам болып өсуіне не кедергі келді, неге келеңсіз шықты?» [4.29-30.] Міне, өз бауырындағы балалары жат болып шыққан уақытта, бармақтарын тістеп отырған қалың көпшіліктің көкейіндегі сұрақтарды автор осылай: «Едіге жауар бұлттай түнеріп алды. Түксиген қабағында қасы да қасарыса түйісіп, тағы да көкейінде сұм сұмдық сұңқылдады» [4. 29.], - деп түсіндіреді. Бұл - жалғыз ғана Едігенің көкейінде емес, бүкіл елдің көкейінде «сұңқылдаған сұм сұмдық». Әлі де өздері өсірген жастардың мінез құлқын түсінбей, осылай күй кешіп жүргендер аз емес. Жазушы осы сұраққа романда жауапты да беріп кетеді. Айналадағы ұлттық дүниетанымнан мүлдем бөлек тәрбиеленген жастар туралы Едіге осылай баға береді. Бұлар неге бұлай болды деген сұрақты тағы қояды. Ұлттық қасиеттен жұрдай болып қалыптасқан, бірақ өз бауырларында өскен Сәбит мінезін Едіге түсіне алмайды. Қанша оқу оқыған Сәбиттің сонша қатыгез, мейірімсіз болып өскен себебін іздеп табуға әрекет етеді. «Мүмкін, оны дәл қазіргісіндей қайырымсыз болсын деп оқытқан шығар. Сәбитжанның дәл қазіргідей Сәбитжан болып шығуы үшін көп күш жұмсаған әззіл біреу отырған шығар бір жерде», - деп ойланады қазақы дүниетанымдағы Едіге. Әкесі әлі жер қойнына да тапсырылмай, оң жақта жатқанына қарамастан, жалғыз ұл Сәбитжан арақ ішіп, қызара бөртіп отырып айтқан сұмдық одан әрі Едігені шошындыра түседі. «Адам ылғи да орталықтың программасы бойынша қимылдайтын болады. Адам бәрін өзім істеп, өз еркіммен жүрмін деп ойлайды, ал шындығында, бәрін істетіп отырған жоғары жақ. Бәрі де қатаң тәртіппен істеледі. Сен ән салуың керек пе – биоток арқылы сигнал келеді – шырқай жөнелесің. Сен билеуің керек пе – сигнал – билей жөнелесің. Сен жұмыс істеуің керек пе – сигнал – жұмысты қақыратып саласың! ...адам бойындағы қадір-қасиет, мінез-құлық, тәртібі бәрі, бәрі программа арқылы берілетін болады» [4; 35]. Міне, мәңгүрттікті жасау, сол арқылы әлемді билеу мақсатында жүрген

қанша зұлым ойлылар бар екендігін автор осылай жеткізеді. Бір ғана коммунистік идеологияның негізінде автор айтып отырған «программа» жатқанын тануға болады. Өз ұлтының бар мұрасына теріс тәрбиелеген қоғамда Сәбитжан сияқты қанша мәңгірттер өсіп жетілді. Сәбитжандарды тәрбиелеген кеңес мектебі, әсіресе, қазақ балалары үшін ашылған мектеп-интернаттар мәңгірттікке апаратын жол екеніне де автор біреу сөйлем арқылы ғана сілтеме береді. «Сәбитжанды тағы да интернатқа жіберу керек болды. Әкесі түйемен апарып салды. Ал шешесі, яғни, Қазанғаптың әйелі Бекей ал кеп жылап-сықтасын, балам интернатқа барғалы бері біртүрлі бөтен болып барады деп зарын айтты. Үй-ішіне, әке-шешесіне бұрынғыдай бауырмалдығы жоқ, тасбауырлау тартып барады дейді. – Ал, Құттыбаев сонда не айтты? – Бар айтқаны: шеше байғұс бір сұмдықты жүрегімен сезеді-ау, дейді. Балалар интернатта қайбір жетіскеннен оқиды; интернат деген баланы ата-анасынан айырып, айырып емес-алыстатып жібереді. Жалпы бұл өзі өте қиын мәселе, деді» [4, 148]. Жазықсыз репрессияға ұшыраған Әбутәліп Құттыбаевтың тағдырын сөз еткенде өз ұлтынан жерінген, мәңгірттенген толқынның шығу тегін, оның себебін осылай ашып көрсетеді. Кеңестік интернаттар мәңгірттер тәрбиелеуді жақсы жолға қойғаны анық. Содан шыққан Сәбитжандар ұлттың қасиет тұтқан киелі заңдылықтарына жиіркене қарады. Бұл аңыздағы: «Ол қатын сенің басындағы кепешінді жұлып алып, анау ақымақ басыңнан көн терінді сыдырып тастамақшы!» - деген алдауға сеніп, өз анасын садақпен ататын Дөненбайдың ұлы Жоламаннан не артықшылығы бар? Қазанғап пен Едіге жанына ерекше нұр құятын Найман-ана бейіті, өз ұлының садағынан өліп бара жатқан Найман-ананың ақ жаулығынан пайда болған Дөненбай құс туралы аңыз оған еш әсер етпейді. Мәңгірт –Жоламанға өз анасы оның атын, әкесінің атын түсіндіре алмай жаны күйзелсе, Сәбитжанға да Едіге Найман- ана бейітінің ұрпақ санасында сақталуға тиіс ұлт тарихының бір бөлшегі екенін ұғындыра алмай күйзеледі. Оқырман да Едігемен қоса күңіренеді. Жер бетінен қасиетті бейітті жойса, ұлтмыздың бір қасиеті өшетінін түсінген Едіге әлдебір асылын жоғалтатындай қиналады. Ал, Сәбитжан: «Оның бәрі ерте-ерте ертедегі, ешкі жүні бөртедегі ертеке қой, Едеке, түсінсеңші. Бұл арада қазір әлемдік, космостық мәселелер шешіліп жатыр. Ал, біз барып әлдебір зират туралы аңыз айтқанымыз жараспайды ғой. Кімге керек ол?»- деп «білімділігін» көрсетеді. Мәңгірт басындағы кепешке тиіп кетеді деп қорықса, Сәбитжан қызметімнен айрылам деп қорқады. «Мәңгіртсің сен! Нағыз мәңгірттің өзісің! – деп ашына күбірледі Едіге Сәбитжанды әрі аяп, әрі құсықтан да жек көріп», - деп баяндайды автор. Аяйтыны – Сәбитжан да коммунистік идеологияның құрбаны, соның қолдан жасаған улы жемісі; жек көретіні әкесінің бойындағы асылдан тырнақтай да жұқтыра алмай қалған өресіздігі, ешбір ойсыз, талғамсыз насихатқа ілескен қуыс кеуде болып өскені. Бұл - сол қоғам тудырған типтік мінез. Жазушы қоғамдағы осы мінезді анық танытқан. Ол үшін Найман-ана бейіті, ол туралы аңызды тірек еткен. Саясатқа қарсы келмеген түр танытады. Жай аңызды жаңғыртып әңгімелеп отырған сияқты. Сол қоғамның ең қасіретті қабатын аңыз арқылы көрсете алуы жазушының модернизмді тиімді пайдаланғаны деуге болады. Дүниені дүр сілкіндірген атом жарылысының дүмпуі арасынан ақ құстың

«Дөненбай» деген дауысын естігендей болады Едіге, осы арқылы жазушы ұлттық рухты жеңетін күш жоқ дегенге сендіреді. Сонда көңілдегі көп күдікті ойлар да серпілгендей болады. «Көркем шығарма әр кезеңнің тарихи болмысын, рухын бейнелеуімен құнды» [5; 262.],- дейді Ақселеу Сейдімбек. Оның ішінде роман жанры әр дәуірдегі әлеуметтік мәселелердің себебін танытып, салдарына

жүгінтеді, сол мәселелерге жазушылық жауап береді. Сонда ғана роман жанры өз міндетін дұрыс атқарады. Ғалым Р.Бердібайдың сөзімен айтқанда, сол мәселенің дұрыс шешіміне «жазушылық жауап беруге тиіс». Қоғамның дамуына талдау жасау үшін үлкен еңбек жазған материалист ғалымдар таза статистикалық мәліметтерден гөрі XIX ғасырдағы еуропа жұртындағы сыншыл реализм әдісімен жазылған романдарға көбірек сүйенгені мәлім. Осының өзі қоғамды дұрыс танытуда көркем романның көтерер жүгі салмақты екенін көрсетеді. XX ғасырдағы кеңестік кезеңнің шын бейнесін тануда да роман жанры көмекке келері анық. Әсіресе, ұлттық рухты жоюға арналған саяси алып машина жұмыс істеп тұрғанда, сол машинаның апанына жұтылып кетуден сескенбей өз міндетін адал атқарған жазушылар еңбегін дұрыс бағалаған абзал. Сол уақыттағы ұлттық санаға түскен ауыр салмақ пен оған қарсы тұрған ұлттық сананың ішкі тірегінің күресін танытқан жоғарыдағы екі роман егіз ел тарихындағыт ұлт қасіретінен сыр шерткен көркем шерлі шежіре десек болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бердібай Р.* Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 б.
2. *Кекілбаев Ә.* Он екі томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Жазушы». – 400 б.
3. *Байтұрсынов А.* Ақ жол. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 464 б.
4. *Айтматов Ш.* Ғасырдан да ұзақ түн. – Алматы: «Атамұра». 2005, – 312 б.
5. *Сейдімбек А.* Ойтолғақ. Жарияланбайтын жазбалар. – Алматы: Жалын», 1997. – 272 б.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о старых и новых путях носильного приобретения чудовищного метода рабского сознания - манкуртство в сознании человечества в произведениях А.Кекилбаева и Ч.Айтматова.

(Камалкызы Ж. Манкуртство – недуг на национальном сознании)

SUMMARY

The article deals with old and new ways of forcible implantation of severe methods of slavery consciousness reflected in works of A.Kekilbaev and Ch.Aitmatov.

(Kamalkuzu ZH. Mankurtstvo – Arrived an Illness on National Consciousness)

ӘОЖ 818. 992 271

Д.А.ИСЛАМ

филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

АЗАМАТТЫҒЫН ІЗДЕТКЕН ҚОҒАМ ЖЫРШЫСЫ

Қазақ поэзиясының тарихында азаматтық жыр үлгісі саналатын азаматтық әуен, үн тәрізді көркемдік бағытты даралайтын ежелгі соқпақ бар. Ақын өлеңдеріндегі азаматтық пафос - деп өлең шоғырларын бөліп арнайы зерттеп жататынымыз да бар. Ал азаматтық қай өлеңнің болса да өзегінде жатып жан берер рухы болса керек. Өлеңдегі азаматтық ел басына күн туғанда дараланып шабар ақындар шығармашылығына тән құбылыс екендігін ұлттық өлеңсөз тарихынан көріп келеміз. Автор бүгінгі қоғамдағы азаматтық категорияның тұтас шығармашылығына арқау болған ақын Р.Ниязбектің өлеңдеріне жіті талдау жасай отырып, шеберлік қырларын ашады.

Кілт сөздер: азаматтық үн, азаттық, барыс жылы.

«Ақындықтан әкімдік шен жоғары» заманда өлеңшінің беделі де алған атақтарымен өлшеніп қалып жататыны бар. Халқымызға белгілі ақынның бірі Рафаэль Ниязбекте де Шешен Республикасының ең жоғары мемлекеттік «Ұлт намысы» ордені, Шешенстан Мемлекеттік және І.Жансүгір атындағы т.б. сый-сияпаттар баршылық екен. Бұл адам еңбегіне берілген бағалаулар оған дауымыз жоқ. Бірақ осы Марапаттардың ақын етіп жаратылған тағдырынан өрілген өлмес өміріңнің ескерткішін жасасқан өнердің қасында қауқарсыз қалатыны тағы бар. Қош, сонымен біз біліп атап көрсеткен атақтары бар Рафаэль Ниязбектің ақын дейтін атты арқалап, арқаласып келе жатқан бірнеше жыр жинақтарының сырына үңілсек.

Қай атағының салмағы басым жататынын сол кітаптар айтса керек. Ендеше оқырман қауымы болып 70-тен асқан ақынның жеткен биігіне жетектесіп шығып көрейік, жеткізер ме екен? Әлде... Осы жолдардың авторы ретінде «Әлде...» сөзі мен «көп нүктені» бекерге қойып отырғаным жоқ. Ақын жинақтарын бірінен соң бірін оқыдым. Өлеңдерінен бейнелілік іздедім. Суретті сөз тіркестері мен сезімді тербер әуезін тыңдағым келді. Пенденің бақытын жырлаған шаттығы, күйзелісін күйттеген мұңы жаға көрсетпей қойды. Алабұртқан сезімімен 13-көктемінде табысқан ұяң қыз бен бала ғашықтың сыры да айтылмады. Ойпырмай, бұл қандай ақын болды деп жабыға да бастадым. Өлеңдері өзіміз бастан өткерген 1991 жылдан бергі еліміздің өмір тарихын өткір-ақ баяндайды. Өлең баяндаудан тұрмайтынын ескерсек, сонда өмір шындығының өлең тілінде сөйлеп беруінің сыры неде болғаны? Біз өлеңнен көркемдік іздеп қана бақсақ, қоғам мінезі өлең сөзбен де өріліп-ақ жүре бергендей. Ақын Рафаэль Ниязбек жырлары бүгінгі өлеңнің публицистикалық қабаты молайып азаматтық әуені салмақтана түскенін

байқатты. Түрік таңбалы жырында түйінделген елдік сананың, жыраулық поэзиядағы азаматтық үннің, XX ғасырдағы Алаш идеясының – XXI ғасырда толғауы бөлек әлеуметтік күйде өрнектелуі Рафаэль Ниязбек өлеңдерінің болмыс бітімі екен. Тек біз оқырман, өлеңді арысы Абай, Мағжан берісі Мұқағали, Жүмекең, Жұматайлар биігімен ғана өлшеуге машықтанып алаппыз. Р.Ниязбек секілді көп таланттар кітаптарын бір оқығанда әуелі тосырқап қарауымыздың бір міні де сол болар.

...Сен аңсаған, Азаттық,

Аштық жылы

Тұрғызғанда мұнара сүйегімнен.

...Сені аңсаған, Азаттық,

Тепкіленіп,

Қара жерге өр рухым көмілгенде.

(Азаттығым...)

Азаттық тақырыбы тәуелсіздік қазақ өлеңінде қайта жырланды. Қ.Шаңғытбаев «Ағытып ап мойнымдағы көгенді», Т.Медетбек «тудық біздер көрінбейтін бұғаумен, жүрдік біздер көрінбейтін кісенмен», -деп ишаралап жатқанда Р.Ниязбек ұлт тарихында трагедиялық кезеңді жадымызда қайта тірітіп Азаттық тарихы тым тереңде жатқанын әрі құндылығын салыстыру әдісімен арттырып астарсыз жеткізеді. Тәуелсіздігімізді жариялап Егемен ел аталған жылдардан бергі хал-ахуалымыз ақын өлеңінің өзегіне айналған.

Қазақстан – алып бір жыртық үйдей,

Алба-жұлба күн жеген туырлығын –

(Барыс жылы)

немесе

...Айқара ашып қақпаны, дарбазаны,

Тоғытуда өнер деп даңғазаны.

Қазақстан бүгінде білсең егер,

Ібіліс пен індеттің қан базары.

(Ібіліс...)

немесе

...Бағдарлама жүректен туған болса,

Тамақ іздеп, жұрт босып сандалама?

(Бағдарлама)

немесе

Арайлап атқан ақ таңда,

Қалмаймын деме ақпанда.

Сұмдықтың бәрі – ақылдан

Сумаңдап шығып жатқанда.

(Сұмдықтың бәрі...)

Жұрттың бәрін ұстаған шаңға қамап,

Қай басшыны көтерем Арға балап.

Жетім бала секілді ауыл кейде

Жалаңаяқ жүгірген жар жағалап.

(Қайран ауыл)

Келтірілген өлең шумақтарының қай қайсысы да еліміздің өткен күні мен бүгінде бет бейнесін танытып тұр. Егемендіктің әуелгі бес жылдықтарындағы ұлттық дағдарыс, халықтың сергелдең күйге, базар экономикасы, жарықсыз ауыл, жаппай жұмыссыздық ақын өлеңдері тақырыбының басты лейтмотиві. Бұл тақырыптар жай баяндалып та қоймайды, ақын мейлінше дағдарысқа түскен, әлеумет психологиясын беруді көздейді. Осы тұстағы қоғамдық мерезге айналып бара жатқан жат қылықтарды жабырқай қараған ақын жүрегінің жан айқайы кімді де болса толғандырмай қоймайды. Бүгінгідей қуатты Қазақстанға жету жолымызда осыншама келеңсіздіктердің болғанын еріксіз мойындаймыз. Ақын жырының салмағы да осында. Кешегі кемшіліктерді бастан өткерген қауым өлең өзегінен өткенін танып, бүгінге шүкіршілік айтар. Өткеннің кемшілігі бүгінде жоқ па деп толғанар, өлең толғантар. «Бәйтеректер жел өтінде тұрады», «Тында мені замана!», «Жүрегімде-ғасырлардың салмағы» жыр жинақтары тәуелсіздіктің тұңғыш қадамдарының панорамасы іспетті. Ал оны жырлаушы, бедерлеуші ақын – ақын ғана емес жауынгерлік сапта жүрген сарбаздай қырағылыққа көшкен. Бұл жерде ақынның жауынгерлік қызметін поэзиясының бағытынан тапқандықтан басты ерекшелігі ретінде таныған жөн. Әсілі жауынгерлік сөзі жаугершілік замандардағы ақын-жыраулар поэзиясына танылады. Ал бейбіт кезеңдегі ақын шығармашылығына жауынгерлік пафосты таңғанымызбен оны тұтастықта табу сирек-ті. Ақын Р.Ниязбек өлеңдерімен жауынгерлік рухтың бірлікте өмір сүруі жыраулық дәстүрдің жаңашыл стилін көрсеткендей. Жыраулар поэзиясында елдік сананың бірінші кезекте тұруы тек соғыс жағдайымен түсіндірілмейтіндей ақын Р.Ниязбек өлеңдеріне де тән басты атрибут азаматтық екендігін ескергеніміз жөн. Әйтпесе Р.Ниязбекке де қыз бен қымызды жырлау бұйырмай кеткен деп айта алмаймыз. Азаматтық ұғымының бүгінгідей Тәуелсіздік кезеңде аласарып бара жатқанын ақын ғана емес барша әлеумет көріп отыр. Ақынды аласұртқан да осы азаматтық ар намыстың өз дәуірінде сөнер оттай селдіреуі. Сондықтан да ақын:

...Жер бетіне шындықты сепкен жақсы,

Ойға, қырға сүйрелеп желге шашпай –

(Шындық)

деп қасқая қарап тұр.

...Арсызға арлы жем болған
Жаманға жақсы жең болған
Асылдар асқар көрінбей
Аласа жанмен тең болған.
Билікке қолы жеткеннің
Қуыс кеудесіне жел толған.
Ал солар тулақ етпесе
Ен тоғай қайда кешеді...
От шашқан сөзі- семсері
Ел еді кеше еңселі

(Сөйлеймін бүгін тартынбан)

Толғау формасындағы бұл өлеңдерде ақынның поэтикалық «Менінен» жанрға таңылған «Мен» күштірек. Мұнда да жыраулық поэзиядағыдай

тақырыптық арна қоғамдық мәселелерді көтеруге бағытталған. Ақынның жеке ой-сезімі жалпыға ортақ мүддені жеткізуде толғаудағы әртүрлі стилистикалық құрылымдарға бағынып жалпыламалық қалып танытқан. Ақын Р.Ниязбектің лирикалық қаһарманы қоғамдық әділетсіздікті жіті бақылаушы, азаматтық темпераментті «Мен»нің бітім болмысын, кесек тұлғасын аша түседі.

Тәңірдің шашып кеткен бір ұстасы
Жұлдыздар – Айлы түннің күміс тасы
Жұмыр жер – аспан деген алып құстың
Бауырына басып жатқан жұмыртқасы
(Алтын құс)

немесе
Өрт түсірмей елімнің өзегіне,
Арна болып тартылдым өзеніне
Көктем болып жүгірдім қарсы алдынан,
Көкжал болып қарамай көжегіне
Араласып ардагер ел ісіне,
Төгіп өттім нөсер боп егісіне.
Желбіреген туы боп тумасам да,
Желі болып тартылдым жемісіне.
(Еліме)

Аламанға ат қосқан сайран белде,
Қапа болып, қан жұтқан майдангер де.
Бәйге алам деп, ағайын, әуре болма,
Әділдіктен безініп тайған елде.

(Бізге бөтен екен деп ер-тұрманы) [1.12].

Осындай суреттеулер мен сәтті теңеулер ақын дүниетанымынан өрілген метафоралы ой жүйесін құрайды. Ақынның тағы бір шығармашылық қыры, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлері секілді белгілі есімдерді психологиялық портреттеу арқылы бейнелеу шеберлігі. Бұл тақырыпта Махамбет, Ақан сері, Абай, Мұхтар, Мұқағали, Бауыржандар рухымен сырласқан өлеңдерін атап өтуге болады. Бір Махамбеттің ерлігі мен өрлігін индивидуальдық көркемдік ой политрасында жырлауға 200-ден астам өлең жазады. Ақын өз заманының әлеуметтік күйін мінездеуде Мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевқа «Қыдыр ғұмыр», Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа «Айбозым менің» атты жеке жыр кітаптарын арнаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ниязбек Р.* Мына опасыз жалғаннан түнілгенде.../Қазақ әдебиеті №17-18 (2970), 28.04.2006.

РЕЗЮМЕ

В этой статье анализируются лирические произведения поэта, затрагивающие тему гражданства.

(Ислам Д.А. Поэт, воспевающий гражданственность)

SUMMARY

This article deals with the analyses of lyrical works on the theme of a citizenship of a poet.
(Islam D.A. Poet who Wrote about Citizenship)

ӘОЖ 398

Қ.ТІЛЕУҚАБЫЛОВ

С.Демирел атындағы университеттің магистранты

**ТҮРІК ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ АҚЫЛШЫ, КЕҢЕСШІ
БЕЙНЕЛЕРІНІҢ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ КӨРІНІСІ**

Орхон ескерткіштері қатарында саналатын тарихи дастандардың бірі – Тоныкөк жыры. Тоныкөк жыры – Білге қаған, Күлтегіндердің ақылшысы, кеңесшісі Тоныкөктің өз атынан яғни «Мен» атынан баяндалады. Автор осы ақылшы, кеңесші бейнесінің түрік қағанаты дәуіріндегі мемлекеттік дәрежесін және оның елдік жолындағы көрсеткен ерлік баянын саралайды. Ақылшы, кеңесші бейнесінің «Оғыз-наме» жырындағы Ұлық Түрік, Қорқыт, Ұлық жырышы, жырау бейнелерімен көркемдік дәстүр жалғастығы дәйектеледі. Түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелерінің қазақ батырлар жырындағы сілемдері туралы тұжырымдар жасайды.

Кілт сөздер: ақылшы, кеңесші Тоныкөк, Ұлық Түрік, Абыз, жырау.

Күлтегін, Тоныкөк, Білге қағанға арналған тарихи дастандар түркілердің Тәңірге табыну діні қалыптасқан дәуірдің жемісі. Орхон ескерткіштеріне жататын бұл тарихи дастандар қағандық дәуірдегі түркі жазуына жатады. Осы жырлардың ішіндегі Білге Тоныкөк жыры ақылшы, кеңесші бейнесін Хан мен әскербасы бейнелерімен қатарластыра толғайды. Аталған тарихи дастандарды жаздырған Иоллығ тегін – Білге қағанның баласы. Иоллығтың аты бізге ақын ретінде жетіп отыр. Сонымен қатар «Түркі Білге қағанның еліне арнап жаздырдым, мен Білге Тоңқұқ»-деуіне қарағанда, біз әңгімелеп отырған жырларды шығарушы адам осы Тоңқұқ болуы керек» [1]. Тарихымыздың көне ізін ашып, дер кезінде бағытын көрсеткен ғұлама Б.Кенжебаев шәкірттерінің бірегейі де Тоңқұқты жырау ретінде дәлелдегені белгілі [2]. Орхон ескерткіштерін кеңес тұсында-ақ ерлік жыры деп бағалаған М.Әуезов болатын. Ендеше біз тақырыбымызға өзек етіп алып отырған ақылшы, кеңесші бейнелерінің бастау бұлағы Тоныкөк тұлғасы – жырау тұлғасын айқындап тұр. Бірақ бұл жыраудың тіні бертінгі әдеби дәстүрдегі жыраулардың бейнесінен тым күрделі, синкретті деуге саяды. «Анахарсис (Анық Арыс), Тоныкөк, Қорқыт аталардың сопылық жолдан рухани қуат алған әулиелер екені көп күмән туғыза қоймайды» [3] -деген пікір Тоныкөктің кеңесші де, жырау да болуының негізі әлі ғылым дәйектей алмай жатқан әулиеліктің өзегі рухани ілімнен басталатынын танытады. Егер Тоныкөк те рухани ілім иесі болса онда Күлтегін, Білге қағандар дәуіріндегі мемлекеттік идеология да осы Тоныкөктің түркілік дүниетанымдық, Тәңірлік дініне сүйенгендігі көрінеді. Әулиелікке жеткізуші рухани ілім екендігін тереңірек түсіну үшін бұл жөнінде тереңдеу жазылған мына пікірлерді алдыға шығарсақ: «Шындығында, түркілердің исламды қабылдауын дұрыс түсіндіріп беруге материалистік негіздегі ғылымның өресі жетпейтін еді.

Өйткені, бұл үдеріс материализмге мүлде қарама-қайшы рухани іліммен, яғни жүрек көзін ашу ілімімен тікелей байланысты болатын. Көшпелі тайпалар арасында осы ілімді терең меңгеріп, руханият биігіне жеткен әулиелер әр заманда, исламға дейін де, одан кейін де көп болған. Бұл ілімді меңгеру үшін мектеп-медреседе ұзақ ілім алу шарт емес. Бұның жарқын мысалы жазу-сызуды білмей-ақ, даналығымен әлемді таң қалдырған хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өмірі бола алады. Рухани ілім – Жаратушымен тікелей байланысқа жетудің нәтижесінде, оның өзінен алынатын таным түрі. Құранда «Бақара» сүресінің 31-аятында Алла тағаланың Адам Атаға ілім үйреткені айтылады. Бұдан рухани, яғни ладуни ілімнің осылайша, мерзімді оқусыз, жаратушы тарапынан ғайыптен әрі бір сәтте берілетінін аңғаруға болады [3.18]. Осы пікірлерді байыптасақ Тоныкөктің де тегі оңай болмағаны. Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жырларының шығарушысына Тоныкөктің де дүниетанымдық әсері тиетіні белгілі. Оның үстіне Тоныкөк жырын Тоныкөктің өзі шығарған дегенді қазіргі зерттеушілер болжам ретінде де, шындық ретінде де дәйектеп берді. «Тоныкөк жырын» Тоныкөктің өзі жырлаған болса қалған екі жырдың шығарушысы Иоллығ тегін де Тоныкөктің рухани ілімімен қуаттанған болуы бек мүмкін. Әйтпесе оның өзі де (Иоллығ тегін) рухани ілім иесі дәрежесіне көтерілмегеніне кім кепіл бола алмақ. Қалай дегенде де мұны жыр мәтінінен оқып сезінсек болады.

«...Күллі түркі халқы былай десті:
«Елді халық едім,
Елім қазір қайда,
Кімге ел-жұрт іздермін?
Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым
берермін»-десті.
Осылай деп табғаш халқына жау болды.

Жауы болып,
Қолдарынан түк келмей,
Қайта бағынды.
Бүйтіп күш-қуатын бергілері келмеді.
Түркі халқы:
«Қырылайық, жойылайық» десті,
Ажалға жылжи бастады,
Көкте Түрк тәңірісі
Түрктің қасиетті жері, суы.
Былай депті:
«Түркі халқы жойылмасын» - дейді, -
«Ел болсын», - дейді. (Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. 12-13 б.).
Осы мәтін үзіндісіне қарап түріктер Тәңірісіне жалбарынғанын,

Тәңірінен хабар келгенін, халық пен Тәңірі арасындағы рухани сенімдегі диалогтың болғандығын біз оқырман, рухани ілім жайындағы дүниетанымдар негізінде қабылдай аламыз. Жырды шығарушылар түрік халқының өздігінен жауын жеңе алмай, «қолдарынан түк келмей» бастары салбырап ажалға жылжи бастағанда бір Тәңірінің жарылқауымен қайта еңсе көтергенін қадап айтуды мақсат еткен сияқты. «Бұл Тәңірі – Түріктің Тәңірісі. Қаған сайлау, бұйрық беру, жарлық шығару, ел қылу, күш беру, ұлық, құт, білік сыйлау, жарату сияқты әрекеттер Тәңірдің қалауындағы іс... Кейіннен түркілік дүниетанымдағы Көк тәңірі түсінігі басқа діндердегі Құдайлардың тағдырына ұқсас «өзінше бөлектенген енжар Тәңірге» айналған [4]. Бұл пікірді тарата айтар болсақ Тоныкөк дәуіріндегі Тәңірлік дүниетаным, рухани ілім жүрек көзімен қалыптасты, ал Тәңірлік дін ретінде даму тарихында исламға дейін «енжар Тәңірге» айналу жолында ұлттық дәстүрлі дүниетаным мен әдет-ғұрыптарды халық салт-санасына сіңіріп Ислам құндылықтарымен үйлесім тапқандығы. Бұл енді діни жағынан әлі де толыққанды зерттеулерді күтетін мәселе. Біздің түйіп отырғанымыз түрік дастандарындағы Тоныкөктей ақылшы, кеңесші дүниетанымның өзегі сол замандағы Түркілік дүниетаным өлшемі Тәңірлік дінмен қабысатындығы. Рухани ілім иесі ретіндегі Тоныкөктің ақылшы, кеңесшілік білігінің өзегі де түркілік дүниетанымға байланған және ол рухани ілім негізінде Ислам дінімен кедергісіз қауышудың қайнары болғандығы. Рухани ілім халіне жеткен Тоныкөк, Ұлық Түрік, Қорқыт секілді түрік халықтарына ортақ тарихи тұлғалардың ақылшы, кеңесшілік қызметі кейінгі жеке-жеке шаңырақ көтерген түркі халықтарының бәрінде де өздерінің рухани мұрагерлерін тудырғаны да, сондайлық қызмет атқарғаны да белгілі. Қалай болғанда да түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелерін сол дәуірдегі халықтың діни наным мен сенімінен бөлек қарай алмаймыз. Ал, бұл дастандар өткен ата-бабаларымыздың тарихи шежіресін танытатын бірден-бір жазба деректер болғандықтан, сол дәуірдегі ұлттық дүниетаным бастауларын да осы құндылықтардан іздеп табамыз. Түркі халықтарына ортақ Түрік қағанаты тұсындағы Орхон ескерткіштері шежіре көзі болуымен қатар көркем поэзиялық туынды екендігі де мәлім. Әдеби көркем туынды болғанның өзінде өмір шындығы мен түрік өркениетінің дүниетану философиясы тұтастана отырып түрік болмысын танытты. Сонымен түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелері түрік халқының Тәңірге табыну сенімімен жеке тұлға ретінде көрінеді. Демек, мұндағы ақылшы, кеңесші бейнелерінің маңыздылығы діни наным-сенім маңыздылығымен бірдейлік дәрежеде. Ақылшы, кеңесші бейнелерін жарату да діни дүниетаным маңыздылығынан туындаған. Яғни, ақылшы, кеңесші бейнесін тудырушы бірінші кезекте дін факторы. Ең бастысы ақылшы, кеңесші бейнесін беруші Тоныкөк, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жырларындағы басты қаһарман, басты тарихи тұлға. Білге атауының өзі – «ақылды, данышпан, білікті» [1.17] – деген ұғымдарды білдірсе онда қағандардың да дүниетанымдық көзқарасы

Тоныкөктің рухани дәрежесімен бірдейлік деген сөз. Бірақ Білге қаған болып, Күлтегін әскербасы болып, Тоныкөк ақылшы болуында мемлекеттің рухани күші Тоныкөкке жүктелгенін байқаймыз.

Ақылшы, кеңесші Тоныкөк бейнесі «Манас» эпосындағы Тоныкөк сияқты табғаш тәрбиесін алған, ақылды, білікті, жауынгер Алмамбет бейнесіне етене жақын. Көне түркі шығармаларындағы дәстүрді зерттеуші бұл жөнінде нақты мынадай тұжырымдар жасайды. «Қырғыз халқының батырлық дастанындағы мына Алмамбет бейнесі түркі қағандығын орнатудағы жорыққа қатысқан Тоныкөк болмысын айнытпай көз алдымызға әкеледі. Тоныкөк те табғаш елінде білім алып, сол халықтың ықпалында тәрбие алған. Ол жайындағы жинақталған мәліметтерге қарағанда Тоныкөк түркі дәстүрін, жазуын шебер меңгерумен қатар қытай халқының әдет-ғұрпын, әсіресе, олардың әскерді басқару тәсілдерін жақсы білген... Бірақ, осы зерттеу жасап отырған Күлтегін жазба ескерткішінде түркі қағандығының саясаткері Тоныкөк жөнінде бір ауыз сөз айтылмайды. Солай болғанымен, Күлтегін жазба ескерткішінде баяндалған атақты жорықтарға, қанды шайқастарға Тоныкөк тікелей қатысып, әскерді жеңіске бастағаны рас. Зерттеу нәтижесінде танылғандай, Күлтегін ескерткішінде тек Ашина тұқымынан тараған түркі қағандығын орнатушы даңқты тұлғалардың ерен ерліктері жайлы ғана жазылған. Сонымен, түркі қағандығын орнатушылардың бірі Тоныкөк кеңесші-батырдың болмысы «Манас» жыр дастанындағы Алмамбет қолбасшының бейнесіне өте ұқсас» [5]. Зерттеуші бұл пікірінде нені меңзеп отыр. Байыптап қарасақ «Манас» эпосының бастауы көне түркі руна жазбаларында жатқандығын ғылыми дәйектеуі қуантарлық. Сонымен қатар «Манас» эпосының да түрік халықтарының бір бұтағы қырғыз халқының сан ғасырлық арман тілегінен, көркемдік қиялынан туындағанын да, сан ғасырлық тарих желісінің белгілері бергіде жырланған туындыға арқау болатыны да табиғи заңдылық. Зерттеуші «Бұл эпостың негізгі жұлыны шығарма өзегі – «қырғыздардың ұлы мемлекеттігі» кезеңіндегі оқиғалар, яғни, қырғыздардың 840 жылғы өздеріне езгі көрсеткен елдерге қарсы жорықтардағы қаһармандық ерліктері шығарманың ең басты оқиғасы болып табылады. Бұған қоса, түркі қағандығын – түркі империясын орнатудағы Ашина тұқымынан тараған көк түріктердің атақты тұлғаларының қаһармандық жорықтарындағы ірі оқиғалардың бірсыпырасы осы эпосқа желі болғаны сөзсіз» [5.38] – деп тұжырымдайды. Ғалымның осы еңбегінде ақылшы, кеңесші бейнелеріне қатысты мына ойларын да басшылыққа аламыз. «Оғызнама» шығармасында Оғыз қағанның ақсақалды, ақ шашты ақылгөй қарты – Ұлық Түрік, Тоныкөк те көп жасаған кісі. Білге қаған мен Күлтегін билік жүргізіп, соғыс жорықтарын бастаған тұста Тоныкөктің жетпістен асып, қартайғаны тарихи деректерден мәлім, бұған Л.И.Гумлевтің: «Әбден қартайғандықтан дана Тоныкөк енді түрік жасақтарын басқара алмайтын болды, деп жазғаны дәлел... Күлтегін жазба ескеркіші тарихи ерлік дастаны болса, «Оғызнама» шығармасы мифтік сарыны басым ерлік дастаны.

Екі шығармадағы оқиға дәуірі түркі империясын орнату кезеңі, шығармалардағы сюжет те сол тұстағы күрделі оқиғалардан құралған» [5.40-41]. Зерттеуші екі шығарманың оқиғалық желісін бір кезеңге түйістіреді. Бұл деген сөз ақылшы, кеңесші Тоныкөк пен Ұлық Түрік бейнелерінің етене туыстығын айғақтайтындай әсер қалдырады. Ұлық Түрік бейнесінің Тоныкөк пен Қорқыт бейнелеріне жақын екендігі «Оғыз қаған» жырын Ұлық Түріктің өзі шығаруы мүмкін дегенді ескі кітаптардан да оқығанбыз [6]. Жалпы бұл бейнелер жыраулық өнердің, поэзияның арғы тектерін негіздеушілер. Бұлардың қатарына қазақ әдебиеті тарихының бастауларынан саналып жүрген Сыпыра жырауды да жатқызамыз. Дүйім елге, ел басқарушы қаған, хандарға айтар кеңесшілік дәстүрі түрік дастандарынан бері өтіп қазақтың хандық дәуірінде де Бұхардың Абылайханға кеңесімен көрінеді. Енді «Оғызнама» дастанында қағанға кеңес айту қалай бейнеленгені жөнінде айтып өтсек. Оқиғасы қара сөзбен басталып жазылатын дастанда Ұлық Түрікке тікелей қатысты тұстарында өлең тілімен өріліп баяндалуы Ұлық Түріктің ақылшы, кеңесшілік тұлғасын жыраулық бейнемен астастырып жібереді. Бұл жерде айтпағымыз, сонау «Гильгамеш», «Авеста» жазбаларында бар өмір мен өлім философиясын меңгерген рухани ілімі бөлек бейнелердің әр дәуір тарихында адамзат өмірінің жолбастаушысындай алдында тұруы. Біз айтып отырған ақылшы, кеңесші бейнелерінің жалғасы ретінде Еңлік-Кебектегі Нысан абызды атасақ та болады. Демек ақылшы, кеңесші бейнелері арқылы біз нені мойындаймыз, неге бас иеміз. Әр дәуір, әр заман тарихының көркем шежіресінің өзегі ретінде ақылшы, кеңесші бейнелерінің тек қана көркем сөздің соны үлгілерінде бейнеленулері жайдан-жай емес. Ақылшы, кеңесші бейнелері бірде жырау, бірде жауынгер ақын, бірде абыз секілді бейнелерге ойысқанымен негізгі тіні бір, халық санасында ерекше қасиеті бар, рухани ілімі зор, керемет ақыл иесі ретінде сақталынған. Сонымен хандарға кеңес беру дәстүрін Ұлық Түріктің түсінде көрген баянын қағанына жорып, жырауларша толғануынан-ақ байқаймыз.

«Әй, қағаным, сенга нашағу болсынғыл Узун,

Әй, қағаным сенга торулук болсынғыл тузун,

Бенга көк тәңірі бәрді тушумда, келдурсун,

Талай туруп иерни уруғунға бәрдурсун» [7] – деген жыр тізбектері «жыраудың» жай адамдардан ерек қасиетке ие жан екендігін білдіріп тұр. Мұндағы Ұлық Түрікке қолданып отырған «жырау» сөзі де бертінгі мағынасынан әлдеқайда кең екендігін де ескеріп отырған жөн. «Оғыз-наме» жырындағы Ұлық Түріктің бейнесі Шыңғысханның баласы өлгенде өлімін естірткен Ұлық жырышы бейнесімен де аттас келуі олардың түп-тұлғасының бірболуы да мүмкін деген ойға жетелейді. Тіпті түп-тұлғасы бөлек болғанның өзінде бұлардың әрқайсысының түрік халықтары тарихында ерекше маңызды, адамзат ақыл өлшемінен асқан әулиелік сатыға көтерілген жандар болғанына ешкім шүбә келтірмес. Мұндай рухани ілім иегерлері қазақ халқының тарихында да әр дәуірлерде халық болашағын болжап, адамдық өмір мәнін ұқтырып жақсылыққа жол бастап отырды. Бұған «Қарлығаш әулие» атанған Төле биді, «Көмекей әулие» атанған Бұхар жырауды атасақ та жеткілікті. XIV ғасырда өмір сүрген Сыпыра жыраудың Тоқтамыс хан мен Едігеге айтқан толғауларындағы

болжаулары оның данышпан қариялылығымен қатар Ұлық Түрік, Қорқыттардай ерекше жан, ерекше ілім иесі екендігін танытады. Белгілі ғалымның «Өткен тарих куәсі Сыпыраның жағы түсіп, өлуі – жүз сексен бес (үш жүз сексен) жыл бойы сән-салтанат құрып, берік ірге тепкен ұлыстың да жарық күні батуының символы» [8]- деуінде көп мән бар. Демек, Сыпыра жыраудың тұсындағы өмір сүрген ұлыстың идеологиялық бағытын Сыпыра жырау айқындап берді деп ой түюге болады. Ал бір ұлыстың мемлекеттік идеологиясын басқаруға оның тек ақылшы, кеңесші болуы жеткіліксіз. Сыпыра жыраудың ақылшы, кеңесші болуына мұқтаж болып отырған ұлыс ол адамның (Сыпыраның) рухани ілімін, ерекше қасиетін танығандықтан болу керек. Сыпыра жырау есіміне қатысты «Мұндағы «сұп» сөзі – «сопы» сөзінің фонетикалық варианты. Бұл атау жырлардан тыс та айтылады. Ноғайлар Сыпыра есімін «Сопбаслы», ал қарақалпақтар «Шөпбаслы» деген қосалқы атпен қосарлап айтады... Бұл атаулар төркінінің «сұп бөріктіден» шығатыны даусыз. Демек бұл жыраудың үнемі сопыларға тән киіммен жүретіндігінен, өзі де осы жолдың өкілі екендігінен хабар береді. Батырлық жырдағы Сыпыра жырау – хал ілімінің қорғаушысы» [3.152]- деген пікірлер де түрік дастандарынан бері келе жатқан ақылшы, кеңесші бейнелерінің ел тарихындағы жауапкершілігі тым күрделі екендігін байқатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қыраубайқызы А.* Ежелгі әдебиет. – Астана: Елорда, 2001. – 224 б.
2. *Жолдасбеков М.* Асыл арналар. – А., 1986.
3. *Қорғанбеков Б.* Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры: Монография. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 256 б.
4. *Кенжетай Д.* Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – А.: Арыс, 2008. – 360 б.
5. *Еңсегенұлы Т.* Көне түркі шығармаларындағы дәстүр жалғастығы. /Түркология, №6 (62), 2012.
6. *Қашқари М.* Түбі бір түркі тілі. – А., 1993.
7. Оғыз нама. Ұлттар баспасы. – Пекин, 1986.
8. *Мағауин Е.* Ел қамын жеген Едіге. Жыр мәтіні және зерттеу. – А.: Атамұра, 1996.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются художественные особенности раскрытия образов мудрецов, советников в казахском фольклоре.

(Тлеукабылов К. Раскрытие образов мудрецов, советников тюркского дастана в казахском фольклоре)

SUMMARY

This article deals with the fictional peculiarities of revealing the features of wisemen and advisers in Kazakh folklore.

(Tileukabylov K. Revealing of the Feature of Wisemen, Adviser of Turkic Dastans in the Kazakh Folklore)

ӘОЖ. 818 992 71

Ә.ТӘШІМОВА

Шымкент университетінің магистранты

РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ – ӘДЕБИ ПОРТРЕТТІҢ ШЕБЕРІ

Мақалада ғалым-сыншы Р.Бердібайдың 1960-1990 жылдардағы әдеби сын еңбектеріне, шығармашылық портреттеріне шолу жасалынады. Р.Бердібай жазған М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Ә.Әлімжанов сынды қазақ қаламгерлерінің әдеби портреттеріне тоқталған. Дарынды қаламгерлеріміздің суреткерлік келбетін аша білген Р.Бердібай қаламынан туған әдеби портреттер әдебиетімізге қосылған сүбелі үлес екені дау тудырмайды. Автор аталмыш шығармашылық портреттерді талдай келе ғалым-сыншыны портрет жазудың шебері деп есептейді.

Кілт сөздер: сын жанрлары, әдеби портрет, рецензия, әдебиет, шығармашылық.

Рахманқұл Бердібай әдеби сынға елуінші жылдардың орта тұсында келіп, замандастары Серік Қирабаев, Айқын Нұрқатов, Тұрсынбек Кәкішев, Мырзабек Дүйсенов, Қалжан Нұрмаханов, Мүсілім Базарбаев, Нығмет Ғабдуллин, Әбділхамит Нарымбетовтермен үзеңгі қағыса жүріп өскен, сынның қатардағы сарбазынан сардарлыққа көтерілген көрнекті өкілі. Әдеби өмірге зер сала қарасақ, әдебиетке таланттар легі толқын-толқынымен келеді. Бір буын талантты сыншылар деп осы Рахманқұл ағаның тұстастарын айтуға болады. Сыншының әдеби ортаға танымал етіп, топжара енуіне ықпал еткен, оның әдеби сын мақалалары болатын. Ғалым мақалаларын жанрлық тұрғыдан жіктейтін болсақ: әдеби портрет, шолу, рецензия т.б. көптеген әдеби сынның жанрларында жазған.

Рахманқұл Бердібайдың сыншылық шығармашылығында айрықша тоқталатын мақалалар шоғыры – әдеби портреттер. Әдеби портретке көбірек зейін салып, қазақ әдеби сынын жанрлық жүйеде зерттеп жүрген ғалымдарымыздың бірі Дандай Ысқақұлы. Д.Ысқақұлының «Сын сонар» (1993), «Сын жанрлары» еңбектерінде бұл төңіректе көп мәселе қозғалады. Ғалымның пайымдауынша Л.П.Гроссман сынның 17 түрлі жанры бар деп көрсеткенде, соның ішінде әдеби портретке айрықша тоқталған.

«Сонымен шығармашылық (әдеби) портреттің жанрлық ерекшелігін айқындайтын басты сипаттары қандай? Ең алдымен, зерттеу объектісіне қарасақ, рецензияда жеке шығарма, не кітап болса шығармашылық портретте белгілі бір суреткердің бүкіл шығармашылық болмысы сынның объектісіне айналады. Онда да кез келген қаламгер емес, әдетте бүгінгі әдебиетте өзіндік орны бар дарынымен жұртышылықтың назарын аударған қаламгерлер ғана арнайы сөз болады» [1,144].

Зерттеуші сонымен қатар әдеби портреттің басқа жанрлардан басты айырмашылығы ретінде мынаны атап көрсетеді: «шығармашылық портреттің негізгі объектісі суреткер дегенде оның шығармашылығына ден қойылады. Өмірбаяндық, естелік, толғаныс, құжат сияқты түрлі мағлұмат-әдістер кеңінен қолданылуы мүмкін. Бірақ осының бәрі белгілі бір шамада қажетіне қарай пайдаланылып, жазушының қаламгерлік қолтаңбасын, яғни шығармаларының өзіндік болмыс-бітімін ашуға қызмет етеді. Сонымен қатар, шығармашылық портрет көбіне қалың оқырманға арналып жазылып, баспасөз бетінде жарияланатындықтан да көбіне көркем публицистика түрінде жазылады деп түйіндейді зерттеуші. Бұл ретте сыншы Р.Бердібайдың әдеби портреттерінің дені публицистикалық сипатта жазылғанын да айту парыз. Расында да, жанрдың табиғаты солай шығар, өйткені Мәскеуден шыққан «Қысқаша әдеби энциклопедияда да әдеби портретті «жазушы туралы документальды очерк» деп анықтаған. Сонымен ғалым-сыншының шығармашылық портреттеріне бойлайтын болсақ, олардың дені белгілі қазақ қаламгерлеріне және олардың шығармашылығына арналған. Атап айтқанда: «Кемеңгерлік келбеті» (Абай), «Жыр алыбы» (Жамбыл), «Поэзия Гималайы» (І.Жансүгіров), «Сөз зергері» (М.Әуезов), «Азаматтық әуен» (С.Сейфуллин) «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Иса Байзақов», «Мұхаметжан Қаратаев», «Заманмен аяқты тең басып» (Ғ.Мүсірпеов), «Дәуір суреткері», «Парасат шарты», «Советтік сөз сардары» (С.Мұқановқа арналған портреттер), «Замана жыршысы» (Ғ.Мұстафин), «Азамат ақын», «Дүлділ шабыс», «Көп қырлы қаламгер» (Ә.Тәжібаевқа арналған портреттер), «Замандас көзімен» (Ә.Әлімжанов), «Сын сардары» (С.Қирабаев), «Сырлы суреткер» (С.Шәймерденов), т.б. көптеген шығармашылық портреттері бар. Қазақ әдеби сынының тарихында жиі кездестін, қаламгерлеріміз үшін оңтайлы пішін блып келген бұл жанрда Р.Бердібай өндірте жазғанын байқадық. Алашұранды әдебиетімізден бастау алатын, атап айтқанда бұл жанрға А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов тағы басқа да қаламгерлеріміздің еңбектерін айтуымызға болады. Осыдан жүз жыл бұрын жарық көрген қазақтың тұңғыш жалпыұлттық газеті «Қазақ» газетінде басылған Ә.Бөкейхановтың орыс зиялылары мен қаламгерлері жөнінде мақалаларын былай қойғанда, осы басылымда шыққан А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» атты әдеби портретін ерекше атап өтуге болады. Сол сияқты М.Дулатовтың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов», «Абай», кейінірек жазған мақалаларын да айтуға тұрарлық. Сондай-ақ, Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» атты шығармашылық портретін бүгінде зерттеушілеріміз әдеби портреттің классикалық үлгісі деп бағалайды. А.Байтұрсыновтың мерейтойы қарсаңында жазылған М.Әуезовтің «Ақаңның елу жылдық тойы» деген портреттік мақаласының да қазақ әдебиеті тарихында маңызы зор туынды. Бұл аталған мақалаларда объектіге алынған суреткердің өмір жолы, тұлғалық бітімі, даралығы бәрі-бәрі көрінген. Ал,

ғалым-сыншының әдеби портреттерінің ішінде шоқтығы биік «Өшпес өнеге» және «Заманмен аяқты тең басып», «Замана жыршысы», «Замандас көзімен», «Көп қырлы қаламгер» шығармашылық портретіне тоқталып өткенді жөн көрдік.

Кемеңгер жазушы М.Әуезов жайлы «Өшпес өнеге» шығармашылық портреті 1958 жылы жазылып, алғашында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген. Сәтті шыққан әдеби портрет толықтырылып 1984 жылы дербес кітап болып шығады. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша талдаулары мен зерттеулері сыншының докторлық диссертациясында, «Роман мен заман» (1967) кітабында, «Тарихи роман» оқу құралындағы (1976) «Сөз зергері» «Шеберлік сырлары» деген тараулары (жалпы кітаптың жарты бөлігі «Абай жолы» эпопеясы талдауға арналған) М.Әуезовтің романдарына, жалпы шығармашылығына арналған. Бұдан бөлек ғалым-сыншы М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайлы «Өнер биігіне» атты ғұмырбаяндық зерттеу очеркін жазған. Осы мақаласында автор Әуезовтің өмір жолы мен сондай-ақ, оның шағын жанрадағы шеберлік сырларына тереңдей барған. Сыншының «Сөз зергері» және «Шеберлік сырлары» зерттеулерін кезінде әдебиетші қауым тұщынып оқып, Мұхтартануға қосылған сүбелі еңбек деп бағалады. Міне, осындай зор дайындықпен келген ғалым, 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдығы қарсаңында жұртшылыққа «Мұхтар шыңы» атты монографиясын ұсынды. 1958 жылы «Өшпес өнеге» атты шағын шығармашылық портреттен бастау алған жіңішке жылға ізденімпаз ғалымның зерделі зерттеулері мен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде осылайша үлкен арналы ағысқа айналғанын көреміз. Жалпы, сыншы-ғалымның кезінде шағын әдеби рецензия, шолу түрінде жазылған мақалалары уақыт өте келе үлкен іргелі зерттеулерге ұласып жататынын оның шығармашылық ерекшеліктерінің бірі деп білу керек.

Ғалым, сыншы ұлы суреткердің туындыларының жетістіктерін көрсету арқылы оның шығармашылық шеберліктерін ашуға тырысты. Әуезовтің шеберлігіне бару арқылы, Әуезовтің көркемдік әлемінің тұңғығына бойлайды. Оның шығармашылық дара бітімін таниды. Мұны ғалым-сыншының мынадай кемел ойлы пікірлерінен көреміз: «М.Әуезовтің шығармаларында қазақтың халық әдебиеті батыс пен шығыс әлемінің көркемдік жетістіктері бірлестік тапты. Ол қазақтың нәсір-прозасын Азияның, Еуропаның, Американың ең озық жазушыларының шеберлік деңгейі дәрежесіне жеткізді»

«...М.Әуезов - кеңестік болмыс жағдайында шыншыл шығарма жасаудың мүмкіндігі тар екенін ерте бастан түсінген суреткердің бірі. Сондықтан да ол көптеген қаламгер әріптестері секілді «ұрымтал» тақырыптарға әуестенбей, өзінің бағытын тарихи және фольклорлық тақырыптардан іздеді. Уақыт оның таңдауының бірден-бір дұрыс екенін дәлелдеді» [2, 13].

Ғалым-сыншы сөз зергері, классик жазушы Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық портретін де шеберлікпен жеткізген. Жазушыны орыс

әдебиетінің корифейлері Чехов пен Гогольге ұқсатады. Оның шығармаларының «өлеңдей төгілген мөлдір тіліне, идеясының биіктігіне, мұратының асылдығына» сүйсінеді. Жазушыны реалист, романтик сонымен қатар шығармаларының өн бойында кездесетін жеңіл юмор, уытты әжуаның сарыны бар сатирик ретінде таниды. Ғ.Мүсіреповтың әңгімелері мен новелларына айрықша мән беріп «Профессионал биігі жағынан олардың қай-қайсысы да қазақ әдебиетінің ең озық деңгейінде тұр. Бұл шығармалардың көбінде романға бергісіз ой, парасат, проблема бар» [3, 61] - деп көрсеткен. Сыншының Ғ.Мүсіреповты «қазақ әңгімесінің бас шебері, сөз зергері, үлкен стилист» деп атағаны жазушының шығармашылығына берілген айқын баға, дәл сипаттама іспетті.

«Замандас көзімен» әдеби портретінде жазушы Әнуар Әлімжановтың шығармашылығына тоқталған. Тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген Ә.Әлімжановтың суреткерлігі сыншының бұдан да басқа, шолу, тарихи романдар жайлы теориялық мақалаларында сөз болып келген. Ал, мына мақаласын Д.Ысқақұлы өзінің зерттеуінде ақын Ж.Молдағалиевтің Ә.Тәжібаевқа арналған «Жырдария» әдеби портретімен салыстыра талдай келе: «Ал, Р.Бердібаев «Замандас көзіменінде» Ә.Әлімжановтың қаламгерлік келбетін сәтті жасаған. Жұбанда көтеріңкі, ақындық эмоция басым болса, Рахманқұл нені айтса да байыппен, салмақпен айтады. Жазушының шығармашылығы алғашқы очерк-повестерінен бастап, жүйелі зерттелінген. Әсіресе, тарихи тақырыптағы сәтті ізденістері ғылыми тұрғыдан біршама талданады. «Жырдария» көркем-публицистикалық сипатта көрінсе, «Замандас көзімен» ғылыми стильде жазылып, әрқайсысы өзінше даралық танытады» - дейді [1, 159].

«Көп қырлы суреткер». Ғалым-сыншының бұл шығармашылық портреті – қазақ поэзиясының асқар шыңы - Әбділда Тәжібаевқа арналған. Сыншы Әбділда ақынға, оның шығармашылығына арнап үш әдеби портрет, төрт-бес рецензия жазған екен. Шығармашылық портреттердің ең алғашқысы «Азамат ақын» 1969 жылы жазылып, «Қазақстан мектебі» журналында жарияланған, екіншісі «Көп қырлы суреткер» 1984 жылы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланған, үшінші мақала (эссе сипатындағы) «Әдебиетіміздің асқар шыңы» деген атпен 2000 жылы «Алматы ақшамы» газетінде жарық көрген. Осы аталған мақалалар бірсыпыра өңделіп, толықтырылып «Дүлділ шабыс» деген атпен ғалым-сыншының 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан көптомдық шығармаларының 4-ші томына енген. Сыншы Әбділда ақынның шығармашылық портретін, қаламгерлік болмысын сәтті аша білген. «Өлең-назымның дүлділі, Батыс пен Шығыстың көркемдік жетістіктерін терең меңгеріп, әйгілі шығармалар жаратқан, шыншыл, жаңашыл, батыл туындылары ХХ ғасырдағы әдебиетіміздің әсем айшығы болып қаланған, шығармашылық энциклопедиялық жан-жақтылығымен ерекшеленетін корифейлеріміздің бірі – Тәжібаев» - дейді [3,77]. С.Мұқановтың ақынның 30-жылдардағы алғашқы жыр жинағына

алғыс сөз жазып, батасын бергенін, М.Әуезов «Әдебиет тарихы» аты монографиясына «Әбділда Тәжібаев» деген тақырыппен енгізіп, өлеңдерін талдап, келешек үлкен суреткер деп танығанын, кемеңгер жазушының «поэзиямызға жаңа ағын келді» - деп сүйсінгенін де осы мақаладан білеміз. Сондай-ақ, орыс кеңес ақыны И.Сельвинский «Әбекенді тек Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Кеңес еліндегі ең таңдаулы суреткерлер қатарында атағаны есімізде»-деп ақын шығармашылығына әдебиетшілер тарапынан қандай баға берілгенін хабардар етеді. Әбділда ақын поэзиясындағы негізгі екі арна- сыршылдық (мұны Әуезов нәзік лирикалық ағын деген) пен ойшылдық жыл өткен сайын тереңдей, кемелдене түскенін ақын өлеңдерімен өрнектеп, нақты мысалдармен дәлелдеген. «Отызыншы жылдардың орта тұсында»-дейді сыншы, көңіл-күй лирикасына бару нағыз «идеясыздық» болып саналатын. Соған қарамастан сол кезде ақынның тамаша лирикалық өлең жазғанын, солақай сыншылар «күйректік», «сентиментализм» деп талмай жамандаған өлеңдеріне үңіле қарасақ ақын поэзиясының ең шырайлы, әсем иірімін құрайтын еді»-дейді [3,79]. «Сырдария», «Есінде ме?», «Сүйгенім сен», «Толқын жел», «Келші сәулем», «Сөйлеп жатыр су сылдырап», «Ұмытпа, сәулем сен оны» секілді өлеңдерін үздік туындылар қатарында атап көрсеткен. «Әбділда Тәжібаев – көп қырлы суреткер. Оның ақын, драмашы, прозашы, аудармашы, сыншы, фольклоршы, публицист сипатындағы еңбектерінің ішкі байланыстары терең», -дей келе қаламгердің шығармашылығын жан-жақты талдап, шығармашылық келбетін ашады. Ақынның «Біз де қазақпыз» атты драмалық шығармасы, Р.Бердібайдың баяндауынша қаулыда сыналып, сахналанбай, баспасөзде жарияланбай кеткенін, тіпті оны қудалауға құрал болғаны 40-жылдардың қысаң әдеби атмосферасынан хабар бергендей. Отызыншы жылдары «ақынның арынды қаламы қазақ поэзиясының үлкен белесі болып табылатын, бүгінде асыл мұрасы халқына ұсынылып отырған Мағжан Жұмабаев сынды ірі ақынға қаттырақ тиіп кеткеніне өкінішті...» - дей келе Ә.Тәжібаевтың Алаш зиялыларының әдеби мұрасын жарыққа шығару туралы жоғары орындарға хат жазып, бұл мәселенің табанды түрде көтергені «кезінде түрлі себеппен айтылып қалған жаңсақ пікірлерін өзі түзей алатын турашыл қабілетін байқатады» - дейді. Осылай ақынның кезіндегі жаңсақ басқан қателігін де әдептен озбай, сыпайы түрде айтып өткен.

Ғалым-сыншының Әбділда ақын жайлы шығармашылық портретін оқи отырып, оның тартымдығы жағы қайсы, әдебиетіміздің асқар тауына балауының себебі неде? - деген сауалға мынадай жауаптар берілгенін аңғарамыз:

- Ә.Тәжібаев қазақ поэзиясында өзіндік орыны ерек ақын.
- ақын поэзиясындағы сыршылдық пен ойшылдық оның лирикасын құрайтын негізгі арналар;
- осынау басты бағыт, негізгі арналар әр он жыл сайын көркемдік өрісі кеңейіп, жаңа сапаға көтеріліп отырған;

- ақын тап тартысы қатты белең алған отызыншы жылдардың өзінде, тап-тартысының жыртысын жыртатын арзан тақырыптарға бара бермеген;
- Ә.Тәжібаев әдебиеттегі жаттандылық пен схематизмге қарсы күрескен рухы зор суреткер;
- Ә.Тәжібаевты ұдайы жетілдіріп, жаңа ізденістерге бастаған күш – халық ауыз әдебиетіне қол артып отыратындығында (бұған «Абыл», «Толағай» поэмалары дәлел);
- «Ол алыпқа лайық жүк көтерген, қазақ әдебиетіндегі алыптар шоғырына қосылатын тұлға»[3, 104].
- Сонымен, сыншының шығармашылық портреттері жайлы ойымызды түйіндейтін болсақ, портреттік мақалалардың жазылу ерекшеліктері де әрқилы болып келетініне көзіміз жетті. Атап айтқанда:
 - «портреттік сын мақалалар көбіне мерейтойларға байланысты жазылады;
 - портреттік мақалада кемшіліктер аз айтылып, шығармашылық жетістіктері көбірек сөз етіледі;
 - автордың өмір белестерінен көбірек түсінік беріліп, шығармаға байланысты айтылған ескертпелер (автордың көңіліне тимей) сыпайы түрде айқындалып сипатталады;
 - сыншының жазу шеберлігі мен өмір деректер жымдасып жатады. Автор ойы, пікірі ашық айтылып, салыстырыла түсіндіріледі;
 - Замандастары жайлы бұрын айтылмаған тың тың пікірлер ой-толғамдар, көрген-білгендері қорытылып беріледі» [4].
- Жалпы, Р.Бердібай сыншылық-шығармашылық өмірінде әдеби портреттер мен шығармашылық портреттерді өте көп жазған, бұл тарапта өнімді еңбектер берген қаламгер. Мысалы, «Гүлстанның бұлбұлдары», «Жұлдыздар жарығы» атты кітаптары тұтастай осы жанрға арналған еңбектер. «Жұлдыздар жарығында» Қожа Ахмет Иасауи, Ж.Баласағұни, А.Игүнеки сынды ортағасырлық сопылық поэзия өкілдерінің шығармашылық тұлғасын танытқанын ескерер болсақ, сыншы-ғалымның бұл жанрда жарқырай көрінген қаламгер екеніне көзіміз жетеді.. Бұл кітаптарында автор берісі қазақ ақындарынан бастап, арысы «Гүлстанның бұлбұлдары» атанған Фирдоуси, Рудаки, Хафиз, Омар Хаям, Ә.Науаи, Ә.Жәми шығыс шайырларының өмірі мен шығармашылығы жайлы сөз қозғайды. Кезінде бұл еңбектің маңыздылығын айта келіп сыншы С.Әшімбаев: «...Атап айтатын жайт, мұндай еңбектердің оқушы қауымының танымын тәрбиелеуге пайдалы екендігі.Шығыс ақындарын жұртшылыққа кеңірек таныстыра түсуде елеулі мәні бар. Себебі, қазақ поэзиясының дамуында Шығыс поэзиясының тигізген ықпалы орасан зор екені даусыз.Абай мен оның алдындағы, кейінгі ақындардың қай-қайсысы да осы бір шалқар дариядан рухани сусындағаны мәлім.Сондықтан да сыншының осы екі арадағы эволюциялық байланысты арнайы зерттеуге ұмтылуы қуанарлық та құптарлық. Ең алдымен, Р.Бердібаев кітабының құндылығы осындай қажетті тақырыпты сөз еткенінде деп

білеміз» [5]. Ал, 1980 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Биік парыз» атты кітабының «Өнер асулары» атты алғашқы бөлімінде төл әдебиетіміздің жай-күйі мен проблемаларына арналған сын-зерттеу мақалалары топтастырылса, «Дәуір үні» атты екінші бөлімі М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Қаратаев, С.Ерубәев, Ә.Тәжібаев сынды қазақ әдебиетінің он үш көрнекті өкілінің шығармашылық бейнесі сомдалған. Қорыта айтқанда Р.Бердібай шығармашылық портреттер жасауда санаулы мақалалар ғана емес, тұтас жинақтарымен, кітаптарымен көрінетін сыншы. Өзінің дарын қуатымен, терең білімімен төл әдебиетіміз бен түрік халықтары әдебиетінің көрнекі өкілдерінің сом тұлғасын, шығармашылық дара бітімін танытқан мол мағлұматты (танымдық мәні зор), ғибратты әдеби портреттер шоғырын жасаған қаламгер. Сыншы Т.Тоқбергеновтің «Тәкен Әлімқұлов» атты әдеби портретін, эссесін кейінгі кезде зертеушілер «роман-портрет» деп атап жүр. Сыншы, ғалым З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» немесе сыншы С.Жұмабектің «Айтматов әлемі» бұл тарапта шоқтығы биік шығармалар екені сөзсіз. Р.Бердібай сыншы ретінде белгілі бір қаламгердің әдеби әлемін ашып, кесек дүние бермеген. (Әрине, М.Әуезовтің («Абай жолы») шығармашылық лабораториясына дендеуі өз алдына бөлек әңгіме). Есесіне, өз уақытысында көптеген қаламгерлеріміздің әдеби тұлғасын танытқан, сәтті сомдаған тағлымды, ғылыми сипаты басым шығармашылық портреттері төл әдебиетімізге қосылған сүбелі дүниелер екені дау тудырмайды. Р.Бердібай портреттерінің басты ерекшелігі, шығарма объектісіне айналған қаламгер жайлы жұртшылыққа жан-жақты, толыққанды, сараптамалық сипаттағы мағлұмат-ақпарат беретіндігінде болса керек. Бұл жағынан қаламгердің публицистік, ғылыми, зерттеушілік қабілеттерінің көмегі тиетінін аңғардық. Оның үстіне портреттің өзі қамтымайтыны кемде-кем әмбебап жанр. Себебі портрет жанрының бойында «көркемдік, ғылыми талдау, жинақтау, заман рухы, проблема, пікірталас бәрі-бәрі бар» [1, 98].

ӘДЕБИЕТТЕР

Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. – Алматы: Санат, 1999.

1. *Бердібай Р.* Мұхтар шыңы. – Алматы, 1997. – 208 б.
2. *Бердібай Р.* Бес томдық шығармалар жинағы. – 4 т. А.: Қазығұрт, 2005.
3. *Бердібаев Р.* Ғасырлар толғауы. – Алматы: Жазушы, 1977.
4. *Керімбеков М.* Лияс Омаровтың әдеби-сыншылық мұрасы. Ф.ғ.к. канд.дисс. – Түркістан, 2002.
5. *Әшімбаев С.* Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1983.

ТҮЙІНДЕМЕ

В данной статье рассматриваются литературно-критические труды академика Р.Бердибаева. Анализируются творческие портреты критика, посвященные казахским писателям. Заостряется внимание на мастерство критика в освоении портретного жанра. (Ташимова А. Рахманкул Бердибаев – мастер портретного жанра)

SUMMARY

This article deals with the literal-critical works of academic Rahmankul Berdibay. His creative descriptions that were devoted to the kazakh writers are analyzed. His mastery of acquiring description genre will be discussed.

(Tashimova A. Rahmankul Berdibay – the Master of Literal Portrayal)

УДК 400.89:409/398.10

А.С.БОХАНОВА

PhD докторант КазНУ им. Абая

ЛИШИТЕЛЬНАЯ СЕМАНТИКА В ЭКОНОМИЧЕСКИХ ДИСКУРСАХ КАЗАХСТАНА

Сфера экономики является одной из динамичных сфер жизни. Привлечение фактических данных в виде устойчивых сочетаний позволяет выявить основные принципы дискурса и таким образом доказать дискурсивность анализируемых текстов. С опорой на научную методологию среди основных принципов выделяется историчность, субъективность, диалогичность, парафразовость, лингвокультуральность дискурса.

В статье тщательно проанализирована структура устойчивых сочетаний, представлен их семантический и стилистический анализ. Важным является тот факт, что в связи с принципом диалогичности затрагивается проблема адекватного восприятия читателем экономического дискурса, содержащего специальные терминосочетания. На представленном материале совершенно справедливо обосновано несостоятельность подобного употребления в газетах, предназначенных для массового читателя.

Ключевые слова: категория лишительности, вербализация, устойчивые сочетания, лишительная семантика, экономический дискурс.

Экономические газеты Республики Казахстан носят дискурсивный характер. На это указывает множество отмечаемых в текстах устойчивых сочетаний, выступающих в качестве прагмем, воздействующая сила которых организуется в содержащейся в них семантике и их контекстуальных элементах. Это, в свою очередь, позволяет интерпретировать помещенные в газетах материалы как экономический дискурс. Совершенно естественно, что в условиях современного мирового экономического кризиса преобладающими оказываются языковые единицы лишительной (каритивной) семантики, что обуславливает обращение к подобным материалам. В настоящей работе приводятся результаты анализа устойчивых сочетаний в экономическом дискурсе.

Прежде всего отметим, что анализ материалов свидетельствует о последовательно выдержанном принципе историчности дискурса. Устойчивые сочетания передают лишительную семантику за счет включения в них компонента, содержащего сему лишительности, например: Рост цен на топливо в экономике Поднебесной традиционно вызывает **снижение потребления** среди населения... [1,4]. Сигналом, подтверждающим ослабления

влияния геополитических факторов на нефтяные котировки, станет падение цен...[1, 4]; (о Казахстане) Однако с начала текущего года наблюдается некоторое **замедление темпов роста**... [1,4]. (о Казахстане)... причем в секторе добычи сырья отмечается **снижение производства** на 0,2 процента [1, 4]. Соответственно, это **потери в прибылях** [2, 7]. **Сокращение внутреннего спроса**, на наш взгляд, также серьезно не грозит экономике... [2, 7].

Значительная часть в качестве ведущего компонента анализируемых сочетаний имеет отглагольное существительное: Вера в волшебные таблетки и напитки, в быстрое и легкое **избавление от** нажитого годами **излишнего веса** приводит порой к непоправимому вреду здоровья, а часто просто к **потере денег** [3,2]. День здорового питания и **отказа от излишеств** в еде призван напомнить о том, что мы ответственны за то, чем мы питаем свой организм [3, 2]. Однако по результатам моего письма было принято решение **об отказе в удовлетворении** моей **просьбы** [3, 2]. Некоторые расходы могут быть сокращены за счет уменьшения существующих маршрутов авиакомпании, что приведет к **замедлению процесса развития** гражданской авиации в стране [4, 1].

Единичные устойчивые сочетания, имеющие оттенок официально-делового стиля, представляют собой атрибутивные конструкции: Эти шаги сегодня оправданны, несмотря на **неизбежные затраты** [2, 6]. Мы подходим к вопросу о финансовой, **затратной стороне проблемы** [2, 6]. Спорадически отмечаются двукомпонентные субстантивные устойчивые сочетания, например: (О Гани Касымове) Он также отметил **недостатки в работе** Таможенного комитета [4, 3].

Диалогичности экономического дискурса газет Казахстана, направленности на “Другого”, открытости с целью приглашения к диалогу способствует устойчивые сочетания метафорического характера. Они усиливают эмоциональную напряженность восприятия отрицательного экономического факта. Так, устойчивое сочетание *находиться в плачевном состоянии* в большей мере передает критическое состояние, нежели синонимичная, с определенной долей погрешности, фраза *лишиться положительного развития*, например: Более того, итальянская экономика, а это 23 процента от совокупности ВВП еврозоны, также **находится в плачевном состоянии** [1, 4].

Большая степень определения сервиса отмечаем также в словосочетании пещерный сервис, где прилагательное пещерный обозначает «лишенный элементарных современных требований».

В сочетании с другим эмоционально окрашенным устойчивым сочетанием убивает напрочь (ср. нейтральное лишает желания) рассматриваемое сочетание передает весь негативный характер туризма: (О туризме в Казахстане). Но прилагаемый к этому природному великолепию

прямо-таки **пещерный сервис** желание повторить этот опыт убивает напрочь [3, 2]. Приведем высказывание подобного рода: Несмотря на **мрачные прогнозы**, еврозона не развалилась в результате суверенного дефолта в Греции [1, 4].

В том случае, если, по мнению автора публикации, используемые сочетания могут быть неверно интерпретированы читателем, они сопровождаются сочетанием так называемое, указывающим на условность обозначения, а также развернутым комментарием. В частности, устойчивый характер получило словосочетание серая торговля, имеющее значение «торговля, лишенная гарантий», сопровождающееся комментарием в виде придаточного определительного предложения: Даже в областных центрах, во многих небольших городах, да и в крупнейших мегаполисах страны широко распространена так называемая серая торговля, когда товары завозятся и продаются без необходимого сервисного сопровождения, без гарантий [2, 6]. Подобное употребление находим в следующем высказывании: Долговая петля, по его словам, затягивается на фоне бесхозяйственности и нерационального расходования средств бюджета и Национального фонда [4, 3].

Эмоциональный накал, благодаря метафоричности, содержит устойчивое сочетание функционировавший без руля и ветрил («лишенный управления»): ...в недавнем прошлом сфера образования напоминала общественный транспорт, прошедший через горнило разгосударствления и функционировавший как бы без руля и ветрил... [2, с. 7]. Подобного рода явление отмечаем в следующем высказывании, в котором выражается максимальная степень лишительности за счет устойчивого сочетания находится в глубоком накауте, где накаут – термин, заимствованный из спортивной терминологии: «в боксе положение, когда сбитый ударом противник не может подняться на ноги в течение определенного времени и считается побежденным» :...система находится в глубоком накауте [1, 4]. Приведем подобный пример: Да и сколько можно, накопив изрядную ликвидность..., держать деньги “мертвым грузом”... [1, с. 4].

Социокультурная направленность газеты как средства массовой информации предопределяет использование в ней разговорных конструкций. Это позволяет наладить диалогичность, приблизить к себе “Другого” и тем самым облегчает автору материала возможность убедить в правоте авторской позиции по излагаемой проблеме, иными словами увеличивает перлокутивный эффект речевого акта. Устойчивые сочетания в большей мере обеспечивают функцию разговорных конструкций, чем обуславливается их употребление в экономическом дискурсе. Согласно нашим материалам, разговорные устойчивые сочетания передают различные семы лишительной семантики. В частности, сема незначительного отрицания отмечается в устойчивом сочетании оставляет желать лучшего, окрашенном определенным налетом иронии. Приведем пример такого употребления: разгосударствление сферы образования на заре независимости Казахстана привело к возникновению великого множества новых высших учебных заведений и сотен частных ПТУ – но качество обучения в обоих случаях **оставляло и оставляет желать лучшего** [2, с. 7]. Данная сема

содержится также в устойчивом сочетании пойти на убыль. Как правило, оно используется в высказываниях информативной направленности. Представляя собой прагмему, оно содействует организации воздействующей функции: Демограф Азимбай Гали сделал наблюдение, что в начале XXI века молодежь больше уделяла внимания матримониальным отношениям, но эта тенденция пошла на убыль в наши дни [1, с. 4].

Минимализация наличия некоторого предмета или явления передается достаточно употребительным в русской разговорной речи устойчивым сочетанием раз-два - и обчелся. Сема максимума лишения в этом случае носит имплицитный характер, а все высказывание получает отрицательную коннотацию: Но почему таких “образцово-показательных” остановок в городе – раз-два и обчелся [3, с. 2].

Кроме того, по располагаемым данным, в экономическом дискурсе употребляются устойчивые сочетания, содержащие сему максимального лишения. Это в полной мере относится к устойчивому сочетанию выпустить пар, наделенному грубо-просторечной окраской и не зафиксированному, видимо, в связи с этим во фразеологических словарях русского языка. Передаваемая в нем семантика образуется за счет глагола с приставкой вы-, способствующей передаче максимума действия гнева. Не менее значимыми являются и контекстуальные средства, представленные метафорическими конструкциями в следующем высказывании: Рано или поздно градус недовольства станет критическим, и, чтобы выпустить пар, коллектив может пойти на крайние меры... [2, с. 3]. Как видим, в приведенном высказывании лишительная семантика действия воплощается благодаря метафорическому выражению градус недовольства станет критическим, в котором излагается причина отрицательного действия; а также благодаря устойчивому сочетанию пойти на крайние меры.

Таким образом, проанализированный материал свидетельствует о том, что в газетном экономическом дискурсе устойчивые сочетания способствуют передаче отрицательных моментов в экономической сфере. Обладающие повышенной степенью диалогичности как одним из значимых принципов дискурса, они содействуют стремлению человека найти возможности изменений в этой сфере. Особо подчеркнем, что интерес представляет анализ устойчивых сочетаний лишительной семантики в зависимости от направленности газеты и ее политической платформы, что является перспективой исследования.

ЛИТЕРАТУРА

1. Барановский С. Взаимовыгодный экономический рывок // Деловой Казахстан. 27.04.12, №16.
2. Оразов Ж. О регионах, миграции и инвестициях // Деловой Казахстан. 06.12, №26.
3. Элас А. Обзор рынков: секреты успеха // Я – Покупатель-собственник. 15.06.12, №24.
4. Кумашева А. Фондовые рынки // Капитал. 05.07.12, №25.

ТҮЙІНДЕМЕ

Экономика өмірдің қарқынды саласының бірі болып табылады. Адамзаттың саулығы көбінесе экономика саласының жағдайына байланысты болады. Жою/азайту деңгейі мұнда маңызды рөл атқарады. Мақаланың фактілік материалдары ретінде Қазақстан Республикасының экономикалық тақырыптағы газеттері мәтіндерінің таңдалынуы кездейсоқ емес. Мақала авторы экономикалық дискурстағы жою/азайту мағынасымен тұрақты тіркестердің тілдік бірліктерінің кешенін зерттеуге талпынған. Сондай-ақ шектес мағынадағы тұрақты тіркестерге көңіл бөлінген: иеленбеген жеке терістеу. Сонымен мағыналық көзқарас тұрғысынан алғанда, талдауға таңдалынып алынған материал үшін жою/азайту мағынасы неғұрлым кеңірек болып табылады.

(Боханова А.С. Экономикалық дискурстағы жою/азайту мағынасының тұрақты тіркестері)

SUMMARY

The sphere of economy is one of the dynamic spheres of life. Social prosperity depends much on economic situation. And the level of deprivation plays here not the least role. Not accidentally as factual material there were chosen texts from newspapers on economic subject-matter of the Republic of Kazakhstan. The author made an attempt to investigate the complex of language units: set expressions with the deprivative semantics in economic discourse. Besides, the attention was paid also to set expressions of contiguous semantics: non-possession, particular negation. Thus, material chosen for analysis is more vast from the semantic point of view than deprivative semantics.

(Bohanova A.S. Set Expressions of Deprivative Semantics in Economical Discourse)

ӘОЖ 398. 2

Н.Н.ОРАЛБАЕВА
ШӘПУ-нің магистранты

**ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕ
КЕЗДЕСЕТІН АУЫЗ ӘДЕБИЕТ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

Көк түркі дәуірінде ауыз әдебиетінде көптеген үлгілер өмірге келді. Олардың қатарына «Көк бөрі» («Бозқұрт») және «Ергенекөн» дастандарын айта аламыз. Бүгінге дейін бұл дастандардың мазмұндық желісі ғана жеткендігін көреміз. «Ергенекөн» дастанындағы кейбір тарихи оқиғалар туралы белгілі тарихшы-шежіреші Әбілғазы Баһадүр хан өзінің XVII ғасырда жазылған «Түркі шежіресі» атты еңбегінде жазғаны мәлім. «Көк бөрі» дастаны – ұлы Түрік қағанаты құрған көк түріктердің ежелгі ата-тегінің шығу тарихын, олардың халық ретінде қалыптасқанын, түрлі аңыздар негізінде жыр еткен эпос. Дегенмен, дастан түгел сақталмай, бізге қытай көне жазбаларындағы шағын прозалық үзінділер арқылы жеткен.

Адырна. Атқа алған адырна. Садақтың оқ салып тартатын кермесі, атылатын оқты ұшыру үшін садақтың екі басын керіп байлаған баулық. Атқа алған адырна шашылынқы көрінді. Ұйғыр тілінде адыр – ажырасу, айрылу (Малов Уйғ.яз.), В.В.Радлов: адыр (азыр, айыр, айр) – бөлу, ажырату; адыра (адыр-ы, айр-ы) – екіге бөлу деп көрсетеді. (Радлов. Опыт сл. I-IV). Көне түркі жазу ескерткіштерінде adryl – бөліну, ажырау; adrysl – айрылысу (Малов. Пам. Др. Письм., 345). Адар – түркі-моңғол тілдерінде «жан-жаққа шашырау, бөліну ыдырау» мағынасын білдіреді (Пекарский. Сл. Якут.яз.). Бұл деректер адырна сөзінің түбірі адыр екендігін байқатады. Сөз соңындағы -на етістіктен есім тудыратын жұрнақ болу керек. Адырна – оқты садақтан ажырату деген мәнді білдіреді. (Будагов. Ср. Сл. Тур.-тат.нар). Өрмек жіптерінің асты-үстің бөліп тұратын ағаш аспап адарғы деп аталады. Бұл сөздің түбірі – адар. Оны жоғары адыр сөзімен төркіндес емес пе екен деп жорамалдаймыз [3, 21 б.]. Түрік тілінде «edirne» формасында садақтың оқ ататын жібі ретінде де, қала аты ретінде де кеңінен қолданылады [4, 320 б.].

Алтын. Жағасы алтын кіреуек. Бұл сөздің шығу тарихы жайында бірнеше пікірлер бар: 1) Кейбір зерттеушілердің айтуынша, бұл сөз монғол тіліндегі алтан// алтин – «қызғылт мыс» деген сөзден шыққан. («қаз.қаз. тілі» 57; Пекарский. Сл. Якут.яз.82); 2) Басқа біреулер алтынның түсіне қарай түркі тілдерінің көбінде қолданылатын ал – «ашық қызыл, от тәрізді түс» деген сөзді негіз етіп алады (Lokotsch, Etym7 Wört); 3) Тағы кейбір ғалымдар алтын сөзі түркі тілдеріндегі алты (6) сөзінен шыққан дегенді айтады. Ертеректе Орта Азия халықтарында ақша ретінде әр түрлі нәрсе қолданылғаны мәлім. Мысалы, монғолдарда ақша ретінде жібек мата, алтайларда мал терісі жұмсалса, кейбір түркі халықтарында (болғарларда) нәрсенің құнын белгілеуші алты тиіннің терісі болған. Бара-бара алты мен тиін сөздері бірігіп, алтын болып өзгерген де, ақша пайда болған кезде үш тиіндік алтын (кейін бақыр) ақша есебінде қолданылған. Кейін алтын ақша орнына қағаз ақша келген кезде, алтын сөзі орыс тілінен осы өзгерген түрінде қайта оралып келіп, түркі тілдерінде қымбат металдың (бұрын ақша болған) атын ғана білдіретін болған тәрізді. Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат-ат-түрк» сөздігінде алтүн болып беріледі [3, 35 б.]. Түрік тіліндегі «altın» сөзі қазақ тіліндегідей бірнеше мағынада қолданылады. Соған бір мысал: Altın saçlı delikanlılar kollarını çaprazlarmış (F.R.Atay) [4, 42 б.].

Жүзік. Шынашақтан алтын жүзік аласып.

Бұл сөз қарақалпақ, ноғай, өзбек, түрікпен, түрік тілдерінде де бар. Мұның түбірі жүз (jüc//tus//чус). Yüzüğüne bakarak çok sevindiğini bildirmemek istedi, ama yanındakilerin hepsi onun farkındaydı (F.R.Atay) [4,1105 б.].

Ол буын деген мағынаны білдірген. В.Радлов сойот тілінде jüs – буын, алтай, телеут тілдерінде jüstuk – сақина (жүзік) деп көрсетеді. (Радл. Опыт. Сл., т.ІІІ. 615-616). Якут тілінде сусă сөзі «буындау, буынға бөлу» (Пекарский Сл., Якут яз. Т. ІІ, 24). Хакас, тува тілдерінде бұл сөз чустук//чустук болып айтылады. Чус – тува тілінде бармақтың буыны. Хакас тілінде с дыбысы л-ға алмасып чул болып айтылады. Н.Ф.Катанов бұл сөздің алғашқы түрі чусук «с және к» дыбыстары бірімен-бірі алмасып чусук болып айтылуы да мүмкін дейді. Чусук –перстень, чускум – мой перстень (Катанов. Опыт. Исследов. Урянх.языка). Сөз ортасындағы «к» дыбысы түсіп қалып, қатаң «с» ұяңданып з-ға айналып, көпшілік түркі тілдерінде юзик//йюзик болып айтылып жүр.

Қазақ, қарақалпақ тілдерінде фонетикалық құбылыстың ерекшеліктеріне сай жүзік//жүзик болып айтылады. Осы жүзік//йюзик//юзик//чусук//jüstuk üksük, yüksük түрінде түркі тілдерінің көне жазба ескерткіші «Ettuhfet...» тен және Махмұд Қашғаридың сөздігінен кездеседі. Онда üksük, yüsük - әйелдер іс тіккенде бармағының басына киетін оймақ делінген. Оймақ деп бақырдан жасалынғанды айтады, теріден жасалғаны yüsuk (түркімендерше üksük) деп аталады. Yüksük сөзі «оймақ» мағынасында қазіргі азербайжан, түрік тілдерінде қолданылады. Қазақ тілінде (оймақ кигізетін) екінші бармақты сұқ қол дейді. Біздің ойымызша, yüksük сөзі, о баста yüs+kük болу керек те, с/к дыбыстарының метатезаларынан к/с болып, yüs+kük формасы тууы мүмкін. Бұл сөздің түбірін «бет, ажар» мағынасын беретін жүз сөзінен шығаратын пікір де бар [3, 95 б.].

Мойын. Мойыны алманың сабындай.

Бұл сөз түрліше фонетикалық тұлғада (буйин, боюн, муен, мойду) қазіргі түркі тілдердің көбінде кездеседі. Мойын//бойын сөзі жеке қолданылатын бой сөзіне -ын/-ун жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Бұл сөз қазірде де түркі тілдерінің көбінде (қазақ тілінде де) «бір нәрсенің биіктігі, адамның тұлғасы, денесі» деген мағынада қолданылады. Ал, -ун/-ын жұрнағын біреулер шағын деген сөздегі -ын қосымшасы сияқты кішірейту жұрнағы десе, басқалар оны тәуелдік жалғауы деп қарап, ол деген сілтеу есімдігінен шыққан дегенді айтады. (Исхаков. Некот. Предположения...,126). Оғыз тобына жататын (түрік, азербайжан, гагауыз) түркі тілдердегі б дыбысынан басталатын сөздер қазақ тілінде м дыбысымен айтылатыны мәлім (бен/мең, бұндай/мұндай, бен/мең, беңіз/маңыз т.б.). Сол сияқты басқа түркі тілдерінде бойун//бойын болса, қазақ тілінде мойын түрінде айтылады [3, 146 б.]. Büyük boynumla ve dertli gözlerimle düşünüyorum (R.H.Karay) [4, 172 б.].

Орда. Ордасын ел тіксе де мен тікпен.

Орда сөзінің қазақ тіліндегі қазіргі мағынасы «мәдениеттің ғылымның искусствоның шыққан, өскен, дамыған жері, ошағы, бесігі» деген мағына.

Орда сөзі көпшілік түркі тілдеріне ортақ, бір кезде олардың көшпелі тайпалары бірлестіктерінің аты және сол бірлестіктердің билеуші орталығының тұрған жері, мысалы: хандардың, бектердің билік жүргізген жері болған: Ақ Орда, Алтын Орда т.б. Осыдан барып орда сөзінің «еңселі үлкен үй» деген мағынасы шыққан. Біздің ойымызша, орда сөзі, орын (орна, орнау, орналасу) сөзімен түбірлес. Тайпа бір жерге (орналасты, орнады) дегенді Махмұд Қашғаридың заманында *ordu landi*. (М.Қ., т.І, 296) Орда, басқаша айтылуы – орду сөзі түркі-монғол тілдері үшін ортақ және бұл тілдердің сөздігінде байырғы сөз болып есептелінеді. Оның бастапқы мәні – «үй», «ханның үйі», «сарай үйі», «салтанат үйі», осыдан «ханның, билеушінің резиденциясы, ордасы» деген жаңа мағына пайда болған [3, 53 б.].

Бұл сөз түрік тілінде «*ordu*» формасында, белгілі бір мемлекеттің күштері мағынасында қолданылады. *Türk ordusu yurdumuzu ve ulusumuzu koruyor* [4, 720 б.].

Хатын. Енді Әділдің хатыны шиғыр айтып жылайдүр.

Хатын сөзі түркі тілдерінің көбінде қолданып келе жатқан сөз. Ол М.Қашқари сөзінде «ақ сүйек (хан, төре, бек) қызы» деген мағынада жұмсалған, кейін «ерге шыққан әйел» дегенді білдіретін болған. Сол сияқты ескі түркі жазу нұсқаларында да қатун/хатун сөзі екі мағынада қолданған. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз екі фонетикалық вариантта кездеседі. Біреулерінде к/қ дыбыстарынан басталса (қазақша қатын, башқұртша катын, қырғызша қатын, алтайша қадым), басқаларында х дыбысынан басталады. Татарша хатын, өзбекше хатим, якутша хотун. Қатын/хатын сөзінің бастапқы мағынасы – ханым, бәйбіше, әйел, кейін күйеуге шыққан әйел, зайып. Якут тілінде де бұл сөз «қайын ене» түрікше және монғолша, керісінше тек қана «ханым, үлкен кісінің әйелі» деген мағынада қолданады. Қазақ тілінде қатын сөзі көбінесе сөйлеу тілінде қолданады, ал әдеби тілде оның орнына әйел, зайып, жамағат, жұбай сөздері жұмсалады.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша қатын сөзі дербес қат/хат сөзі мен -ын жұрнағынан құралған. Дәлел ретінде тува тілінде кездесетін када – апа, кадай – зайып, кат не – қайын ене және шор, хакас тілдерінде кат - әйел деген сөз. Бірақ бұл пікір, біздіңше, әлі де болса анықтауды керек етеді. Бұдан басқа қатын деген сөзі корей тіліндегі ка – үй және тын – жан деген сөзден шыққан. Сонда қатын үйдің жаны яки әйел дегенді білдіреді деген пікір бар.

Бұл сөз фин тіліндегі *vaimo* - әйел (түбірі *vaim* – жан) сөзбен байланысты деген күмәнді топшылау бар.

Хатун сөзін В.В.Бартольд «ханша, госпожа» мағынсындағы соғды-парсы сөзі түркі-монғол тілдеріне кейін енген деп табады [3;123].

Хатун сөзі түрік тілінде көнерген сөз ретінде қарастырылады. Хатун бұрынғы уақытта жоғары лауазымды білдіретін титул болса, қазіргі кезде бұл сөз «*kadın*» формасында жалпы әйел мағынасында қолданылады [4;440].

Хан. Төрелер, хандар сөзін сөйледі. Хан сөзін әдетте түркі-монғолдың қаған (арабтарша хақан) сөзінің ықшам варианты деп есептейді. Қаған/каан сөзі В.В.Бартольдтың айтуынша, монғол империясы дәуірінде ең жоғарғы билеушіні де, империяның жеке өлкелерінің билеушілерін де білдірсе, кейірек бұл тұлға хан түріне көшкен. Ал хан сөзі монғол империясы құлағаннан кейін жалпы әміршінің («государь» дегеннің) титулы болған [3, 66 б.].

Хан сөзі Осман империясының падишахтарының аттарының соңынан қолданылатын титул атауы ретінде кездеседі: Sultan Selim Han müthiş bir padişahı [4, 432 б.].

Тарпаң. Кертағыдайын таңдасқан тарпандайын. Бас білмейтін, үйретілмеген, асау жылқы [7, 28 б.]. Түрік тілінде öğretilmeyen at yabani at, яғни жабайы ат мағынасында кездеседі [4, 466 б.].

Ақбөкен. Зат. Зоол. Бұғағы ақбөкеннің таңындай. Ешкісінде мүйіз болмайтын, бөкендер туысына жататын, өте жүйрік, шөлге төзімді, аша тұяқты жануар [7, 139 б.]. Түрік тілі сөздіктерінде бұл сөздің нақты баламасы берілмейді, оны тек «sauga» формасында беріліп, дала антилопасы мағынасын беретіндігін байқаймыз.

Ер. Ер қаруы екі қол, Ер шырағы екі көз. Қазіргі түркі түркі тілдерінде ер~іг ~іг ~ эг ~аг ~ әг түрінде қолданылады: Қазақ, қарақалпақ ер, башқұрт, татар ігг, ноғай, құмық эг. Көне түркілік ег Орхон ескерткіштері тілінде кездеседі еріккі «ерікті» Kultegin jiti otuz jasına qarlıq budun erür barur erikli jayı boltı «Күлтегін жиырма жеті жасында қарлұқ халқы жүре бара ерікті (нағыз) жау болды» орта ғасыр және қазіргі түркі тілдеріндегі еркек/іггек, қазақ, қарақалпақ еркек, татар, башқұрт іггәк, ноғай, құмық эгек «ер адам», еркін: қазақ еркін, қарақалпақ еркijn [6, 84 б.]. Түрік тілінде ер сөзі бірнеше мағынаға ие. 1. Еркек, 2. Батыр, 3. Әскер, 4. Өз жұмысын жақсы білетін адам, 6. Жұбай мағыналарын береді [4, 335 б.].

От. «От жағалай іс көрдім». Ескі қыпшақ тілінде от; қазақ, қарақалпақ, ноғай от; башқұрт, татар ut [6, 147 б.]. От сөзі түрік тілінде «ot» формасында қолданылып, шөп, жалпы өсімдік мағынасын береді: At otlā beslene bir hayvandır [4, 724 б.].

Көз. «Ер шырағы екі көз» – қазақ, қарақалпақ, ноғай köz; татар, башқұрт күз/көр [6, 115 б.].

Түрік тілінде “göz” сөзінің қатысымен бірнеше тұрақты сөз тіркестері мен сөз тіркестері жасалады. Негізгі мағынасы көру органы ретінде түсіндірілетін бұл сөз көбінесе етістіктермен тіркесіп отырады. Trahom virüsü hastaların göz akıntılarında bulunur [4, 405 б.].

«Әділ сұлтан» эпикалық жыры лексикасының негізі қыпшақ тілі лексикасы болғандықтан, ол сөздердің көпшілігі қазіргі қазақ тілі сөздерімен бірдей тұлғада, бір мағынада келіп жататынын байқау қиын емес. Әсіресе, қазақ халқының ертедегі тұрмысына, салт-дәстүрлеріне қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің шежірелердегі қолданылған түрі мен бүгінгі тіліміздегі

тұлғасы да, мағынасы да аздаған фонологиялық өзгерістерді есепке алмағанда бірдей түсіп жатады.

«Әділ сұлтан» эпикалық жырындағы сөздер қазіргі әдеби тілімізбен сәйкес келеді. Жырда қолданылған сөздердің дені қазіргі лексикаға тән. Сонымен қатар кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің де қазіргі түрік тілімен де сәйкес келетіндігін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Хасенов Ә.* Тіл білімі. – Астана: «Сорос», 2007. – 566 б.
2. *Исин А.И.* «Әділ сұлтан» эпикалық жыры. – Алматы: «Дайк-пресс», 2001. – 144 б.
3. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». – Алматы: «Ғылым», 1966. – 584 б.
4. *Türkçe Sözlük*, Ankara: «TDK», 2000. – 725 s.
5. *Қайдаров Ә., Оразов М.* Түркітануға кіріспе. – Алматы «Арыс», 1992. – 682 б.
6. *Тоқтағұл Б.* «Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты»: док. дисс. авторефераты. – Алматы: «Арыс», 2005. – 62 б.
7. *Ескеева М.* Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: «Ғылым», 2007. – 367 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются общие языковые показатели турецкого и казахского языков в эпическом произведении «Султан Адиль». Этот эпос считается очень важным произведением в тюркологии. Потому что эпическое произведение «Султан Адиль» до сих пор не был конкретным объектом в сфере языкознания. Письменных памятников, которые были написаны в средневековых периодах, очень мало.

(Жуматаева Г. Общие языковые показатели турецкого и казахского языка в эпическом произведении «Султан Адиль»)

SUMMARY

This article discusses the common linguistic indicators of Turkish and Kazakh epic in the annals of "Sultan Adil." This article is considered very important annal Turkic studies. Because epic "Sultan Adil" has not been a particular object in the field of linguistics. Written manuscripts, which were written in the medieval period is very small.

(ZHumataeva G. General Indicators of Turkish Language and Kazakh Language in the Epic Works, "Sultan Adil")

ӘОЖ 419. 992 71

А.А.НОСИРОВ

Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетінің аға оқытушысы
(Ташкент, Өзбекстан Республикасы)

ФРАНЦУЗ, ӨЗБЕК, ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПФ-ДІҢ ҰҚСАСТЫҒЫН САЛЫСТЫРУ

Провербиал фразеологизмдер негізінде оларды өмірге әкелгендердің біздің ғасырымызға дейінгі салт-дәстүрі біздің де бойымызға сіңіп кеткендей. Сондай мақал-мәтелдердің тарихи тамырларын анықтау, олардың ішкі дүниесін ашу көп ізденуді, жылдар бойы сабырлы еңбек студі талап етеді.

Провербиал фразеологизмдер бір мезгілдегі тіл, ақыл-ой және фольклор болып есептеледі. Фразеологиялық бірліктердің шығу тарихы және бөліктері тіл үйренушілерді барлық уақытта қызықтырып отырды.

Бұл мақалада осы саланы зерттеп жүрген автор француз, өзбек, орыс және қазақ тілдеріндегі ПФ-дің ұқсастығын салыстыру арқылы олардың шығуына тарихи оқиғалардың да әр мезгілде елеулі ықпал жасап отырғандығын айқындайды. Сөз өнерінің мәйегіндей болған нақыл сөздердің, орынды да ұтымды ойды ұшқыр тілмен жеткізе білген мақал-мәтелдердің адам баласының өмірінде тәрбиелік мәні зор екендігі де анық.

Кілт сөздері: провербиал фразеологизмдер, этимология, семантикалық құрам, фразеологиялық бірліктер, фольклор, мақал-мәтел.

Провербиал фразеологизмдердің (бұдан ары қарай - ПФ) семантикалық құрамына олардың пайда болу тарихын, этимологиясын кіргізген орынды. Себебі ПФ-дер тарихы жайында әңгіме қозғағанда, алдыменен олардың ауыспалы мағынасы мәдениет пен өркениет өріс ала бастаған кезеңде дамығанын айтамыз. Фразеология пәніне үлес қосқан Шарль Балли «Тілді үйрену, белгілі бір мағынада, ойсыз жағдайда болса да, оның тарихын үйрену деп есептеледі», - деген еді. «Провербиал фразеологизмдердің этимологиясы, пайда болу тарихы дегенде, олардың өмір жолдары түсініледі», - деп жазады К.Бальдингер.

Тіл үйрену кезінде кездесетін сөздер, фразеологиялық тіркестер және провербиал фразеологизмдердің келіп шығуы және пайда болу тарихы барлық тіл мамандарын қызықтыруы заңды. «Фразеологиялық бірліктер – еркін синтактикалық топтамалар тарихы дамуының көрсеткіші» екендігін есепке алатын болсақ, ФБ-тер этимологиясы фразеологизмдер және еркін топтамалардың генетикалық байланыстылығын нығайтып беруге тура келеді.

ПФ-лардың тарихын зерттеудің 2 түрі белгілі.

1. Француз, қазақ, орыс және өзбек тілдеріндегі ескі, біздің ғасырымызға дейін пайда болған ПФ-лар.

2. Басқа тілдерден түрлі жағдайларда кіріп, қолданысқа енген ПФ-лар.

Әр түрлі тілдегі фразеологиялық тіркестердің тарихына назар салсақ, көп жағдайда дәл сол ФБ-лардың этимологиясы фразеологияны үйренуге себеп болғандығының куәсі боламыз. Фразеологиялық бірліктердің келіп шығуы, оның пайда болу тарихына деген қызығушылық қазіргі таңда да ғалымдардың қызу пікірталасын тудырып отыр.

Этимология – сөздердің және фразеологиялық бірліктердің пайда болуы. Оның тарихына көз жүгіртсек, сөз этимологиясы мен ФБ-лар этимологиясы арасында үлкен айырмашылық бар екендігін аңғару қиын емес. Жаңа сөздің келіп шығу тарихы мен ФБ-ның жасалу тарихы бір-біріне сәйкес келмейді, себебі ФБ-тер сөзге қарағанда күрделі семантикалық құрылымға ие.

Мысалы: француз тілінде «*vin*» – *вино* сөзі латын тілінен алынған болып – *қорқу* мағынасын білдіреді. «*Vincuit*» - *күйдірілген вино* термині 1538 жылы, «*vin doux*» - *тәтті вино* 1564 жылы «виноның» (шараптың) сусын немесе ішкілік ретінде қолданысқа енуімен бірге атауы да шығып тұр. «*Quand le vi nest il faut le boir*» (сөзбе-сөз) (Вино құйылды ма, ішу керек) мәтелі өзгеше мағына білдіріп, «бастаған жұмысыңды аяқтау керек» дегенді меңзейді.

«*Raisin*» - жүзім сөзі XII ғасыр аяғында латын тілінен алынған. «*Racimus*», «*class racemus*» - бір бас жүзім деген. «*Trouner les raisins trops vepts*» - жүзімді піспеген деп есептеу, яғни өзінің қолы жетпеген затқа «фу, шикі, піспеген» дей салу. Осы сөз Лафонтеннің «Түлкі мен жүзім» мысалынан алынған. Қарны аш түлкі жоғарыда асылып тұрған жүзімді көріп, алуға қанша әрекет жасаса да – жете алмағаннан кейін – «*Ils sont tros verts*» - «*әлі піспеген екен*», -дейді.

ФБ-тердің этимологиясын үйрену XIX ғасырдың бірінші жартысынан кең мағынада өріс ала бастады. Сөздіктерде беріліп жатқан этимологиялық аударма сөздер өздігінен пайда болмаған, бұл үшін этимологияға, тарихқа, географияға, әдебиетке, этнографияға сәйкес бірқатар пәндерді және өзі алып бара жатқан шет тілі пәндерін толық игерген болуы керек.

ПФ-дің қайсы тілде болмасын тура және ауыспалы мағыналарын анықтау үшін этимолог барлық бір-біріне ұқсас пәндерге қатысты жаңалықтарды, энциклопедиялық сөздіктерді, анықтамалықтарды пайдалануы тиіс. Сондай-ақ, бірнеше кәсіп иелерінен, мәселен, бөденепаз, кептерпаз, құмарпаз, делдал, саудагер және дүкен иелерінен, көнші, зергер, мысгер, диқан, шопан, аңшылардан солардың кәсібіне қатысты, жалпы көпшілікке бейтаныстау сөздерді сұрап іздестіруге тура келеді.

Ғалымдар тек қана өз тілдеріндегі фразеологиялық бірліктерден басқа (ағылшын, француз тілдеріндегі) ФБ-дің этимологиясынан да көбірек мағлұматтар жинаған. Тіл мамандарының белгілі бір ФБ туралы ойлары бір жерден шықпағанын да ескергеніміз абзал. Француз тілі ең дамыған және ескі тілдердің бірі болып табылады. Ол үлкен фразеологиялық бірліктерге және олардың келіп шығуы туралы мол мағлұматтарға ие. Француз тіліндегі ПФ-дің тарихы бұрын өткен ғасырлардан бастау алады. Әр елде болатын өзгерістер сол халықтың тіліне, фразеологиялық тіркестеріне өз ықпалын тигізері анық. Өзбек және қазақ халқының мәдениеті, білімі, ақыл-парасаты, кішпейілділігі «жер жүзіндегі барлық елдер арасында мойындалған». Атақты шығыстанушы ғалым

А.Вомберн осыдан бір ғасыр бұрын елімізге келіп, осындай пікір қалдырған еді. Шығыс елі бұрыннан арқалы да аузы дуалы ақындар өлкесі болып келген. Сол себепті де ауыз әдебиеті жақсы дамыған елімізде халық ақындары, әнші-термешілері, жыршы-жыраулары Париждегі немесе Лондондағы білімі жоғарыларға қарағанда өнері жағынан басым болды десек, ешкім таң қалмайды. Орта Азия елінде бір-біріне арқа сүйеген жас жұбайлар, қартайған қариялар, қойшы мен әскерилер, дін адамдары мен аксүйектер, барлығы да поэзияға ерекше құрметпен қараған. Мақал-мәтелді жазып та, ауызша да кеңінен таратқан олар патшаның сарайында да, көшпеншілер арасында да көп қолданған. Дала адамдары «аталар сөзін» әр уақытта мұқият тындаған. Мақал-мәтел мағынасына сай келетін ақылды сөз де, сендіретін сөз де ешқандай болмаған. Мақал-мәтелдің айтар ойына қайшы келетін сөз кемде-кем. Ал табиғи тума талантты ақындарымыз бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың хикметтерінің нақылмен айтқан шешен сөздерін өздерінің жазған өрнекті өлеңдерімен жалғастырды. Қазақ-өзбек халқының көне заманнан атадан балаға мұра болып, сұрыпталып, сұлуланған, жақсы сақталып, бүгінгі күнге жеткен көл-көсір фольклоры бар. Соның ішінде мақал-мәтелдерге де өте бай ел. Орыс тіліндегі ПФ-ларды жинақтау, оның тарихын зерттеу – ертеден келе жатқан бір сала. Олардың ішінде ең көп тарағаны - әліппе бойынша жинақталғаны. Кейбір ПФ-дің этимологиясын ашық көрсетіп беруге себептер болмаған жағдайда, ғылыми зерттеу мүмкіндігін А.Г.Назарян анықтаған. Осы сөздіктің жақсыларын әр жақты есепке алып, жеке семантикалық орналасуын анық қадағалау үшін жасалған гипотеза – олардың келіп шығуына ашылған қосымша сәуле болды. Ол ПФ-ді этимологиялық жағынан зерттеп, мына жайттардан қарастырған.

1. ПФ-дің бұрынғы, ескі француз, өзбек, қазақ, орыс тілінің өзінде дүниеге келген немесе басқа тілден қосылғандығын анықтау.

2. Белгілі таңдап алынған ПФ-дің тарихи өзектері, пайда болған орны, уақыты, жағдайы, грамматикалық орналасуы, бірінші кезеңте ұқсастық жақтарын анықтау.

3. Француз, өзбек, қазақ, орыс тілдеріндегі ПФ-ді этимологиялық жағдайын салыстырып үйрену. Жоғарыда айтылған тапсырмалардан анықталған француз тілінде 20, өзбек тілінде 15, қазақ және орыс тілінде 10 ПФ бөлектеп алынып, зерттелді, тарихы мен келіп шығуы қайта анықталып өңделді. Ажыратып алынған ПФ-ді этимологизация жасауда А.Г.Назарян жетекшілік етті. Ол біріншіден, оның жасалу тарихына байланысты өткен шаққа сәйкес келетін тарихи фактілермен немесе жағдайлармен байланысты болған ПФ-дер еді.

ПФ-дер өмірдегі материалдардың байлығы, олардың өткен өмірмен тығыз байланысуы. Тілдері салыстырылған елдер тарихында қандай оқиға болмасын олардың барлығы ПФ-де өз көрінісін тапқан.

а) Антикалық өмірге байланысты болған сөз ұқсастықтар *«Corbeau contre corbeau ne secrete vent q amaisles ueux»*, *«Қарға қарғаның көзін шұқымайды»*, *«Қорға қорғанинг кузини чуқимайди»*, *«Ворон ворону глаз не выключет»*. Әлемнің көп елдерінде тараған бұл мақал ескі ПФ болып есептеледі. Оның дүниеге келу тарихы V ғасырда өмір сүрген латын ғалымы және тіл үйретушісі

А.Ф.Макробиге барып тіреледі. Ол өз «Грамматикасында» осы мақалды келтірген. Мақалдың жалпы мағынасы мынадай – қарға, құзғындар адамның немесе басқа жануарлардың өлігін көрсе, бірінші көзін шоқып жеп, кейін басқа жағына ауыз салады екен. Тура мағынасы: зұлым, өте жаман адамдар өзгеге қаншалықты жамандық жасаса да, бір-біріне жәрдемдеседі. Нұсқалары: француз тілінде: «*Corsaires acorsaires lun Lotre sattaquant ne font pas leurs affaires Les loupsnese mangentpas entre eux*». «*Ит иттің құйрығын баспас*», «*Қасқыр көршісіне жаман көзбен қарамас*», «*Доңыз доңыздың қарнын жармас*», «*Иттің етін ит жемейді*» деген нақыл сөздер өз жолын тапқан. М.Қашқари «Түркілер сөздігі» (3-том, 431-бет) кітабында пайдаланылған. «*Суды көрмей, етік иешіне*» мақалы XI ғасырда автордың өз сөзімен солай түсіндіріледі. Бұл мақалда әрбір істі бастамас бұрын ойланып-толғанып, «*Жеті өлішен, бір кесу*» керек деп жазады. Француздарда: «*Le ne faut pas se despabiller avent de se coucher*» десе, орыстарда «*Раньше смерти не следует расставаться с тем, что имеешь*» деген мақал бар.

ә) Орта ғасырға тиесілі сөздер:

«*Vatir des chateaux en Espagne*», «*Построить воздушные замки*», «*Жетілмеген ой сұру*» мәтелінің пайда болуы Орта ғасырдағы «*Chanson de geste*» эпосымен байланысты. XI ғасырдың аяғында феодализм қалдығының күшейген кезінде үлкен де көлемді құрылыстар жүргізілген. 1095 жылда Испанияда Генрих Бурчундский атты жас қолбасшы зор еңбегі үшін король Альфонс VI тарапынан марапатталады, оған қоса өз қыздарына үлкен көлемдегі жерлерін тарту етеді. Генрих бұл жерлерге зәулім сарай салуды бастайды. Генрихтың жетістіктерін көпшілік отандастары көре алмайды және де олар да Испанияда зәулім сарай салуды армандайды. Бос қиялдарға берілмей, жастарға болашақ жайлы ойлап әрекет жасау керек деген ойдан туған мәтел екені анық.

«*Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі*», «*Екі ел бір-бірімен қосылар, екі тау қосылмас*». Осы мақалды XI ғасырдың атақты ғалымы Махмұт Қашқари былай түсіндірген: «Екі тау бір-біріне бірікпейді», себебі олар бір жерде орналасқан. Адамдар ұзақ уақыт өтсе де, бір-бірімен табысады. Бұл мақал көп уақыттан кейін досын көрген адам жайлы айтылады. М.Қашқари «Түркілер сөздігі» (3-том, 167-бет). Қазақ тіліндегі нұсқасы: «*Тау-таумен кездеспес, адам адаммен кездеседі*». Бір қызығы француздарда да, орыстарда да дәл осындай мақалдар бар, оларды жалпы мақалдар құрамына кіргізуі мүмкін. «*IL hya queles montaq nes que ne se rencontrent jamais*», «*Гора с горой не сходиться, а человек с человеком встретится*».

б) Жаңа заманға, жаңа тарихқа қатысты сөздер.

Ресей тарихында крепостнойлық құқық жарияланған дәуірде қарапайым шаруалар бай-помещиктердің қол астында өте көп қиыншылықтарды бастарынан өткізді. Сол заманға сәйкес мақалдар: «*Мужичьи мазолями бары сито живут*», «*Нужда учит и барышня мучит*». Шаруаларды қара жұмысқа жегіп, пайдалану, оларды қорлау кезеңі өткені тарихтан белгілі. Сол тұста пайда болған мақалдарға кеңірек тоқталайық. «*Были, были и бояре волком были*». Өз заманында капиталистік тәртіптің, буржуазиялық әрекеттің ауыл өміріне кіруі, шаруалардың

ауылдарын тастап кетуі, халықты талан-тараж етуі жайлы ежелгі мақалдар да орыс халқының өткен тарихи оқиғаларынан туындағаны анық. *«Возмешь личько, а отдашь ремешок»*. *«Взял у черта рогожу, а отдавать будешь кожу»*, *«Стопора не разбогатеешь, а огорбатеешь»*, *«В дальних краях ремесло кормить»*, *«Работал сто лет, а не заработал сто реп»*, *«Царьский сыщик всюду рыщет»*, *«Коза с волком тягались – рога до копыта остались»*, *«Мужик с сошкой, а семеро с ложкой»* сияқты ПФ-де орыс халқының өткені, сол дәуірлердегі өмір көрінісі, дамуы, өзінің салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы көрсетілген.

в) Халық ауыз әдебиеті және көркем әдебиет шығармалары арқылы пайда болып, ел арасына нақыл сөздей сіңіп кеткен ПФ де аз емес.

«Надан достан ақылды дұшпан жақсы» - бұл мақалдың шығу тарихы қызық. Ертеректе бір ұры патша сарайына түсіпті. Қараса, бір маймыл патшаның бетіне қонған масаны, шыбын-шіркейді желпігіш арқылы ұшырып жүр екен. Содан бір кезде қолына үлке тасты алып, патша бетіне қонған жәндікті өлтірмекші болады ғой. Оны байқаған ұры қолындағы садағымен маймылды атып жібереді. Шыңғырып жіберген маймыл аунап түседі. Оның даусынан патша оянып кетеді. Ұрыны көріп, өлтіруге бұйрық береді. Бірақ ол болған оқиғаны айтып, *«ұрлыққа келгенім рас, алайда сізді маймылдан құтқардым»* дейді. Өліп жатқан маймылға қарап, патша *«Надан достан ақылды дұшпан жақсы»* деген екен. Нұсқалары: *«Ақымақ дос жаудан жаман»*, *«Қазық үстінде қар тұрмайды, надан кісі дос болмайды»*, *«Ақылсыз дұшпаннан бір сақтан, ақылсыз достан мың сақтан»*. Француз тілінде: *«Bon berger tont et n ecorche pas»*, орыс тілінде: *«Хороший пастух стрижет, но не режет»*, *«Не следует подпирать сук, на котором сидишь»*.

«Санамастан сегіз деме» - бұл Қожанасырдың әзілінен алынған мақал. Оны бірнеше есекке жүк артып, базарға жібереді. Жолда түскі тамағын ішіп болып, есектерін түгендемек оймен санаса, жетеуі ғана бар, біреуі жоқ. Жаны қалмаған ол қатты сасады. Мұны көрген жолаушы: *«Ау, Қожеке, неге әбіржіп тұрсыз?»* дейді. *«Есегімнің саны сегіз еді, жетеуі ғана бар»*. *«Астыңыздағы есекпен сегіз емес пе?»* деп жоғын түгелдеп береді жолаушы. Осыдан кейін Қожакең *«санамастан сегіз демейін»* деген екен. Нұсқалары: *«Санамастан сегіз деме, ойланбастан отыз деме»*, *«Санамастан сегіз деме, санап көрген емессің, мен білемін деме, сынап көрген емессің»*. Француз тілінде: *«Qui compte sans son hote, compte deux fous»*, орыс тілінде: *«Кто рассчитывает без хозяина, легко может просчитаться»*, *«Не говори «оп», пока не перепрыгнешь»*

«Бір бәлесі болмаса, үлескіде құйрық не істейді?!» Бұл мақал түлкіге қатысты айтылған. Түлкі құйрыққа өш болады. Баяғыда аңшылар түлкіні ұстау үшін қақпанды топыраққа көміп, үстіне бір кесім құйрық майын қойып кетеді екен. Түлкі оны жеймін деп, тұмсығымен қақпанға ілінген. Бірақ барлық түлкілер де оңайлықпен қолға түсе бермейді. Себеб, түлкі хайуанаттар ішінде ең сезгір, көңілді, қу жануардың бірі. Осы мақал соның нәтижесінде келіп шыққан; адамдарды сергектікке, абай болуға үндейді. *«Базардағы батпан құйрық, таразыда тартқан құйрық, бір бәлесі болмаса, не үшін үлескіде жатқан құйрық?»*, *«Бір бәлесі болмаса, себетте кәуап не істейді?!»* Бұл мақал тышқанның айтқан

сөзінен шыққан. Зиянкес тышқанның көзін құрту үшін оның інінің алдына улы зат себілген тамақтар, кәуап қойған. Мақалда ой-өрісті, көңілді және сезгірлігі күшті.

Үш тілде пайда болған ПФ-дің тарихын зерттеу барысында мына нәрсе айқындалды:

Өзбек, қазақ тіліне орыс тілінен алынған және орыс тіліне француз тілінен алынған. Мысалы:

Француз тілінен: L appétit vient en mangeant;

→ орыс тіліне: Аппетит приходит во время еды;

→ өзбек тіліне: Иштаха таом вақтида келади;

Француз тілінен: Mieux vaut tard que jamais;

→ орыс тіліне: Лучше поздно, чем никогда;

→ өзбек тіліне: Хечдан кура кеч яхши;

Француз тілінен: A la guerre comme a guerre;

→ орыс тіліне: На войне как на войне;

→ өзбек тіліне: Урушда туруш йук;

Француз тілінен: Apres nous le deluge;

→ орыс тіліне: После нас хоть потоп;

→ өзбек тіліне: Биздан кетгунча, эгасига еткунча;

Бір тілден басқа тілге алмастырылуы «калька» немесе «жарым калька» түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Басында келтірілген мысалдар орыс және өзбек тілдеріне «калька» түрінде ауыстырылған. «Le jeu nen vaut pas la chandelle» мақалы болса орыс және өзбек тілдеріне «жарым калька» жолында ауыстырылған. Орыс тілінде «*Игра не стоит свеч*» және өзбек тілінде «*Ойын шамға арзымас*» мәтелдері қолданылған.

Қорыта айтқанда, халық арасында кеңінен тарап кеткен мақал-мәтелдердің басқа тілдерде де баламасы немесе аудармасы молынан кездеседі. Оған біраз мысал келтірдік. Бір нәрсе анық - бүгінгі таңда провербиал фразеологизмдер тіл мамандарының зерттеу объектісіне айналып отыр. Ал қарапайым халық күнделікті тұрмыс-тіршілігінде мақал-мәтелдердің бәрінің де терең мағынасы, астарлы ойы, тәрбиелік мәні бар екендігін жақсы біледі және оны қажетті кезінде ұтымды пайдаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімбаев М. Маржан сөз. – Алматы: Жазушы, 1978. -459 бет.
2. Нысаналин А. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: ҚазАқпарат, 2003. - 188 бет.
3. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2007. -136 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

В статье автор посредством сравнения сходств французских, узбекских, русских и казахских провербиальных фразеологизмов попытался исследовать их этимологию.

(Носиров А.А. Сравнение сходств французских, узбекских, русских и казахских ПФ)

SUMMARY

In the article the author tried to investigate their etymology by comparing the similarities of French, Uzbek, Russian and Kazakh proverbial phraseology.

(Nosirov A.A. Compare the similarities of French, Uzbek, Russian and Kazakh PF)

УДК 81'243 (043)

Г.А.ТЛЕГЕНОВА

преподаватель Жетысуского государственного
университета им. И.Жансугурова

ОБЩИЕ ТЕМПОРАЛЬНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ СИНХРОННОГО ПЕРЕВОДА

У каждого человека имеется собственный оптимальный диапазон, в котором ему легче всего воспринимать, понимать и при необходимости воспроизводить информацию. Однако в практической деятельности человеку не всегда удается работать в оптимальном для него темпе. Среди всех видов переводческой деятельности синхронный перевод характеризуется наиболее жесткими временными ограничениями и представляет наименьшие возможности для выбора темпа переработки и воспроизведения информации.

Действительно, если переводчик, работающий в режиме письменного перевода, может получить, например, на перевод исходного текста объемом 6-8 печатных страниц полный рабочий день (таков верхний предел обычных норм для письменного перевода), то синхронный переводчик должен выполнить перевод того же объема приблизительно за 20 минут, т. е. за время произнесения исходного текста оратором. Другими словами, на перевод текста одного и того же объема синхронному переводчику отпускается в 20-30 раз меньше времени, чем письменному переводчику. Переводчик, работающий в режиме последовательного перевода, тоже испытывает значительные временные ограничения, но по сравнению с синхронным переводчиком он имеет вдвое больше времени на перевод текста того же объема: время произнесения исходного текста оратором плюс время произнесения текста на языке перевода.

В статье рассматриваются общие характеристики синхронного перевода, проблемы синтаксиса касательно синхронного перевода. Автор выявил проблемы синтаксиса, специфичные для синхронного перевода.

Ключевые слова: переводчик, топонимы, ономастика, концепт, концептосфера, стереотипы, этносы.

Общий дефицит времени - не единственное временное ограничение, накладываемое на деятельность синхронного переводчика. Другое временное ограничение заключается в обязательности порядка расходования бюджета времени: в отличие от письменного переводчика и от переводчика, работающего в режиме последовательного перевода, синхронный переводчик не может маневрировать в пределах отведенного времени (уделить больше внимания и времени переводу наиболее трудных мест, быстрее перевести сравнительно простые высказывания), он вынужден расходовать имеющееся в его распоряжении время в соответствии с темпом оформления речи оратором на исходном языке. В противном случае переводчик отстанет от оратора, и

синхронный перевод перестанет быть синхронным. Строго определенный в каждом конкретном случае темп преобразования исходного текста в текст на языке перевода - другая отличительная особенность протекания синхронного перевода во времени.

Есть еще одно обстоятельство, которое отличает синхронный перевод от других видов перевода (кроме перевода с листа). Синхронный переводчик не имеет возможности воспринять полностью все сообщение и лишь, затем приступить к поиску переводческого решения, он вынужден принимать решение на переход к языку перевода немедленно после ориентирования в небольших отрезках исходного текста для того, чтобы не отстать от оратора на величину, превышающую возможности его оперативной памяти.

Таким образом, протеканию синхронного перевода во времени свойственны следующие особенности:

- более высокий, чем в других видах перевода, темп преобразования исходного текста в текст на языке перевода;
- жесткая зависимость темпа перевода от темпа оформления речи оратором на исходном языке;
- принятие решения на перевод непосредственно после ориентирования в каждой отдельной единице ориентирования [1].

В любом переводе, как бы ни был он выполнен, могут встречаться различного рода отклонения, обусловленные особенностями культуры того общества, к которому принадлежит языковая личность - переводчик. В связи с этим возрастает интерес к национальной специфике культур и компоненту культур – языку, также имеющему национальную форму и национальный колорит. Проблема непереводимости с одного языка на другой связана именно с различием культур и языков, имеющих особенности в своих элементах, категориях, компонентах, внутренней форме, способах выражения, что является результатом особого понимания народами природной и социальной действительности, выражающихся в ведущих смыслах его бытия, в фундаментальных ценностях, обобщенных представлениях людей о смыслах и целях деятельности в процессе жизнедеятельности народа в различных социально-исторических и природно-климатических условиях окружающей среды. В процессе занятий тем или иным типом хозяйственной деятельности в различных экологических, социально-исторических условиях этносы, ведущие неадекватный образ жизни, неадекватно воспринимают окружающую действительность сквозь призму своего мировоззрения, согласно своих выработанных соответственно нормам выживания в данной среде жизненным смыслом. А поскольку природно-географическая и социально-историческая среда, в которой проживают люди, является неадекватной, то различными являются и культурные смыслы – результаты ментальной деятельности людей, занятых различными типами хозяйственной деятельности в разнообразных природно-географических социальных ландшафтах. Они имеют национальную форму. Национальная форма элементов культуры – «это вся система народного мышления, нашедшая свое выражение в образах. Она обусловлена своеобразием

истории, быта, верований, обычаев, навыков и вкусов каждого народа. Уловить и передать особенности национальной формы на другом языке – это одна из наибольших трудностей, которую должен преодолеть переводчик» [2].

В национальной форме отражено, как в зеркале, все прошлое народа, его быт, история, симпатии и антипатии, отражена система свойственных ему ассоциаций. В процессе перевода национальная форма передается не прилаживанием исходного языка к чужим грамматическим нормам, а путем проникновения в самую суть национального и социального своеобразия народа, убедительным раскрытием того, как психическая общность нации выражается в языке. Психический склад нации представляет собой совокупность характерных особенностей какой-либо нации, национальности, ее своеобразия, находящих отражение в национальном колорите.

Национальный колорит имеет внешние признаки и внутреннюю специфику, связанную с национальным языком. Внешние признаки – это проявления и приметы национально-исторической жизни народа, его культуры, характера, обычаев, нравов, традиций, чувств, взглядов. Внутренняя специфика связана с национальным языком. Язык не только средство общения. В нем запечатлевается своеобразие бытия и мышления народа, вся его история, а также история страны.

Внутренняя специфика национального языка проявляется в двух его категориях. К первой относятся «слова и понятия, связанные с национальным образом жизни. Это топонимы, ономастика, реалии, слова, обозначающие родственные отношения, национальные и религиозные обряды, отражающие признаки эпохи, национальной манеры, облика, поступков и т.д. [3].

Ко второй категории принадлежат компоненты национального колорита, связанные со спецификой языковой структуры: идиомы, пословицы, поговорки, вульгаризмы, жаргонизмы, диалектизмы, междометия, сравнения, эпитеты и др.

К приметам культуры, дающим представление о его национальном своеобразии, относятся такие его национально-специфические компоненты, как:

1) традиции (или устойчивые элементы культуры), а также обычаи (определяемые, как традиции в соционормативной сфере культуры) и обряды (выполняющие функцию неосознанного приобщения к господствующей в данном обществе системе нормативных требований);

2) бытовая культура, тесно связанная с традициями вследствие чего ее нередко называют традиционно-бытовой культурой;

3) повседневное поведение (привычки представителей некоторой культуры, принятые в некотором социуме нормы общения), а также связанные с ним мимический и пантомимический (кинетический) коды, используемые носителями некоторой лингвокультурной общности;

4) «национальные картины мира», отражающие специфику восприятия окружающего мира, национальные особенности мышления представителей той или иной культуры.

5) художественная культура, отражающая культурные традиции того или иного этноса.

Кроме этих компонентов культуры, ученые выделяют и ключевые слова

культуры, которые могут быть ключом к пониманию национальной специфики культуры, так как отражают и формируют образ мышления носителей того или иного языка. Поэтому А.Д.Шмелев, трактуя концепты культуры как ее категории, пишет: «В соответствии с этими представлениями (Гумбольдта, Сепира, Уорфа – А.К.) язык и образ мышления взаимосвязаны. С одной стороны, в языке находят выражение те черты внеязыковой действительности, которые представляются релевантными для носителей культуры, пользующейся этим языком; с другой стороны, овладевая языком и, в частности, значением слов, носитель языка начинает видеть мир под углом зрения, подсказанным его родным языком и сживается с концептуализацией мира, характерной для соответствующей культуры. В этом смысле слова, заключающие в себе лингвоспецифические концепты, одновременно отражают и «формируют» образ мышления носителей языка».

Понятия «картина мира» и «категории культуры», ранее используемые в культурологии, начиная с 1990-х годов, уступают место другим терминам, таким, как «концепт» и «концептосфера». В культурологии и в лингвокультурологии эти понятия получили известность после появления работы Анны Вежбицкой «Понимание культур через посредство ключевых слов», в которой автор отметила, что культуру следует рассматривать как перечень концептов, в числе которых Вежбицкая выделяет, с одной стороны, общие всем языкам семантические универсалии, а с другой – культурно-специфические понятия. Последние вырабатываются в пространстве конкретной культуры и вне ее рамок «не работают» - к иной культурной традиции не применимы. По мысли А.Вежбицкой, слова-концепты, например, выражающие гнев, «печаль» или радость в разных языках имеют неповторимый «вкус». За этими семантическими различиями усматривалась общая мировоззренческая установка иной языковой картины мира».

Понятие «концепт» в лингвокультурологии рассматривается как синоним понятия «категория культуры», так как, как и категория культуры, концепт исследуется как единица ментальной картины мира. Концепт связан с неким ассоциативным пространством культуры, из долговременной памяти которого как бы «вытаскиваются» все известные сведения и факты, с данным понятием связанные. На связь концепта с определенной культурой указывает и Ю.С.Степанов, определяя концепт как «широкое культурное понятие», «сгусток культуры в голове человека. Вся культура понимается как совокупность концептов и отношений между ними, поэтому концепт – это основная ячейка культуры в ментальном мире человека» [4].

Концепты, как ключевые слова культуры, отражают культурно-национальные представления этноса о мире. Они представлены в сознании как ментальные сущности, но имеют имя в языке и эксплицируются при помощи языковых средств того или иного языка. Многие концепты универсальны, например, концепты «добро», «труд», «время», «пространство», «счастье», «судьба», «красота» и другие встречаются в других культурах, как ее основные категории. Специфика данных концептов состоит, во-первых, в том, что они

отражают специфические для данного этноса представления о мире, ценностные ориентации, мировоззренческие установки этносов, особые архетипы – совокупности сознательных и бессознательных элементов психики этнического коллектива, формирующие поведение человека, его понимание окружающего мира. Все это содержится в нашем сознании в виде ментальных структур, являющихся константами культуры, выступающих как постоянный принцип культуры. Во-вторых, кроме универсальных концептов, имеющих во многих культурах, имеются и специфические, формирующиеся только в рамках данной культуры и выражающие ее ценностные принципы. В-третьих, способы экспликации концептов и их ассоциативные поля своеобразны и неадекватны в языковой картине мира разных народов. В-четвертых, концепты разных культур обладают особым культурным смыслом. Под культурным смыслом В.Р.Козловский подразумевает смысловые очевидности, «которые выражают культурную всеобщность и естественность предметно-смысловых, знаково-символических компонентов мира и его опыт. Они же есть определенные разновидности осмысленной реальности культурного мира. Задающие некоторые жизненно важные способы общепринятые в культурном сообществе видения и понимания окружающего мира и самого себя в этом мире; они же задают спектр возможных видов отношения к историческому прошлому и настоящему культурного мира и своего бытия».

Культурный смысл, заключенный в концептах, может быть относительным и абсолютным. Относительный культурный смысл концепта выявляется в процессе встречи и диалога с другими культурами, а абсолютный смысл определяется и понимается представителями какой-либо культуры изнутри как определенный жизненный смысл, вкладываемый в данное понятие, в результате накопления опыта и представлений о данном явлении, восприятий его через призму ценностных установок, образа жизни данного этноса в определенной экологической нише и занятий специфическим типом хозяйственной деятельности. Жизненный смысл как разновидность культурного смысла проявляется в том, что на основе знания высших ценностей, присущих народу, роду, человек может соединиться с другими людьми и миром, идентифицировать себя с ними, быть нравственным существом. Именно жизненный смысл, приобретаемый человеком в процессе социализации в обществе, помогает человеку чувствовать себя наравне с другими, переносить трудности, милосердно относиться к ближним.

Жизненный смысл приобретается человеком в процессе соблюдения определенных норм общества. Эти нормы представляют собой культурные ценности – принципы совместного существования (нравы, обычаи, стереотипы поведения и сознания). Именно нормативные ценности, установки, образцы поведения содержатся в архетипах, культурно-ментальном ядре концепта. Человек не просто зеркально отражает в своем сознании объективную реальность, но всегда осознает этот мир под углом зрения определенных ценностей. Ценность выступает первичной формой предмета реальности, в которой он предстает перед сознанием через ценностное отношение человека. Культурный смысл и выражает ценностное отношение человека к предмету

объективного мира, его ценностную ориентацию в отношении него, выражает его оценку. Концепты в своих культурно-ментальных составляющих культурных смыслах и содержат в виде ментальных представлений ценностные принципы, установки, ценностные ориентации, представления о значимости предмета, возможности выражать нормативные установки, требования, модели поведения. Все эти ментальные представления, заложенные в культурно-ментальном компоненте концепта, могут быть эксплицированы в разных языках при помощи различных образных и безобразных средств выражения. Универсальные концепты, несмотря на сходство ментальной структуры в концептосферах – совокупности категорий культуры, имеют различную номинативную и образную представленность в различных языковых картинах мира. Например, концепт «время» универсальный во многих языках, имеет культурно-языковую специфику, которая выступает как результат специфической структуризации объективного мира и его концептуализации. Так, у казахов в отношении категории время сформировалось особое этническое мировосприятие, связанное с хозяйственной деятельностью, слитой с природой и их социальной жизнью. Восприятие времени у казахов – чувственное. Оно было обусловлено их условным занятием – кочевым скотоводством. По словам М.Орынбекова, «непосредственная близость про то казахов к реалиям бытия, чувственная близость к наблюдаемому и воспринимаемому миру, укорененность в этом бытии выразились в понимании времени пространства». Образ жизни казахов, связанный с кочевой хозяйственной деятельностью требовал от них не только регистрации отдельных явлений, но и их понимания и объяснения, поэтому казахи постоянно реагировали на изменения природно-климатических условий и метеорологических ситуаций. И это позволяло им установить повторяемость явлений природы. И это понимание легло в основу циклического времени, в котором периодичность, повторяемость метеорологических изменений легло в основу двенадцатилетнего исчисления. Мифологическое время – это время, которым измеряются событийные пределы, реальные события, повествующие о мифологических временах. Экологическое время определяется по работам, связанным с определенными сезонами (*көктеу, күзеу, жайлау, қыстау*). По экологическому времени сутки также «распределялись на временные отрезки (*“таң”, “сәске”, “ақшам”, “ымырт”, “шам батарда” и др.*). Генеалогическое время дает возможность вести счет времени на основе родословной хроники. Ориентировочные фразы: «Он родился за пять лет до аса Божья», «Это было на Арке, во время поминального аса Сағына» дают понятия о счете времени, начинавшихся от памятных в роде событий. Обычно счет времени велся от знаменитых асов. Ситуативное время связывалось с мерой времени, отводимой на выполнение какого-либо действия, конкретные занятия населения, связанные с уходом «за скотом» и др., например *«бие сауым уақыт», “ат шалдырым уақыт”, “қозы жамыраған кез”, “қой қоралаған мезгіл”, “шай қайнатым уақыт”, “ет пісірім уақыт”* и др. В русской языковой картине мира выделяются две концептуальные обозначения времени: циклическое и линейное. Циклическое время обозначает повторяемость, цикличность, например «пора (осенняя, летняя,

весенняя, зимняя). Линейное время обозначает необратимость, текучесть: «Ушло то время, когда мы были неразлучны» [5].

В немецкой языковой картине мира время также линейно, оно обозначает необратимость, текучесть времени, например, *время течет – die Zeit verfließt, verrint, время не ждет – die Zeit dränot, оно торопит – die Zeit eilt*; линейный образ времени «*Ziehen - тянуть*» и др.

Введенное Д.С.Лихачевым понятие концептосферы является весьма значимым для понимания культуры. Концептосфера – это сфера понятий того или иного языка. Концептосфера – это совокупность концептов нации, которая образована всеми потенциями концептов носителей языка. Концептосфера народа шире семантической сферы, представленной значениями слов языка. Чем богаче культура нации, ее фольклор, литература, наука, изобразительное искусство, исторический опыт, решения, тем богаче концептосфера народа.

Концепт и концептосфера – это ментальные сущности, представленные в индивидуальном сознании и групповом сознании этносов. Концептосфера имеет упорядоченный характер, в которой составляющие ее концепты имеют системный характер, организованы по принципу системности и по отдельным своим признакам вступают в системные отношения сходства, различия и иерархии с другими концептами. Мы рассматриваем концептосферу как упорядоченную совокупность определенных концептов, хранящую в своей структуре структурированную совокупность знаний об архетипах духовной, материальной культуры, универсальных и национальных в каждой культуре, имеющих культурный смысл, а также представления о ценностных принципах и находящих отражение в разных языках в универсальном или неэквивалентном виде. Сопоставление различных национальных концептосфер между собой позволяет выявить национальную специфику концептуализации сходных явлений сознанием разных народов, выявить безэквивалентные концепты и концептуальные лакуны (отсутствующие концепты в том или ином языке).

Культуры различных народов неадекватны по культурным сценариям, нормам и стереотипам специфическим для каждой культуры. Культурные сценарии «не предназначены для того, чтобы описывать, как ведут себя члены данного общества, но имеют целью четко сформулировать те нормы, с которыми люди знакомы (на сознательном, полусознательном и подсознательном уровне) и которые являются эталонными фреймами для данного языкового коллектива (вне зависимости от того, следуют или обходят их члены данного коллектива)». Для культурных сценариев А.Вежбицкой характерны следующие черты:

1) различия в использовании языка в разных культурах не сводятся только к различиям в лексике и грамматике;

2) различия в использовании вербального кода в определенной лингвокультуре системны и глубоко укоренены;

3) различия в функционировании вербального кода в данной лингвокультуре связаны с культурными ценностями и так или иначе отражают ценностные иерархии, присущие соответствующей культуре;

4) стратегии использования вербального кода – речевые стратегии – «представляют собой внешнее выражение скрытой системы, культурных правил» или «культурных сценариев»;

5) «культурные сценарии» необходимо описывать с «помощью некоторых лексических универсалий».

Эти культурные сценарии связаны с разными специфическими для данной культуры нормами, стереотипами, требующими или запрещающими говорить, что человек думает, говорить, что он хочет и говорить, что он чувствует; нормами, определяющими, как сообщить людям, что ты хочешь, чтобы они сделали, и что они обязаны сделать, как сказать, что ты не хочешь что-либо делать; как говорить плохие вещи о других людях и хорошие вещи о людях и др. [6].

Схематизированные образы этнической общности, выражающие позитивные или негативные установки порода, образцы поведения в той или иной ситуации, «сценарии», могут проявляться двух формах: 1) в эксплицированной ритуально-копировальной форме, когда в процессе актуализации ценностных принципов в ритуально-копировальной невербальной форме демонстрируются образцы поведения, которым надо следовать по формуле «делай, как я»; 2) в имплицитной форме в виде поведенческих реакций согласно ролевым ожиданиям.

Национальные (этнические) стереотипы представляют собой схематизированный, устоявшийся образ национальной установки. Это совокупность народных знаний о психологических особенностях, нормах поведения в той или иной ситуации общения. Этнические стереотипы могут реализоваться в форме устойчивых представлений о психических особенностях, менталитете, поведении представителей другой национальности.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Ширяев А.Ф.* Синхронный перевод. Деятельность синхронного переводчика и методика преподавания синхронного перевода. – М.: Воениздат, 1979.
2. *Кочкина З.А.* Некоторые особенности деятельности синхронного переводчика. – М., 1963.
3. *Швейцер А.Д.* Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. –М., 1988.
4. *Бенедиктов Б.А.* Основные вопросы психологии устного перевода // *Fremdsprachen.* – Leipzig, 1968.
5. *Миньяр-Белоручев Р.К.* Как стать переводчиком? – М.: Готика, 1999.
6. *Gerver D.* A Psychological approach to simultaneous interpretation. – Meta, 1975.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ілеспе аударманың зерттелуі қарастырылады.
(Тлегенова Г.А. Ілеспе аударманың жалпы темпоралдық сипаттамасы)

RESUME

The article is considered with the researching of simultaneous interpretation.
(Tlegenova G.A. Common Temporal Characteristics of Simultaneous Interpretation)

УДК 306.85 : 400.13

К.Б.УРАЗБАЕВ

кандидат филологических наук,
доцент МКТУ им. Х.А.Ясауи

Н.М.ЕСЕНКУЛОВА

магистрант МКТУ им. Х.А.Ясауи

ТЕРМИНЫ РОДСТВА В МЕЖКУЛЬТУРНОЙ СЕМЕЙНОЙ КОММУНИКАЦИИ

Данное исследование проводится в рамках социолингвистического и сопоставительного изучения межкультурной коммуникации на примере терминов родства разносистемных языков. В работе рассматривается номинативный аспект лексических единиц определенного семантического поля фигурантов семейных отношений английского, русского и казахского языков. Данное сообщение предлагается в виде постановки проблемы для дальнейшего структурно-семантического рассмотрения указанных номинативных единиц сопоставляемых языков.

Ключевые слова: социолингвистика, межкультурная коммуникация, термины родства, номинация, английский язык, русский язык, казахский язык.

Современная лингвистика уделяет все большее внимание сопоставительному анализу языков, это закономерное явление: бурный процесс осознания своей единичности, культурного своеобразия, который охватил многие народы, по-своему отразился и на развитии гуманитарных наук. В первую очередь, внимание общественного сознания было обращено на те направления и отрасли, которые позволяют дополнить или развить представление каждого народа о специфике национального пути в рамках общего хода цивилизации, определить ценность своей культуры, своеобразие языка, то есть на направления, характеризующие национальный менталитет.

Среди тематических пластов лексики одно из первых мест по давности происхождения и большой устойчивости понятий, обозначаемых ими, занимает слой лексики, передающий родственные отношения.

В настоящее время нельзя сказать, что вопрос выделения, классификации, исследования и «регулирувания» потребления в дискурсе родовой лексики относится только к лингвистической проблематике. Этой проблемой занимаются такие науки, как психология, социология, педагогика, группа юридических наук, а также, как показал опыт последних лет, этим вопросом занимаются даже парламенты различных стран.

Анализ определений термина показывает, что учёные едины в том, что термин представляет собой слово или словосочетание, соотнесённое со специальным понятием (т. е. с понятием какой-либо отрасли техники или области знания). Осознание неразрывной связи термина с обозначаемым им понятием позволяет на практике беспрепятственно выделять термин из специального текста [1]. Термин нуждается в соотнесении с дефиницией, поскольку постоянно существует потребность в информации об объёме содержания и месте понятия, обозначаемого термином. Эти данные можно получить лишь в дефиниции, которая одновременно является и определением значения термина. Общеупотребительное слово также имеет определение, но дефиниция термина (в особенности узлового, родового) отличается от определения общеупотребительного слова логической строгостью, упорядоченностью и указанием точных границ специального понятия. Это становится наглядным при сопоставлении дефиниции термина и определения общеупотребительного слова, представленных одной и той же лексической формой.

Общеизвестно, что всякое слово многомерно - его природу определяют такие факторы, как грамматика, словообразовательная структура, регистровая характеристика (возвышенность, нейтральность, сниженность), место в номинативной системе (в тематическом поле, в синонимическом ряду, в рамках логических связей: конкретность/абстрактность, родовое/видовое понятие, часть/целое), наличие/отсутствие оценки и тип ее выражения, способность к стилизации речи, коммуникативно-ситуативный фактор (кто говорит, кому, с какой целью, при каких обстоятельствах), этика (роль слова в межличностных отношениях: равноправие, подчинение/подчиненность, конформизм), эстетика (выразительность/невыразительность, комизм), степень и характер выраженности той или иной содержательной стороны (эксплицитность/имплицитность, подразумевание, подтекст), генетический момент (исконное/заимствованное слово), диахрония (неологизм/архаизм, отсутствие ощущения возраста слова), ареальная принадлежность (общенациональное/региональное, диалектное слово), взаимодействие с параллельными кодами: звуковым и жестовым. Перечисленного достаточно, чтобы представить себе полноту и сложность информации, заложенной в слове. И если под причиной употребления родовой лексики мы понимаем совокупность общих социально-психологических процессов, находящих свое отражение в языке социума, то функциональная нагрузка слова, с нашей точки зрения, неотделима от конкретной речевой ситуации, т.е. от контекста [2].

Так как в последние годы серьезно возросла активность родовой лексики и фразеологии в разговорной речи, в условиях межличностной коммуникации при неформальном общении, то речевая манера, присущая так называемому нон-стандарту, сопровождаемая актуализацией родовой лексики, охватывает

все более широкие, так сказать, нетрадиционные группы населения, до недавнего времени наиболее консервативные по отношению к родовой лексике социогруппы. Эти процессы находят свое отражение и в книжной речи, преимущественно в СМИ (в печати, электронных СМИ, кинофильмах), в устной публичной речи политического характера, в художественной (и около художественной) литературе постмодернистского направления, в частности в новой волне драматургии и соответственно в театральных спектаклях.

Семейная коммуникация осуществляется на двух уровнях – внутреннем и внешнем. Внутренний круг общения представляет собой закрытое коммуникативное пространство, в рамках которого могут взаимодействовать только члены семьи и близкие им люди. Внешний круг отражает любые формы общения конкретной семьи как малой группы с социумом. Разграничение внутреннего и внешнего типов общения определяет выбор вербальных и невербальных средств, используемых в семейной коммуникации [3].

Семья как социальный институт демонстрирует триединое отношение «супружество – родительство – родство» и обеспечивает воспроизводство населения, преемственность семейных поколений, социализацию детей, поддержание существования членов семьи. Межкультурная семейная коммуникация обладает основными признаками стандартного общения в монокультурной семье, вытекающими из специфики феномена семьи как малой группы и социального института, и вместе с тем обладает рядом специфических особенностей.

Комбинация межличностного и группового общения, реализуемая через такие переменные, как состав семьи, брачный возраст, пол брачующихся, количество сожительствующих супругов и т. д., специфична в разных культурах и находит свое отражение на уровне языка, в частности в сложной системе терминологии родства.

В гавайской и китайской культурах имеются наименования девяти степеней родства: по четыре поколения до и после конкретного человека, включая его самого. Отдельные наименования имеют *бабушка* и *дедушка* по линии отца и по линии матери, старший и младший *братья*, старшая и младшая *сестры*, *невестки* (жены старшего и младшего братьев), *зятья* (мужья старшей и младшей сестер), *внуки* по линии сына и линии дочери и т.д. Всего учеными выделено 274 китайских термина родства, причем и эта сложнейшая система существенно различается в зависимости от того, употребляются ли они в разговорной или письменной речи, в межличностном или групповом семейном общении [4].

Признаком благополучной, нравственно здоровой семейной коммуникации является гармоничное сосуществование межличностного, нуклеарного группового и расширенного группового общения, что требует от

супруга-эспатрианта достаточного уровня языковой и культурной компетентности. Вот почему специалисты по межкультурной коммуникации рекомендуют вступающим в межкультурный союз обязательно проверить выстроенное определенным образом межличностное взаимодействие в расширенном групповом общении до непосредственного заключения брака.

Термины родства – названия кровных родственников и свойственников (родственников по браку). Термины родства – часть словарного состава языка, однако принципы группировки этих терминов в системы терминов родства определяются особенностями социальной организации конкретного общества.

Так, первой общей особенностью терминов родства в разносистемных языках является относительность их значения: лицо, названное тем или другим термином родства, является таковым не в абсолютном смысле, а только по отношению к другим лицам, в каждом конкретном случае вполне определенным. Например, *сын* – это лицо мужского пола по отношению к своим родителям, *дочь* – лицо женского пола по отношению к своим родителям, *сестра* – дочь тех же родителей по отношению к другим их детям, *сноха* – жена сына по отношению к его родителям, *деверь* – лицо мужского пола по отношению к жене своего брата и т.п. В казахском языке, например, *қайын* – күйеудің інілері жеңгесіне қайыны болады (младшие братья мужа по отношению к его жене), *жезде* – апасының күйеуі (муж старшей сестры по отношению к ее младшей сестре).

В силу того, что термины родства обладают относительным значением, одно и то же реальное лицо может быть названо по-разному и матерью и дочерью, и дедом и внучкой, и тетей и племянником, и зятем и тещей и т.п. – в зависимости от того, по отношению к каким другим лицам это лицо определяется.

Главной целью сопоставительного типологического анализа является сравнение языков в целом, что станет возможным только тогда, когда в распоряжении исследователя будут находиться исчерпывающие (или достаточно полные) описания различных структурных уровней языков. Между тем отсутствие подобных описаний характерно не только для малоизученных, но и для многих хорошо известных (в том числе европейских) языков [5].

Актуальность проводимого нами этимологического, типологического и антропологического анализа терминов кровного родства и свойства как наиболее древнего слоя лексики, связанного с развитием семьи и ее форм, определяется, прежде всего, тем, что позволяет установить наиболее значимые понятия для рассматриваемых языков. Кроме того, исследование номенклатуры терминов родства дает возможность сделать ряд выводов относительно генетического родства языков и выполнить комплексное описание лексико-семантических систем английского, русского и казахского

языков.

На основе анализа особенностей номенклатурных систем родства, в английском, казахском и русском языках использования универсальных принципов категоризации, диахронного и синхронно-сопоставительного анализа терминов кровного родства и свойства, учета ареальных характеристик с помощью проведенного сопоставительного анализа культурно-языкового концепта терминов родства на материале различных лингвокультур устанавливаются общие и специфические черты культурологических характеристик терминов родства в этих языках.

Современной методической наукой еще не выработано единой точки зрения на соотношение понятий «межкультурная коммуникация», «межкультурное общение» и «диалог культур». Тем не менее, ключевым для большинства определений этих трех понятий является слово взаимодействие. А взаимодействие, как известно, обозначает универсальную форму движения, развития, определяющую существование и структурную организацию любой материальной системы. Охарактеризовать взаимодействие в контексте иноязычного образования можно следующим образом:

– во-первых, взаимодействие представляет собой явление двустороннего характера, которое имеет обоюдную значимость для личностного роста каждого из партнеров, делает возможным сопоставление мыслей, чувств и поступков индивида с их выражением у других людей, в нашем случае - у представителей другой национальной культуры, выступая тем самым основой самопознания, саморегуляции, самореализации и, в конечном счете, развития личности обучаемого, прежде всего, как субъекта национальной культуры;

– во-вторых, основной характеристикой взаимодействия человека с миром и людьми вообще и с миром другой культуры и ее представителями в частности является то, что оно позволяет человеку не только актуализировать имеющиеся у него внутренние потенциалы, но и дополнять их в структурном, содержательном, ценностном и смысловом плане, что становится предпосылкой для развития личности обучаемого как субъекта общемировой культуры и как личности, способной к общению на межкультурном уровне.

При таком понимании взаимодействие можно назвать сущностью иноязычного образования как творческой деятельности, его непременным условием, способствующим смысловому взаимопроникновению и ценностному обмену субъектов педагогического процесса. При таком взаимодействии непременно происходит аккультурация – т.е. процесс взаимопроникновения и взаимовлияния культур, когда в ходе прямого контакта усваиваются технология, образцы поведения, ценности чужой культуры, которые, в свою очередь, изменяются и приспосабливаются к новым требованиям.

При сопоставительном анализе структуры значения нас интересует не то,

какими средствами выражается данная категория плана содержания в языке, а то, какие смысловые категории формируют данное значение слова. Сопоставительный анализ терминов родства может быть успешно использован для разграничения лексико-семантических групп и уточнения их состава. Он также может быть использован при изучении компонентного состава значения отдельного слова. При всей своей недостаточной разработанности межъязыковой коммуникации сопоставительный метод может принести большую пользу, вскрывая ряд дополнительных общностей и различий, ускользающих при внутриязыковом анализе.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В.* Общая терминология: Вопросы теории. – М.: Наука, 1989. – 246 с.
2. *Тер-Минасова С.Г.* Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000. – 262 с.
3. *Бондаренко Е.В.* Семейные прозвища как лексическое проявление неформальности межкультурной семейной коммуникации // Современные проблемы гуманитарных и естественных наук: материалы 2-й Междунар. науч.-практ. конф., 15-25 янв. 2010 г. – М.: РУДН, 2010. – Т. 1 – 255 с.
4. *Дзибель Г.В.* О системном подходе к феномену родства // Алгебра Родства. - СПб.: МАЭ РАН, 1995. – Вып. 7. – 280 с.
5. *Harris C.C.* Kinship (Concepts in the Social Sciences). - Bristol: Open University Press, 1990. – 100 p.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мәдениетаралық отбасылық қатынас тұрғысынан туыстық терминдердің орны, өзгешеліктері мен салыстырылған тілдердегі қасиеттері қарастырылады.
(**Уразбаев Қ.Б., Есенкулова Н.М. Мәдениетаралық отбасылық қатынас тұрғысындағы туыстық терминдер**)

SUMMARY

The kinship terms' place, peculiarities and features of compared languages in the sphere of cross-cultural family communication are considered in this article.
(**Urazbayev K.B., Yesenkulova N.M. Kinship Terms in Cross-Cultural Family Communication**)

ӘОЖ 373. 23

Л.С.СМАНОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
ОҚИПИ-ның профессоры

К.Б.БАЙТЕРЕКОВА

ОҚИПИ-ның ізденушісі

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өскелең ұрпақты құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің мазмұны мен құрылымы тұлға құқықтары мен абыройын қорғауға, философиялық ұстанымдарды негіздеуге, адам еркіндігі мен абыройын сақтауға бағытталуы тиіс. Мұндай философиялық тұжырымдама қажеттілігі жас өскіннің адамгершілігін қалыптастырудың күрделілігінен және жүйелі тәжірибе негізінде құқықтық мәдениетті тәрбиелеудің маңыздылығынан туындап отыр. Мақалада жалпы адам баласының, оның ішінде жастардың құқықтық мәдениет тәрбиесін жетілдірудің кейбір мәселелері жан-жақты қарастырылған. Данышпан Абайдың ұлағатты өсиеттері бұл бағытта еңбек етіп жүрген ұстаздар мен тәрбиешілерге мықты да берік ұстаным болатыны анық. Тәрбие өзегі – ата-бабаның мол мұрасы мен халықтың рухани бай қазынасы. Дәстүрге беріктік, әдет-ғұрыпқа адалдық – барлық тәрбиенің бастау алар қайнаркөзі екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Кілт сөздер: «Қазақстан – 2050» стратегиясы, құқықтық мәдениет, диалектикалық үйлесімділік, педагогикалық іс-әрекет, авторитарлы педагогика, философиялық теория.

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында ұсынған «Қазақстан – 2050» стратегиясы өзі айтқандай, жаңа саяси бағыт. Басты мақсат – ХХІ ғасырда Қазақ елінің орнықты, тұрақты дамуын жалғастыру, осы ғасырдың ортасында әлемдегі дамыған 30 елдің санатына қосылу. Елбасы ұсынған «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты - біздің болашақ табыстарымыздың, үстіміздегі ғасырдың ұзақ жолының бағдары, жолбасшысы болмақ [1].

Халқымыз қашаннан «өзін-өзі білген ер бақытты, өзін-өзі билеген ел бақытты» деп азаттықты бәрінен биік қойған. Сонау Күлтегін заманынан қалған «Халқы бегіне, бегі халқына сенген ел ұзақ жасайды» деген өсиет өзектілігін ешқашан жойған емес. Сенім – сын сағаттағы серігі екеніне нық ұғынған халқымыз, ең бастысы кемел келешекке деген сеніміне селкеу түсірген жоқ. Нәтижелерде қиындық пен дағдарыс атаулыны қайыспай

көтерді, белестерді бірге бағындырып, асулардан бірге асты, бірлігінен танбай, төтеп берді, «тар жол, тайғақ кешулерден» жол тапты, күмәнді жерден жөн тапты.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында» атты халқына Жолдауында: «Бесінші. Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануға тиіс. Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады» – дейді [1]. Олай болса, әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан құқықтық мәдениетті тәрбиелеу мәселесі күн тәртібінде тұруы қажет. Жалпы құқықтық мәдениетті тәрбиелеуде педагогикалық іс-әрекеттің диалектикалық үйлесімділігінің кейбір бағыттарының күрделілігін байқаймыз. Сөз етілген үйлесімділік бүгінгі әлеуметтік жаңғыру барысында өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін тәрбиелеудің іс-тәжірибесі мен ізгіліктің теориясы негізінде тәрбиенің адамгершілік арқылы қамтамасыз ететін педагогикалық жаңа ойларды талап етуімен түсіндіріледі. Жалпы білім беру мектептерінде оқушы тәрбиесіне ерекше бет бұруы қоғамдағы демократия жолдарын іздестіруге, адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге деген талпыныс секілді әлеуметтік өзгерістермен анықталады. Тұтас педагогикалық үдерістегі оңтайландырулар және жаңғыртылулар жеткіншектердің тұлға ретінде дамуын бағыттау, ықпал жасау мәселесінен туындауда. Бұл талап оқу орындарында тұтас педагогикалық үдерісін ұйымдастыру, өткізу, сапаландырудың жаңа жолдарын, технологияларын, әдістемелерін қарастыруды зерделеу, зерттеулерді, іздестірулерді алға қойды. Оқушылардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеу ықпалдастық пен қайта ойлануды, әрбір іс-әрекеттерге жауап беруді, іс-әрекеттердің салдарын ойластыруды талап ететін күрделі, қиын жол екендігі белгілі, авторитарлы педагогикадан ынтымақтастықты, ізгілікті, нәзік педагогикаға өту тәжірибе нәтижесі.

Мектептердегі тұтас педагогикалық үдерістерге терең, тиянақты талдаулар, жүйелеулер педагогикалық плюрализм – ой еркіндігі ретінде әр түрлі ой-пікір айтуға, жастардың құқықтық тәрбиесін жетілдірудің әрқелкі нұсқаларын салыстыруға кең мүмкіндік береді.

Құқықтық мәдениетті тәрбиелеуге қатысты педагогикалық тұжырымдамаларда жиі кездесетін ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттеулерде бастапқы ойларды философиялық және тәжірибелерге негіздеуді талап етеді. Тәрбиенің философиялық мәселелеріне деген қызығушылық қазіргі уақытта педагогикалық үдерістерді ұйымдастыруда философиялық білімнің арнайы саласына – тәрбие философиясына назар аударуға мүмкіндік береді.

«Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді. Шаруа да қылар еді, бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді» – дейді Абай он бірінші қара сөзінде [2].

Американдық философ, әлеуметтанушы және педагог, прагматизмнің басты өкілдерінің бірі, «Мектеп және қоғам», «Адам проблемалары» деген еңбектердің авторы Джон Дьюи «философиялық теория өмір сүргісі келсе, тікелей тәрбиелеу

үдерісіне әсер етуі керек, ол адамда әлемге қатысты құнды қатынас қалыптастырып, қоғамдағы адамдар арасындағы рухани және адамгершілік байланыстың өзгеруіне ықпал етуі керек» деп жазған [3]. Сондықтан, Джон Дьюи философияны «тәрбиелеудің жалпы философиясы деп анықтауға болады» деп қарастырған. Тәрбие философиясы, ең алдымен тәрбиенің басты мақсатына негіздеме жасап, адамның тәрбиесінің мәнін, ол қабілеті мен талпынысын қажет ететіндігін, тұлғааралық қатынастардың мәдениетін жетілдіру үйрену, оқу, тәжірибе арқылы мақсатына жететіндігін көрсетеді.

Тәрбие философиясы құқықтық мәдениет тәрбиелеу философиясының жетілуіне көмектеседі:

- жеткіншектердің нақты өнегелік және дүниетанымдық ұстанымын тәрбиелеу;
- өнегелік қағидалар мен тұлғаның жеке қасиеттерін, өзін-өзі тану, өзіне сенген адамға жеткізу;
- адамдармен араласа білу, адамды тану, үлгі-өнеге алу, ізетті адамдардан үйрену;
- әділ болу, қарапайымдылық – ең жақсы, ең ізгі қасиет екендігін түсіну;
- түсінік, теория нығайтып, тәрбие философиясына негіздеме жасау.

Тәрбие философиясы еркіндік, тұлға құқықтары, жауапкершілік әділдік деген түсініктерге сәйкес көзқарас таңдауға, тіршілік мәдениетінің құқықтық мінез-құлқы деген түсінікті негіздеуге мүмкіндік береді. Ол тұтас педагогикалық мәселенің әдіснамалық шешімінің теориялық негіздерін таңдауға қатысты пікір, шешім, тұжырым жасауға жеткізеді.

Тәрбие үдерісіне қажетті құнды пікірлер, әдістемелік нұсқаулар философиялық оймен диалектикамен нақтыланады, диалектикаға деген сұраныс әрдайым болып қана қоймай, кейбір жағдайларда тәрбие, даму, тарихи шолу, зерттеулерді тұжырымдауларға тіпті күшейіп айыратындығын байқаймыз. Ғылымның дамуы, әсіресе философияның дамуы, тәрбие философиясы, құқықтық мәдениетті тәрбиелеу жай ғана алға жылжу емес, бұл ескі идеяларды теріске шығарып, жаңа идеялардың пайда болуы да емес және тіпті, ескі идеяларды тек жаңа синтезге қосу да емес (Гегель айтқандай, олардың алынуы). Бұл сонымен бірге, жаңа кезеңде ескі идеялармен қауышу, жаңа талаптар негізінде құқықтық мәдениетті тәрбиелеу, озық тәжірибені пайдалану, оқу-тәрбие жетістіктерін негіздемеге алып жаңа қажет болған ой кешуді жаңғырту, табу.

Тұлғаның адамгершілік қасиеттерін түсіну арқылы ынтымақтастықта, кері байланыстармен құқықтық мәдениетті тәрбиелеу құндылықтарды байқатады, сондай-ақ оларды қабылдауда дүниетанымына, біліміне, тәжірибесіне, түсінігіне, қабілетіне қатысты айырмашылықтар болады. Соның нәтижесінде тәрбиенің мақсатына жетудің әдістері, технологиялары әр түрлі болып шығады [3].

Құқықтық мәдениетке тәрбиелеу мазмұны мен құрылымын адамгершілікке, тұлға құқықтары мен абыройын қорғауға, философиялық ұстанымдарды негіздеу, адам еркіндігі мен абыройын сақтау бағытында нұсқаулар ұсынады. Мұндай философиялық тұжырымдау кезеттілігі тұлғаның адамгершілігін

қалыптастырудың күрделілігінен және жүйелі, тәжірибе негізінде құқықтық мәдениетті тәрбиелеу жүргізіледі. Құқықтық мәдениет тәрбиесінің құрылымы мен мазмұнын жобалау философиялық тұрғыдан тұлғаның құқықтары мен еркіндіктерін қорғау ұстанымына негізделгенде нәтижеге – мақсатымызға жеткізеді.

Құқықтық мәдениетті тәрбиелеу кезеңмен, деңгейлермен тәртіпті сақтау, мінез-құлықты жетілдіру, ережелер, талаптарды түсіну, орындау, ұжымдылықпен, демократияны орындау, өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу қамқорлық қатынастарды ізгіліктілік, адамгершілікпен нақты өнегелер көрсету арқылы мүмкіндік жасалады, сенімге жеткізіледі. Абай: «Адамға ақыл керек, іс керек, мінез керек» дейді, ақылға салу арқылы іс-әрекеттер жасау, өзіне-өзінің есеп беруі маңызды қажеттілік [4].

Құқықтық мәдениетті тәрбиелеудің мақсаты өмірде, іс-әрекеттерде қарым-қатынастарда ізгілік, адамгершілік қағидаларын талапқа сай өз еркімен саналы орындайтын, заң, заңдылық, құқықтарды қорғайтын, кез-келген іс-әрекетті талдау, түсіне және ойлай білетін тұлға қалыптастыруды айтамыз.

«Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады.

Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам», - деді Президентіміз «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында [1].

Халқымыз сан ғасырлық тарихынан бірлігімізді нығайта берумен, ұрпақтар сабақтастығын арттырып, бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізіп, ұлы істерді өз қолдарымен жасауға дем береді, басты мұратымыз Елбасы нұсқаған бағытқа мінсіз, мүлтіксіз, бірлікпен бет алу барша Қазақстан халқының парызы деп түсінеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* Президенттің Халыққа Жолдауы. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 15 желтоқсан.
2. Абайдың Қара сөздері. – Алматы: Атамұра, 1996. –128 б.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
4. *Мырзахметов М.* Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, 1993.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются вопросы воспитания правовой культуры.
(Сманов Л.С., Байтерекова К.Б. Вопросы воспитания правовой культуры)

SUMMARY

This article discusses the issues of legal education culture.
(Smanov L.S., Baiterekova K.B. The Problems of Legal Education Culture)

ӘОЖ 373.1.02:373.3:39

М.ОРЫНБАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

Г.Т.МҰСАБЕКОВА

педагогика ғылымдарының докторы, доцент

ШЕЖІРЕ – ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Шежіре - тарих ғылымының бір саласы. Шежіре – қазақ халқы үшін зор маңызы бар, үлкен әлеуметтік, моральдық, психологиялық рөл атқарған тәсіл. Шежіре арқылы жалпы қоғамдық, ғаламдық көлемде өткенді тану тіпті де мүмкін емес. Шежіре өзімізді-өзіміз тануымыз үшін, бір-бірімізге қандай жақындығымыздың барын білуіміз үшін қажет. Мақалада шежіренің халықтық педагогиканың тәрбие құралы ретінде рөлі көрсетілген. Оның жасұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі мен мәні жан-жақты ашылып қарастырылады.

Кілтті сөздер: шежіре, әлеуметтік тәсіл, халықтық педагогика, халықтық педагогиканың тәрбие құралы.

Шежіре де – тарихтың бір тармағы. Біздің халқымыздың даму тарихында дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткіздірмей үзіп тастауға бағытталған саяси-идеологиялық тосқауылдар болды. Бұл әсіресе кеңестік дәуірде өрескел бұрмалаушылықпен жүргізілді, халықты мәңгүрттікке жетелеудің құралы болды. Ата-бабаларымыздың қалдырған материалдық және рухани мұралары жойылуға жақын қалды. Ауызша жеткізудің салдарынан кеткен ауыс-түйістер, жаңалықтар мен бір-біріне шатыстырудың барын аңғарған кейінгі жазу-сызуды меңгерген шежірешілер әлгі түрлі нұсқаларды жинақтап, олардағы деректерді өз қолдарына түскен тарихи құжаттармен салыстырып, содан түзіп шығарғанына өз дәуірінің айырықша мәнді деген оқиғаларын қосып жазып отыратын болған. Бұлар негізінен өз деңгейінен тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды іспеттес. Осы арада назар аударатын бір жай, олардың бұрынырақ жазылған көнелері тек қазақ халқының ғана емес, тағдырлас көптеген түркі тілдес халықтардың ортақ шежіре тарихы болып келеді. Мәселен, осы ретте қазіргі қанаттас отырған қазақ, қырғыз, өзбек және басқа халықтардың көне тарихын көркем де нақты баяндайтын, бұл күнде ғалымдарымыздың бірауыздан энциклопедиялық шығарма деп мойындап жүрген Захираддин Бабырдың – «Бабырнамесін», Мұхаммед Хайдар Дулатидің – «Тарих-и-Рашидиін», Осман Кухистанидің – «Тарих-и Абул-Хайр-ханын», Бейбарыс пен Халдунның – «Қыпшақ шежіресін», Абулғазы Баһадүр-ханның – «Түрік шежіресін», Ұлықбектің - «Сұлтандар

шежіресін» және басқаларды айтуға болар еді. Өз заманының ғұламалары атанған осынау ойлы азаматтардың бастаған игі дәстүрі кейін де жалғасын тауып жатты. Алдыңғыларынікі хұсаихатшылардың (кітапты қолмен көркем етіп көшірушілердің) қолымен жазылып, бірнеше дана болып оқушысына жетсе, кейінгілерінікі баспаханаларда теріліп, кәдімгі кітап болып шықты.

Өздерінен бұрын жазылған бірнеше жылнама-шежірелерді жинақтап ой қорытқан, оны басқа жалпы жұртқа мәлім емес тарихи деректермен байытқан зиялылардың мұндай шежіре-тарихтарымен бірге қазақтың ауызша шежірелері де дамып, өркендеп отырғанын айтқан жөн. Шежірені ауызша айтып елге таратушыларды шежірешілер деп атаған. Ондай атқа ие болушылар қазақ арасында көп болған. Кейін келе белгілі ақын-жазушылар осы шежірешілердің айтқан материалдарын пайдаланып, шежіре мәтінін тарихи жырға айналдырып, өздері айтып жүретін дәстүр қалыптасқан. Мұндай дәстүрді тек қазақ халқы емес, басқа түркі тілдес халықтардың өмірінен де көруге болады. Мысалы, қарақалпақ халқының ұлы ақыны Бедақ (Бердімұрат) Қарағабайұлының «Шежіре» деп аталатын поэмасы осы айтқанымызға толық кепілдік бере алады. Бұлайша шежірені өлең-жырға айналдыру оны тек арнайы шежірешілер ғана емес, жалпы жыр құмар қауымның жаттап алып айтып жүруіне мол мүмкіндік ашқан. Содан да болар күні бүгінге дейін халқымыздың арасында өз ата-тегін, болмаса өзінен шыққан ру-тайпасын ғана емес, бүкіл қазақ халқының шығу тегін, өсіп-өркендеу жолын жіліктеп бөліп, тармақ-тармаққа салалап беретін адамдар сирек те болса кездесіп отырады.

Жалпы осы айтқандарды тұжырымдай келгенде, қазақ шежіресін ресми түрде жазбаша шежіре және ауызша шежіре деп екіге бөлуге болады. Жазба шежіресінің ауызша шежіреден айырмашылығы мұнда тарихи уақиғалар, тарихта болған жеке қайраткерлердің өмір жолдары, тұтас ру-тайпалардың шығу тегіне байланысты тарихи деректер кеңірек қамтылады. Бізге жеткен жазба шежірелердің көбісінің тақырыбында «шежіре» сөзінің орнына «наме», «тарих» деген сөздердің жиірек жүретіні осының дәлелі. Ал ауызша шежіреде халықтың жалпы тарихы емес, тек ұрпақтардың тарамданып, өсіп-өркендеу жолындағы генелогиясы баяндалады. Оның жазба шежірелердей емес, түрлі нұсқалары да көп. Ауыздан ауызға көшу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілгендіктен, бұл нұсқалардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары да бар. Бұл айырмашылықтар негізінен өз дәуірінің перзенті болуға ұмтылған шежірешілердің әр кездегі саяси-әлеуметтік ағымдардың ықпалымен өзіндік қосымшалар, түзетулер енгізуінен болғанға ұқсайды. Шежіренің ұзын ырғағын бұзып, жаңсақ кіргізілген тармақтардың көп болатыны да осыдан болуы керек. Сондай-ақ, шежіре бастауларының түрлі кезеңнен өріс тарататыны да біраз жайды аңғартқандай. Одан, әсіресе діни ұғымның ықпалы молырақ байқалады.

Шежірені тарих ғылымының бір саласы деп қарау керек. Жазу-сызу

кенжелеп дамыған ұлтымыздың ғасырлар белесін басып өтіп келіп, бүгінгі ерулеген ұлы көштің кешегісі осы шежірелерде екенін түсінетін кез жетті. Өйткені, бүкіл тірлігі белгілі бір территорияда судың тұнығын, жайылымның шұрайлысын іздеп, тайпа-тайпа, ру-ру болып көшіп жүрген халқымыздың көне тарихы сол әлгі ру-тайпалардың тарихынан, солардың ру басылары тайпа көсемдерінің, сыртқы жауымен күрескен жаужүрек батырлар мен бірлік, ынтымақ үшін тер төккен көшпелі билерінің, елеулі кезеңдерде ел тізгінін ұстаған қағандары мен хандарының іс-әрекетінен құралады. Бұл ретте ру-тайпа шежірелері көне қытайдың әулеттік шежірелерімен мәндес секілді. Ал көне қытайдың әулеттік шежірелерінің сол елдің жалпы тарихын жазуға негіз болғаны белгілі.

Демек, біздің де бір кездегі сауатсыз ағаларымыздың кешегі әсіребелсенділік үстемдік алған шақта жалаң ұраншылдықпен ағаш атқа мінгізіп, «әй, кәпір» еткен ру деген ұғымға бүгін де сол түйсікпен үрке қарамай, оған ғылым мен тәжірибе тұрғысынан келіп, халық болып қалыптасуымызға, ұлт болып танылуымызға негіз болған жалпыхалықтық тарихымыздың бастау сатысының жанды бір бөлшегі деп қарауымыз қажет. Өйткені кез-келген ру шежіресі кезінде өз құрамына енген тайпаның бастан кешкен жалпы тарихын білуде тарихи маңызы бар қосымша бірден-бір дерек екенін ұғынған кез жетті. Жекелеген рулар мен тайпалардың этногенезін анықтамай тұрып, қазақ халқының тайпалық құрамын анықтау мүмкін емес. Осы мәселені дұрыс шешпей тарихшы халықтың өзінің қайдан шыққанын, ал тілші оның тілінің қайдан пайда болғанын анықтай алмайды. Өйткені халық пен оның тілінің шығу мәселесі бір-бірімен және тайпаның пайда болуы мен дамуы тарихымен тығыз байланысты, бір тұтастықта. Егер біз халқымыздың этникалық құрамына енген тайпалардың есте жоқ ескі заманда қай жерлерді мекендеп, кімдермен қоңсылас болғанын білгіміз келсе, айтқан сөзі, еткен ісі ұрпағына үлгі-өнеге батагөй абыз қарттарымыз, жеңілмес батырларымыз, шалдырмас шешендеріміз, бал бармақ күйшілеріміз, жезтаңдай әншілеріміз қай заманда, қай ортада өмір сүрді және олар ел басына түскен қандай қырғын-сүргінді көрді дегенді дұрыс ұғып, түсінгіміз келсе, осы рулар шежіресіне жүгінуіміз, содан ой өрбітуіміз қажет. Біздің бұл ойымызды халқымыздың этникалық құрамы жөнінде өткен ғасырда-ақ «Қазақтың ұлы жүзі мен қырғыздардың этникалық құрамын анықтау тәжірибесі» және «Түрік тайпалары мен ұлыстарының этникалық құрамы туралы хабар, олардың саны жөніндегі мәлімет» деп аталатын екі бірдей еңбек жаздырып қалдырған Н.Аристовтың мына бір тұжырымы дәлелдей түскендей: «Қазақ шежіресі маған қазақ тайпасының тарихын зерттеп жазуда көп пайдасын тигізді. Сондықтан да мен қазақтың тарамданып өсу жолындағы генеалогиясына тоқталмай кете алмадым, онсыз маған қазақ тайпасының өткен өмірін зерттеп білу қиын болар еді», - дейді ғалым [1].

Мұндай пікірді бір осы Н.Аристов қана емес, көптеген орыс

ғалымдарынан кездестіруге болады. Кезінде Н.И.Гродеков, П.Н.Рычков, А.И.Леашин, Г.С.Саблуков, В.В.Григорьев, Г.Н.Потанин, Н.Н.Березин және басқалардың қазақ шежіресіне мән беріп, жинап, олардың кейбіреулерін баспаға ұсынғанын, енді біреулері орыс тіліне, тіпті Еуропа өкілдері тілдеріне аударғанын білеміз. Бірақ біз өзіміз, өкінішке орай, осыларды көріп-біліп отырсақ та ру шежіресіне тарихи дерек деп қарамадық. Ру десек, құру деп түсіндік, жікке бөліну деп қабылдадық. Осыдан келіп адамдардың өмірбаянының бір-біріне ұқсамайтынындай халықтардың да өмірбаянының бір-біріне ұқсамайтынын біліп тұрып, халықтың өзі бастан кешірген кейбір тауқыметтерге қарамастан ғасырлар бойы сары алтындай сақтап бүгінге жеткізген тарихи материалдарын алдын ала дайындаған қалыпқа салып сонымен өлшеп-піштік: сыймағанын алып тастадық, жетпегенін керіп-создық. Сөйтіп тарих жасадық.

Қазақ шежіресі – халықтың атадан баласына қалған асыл мұрасы, қасиетті тарихы. Қазақ шежіресі жан-жақты зерттеліп, тезірек көпшілік игілігіне асуы қажет, әсіресе жас ұрпақ тәрбиелеу ісінде. Бұл – қазіргі уақыт талабы тудырған қажеттілік. Қалай болғанда да халқымыздың тарихында шежіре шешер түйін көп. Ал ол түйіндер шешілмейінше толыққанды қазақ тарихын жасау мүмкін емес. Бұл түйіндерді шешу – ұрпақ міндеті. Бірақ мұны қанша қажетсінгенімізбен бір күнде біте қалар іс емес, оған уақыт керек. Сондықтан осы игілікті іске әр ұрпақ өз үлесін қосып, хал-қадір, білім өрелері жеткенше қызмет етуі тиіс. Шежіре – қазақ халқы үшін зор маңызы бар, үлкен әлеуметтік, моральдық, психологиялық рөл атқарған тәсіл. Саны жағынан азғантай, ал жайлаған жері кең қазақ халқы үшін шежіре халықтың бірін-бірі тануы, біріне-бірінің қандық, тектік жақындығын білдіру үшін қызмет етті. Бәрі бірін-бірі танып-білуге бірімен-бірінің арақатынасын айқындауға бағытталған. Мұнда ең басты мәселе – оны алшақтату емес, қайта бірімен-бірінің жақын екендігін сездіру болып табылады. Жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспеудің тектік теориясы жағынан генетикалық мәні зор екені қазіргі ғылымда дәлелденіп отыр. Шежіре арқылы жалпы қоғамдық, ғаламдық көлемде өткенді тану тіпті де мүмкін емес. Шежіре өзімізді-өзіміз тануымыз үшін, бір-бірімізге қандай жақындығымыздың барын білуіміз үшін қажет. Шежіре әуелі атадан, яғни әкеміздің әкесінен бастап тартылады. Жеті атаға толған соң боз бие шалып, қолдарын қанға малып, рулас болып жүрейік, жат болып кетпейік деп, таңба бөлісіп, ұранын алысып (ұран-рулық, тайпалық, елдік, ұлыстық, ұлттық болған), ауылының қонысы белгіленіп, қыз алыса бастаған. Ендігі туыстық жегжат-жұраттыққа ауысады.

«Мен қазақпын!» дей алатын азамат өзінің шыққан тегін, кіндік кесіп, кір жуған ата жұртын қастерлеп, жеті атасын жадында тұтуы шарт. «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді біледі» дегенді сөз салмақтап, ой баққан атамыз қазақ тегін айтпаған болар. «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз де баяғыдан келе жатыр. Бұл – қазақтың аралас-құралас, алыс

берісті, құда жекжат, жамағайын жұрағаттығын аңғартатын сонау іргеміз сөгіліп, қаймағымыз бұзылмаған заманадан жеткен ұғым. Өткенімізді қарап отырсақ, ел бастаған көсем де ділмар шешен де, ақиық ақын, ел қорған батыр да осы сөздерді жиі айтқан. Алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқан, туыстық желіні үзбеген. Береке-бірлікті бұзбаған. Үлкені сөз бастаған, кішісі ағаның сөзін қостаған. Сүттей ұйып ғұмыр кешкен. Ел шетіне жау келсе даңқты бабаларының атын ұран қып шақырып, қанымыз, жанымыз бір, руымыз, туымыз бір, тегіміз, кегіміз бір, еліміз, жеріміз бір, суымыз, нуымыз бір Ер Түріктің ұрпағы, алаштың азаматымыз десіп бәтуаласып, баталасып, бес қаруын асынып, ат құйрығын түйісіп бір байрақтың түбінен табылған.

Қаймана қазақ тұз төсінде жолыға қалса жеті атасын таратысып, егжей-тегжей жөн сұраса келе: «Ой, сен өзі бөтен болмадың, тіпті ет жақын туысым болып шықтың, бізге жиен екенсің немесе нағашы, не құда екенсің ғой», десіп шұрқыраса табысып, құшақтары қабысып, әзілдері жарасып, ел жұрт, бала-шағаның амандық-саулығын сұрасып бір жасасып қалады. Бұның бәрі халқымыздың айрықша қасиеті. Басқа жұртқа ұқсамайтын ерекшелігі. Қазақы бауырмалдық. Қазақтың қазақтығының бір ұшы осында жатыр. Бірақ кейінгі жылдары біз өзімізге табиғи тән осы қасиетімізден де ажырап бара жатқандаймыз. Қазір екіншісі бірі жеті атасын біле бермейді. Тіпті кіммен қалай туысатынын да ажырата алмайды. Ілуде біреуден: «Осы пәлен шекең сенің кімің?» деп сұрасаң: «Білмеймін, әйтеуір туысқанбыз, әке шешеміз көзі тірісінде бауыр тұтып жүретін, бір жақындығы бар шығар», дейді. Ал кейбір білгендерінің өзі, мысалы, жиеншары болса «әкеміңнің туған қарындасының баласының баласы» деп шұбыртады. Қалай туысатынын түсінгенмен кімім дерін білмей қиналады. Әсіресе кейінгі жастар туыстық қатынастардың ара жігін ажыратып, жіліктеп айтуға шорқақ.

Бұрынырақта үлкен қариялар, әкелеріміз кім кімнен туатынын аталарынан тармақталған ұрпақтарды тәптіштей таратып балалардың құлақтарына құйып отырушы еді. Әр атасының қадір-қасиетін, ерлік істерін, шешендік сөздерін дәріптеп, ұйып тыңдар тартымды, шежірелі әңгіме шертетін. Ондағылары кейінгі ұрпақтары ата-бабаларын мақтан тұтып жүрсін, жомарттыққа, ерлік пен мәрттікке саятын кесек істері мен өр, жайсаң мінездерінен тәлім тағылым алсын, дәл өзіндей болмаса да, соларға ұқсап бақсын бойындағы қазақтық сезім, түйсігін жоғалтпасын кейін біздің де атымызды өшірмей ұрпағына өнеге етіп, марапаттап айтып отырсын дегендіктері болар. Кейде сол үлкендер: «Ұқсамасаң тумағыр, сен пәлен деген атаңа немесе түген деген нағашыңа аумамай тартқансың. Сөйлеген сөзің, мінез-құлық, жүріс-тұрыс, кескін-келбетің айнымайды. Жарықтық осындай да осындай адам еді» деп бала, немерелерін арғы туыстарының біріне ұқсатып та жатады. Кейін әлгі бала «мен пәленше деген атама не нағашыма немесе немере атама тартқан екенмін» деп ол адамның кісілігін, ерекшелігін

мақтанышпен айтып жүреді. Өзінің де өмір бойы сол адамға жақсы жағынан ұқсап бағары анық.

Міне, сондықтан да балаларға ерте бастан туыстық шежірені үйреткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Толыбеков С.* Қазақ шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 144 б.

РЕЗЮМЕ

Летопись – отрасль исторической науки. Об этом говорили не только Н.Аристов, но и другие русские ученые. Летопись для казахского народа имеет большое социальное, моральное, психологическое значение. В данной статье летопись рассматривается как средство воспитания народной педагогики.

(Орынбаева М., Мусабекова Г.Т. Летопись – средство воспитания народной педагогики)

SUMMARY

The chronicle – branch of historical science. About it told not only N.Aristov, but also other Russian scientists. The chronicle for the Kazakh people has great social, moral, psychological value. The chronicle is necessary to learn itself, to learn how we are close to each other.

(Orunbayeva M., Musabekova G.T. The Chronicle – an Educational Tool of National Pedagogics)

ӘОЖ 373.3:37.091.32

Л.С.СМАНОВ

педагогика ғылымдарының докторы,
ОҚМПИ-ның профессоры

П.ЛЕСБЕКОВА

ОҚМПИ-ның магистр-ізденушісі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Еліміздің дамуы әр адамның еңбек орнындағы атқарған қызметіне, белсенділігіне, жауапкершілігіне, ал оқу орындарында саналы тәрбие сапалы білім алуларына, еңбек ету іс-әрекеттеріне тікелей байланысты. Мемлекет басшысы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында еліміздің дамуының ең негізгі салаларына назар аударып, қоғамның еңбекпен жаңаратындығы, бізге жаңа қоғамдық көзқарастың қажет екендігін, адамды еңбекке баулу және олардың еңбегін бағалау маңыздылығын айтты. Елбасының ойы – халық болып жұмыла еңбек ету, Қазақстан елі үшін еңбек еткен патриот адамдарға әділетті түрде лайықты құрмет көрсету, осы жағына мән берілуін байқатты. Жас ұрпақты тәрбиелеуде мұның маңызы үлкен, сонда мақсатымызға жету үшін қажет екендігін ұғынады.

Кілт сөздер: жалпы педагогика, бастауыш мектеп педагогикасы, оқушыларды еңбекке баулу, еңбек іс-әрекеттері, еңбек іс-әрекеті тәжірибесі.

Біздің болашағымыз жастар, олардың өсуіне тікелей әсер етуші факторлардың бірі – білім беру саласының орны бөлектігі еш күмән туындатпаса керек, білім негізі – бастауышта деген ойда үлкен тәжірибе бар десек артық емес. Соңғы жылдары отандық білім беру мен ғылым салаларының дамуы жүйелі сипат алғаны үміттендіреді:

- тұтас педагогикалық үдеріске осы заманғы әдістеме мен технологияларды енгізу;
- «Назарбаев Университеті», «Назарбаев зияткерлік мектебі» тәжірибесін зерделеу, үйрету;
- жастардың білім алуға қолжетімділігін кеңейту;
- тәрбиелік құрамдарды нығайту;
- білім сапасы – басты ұстаным, еңбек етуге баулу [1].

Бүгінгі білім жүйесі бүкіл әлем деңгейінде қоғамдық дамудың өлшемі мен сол қоғамның негізін құрайтын басты тетіктердің біріне айналды. Сапалы білім мен саналы тәрбие беруде оқушылардың қабілеттерін, ақыл-ой

белсенділіктерін дамыту үшін білім-ғылым-инновациялармен еңбек ету, іс-әрекеттерімен зерделі танымдылықтарының тәжірибесін арттыру.

Танымның негізі және білімнің ақиқаттығының шарты – тәжірибелік іс-әрекет, оқу іс-әрекет есебінде жүзеге асады. Мектеп жасындағы балалардың негізгі іс-әрекеті – оқу және еңбек ету арқылы қоғамның ғасырлар бойы жинақталған асыл мұрасын: білімін, іскерлігін, дағдысын, тәжірибесін зерделейді, игереді, меңгереді. Оқыту – қоғамдық құбылыс, еңбек, іс-әрекеттер жасау – таным үдерісі, олар – нәтижелі оқыту негізін қалайды, ол өзімен бірге дамуды туындатады, ал ойлау шындықтың жалпы бейнесі есебінде әрқашан мазмұнды, «Бақыт жолы біліммен табылады» деп Ахмет Игүнеки даналықпен айтқандығын түсінуімізге болады, Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасыр білім мен ғылым ғасыры болады» деген ойы даналықтың туындысы.

Еңбектің, іс-әрекеттің қажеттілігін бүкіл адамзаттың даму тарихы көрсетуде, оған қазіргі кезеңде «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты Елбасының бағдарламалық мақаласы ерекше мән беріп, әрбір адам еңбекпен ғана мақсатына жететіндігін байқатты, оны әрбір адам сезініп, еңбектену, еңбекке тәрбиелеу – өмірдің басты талабы және еңбек өзіне қажет, халыққа керектігінен туындайды. Еңбек – адамның өмір сүруінің бірінші және негізгі шарты, табиғатты түрлендіретін және қоғамның материалдық құндылықтарын байытатын адамдардың саналы, мақсатты қызметтерінің үдерісі.

Еңбек үдерісі үш негізгі сәттен тұрады:

- адамның мақсатты қызметі, еңбегі, іс-әрекеттері;
- еңбек, еңбек қатынастары, еңбектің өзі;
- еңбек құралдары [2].

Еңбек тәрбиесі – ол қоғам мүшелерін тәрбиелеудің жалпы үдерісінің бір бөлігі, оның мақсаты еңбекке деген қатынасты дамыту, еңбекке деген көзқарасты нығайту, еңбек адамдарын бағалау. Оқушылардың еңбегі, мақсаты, нақты өмірмен тікелей байланысты қоғам және өмірмен тікелей байланысты қоғам және отбасы үшін пайдалы болуы, таным мен дамудың көзі, жетілудің баспалдақтары.

Бастауыш мектептің балаларына еңбек тәрбиесінің негізгі міндеттерін үйрету маңызды:

- кіші мектеп жасындағы балаларды еңбекке психологиялық және тәжірибелік тұрғыдан даярлау, оқыту мен тәрбие үдерісінде жүзеге асыру;
- бастауыш сынып оқушыларын өзіне-өзі қызмет етуді үйрету, ауыл шаруашылығы еңбегіне баулу, техникалық еңбекке баулу, көркем еңбекке үйрету арқылы еңбек дағдысын қалыптастыру;
- еңбек ету, еңбек іс-әрекеттері тәжірибесі, еңбек етуге даярлану, теориялық зерделеу, жұмыс орнын ретке келтіру, қауіпсіздік ережелерін

сақтау, нәтижесін ойластыру, тазалықты сақтау, құралдарды қалпына келтіру, жөндеу, т.б. мәдениетіне дағдыландыру;

– оқушылардың еңбек іс-әрекеттерінің нәтижесін, қабілетін, ынтасын, белсенділігін, жауапкершілігін, еңбекшілдігін ынталандыру [3].

Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі жолдары:

– балалардың оқу еңбектерін білім беру пәндерін зерделеудегі іс-әрекеттері арқылы білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын дамыту;

– бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеттерінің тәжірибесінде техникалық ойлау қабілеттерін дамыту;

– зияткерлік, дене еңбектері, ойын еңбектері бойынша, нәтижелеріне сай ынталандыру арқылы кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу;

– еңбекке деген ынтаны туындату, өнегелі еңбекті ұйымдастыру;

– бастауыш сынып оқушылар ұжымын еңбек арқылы, ынтымақтастық негізінде қалыптастыру, қарым-қатынастарын жақсарту;

– болашақ кәсіп, мамандыққа қатысты бағдар беру, еңбек озаттарымен кездесулер ұйымдастыру, ата-ана еңбектерін өнеге ету.

Ұрпақ тәрбиелеудің бірден-бір негізі еңбек, іс-әрекеттермен – сапалы білім алу. Тұтас педагогикалық үдерісте білім негіздері еңбек сабақтарында іскерлігі, дағдысы арқылы білінеді, бастауыш сыныптарда негізінен қол еңбектерімен қалыптасады.

Еңбек тәрбиесінің келесі жүйелері бар:

– тұтас педагогикалық үдерістегі оқу пәндері бойынша еңбек іс-әрекеттері;

– бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс үйірме және мектептен тыс жұмыстардағы еңбек іс-әрекеттері;

– бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қатысты өнімді еңбектері;

– кіші мектеп жасындағы балалардың қоғамға пайдалы еңбектері.

Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеттерінің нәтижесінде:

– ортақ мүдделі ұжым қалыптасады;

– еңбек іс-әрекеттерімен білімі, іскерлігі, дағдысы дамытылады;

– балалардың қабілеті, дарындылығы артады;

– достық, жолдастық, өзара көмек беру, жауапкершіліктері нығаяды;

– еңбек ету мәдениеті артады;

– сапалы, ұтымды еңбек ету қалыптасады;

– еңбек құралдарына құнттылықпен қарауға талаптанады [4].

«Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз» деген ойды ұлы Абай еңбектің өмірдегі маңыздылығын толық білген.

«Мына дүниедегі игілік атаулының бәрі тек еңбектің арқасында

жасалады. Қол еңбегі, ой еңбегі, шығармашылық еңбек. Бірақ, тек қана еңбектің арқасында. Ақша өздігінен игілік бола салмайды» дейді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Егемен Қазақстан» газетіне (Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 21 тамыз) берген сұхбатында. Бұл ой еңбек ету іс-әрекеттерімен өз игілігінді өзін жаса, өмір тәжірибесі мақсатқа жету жолы еңбек етуден, ерінбей еңбек ету бейімделу отбасынан басталады, келесі кезеңдерде оқу, тәжірибе жинақтаумен, еңбек өнімдерін шығарумен шындалып, шеберлігін арттырады, сонда ғана мақсат-арманға жетесіз дегенді білдіреді.

Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесі еңбекті ұйымдастырудың басты құрамы:

- жалпыға міндетті білім беру стандарты, пән бойынша типтік бағдарлама негізінде жасалынған күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай келуі;

- тақырыптың мақсатына қатысты, тікелей нақты болуы;

- жасалатын, орындалатын еңбектің мақсаттылығы;

- еңбек іс-әрекеттерін орындауға қажетті құрал-жабдықтарды даярлау, байқаудан өткізу;

- оқушыларды теориялық, іс-тәжірибелік даярлау, еңбектегі мақсатты бірнеше кезеңдерге бөлу, еңбек іс-әрекеттерінің технологиясы, технологиялық карта, дидактикалық дайындықтар, плакат, сызбалар нәтижесіне қатысты бағалау.

Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеттерінің тәжірибесі еңбектегі іс-әрекеттер бірнеше кезеңнен тұрады, атап айтқанда:

- жеке оқушыға және бастауыш сынып оқушыларына арналған нұсқау, тапсырма, қауіпсіздік ережелері;

- күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай пән бойынша орындалатын еңбек іс-әрекетінде білімі, іскерлігі, дағдысын дамытуы;

- берілген тапсырманы орындаудағы есептеуі, жобалауы, даярлығы, орындауы, іс-әрекеттері кеңесуі ізгілікті қасиеттерін, еңбекшілдігін, жауапкершілігін, мәдениетін қалыптастыруы;

- еңбек етудегі жұмыс орны, құралдарын танып білу, талаптарды орындау, олардың сапалығына зейін қою, ұқыптылыққа үйрену;

- оқу кабинеті, шаберхана, сынып бөлмесі – еңбек іс-әрекеттері орындалатын жұмыс орнының эстетикалық күйі, жасалынған заттың, бұйымның сапалылығы, көрінісіне мән беру, еңбектің нәтижесінен өзінің мақсатына жетуі;

- еңбек құрылымының ең негізгі элементі – еңбек іс-әрекетін жүргізуі, әрекет етуі, сапалы нәтижесі [4].

Кез келген еңбек іс-әрекеттері адамға келесі қадам жасауға көмек береді, теориялық білім алуына, оны іскерлік, дағды арқылы дамытуға, үлкен мақсаттарға жеткізе түсетіндігін толық түсінуге. Ел Президентінің

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласының басты мақсаты – әрбір Қазақстандықтың Еңбекпен жетістіктерге жетуі. Еліміздің әрбір азаматы қажымай-талмай еңбек еткенде ғана мақсаттар орындалады, бұл – өмір заңдылығы екендігін байқатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстанның Әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 10 шілде.
2. *Әлімов А.* Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009. – 328 б.
3. *Подласый И.П.* Педагогика начальной школы – М.: «Гуманитарный Издательский центр ВЛАД ОС», 2000. – 400 с.
4. *Мұсаева С.А., Бегалиев Т.Б.* Жас ерекшелік педагогикасы. – Астана: Фолиант, 2006. – 472 б.
5. *Загвязинский В.И.* Педагогический словарь. – М.: Наука. – 2008.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы формирования опыта учащихся трудового действия. **(Сманов Л.С., Лесбекова П. Формирования опыта трудового действия учащихся начальных классов)**

SUMMARY

In article problems of formation of experience of pupils of labor action are considered. **(Smanov L.S., Lesbekova P. The formation of students' experience of the labor action)**

ӘОЖ 371. 904

Р.ӘДІЛБАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-аға оқытушысы

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ – ТӘРБИЕНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Мақалада мектептерде қосымша білім беру мәселесі сөз болады. Қосымша білім берудің қазіргі кездегі мән-маңызы, оның баланың бос уақытын тиімді пайдалануға және кәсіби-бейіндік басымдықтары жайлы тарқатылады. Сонымен қатар 12 жылдық білім жүйесіне көшуді жоспарлап отырған білім саласында қосымша білімнің маңыздылығы жөнінде айтылады. Қосымша білімнің жас ұрпақты, жеке тұлғаны жан-жақты жетілген, толыққанды азамат ретінде тәрбиелеуге ықпалы мен әсері жайлы да ой-пікірлер мамандар мен зерттеушілер пікірімен өріліп отырады.

Кілт сөздер: тәрбие, қосымша білім беру, отбасы, мектеп, жеке тұлға, ұрпақ тәрбиесі.

Еліміздің білім және ғылым саласында соңғы кездері күрделі жаңғырулар жүруде. Бұл әрине, еліміздің алдағы уақытта әлемдегі бәсекеге қабілетті озық елдердің қатарына ену мақсатынан туындап отырғаны айқын.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» [1]. Сол себептен де, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Педагогтік қызметтің инновациялық бағыттылығы, оқытудың тың әдістері мен технологиясы, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибелері зерттеліп, мектеп өміріне дендей енуде. Білім беру саласының ажырамас бөлігі – тәрбие мәселесі екені айқын. Тәрбиесіз берілген білімнің пайдасыз екенін кезінде ұлы ойшыл, философ Әл-Фараби бабамыз да негіздеп кеткен. Қазақстан Республикасының Білім заңының 11-бабында білім беру жүйесінің міндеттері айқындалып, оқушылар мен білімгерлерді жеке тұлға ретінде қалыптастырудың міндеттері нақтыланған:

1. «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» [2].

Тәрбие – тек адам баласына ғана тән. Адамның жеке тұлғасының қалыптасуына, саналы тіршілік кешуіне, еңбек етуіне, оның бойындағы барлық жақсы қабілеттерін жан-жақты жетілдіретін адам өміріне қажетті ұзақ және күрделі процесс – тәрбие. Тәрбие мен білім беру етене, егіз ұғымдар десек артық айтқандық емес. Бүгінгі қарқынды даму үстіндегі қоғамда, заман талабына орай білім саласы үлкен бетбұрыстар мен күрделі жаңғыруларды бастан өткізуде деп жоғарыда да айтып өттік. Сөз болып отырған өзгерістер қосымша білім беру саласын да айналып өткен жоқ. Керісінше, 2015 жылдан бастап 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жоспарына орай, балаларға арналған қосымша білім берудің маңызы да арта түскендей.

Қосымша білім берудің қазіргі жүйесі мен болашақта дамуының жайы білім саласының маңызды мәселелерінің біріне айналды. Қосымша білім беру жүйесі дәстүрлі педагогикалық шарттармен жүзеге асырылуда. Ол мектептердегі үйірме сабақтарынан басталып, білім бөлімдеріне қарасты арнайы мектептерде жүйелі жалғасуда. Яғни, мектептердегі «Жас техниктер», «Жас натуралистер», «Жас тілшілер», «Полиглот», «Шеберлер», т.б. үйірмелер мектептерде жемісті жұмыс істеп, бұл үйірмелерден тыс арнайы мектептерде қосымша білім алатын жеткіншектеріміз де бар. Мәселен, «Саз-өнер» мектептері, спорт, бейнелеу өнері мектептері, Оқушылар сарайы үйірмелері қосымша білім беру қызметімен айналысып, баланың бейімділігіне қарай олардың қабілетін ұштап, өмірден өз орнын табуға бағыттайды. Бірақ, қосымша білімге «қосымша» деп қарайтын ескі көзқарас та жоқ емес. Қосымша білімнің – мектептегі негізгі білім берудің сыртында, тасасында қалып қоя беретіні бар. Алайда, қосымша білім беру жүйесі әлеуметтік тұрғыдан алғанда қажет-ақ және ол жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту тұтастығын қамтамасыз ететін білім ретінде қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты назар аударуды, қолдау көрсетуді талап етеді. Алдағы уақытта 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу сатысында, бүгінгі күндегі кәсіптік білімді игеру, білім мен кәсіпті ұштастыру сынды заман сұранысынан туындап отырған талаптарға байланысты қосымша білімнің маңызы артып отырғанын ұғынуымыз керек. Білім берудің бұл түрі туралы статистикалық көрсеткіші төмендегідей: «Бүгінгі таңда республика бойынша 680 қосымша білім беру ұйымы жұмыс жасайды, оларда 577 998 бала мен жасөспірім қамтылған. Бұл көрсеткіш барлық оқушылар санының 21,5%-ын құрайды. Ұйымдарда 13784 қосымша білім педагогы қызмет атқарады, 169 ұйым типтік үлгідегі ғимаратта, ал қалғаны жалға алынған не ыңғайланған ғимараттарда орналасқан» [3].

Қосымша білім берудің қазіргі жүйесі мен даму болашағына арналған республикалық семинар-кеңесте Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры Н.Аршабеков: «Қосымша білім беру саласы - үлкен жүйе. 12 жылдық білім беру жүйесі халықаралық деңгейде мойындалатындықтан, біз жаңа жүйе арқылы өзге мемлекеттермен иық теңестіріп, олармен бәсекеге түсе алатындай дәрежеге жетуіміз керек. Елбасы 2020 жылы 12 жылдық мектеп жүйесінің Қазақстанда орнықты деңгейде жүргізілуін тапсырды, соған орай, біз 2015 жылдан бастап жаңа жүйеге көшуді жоспарлап отырмыз. Ал бұл ретте қосымша білім берудің оқушылардың болашақ мамандығын таңдауда өте жоғары маңызы бар» - деді [4].

Жалпы, қосымша білім беру елімізде қалай жүзеге асуда деген сұраққа жауапты педагогика ғылымдарының кандидаты А.Семченконың пікірінен табамыз. «Қосымша білім беру елімізде қос бағытта жүзеге асып жатыр. Біріншісі, айталық, баланың өнер саласына не өзге де кәсіптік бағытта бір мамандыққа әуестігі болса, оны осы салаға бейімдейміз. Бұл - баланың ән айтуға не биге, болмаса, безендіру, бейнелеу өнеріне деген құмарлығы. Екінші жағынан, кәсіби тұрғыдан балаларды экономикалық ахуалға сәйкес, болашақ мамандығын дұрыс таңдауына жол ашамыз. Әдетте оқушы баланың бойындағы 12-14 жас шамасында туған әуестік не қабілет, егер оған дем беріп жіберетін болсақ, оның болашағына жол ашады. Бұл - бала психологиясындағы заңдылық. Сондықтан ұстаз оқушысының дәл осы жастағы қабілетіне аса мән бергені абзал» [4].

Қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу үдерісінде сұраныстарын жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие және оқу үдерісі (ҚР «Білім туралы» Заңы). Қосымша білім беруді ұйымдастыру тұлғаның жеке дамуына, кәсіби шеберлігін анықтауына, балалардың шығармашылық еңбекке бейімделуіне, олардың қабілеттерін көрсете білуіне, қоғамдық өмірге бейімделуіне, азаматтық өзіндік санасын қалыптастыруына барлық жағдайды жасайды. Балаларды тәрбиелеу және дамыту жүйесінде қосымша білім беруді қолданудың мәні тәрбие, оқу және баланың жеке дамуын бірыңғай үдеріске біріктіруінен айқын көрінеді. Қосымша білім беруді ұйымдастырудан тәрбиенің басымдығы байқалады. Қосымша білім беру баланың мектепте алған білімі мен шеберлігін кеңейтеді және тереңдетеді, сонымен бірге, оның болашақ мамандығының негізгі бағыттарын жарыққа шығарады. Қосымша білім беруді ұйымдарына орталықтар, кешендер, балалар мен жас өспірімдердің студиялары; жас техниктердің, саяхатшылардың, натуралистердің станциялары мен базалары; балалардың музыка, көркемөнер және спорт өнер мектептері; қызығушылықтары бойынша клубтар; спорттық, сауықтыру, саяхатшылар лагері; балалар парктері, стадиондары, галереялары және т.б. жатады. Байқап қарасақ, қосымша білімнің бала тәрбиесіндегі рөлі орасан. Дене тәрбиесі де, эстетикалық тәрбие, кәсіби тәрбие негіздері, т.б. бәрі де қосымша білімде жатыр. Ол баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, азамат болып жетілуіне тигізер ықпалы ұшан-теңіз. Оны халқымыздың ардақты ақыны,

XX ғасыр басында «Педагогика» атты тұңғыш оқулық жазып кеткен алаш қайраткері М.Жұмабаевтың мына пікірінен де көрінеді: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық һәм құлық тәрбиесі. Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырасатын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс пішетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алатын, шын адам болғандығы. Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» [5].

Қосымша білім баланың мектепте алған білімін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның болашақ мамандығын таңдауына да негіз болады. Оның басты құндылықтары - оқу-тәрбие процесін айшықтандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаның өзін-өзі ұстауын, шығармашылығын дамыту, педагогикалық шығармашылық үшін қажетті жағдай жасау, оқу-бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етудің жана технологияларын құру, ақпараттық технологиялар негізінде жүйелік жетілдіру, дарынды балаларға қолдау көрсету және даралығын дамыту болып табылады. Сонымен қатар, қосымша білім – тәрбие бастауы, тәрбиенің қайнар көзі. Отабасы тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы кемеңгер Абай: «Адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі ақыл, ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны «жақсы ата-ана үлгісі өнегесі» - деген болатын. Яғни, баланың жақсы адам болып қалыптасуы бірінші кезекте отбасында алған тәлім-тәрбиесіне байланыстылығын ескерткен. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» -деген халық даналығында терең фәлсафалық мән жатыр. Отбасында жылылық, мейрімділік, қамқорлық көріп өскен баланың бойынан ізгі қасиеттер көп табылады. Керісінше, отбасында кикілжің, берекесі жоқ үйде тәрбиеленген ұрпақтың бойында адамгершілік, имандылық, мейрімділік сияқты ізгі қасиеттер аз болмақ.

Бүгінгі қоғамда ата-аналар тарапынан «бала тәрбиесіне уақыт жетпейді» деген сылтаулар жиі айтылады. Ата-аналардың дені баланың материалдық жағдайын жасауды бірінші кезекке қойып, оның тәрбиесін екінші кезекке қалдыру байқалады. «Бала тәрбиесіне балабақша, мектеп жауап береді» -деп, жауапкершіліктен қашқан ата-ана қателеседі. Әлбетте, баланың «тамағы тоқ, көйлегі көк» болуын қамтамасыз ету парыз, бірақ бір сәт ата-ана таңнан қара кешке дейін тіршілік қамымен, жан бағыспен жүргенде үйдегі бала немен айналысады деп ойлану керек. Өз баласының немен тыныстап, кіммен достасып жүргенін зерделемейтін құбылыс отбасындағы тәрбиенің төмендеуіне алып келуде. Бала тәрбиесіне зер салып: Бала не нәрсеге икемді? Ол қандай өнерге қабілетті? Қолынан қандай кәсіп келеді деген сауалдар төңірегінде ойлануымыз керек. Баланың бос уақытын тиімді әрі педагогика заңдылығының шарттарына орай ұйымдастыру басты мәселе. Осы мәселеде ата-ана мектеп ұстаздарымен бірігіп, оның күнделікті еңбегін дұрыс ұйымдастырып, кездескен қиыншылықты жеңуге қол ұшын беріп отыру арқылы еңбек, машық дағдысының беки түсуіне ықпал етеді. Баланың бос жүруі, уақытын тиімді пайдаланбауы – түрлі жат әрекеттерге ұрындырады. Осы зиянды құбылыстардан сақтандырудың бірден бір

жолы – ата-ана мен ұстаздың бірлігі, үйлесімі арқылы бала бойына егілетін дұрыс тәрбиеде. Бүгінде отбасының жауапкершілігінің төмендеп кетуінің бір себебі – мектеп пен отбасының арасында өзара байланыс, бірігіп жұмыс істеу жеткілікті дәрежеде емес. Тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын болуы үшін отбасы тәрбиесінің маңызы зор.

Жеке тұлғаның қалыптасуы туралы ұлы Абай былай деп жазды: «Баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді, екінші ұстазы тәрбиелейді, үшінші ата-ана тәрбиелейді». Сондықтан да отбасы тәрбиесі мен мектеп тәрбиесі бір-бірімен ұштасып, толықтыратын тұтас әлем. Отбасы (ата-ана) балаға өмір сыйлап, қалыптастырып жатса, мектеп – ақылы мен білімі, азаматтық келбеті толысқан, жан-жақты жетілген адам етіп тәрбиелеп шығарады.

Бала тәрбиесі – өте күрделі құбылыс. Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, баланың көңіл-күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, үнемі қадағалау қажеттігімен айқындалады.

«Зер сала қарасақ, тәрбие баланың бал дәуренінен бастап, азамат болғанға дейін тәні мен жанына төрт-бес арнамен құйылады екен. Атап айтқанда:

1. Отбасы. 2. Балабақша. 3. Қоршаған орта. 4. Мектеп. (ЖОО) 5. Жұмыс орны» [6].

Қорыта айтқанда жас ұрпаққа тәрбие – отбасында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында беріледі. Сондықтан осы бала тәрбиелейтін орындар үйлесімді, бірігіп, жан-жақты жұмыс істесе, сонда ғана келер ұрпақ тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жетеді. Бұл орындардың арасында байланыс болмай тәрбиеде табысқа жету мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан - 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»// www.akorda.kz. 14.12.2012.
2. ҚР Білім туралы заңы //Егемен Қазақстан. 2011, 27 шілде.
3. Ресми мәліметтер//www.edu.gov.kz
4. *Аманжол Н.* Қосымша білім қалтарыста қалмасын // Айқын. 19 ақпан. 2011 жыл.
5. *Жұмабаев М.* Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 80 б.
6. *Садыққызы Б.* Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі //Ұлағат. – №6, 2010.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о месте и целях дополнительного образования школьников. Анализируется влияние дополнительного образования воспитанию ребенка и его педагогические условия.

(Адилбаева Р. Дополнительное образование – неотъемлемая часть воспитания)

This article deals with the meaning and its condition of the supplementary education in school children. The supplementary education influence on childrens upbringing its pedagogical requirements.

(Adilbayeva R. The Supptemantry Education is the Best Part of Upbringing)

ӘОЖ 378.02:37.026.9:78

Н.Б.ҚҰДРЕТУЛДАЕВА
ОҚМПИ-ның магистр-оқытушысы

С.Н.КЕНЕНБАЕВ
ОҚМПИ-ның оқытушысы

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Қазіргі таңда кәсіби мәдениет пен кәсіби білім жүйесіндегі жаңашыл бағыттағы сапалық және құрылымдық өзгерістер студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына бағытталған. Бұл аталған ең маңызды компонентін «кәсіби құзыреттілік» ұғымымен байланыстырамыз, әрі бұл феноменге белгілі бір тұрғыдан жан-жақты сипаттама береміз, айталық, оның құрамы: кәсіпқойлық, шеберлік, шығармашылық қабілеті, жоғары интеллекті, мәдени адамгершілік құндылықтары, бір сөзбен айтқанда бұл жоғары оқу орнындағы әлеуметтенген білім беру жүйесінде қалыптасуға міндетті маман бейнесі, әрі ол өзіндік адами және кәсіби мүмкіншілігін тиімді әрі нақты бір қызмет түрінде іске асыруға міндетті, әрі үнемі өзін-өзі біліммен қамтамасыз етуі керек, өзін-өзі үнемі тәрбиеленуі және өзін-өзі үнемі жетілдіруі керек. Мақалада осы мәселелер жан-жақты ғылыми тұрғыда қарастырылады.

Кілт сөздер: кәсіби мәдениет, кәсіби шеберлік, кәсіби шығармашылық, кәсіби білім, кәсіби құзыреттілік, жоғары интеллекті, мәдени адамгершілік, интеллектуалдық бастама.

Құзыреттілік ұғымы, бір жағынан, адам тәжірибесі мен оның танымдылығына тиісті жаңа жаңалықтар ашу өндеумен үндестіруі, ал екінші жағынан, әрбір сыныптағы педагогикалық жағдайлардағы (білімнің әрбір түрі, саласы, дәрежесі үшін) білім беру талаптарын айқындауға мүмкіндік береді [1].

Маманның кәсіби құзыреттілігі – бұл кәсіби болмыстың кеңістігіндегі маманның маңызды қызмет ету аясындағы оның шындық өмірге тұлғалық-адамгершілік қарым-қатынасындағы көрінетін (немесе бейнеленетін) оның өзіне тән кәсіби және тұлғалық тұрғыдағы адами ерекшеліктерінің жіктелген (немесе топталған) сипаттамалары.

Кәсіби құзыреттілікке құрылымдық және мазмұндық талдау жасауда оның негізін құрайтын үш түрлі құрамды бөліктерін (немесе компоненттерін) бөліп қарауға болады: жалпы кәсіпқой сауаттылық (ең қажетті білімдері), қызмет барысында өзінде бар білімді пайдалана білетін маманның қабілеті

оның біліктілік сапасы ретінде қабылданады және маманның қабілетін оның біліктілік сапасы ретінде қабылданады және маманның құзыреттілікті айқындайтын басты құрамы оның жеке тұлғалық сапасында.

Болашақ маманның кәсіби шеберлігін қалыптастырудың негізгі межелерін маманның өндіріс орнындағы пайда болған мәселелерді ерікті шеше білу ептілігі, өз қызметінде жаңалықтар ашуға, ұжымда қолайлы психологиялық жағдай жасауға, үнемі өзінің білімін жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі түзету шеберліктері құрайды.

Кәсіби құзыреттілік деген ұғымды бір тұлғаның жоғары деңгейдегі дайындығы мен шығармашылық қабілеті арқылы адам өзінің кәсіби және тұлғалық сапаларын барынша көрсете білетін оның белгілі бір қасиеттерінің жиынтығы деп қарастырамыз.

Маманның құзыреттілігінің мазмұнын аталатын келесі көзқарастар енеді:

- интеллектуалды – ұсынылған қызметтің қағидаларын, мақсаттарын, міндеттерін тиімді орындауды нысаналы ұйымдастыру, келеңсіз жағдайлар туындағанда саналы мінез-құлқына білімі мен тәжірибесін қолдануға және пайдалануға адамның дайындығын ашатын танымдылық қабілеті;

- тәжірибелік – еңбек технологиялары мен техникаларын жоғары деңгейде меңгеру, қайта жасау іс-әрекеттерде шеберлігі мен ептілігі;

- құндылықты бағдарланған көзқарас мәдени өнегелі құндылықтарды басшылыққа алуға негізделген.

Адамның интеллектуалды қабілеті тұлғаның біртұтас интеллектуалды сапаларында көрінеді, айталық: шығармашылық, бастамалары, сананың өзіндік интеллектуалдық бейнесі, құзыреттілігі.

Кәсіби бастама адамды үнемі жаңашыл бағыттарға жетелейді немесе жаңа идеяларды ұсынады, басқа да салаларды меңгере отырып, өзіне таныс саладан басқа салаға өтуге үнемі дайын тұрады және жүйеленбеген бөтен интеллектуалды қызметтерді орындай білетін тұлға. Интеллектуалдық бастаманы (немесе парасаттылық бастамасын) танымдық және әрекетшілік себептермен бірге тіршілік жасаушы тұлғаның құнды қасиеті деп қарастыру керек.

Құзыреттілік білімді ұйымдастырудың ерекше түрі ретінде сонымен бірге ойлау тәжірибесінің біртұтас компоненттерінің, ақпараттарды тиімді өңдеу механизмдері (немесе ішкі құрылымдары) тұлғаның жалпы интеллектуалды дамуын бейнелейді. Бұл қасиеттері тұлғаны қоршаған шындық өмірдегі талаптарды жан-жақты саралауға, әрі кәсіби мәселелерді жоғары тиімділікпен шешуге мүмкіндік береді.

Пайда болған мәселенің шешімін табу үшін және жоғары нәтижесінің тұрақтылығы мен сенімділігіне интеллектуалды құзыреттілік - бірегей тәсілді ұсынады. Интеллектуалды құзыреттіліктің компоненттері жеке интеллектуалды қабілеттері мен арнайы интеллектуалды шеберлігі мен ептілігінде жатыр. Осылайша, біз интеллектуалды құзыреттілікті

интеллектуалды қызметке сәйкес өзіндік жоғары жетістіктерін көрсете білетін маман санатында қарастырамыз.

Интеллектуалды құзыретті адам келесі қасиеттерді меңгерген тұлға, айталық:

- а) алуан түрлі жүйелі білімдерді;
- б) төзімділікті;
- в) қажет болған жағдайда алған білімін белсенді, шапшаң жылдамдатылған түрде қолдануды;
- г) теориялық ережелерді кескіндер мен құралдар арқылы тәжірибеде іске асыруды;
- д) маңызды элементтерді айқындай білу біліктілігін меңгерген тұлғаның сипаты.

Интеллектуалды құзыреттілікте толассыз білім жинақтауға ұшталатын және тұлғаның бойында танымдылық қызметтер болғандықтан «сана мәдениеті» ұғымымен белгіленеді.

Кәсіби құзыреттіліктің синонимі «кәсіби шеберлік», біз оны сенімділік және қызметтің жоғары нәтижесінің қалыптылығымен белгілейміз. Кәсіби шеберлікпен жұмыс жасау – қателіктер, әбестік жасамау.

Е.А.Климов «кәсіби шеберлікті» нақты бір қызмет саласындағы адамның білімімен біліктіліктілігінің тек жоғары деңгейі ғана емес, сонымен бірге адамның психикасына қосылатын сананы жүйелі ұйымдастыру компоненттерін келесі ретте тізбектейді:

- адамның қасиеттері біртұтас дүние ретінде (тұлғасы, субъектінің іс-әрекеті)

- кәсіпқойдың қызметі;
- кәсіби білімі;
- кәсіпқойдың жалпы мәдениеті.

Кәсіпқой ұғымын «шеберлік» ұғымымен байланыстырады: кәсібилік (немесе кәсіпқойлық) – шеберліктің белгілі бір дәрежеде қалыптасуы [2].

Н.В.Кузьмина шеберлікті ғылымға немесе өндіріске сәйкес мақсаттарды жемісті шешуге және білімді, шеберлікті, ептілікті кәсіби меңгеру арқылы алдындағы, жағдайды (объекті мен қызмет шартын) табысты зерттеп, кәсіби міндеттерін құрастырумен байланыстыра отырып анықтайды [3].

Маманның шеберлігі тәжірибелік іс-әрекеттің деңгейін бейнелейді, ол деңгейде өндірістік міндеттер – кәсіби білім, қабілет, ептілік және оларды меңгеру – табыспен өз шешімін табады. Кәсіби шеберлік – еңбектің үздік үлгісін, өндірістік қызметтің жоғары деңгейлік, әлеуметтік бағдарланған қарым-қатынастарды, тұлғалық мінез-құлықтарды шынайы меңгертіп және өндірістік қызметте міндетті түрде жақсы нәтижелерді көрсету. Басқа сөзбен айтқанда, кәсіби шеберлік - бұл маманның өз міндеттерін жоғары деңгейдегі үлгіде және нұсқада орындау.

Шеберлік өндірістік қызметтің өнімді болуымен байланысты.

Маманның шеберлігі мен өнімділігі оның тәжірибелік және қолданбалы икемділігі мен дағдыларына негізделген.

Маманның кәсіби құзыреттілігін анықтау үшін, объекті, мақсаттар, шарттар, құралдар мен нәтижелер бойынша оның еңбектегі қызметінің ерекшеліктерін ескеру қажет, яғни бір жағынан кәсібилікті, бір жағынан, аралықтандырылған сана тұлға қасиеті десек, екінші жағынан – бұл қызметтің үдерісі мен нәтижесі.

Біздің жағдайдағы кәсібилік – бұл жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызметтің шығармашылық тұрғыдағы нәтижесі, әрі ол нәтиже ретінде еңбек өнімділігінің ең жоғары деңгейін болжалды - ол кәсіби және тұлғалық, қоғамдық және саяси мәселелерді жоғары деңгейде шешуге қабілетті маманның тиімді тұлғасы. Осы тұстан алғанда, маман қызметінің кәсібилігі оның тұлғалық және қызметті игеру немесе іс-әрекетшілдік маңыздылығымен сипатталады.

Маманның кәсібилігі – бұл маманның кемелденген, азаматтық жауапкершілігімен кәсіби міндетін жүзеге асыру шамасымен шарттасқан, оның бір арнаға шоғырланған тұлғалық әрекетшілдік көрсеткіші.

Кәсіби құзыреттіліктің құрылымында үш компонент айқындалады: өзін-өзі жетілдіруге бағытталған қабілеті мен қарым-қатынасы және білімі. Кәсіби білім мен біліктілік - бұл жалпы алғандағы кәсібиліктің қалыптасу негізі. Олар әдіснамалық білім санасындағы жоғары деңгейдегі құзыреттілікті болжайды – олар жалпы философиялық жоспарды, теориялық және технологиялық білімдерді дамыту заңдылықтары.

Кәсіби құзыреттіліктің үшінші құрылымдық элементі маманның өзін жетілдіру қабілеті. Аталған мәселеге арналған зерттеудің көрсеткені мақсатты бағытталған өзінің білімін жетілдірудегі қажеттіліктің қалыптасуы кез келген саладағы маманның маңызды кәсіби көрсеткіші.

Маман тұлғасын қалыптастыруда мақсатында құзыреттілікті қамтамасыз етуді талап ететін өзара әрекет жасаудың ешқандай сыртқы жүйесі егер тұлғаның өзі тұлғалық және кәсіби дамуына бағытталған қолдау, сүйемелдеулер мен жауап күштерін таппаса, бұл мақсатқа жету мүмкін емес. Сондықтан өзін жетілдірудің маңыздылығын студенттің түсінгендігі оның тәжірибелік қызметінің кәсібилігінің өсуі шарт.

Студент өзін-өзі үнемі жетілдірмесе және алған білімдері мен біліктілігін белсенді шығармашылық іс-әрекеттерде қолданбаса, олар тұрақсыз болуы ықтимал. Қызметтің кәсібилігінің бұл компоненті жеке өзіндік ғылыми-әдіснамалық ізденістерді ұйымдастыруды және оқу-тәрбиелік ақпараттарды қайта құрастыру барысын келесі негіздерде болжам жасайды: біріншіден, өзін-өзі тәрбиелеу, тұлғалық тұрғыда өзін-өзі жетілдіру: мінез-құлықтарының себептері, өнегелі құндылықты бағдарлануы, тұлғалық сапалары мен мақсаттарын қайта жасау; екіншіден, өзінің білімін жетілдіру, кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіру: өз саласына сәйкес ғылымдағы жаңа жетістіктерді өз

еркімен меңгеру, үздік тәжірибелерді зерттеу, әрі оны қуаттандуры, өндірістік үдерістердің технологияларын меңгеру. Осылайша, өзін-өзі жетілдіру құрылымында өзінің білімін жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу оқу мен тәрбие сияқты бөлінбейтін біртұтастықты нұсқайды.

Маманның кәсіби құзыреттілігінің маңызды компоненті шығармашылық қызметке қабілеттілігі. Педагогика мен психологияда «шығармашылық қызмет» ұғымы алуан түрлі бағыттарда қарастырылады, әрі оны әртүрлі мазмұнда түсіндіреді. Бір авторлар шығармашылықты қоғамдық мәні бар қызметпен ғана байланыстырса, басқалары дара тұлғаның жұмысында шығармашылық «өзіне» ғана көрінетінін жоққа шығармайды. Ғылыми әдебиеттерде мамандықтарды шығармашылық және шығармашылық емес деп бөлу кездесіп жатады.

Шығармашылық қабілет тұлғаның өзіндік ерекшелігі, шығармашылық қызметке бейімділігі тұлғаның ой-санасы мен дарындылығы тығыз байланысты.

Кез келген қызмет түріне және арнайы қабілеттеріне (көркемдік, музыкалық, математикалық және т.б.) тұлғаның шығармашылықпен бірегей бейімділікпен қарауы оның жалпы қабілеттері ретінде сипатталады.

Шығармашылық қабілеттері – бұл барынша айқындалған арнайы және жалпы қабілеттерінің жиынтығы.

Шығармашылық феноменін зерттеушілер келесі ретте анықтаған, оны белгілі бір салада үздік жетістіктер негізінде жатқан дарындылық қабілетпен байланыстырады. Бір жағынан, дарындылықты кейбір адамдарға ғана тән ерекшелік деп түсіну керек, ал екінші жағынан, кез келген қарапайым адам миының табиғаты қолайлы жағдайда ол бар мүмкіндігінше дарынды болуға қабілетті. Осыған байланысты «дарындылық» ұғымы тек дарынды адамдардың тәрбиесі мен оқуының ішкі мазмұнда, сонымен бірге, кез келген білім алушының дамуы мен қалыптасуына бағдарланған педагогикалық жүйеде де қарастырылады.

Л.Термен мен басқа ғалымдардың пікірінше, шығармашылық қызметке үздік нәтижелеріне тек жоғары интеллекті бар адам ғана қол жеткізбейді, сонымен бірге, ерекше күрделі сапада өзіндік ойлау қабілеті бар адам пайда болған мәселелердің шешімін табуы басқа бір тәсілдермен жүзеге асыруға және біртума идеялар табуға қабілетті адам шығармашылық қызметтің үздік нәтижелеріне жасайды. Тұлғаның мұндай қабілетін С.Л.Рубинштейн, А.В.Брушлинский, А.М.Матюшкин және басқалар талаптанушылық (креативность) деп белгіледі. С.Л.Рубинштейн дарындылықты, ...өз қызметінің өнімді болуы сол адамның барлық мүмкіндіктер жиынтығының бірлігінде, оның құрамында интеллектпен бірге адамның басқа да қасиеттері мен қабілеттері өзара бір-біріне ену арқылы біртұтастықта өмір сүреді, айталық эмоциялық сапасы, темпераменті – көңіл-күйінің әсершілдігі, қызметінің қарқыны мен дәрежесі және т.б. [4, 5, 6].

Психолог Д.Б.Богоявленская ойлау әрекеттерінің жалпы ойлау шеберлігі мен белсенді себептері болып табылатын тұлғаның аралықтандырылған қасиетін белгілейтін оның маңызды компонентін «интеллектуалды белсенділік» терминімен атауды ұсынған.

Американдық педагог Дж.Рензулли үш сипатта біріккен дарындылық тұжырымдамасын жасады, ол сипаттамалар мынадай: интеллектуалды қабілеттері, шығармашылық және қайсарлық (жоғары әрекетшілдік). Бұл аталған сипаттамаларға тағы қосымша ретінде қоршаған орта мен тұлғаның саналылығы да өте маңызды.

П.Торрекстің зерттеулерінде осы жоғарыда айтылғандарға ұқсас үштік бар, олар: шығармашылық қабілет, шығармашылық шеберлік және шығармашылық әрекетшілдік.

Талаптанушылықтың жоғары көрсеткіштері орасан немесе шығармашылық жетістіктердің толық кепілі емес, ол тек барлық үш себептердің үйлесімділігіндегі ол қасиеттердің пайда болу ықтималдығының айғағы.

Бастапқыда студенттердің қабілеті төмендеу болады, алайда мақсатты бағытта өзімен жұмыс жасауды қайсарлықпен жүргізгендері ғылымды меңгеру арқылы шығармашылықтарын жоғарылатады, ал дарынды бірақ іс-әрекеттері баяу студенттердің шығармашылығы төмендеу болады. Шығармашылық қабілеттердің даму табиғатын осылай түсіну оқытудың тиімділігін айтарлықтай өсіруге мүмкіндік береді.

Шығармашылықтың нәтижесі жасалған нәрсенің жаңашылуындағы мен бір тумалылығында. Шығармашылық ойлау үдерісі ішкі себептерден пайда болуы мүмкін немесе педагогикалық тұрғыда құрастырылуы ықтимал. Бұлардың қайсысын алсақ та, студенттердің дарындылығы мен қабілеттерін дамыту бойынша мақсатты бағытталған педагогикалық қызметте олардың қабілетін оқыту үдерісінде ынталандыру қарқынды жүреді. Оқу мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге оқытушылар мен студенттер бірлесіп қатысады, олардың бірлескен шығармашылықтары дарындылықты қамтуға жағымды ықпал жасауы ықтимал. Студенттердің өзін-өзі түзетуі, жалпы және ғылыми оқу (интеллектуалдық) белсенділігі мен еркінділігі олардың терең білім алуына, ғылыми-ізденушілік қызметке араласуға қызығушылығын арттыру үшін маңызы ерекше.

Мұндай белсенділік – дарындылықтың негізін құрайды және оны оқытушы басқаша түрлендіруі мүмкін, айталық: мен – тұжырымдамасы арқылы мен – ұстанымынан, мен – қызметіне өту ықтималдығында студентте ерікті түрде белсенділік туындайды.

Оқытудың міндеті студенттің тек мәселелерді ғана шешіп үйренуіне ғана қол жеткізу емес, сонымен бірге оларды бұрынғы алған білімдері арқылы жаңа білімдерді қабылдай білуге ынталандыру.

Тұлғаның дарындылығын дамытушы әрі қолдаушы санатындағы студенттердің жаңалық табуды ойлау қабілетін қалыптастыру ш

ығармашылық жағдайларды жасауға ықпал жасайды. Бұл жерде оқытушы өзі қай жауаптың дұрыс екендігін білмеуі мүмкін: ол сұрайды, ойланады, пайымдайды. Олар өз бойындағы шығармашылық қабілеттерін өздері ашады, тақырыпты нақты, терең әрі тез меңгереді, ал қиялдау арқылы шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тиімді түрі ғылыми – ізденіс жұмыстары.

Жоғары оқу орнындағы оқу үдерісі маманның кәсіби құзыреттілігін дамытудың шынайы әрі айқын шарты егер ол, біріншіден, студенттің өмірі ретінде қарастырылатын болса, айталық, ол үдерістің мәні тұлғалық, шығармашылық, қарым-қатынас жасаушы оқу-танымдылық іс-әрекеттердің деңгейінде жүргізілсе, екіншіден, мәдениеттің бүгінгі жағдайы мен оның тарихи дамуын меңгеру тәсілі ретінде егер студенттің түсінігіндегі жалпы адамзаттық және ұлттық мағынадағы рухани және мәдени құндылықтардың болуы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Көшербаев Қ.* Ғасырлар тоғысындағы қазақстандық білім: Дамудың ұлттық моделі //Қазақстан мұғалімі. – 1998, №5. – 20-25 б.
2. Интенсификация творческой деятельности студентов /Под ред. В.И.Андреева, Г.Мельхорна. – Казань: Изд-во Казан.ГУ, 1990. – 218 с.
3. *Кузьмина Н.В.* К вопросу о системном подходе исследования педагогической деятельности. Обучение студентов основам педагогического мастерства. // Материалы межвузовской конференции. – Иваново, 1971. – 302 с.
4. Қазақша-орысша сөздік: 2-томдық. / Редакциясын басқарған Ғ.Ғ.Сауранбаев. – Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1978. – 316 б.
5. *Матюшкин А.М.* Основные направления исследований мышления и творчества //Психологический журнал. – 1984. – 33-37 с.
6. *Беспалько В.П., Татур Ю.Г.* Системно-методологическое обеспечение учебно-воспитательного процесса подготовки специалистов. – М.: Высшая школа, 1989. – 342 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о методологических предпосылках развития профессиональной культуры студентов.

(Кудретулдаева Н.Б., Кененбаев С.Н. Методологические предпосылки развития профессиональной культуры студентов)

SUMMARY

In this article provide by problems about pedagogical-psychological basis to development professional culture of the students.

(Kudretuldaeva N.B., Kenenbaev S.N. The Primary Methodological Conditions of the Developing a Professional Culture of Students)

ӘОЖ 373. 222

Л.С.СМАНОВ

педгогика ғылымдарының докторы,
ОҚМПИ-ның профессоры

А.АБЕНОВА

ОҚМПИ-ның ізденушісі

КӘСІБИ ЖАРАМДЫЛЫҚ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ЕСЕБІНДЕ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы – ел тарихындағы аса маңызды тағы бір қарышты қадам және ел тарихындағы серпінді стратегия жасалды. Қазақстан халқына арналған бұл Жолдауы тек бағдарламалық сипатта ғана емес, оның ел өміріндегі тарихи, саяси маңызды құжат болып табылатынын да айтуымыз қажет. Елбасының Қазақстан халқына арнаған 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы – тәуелсіздігіміздің жиырма бірінші жылдығындағы Жолдауы еліміздің ұзақ мерзімді басым бағыттарын, стратегиясын, жаңа саясатын белгілеумен ерекшеленеді.

Бұл стратегия – жедел өзгермелі тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты, жол көрсетер шамшырағы, Қазақстандықтарға арналған дұрыс бағдары. Ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған, бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіруге арналған дәйекті де батыл жолы.

Кілт сөздер: кәсіптік білім, кәсіптік іскерлік, кәсіптік дағды, кәсіптік қабілет, педагогтық әдептілік, педагогикалық техника, тұтас педагогикалық үдеріс.

«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуы тиіс» – дейді Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында [1].

Қазақстанда жаңа буын ұрпақты даярлаушы түбегейлі жаңа сапасы қажет, кәсіби жарамдылықты анықтау маңызды екендігін тәжірибе көрсетуде. Педагогикалық мамандықты таңдаған талапкерлердің балалармен жұмыс жүргізуге бейімдігін қосымша тексеру қажеттілігі айтылуда. Тұлғаның кәсіби қабілеті мен психикалық қасиеттеріне қатаң талаптар

қойылатын мамандықтарға оқытып-үйрету үшін кәсіби жарамдылықты анықтау көкейкесті мәселе екендігі мәлім. Адамның белгілі бір іспен айналысуына мүмкіндігін анықтау кезінде оның сол мамандық бойынша білімі ғана емес, кәсіби жарамдылық ұғымына енетін педагогикалық іскерлігі, дағдысын, өзін-өзі дамыту, кәсіптің болашағынан хабардар болуы, өзінің мүмкіндіктері, шығармашылығын жетілдіруі, психологиялық сипаттары маңызды болып табылады. Олай болса, кәсіби жарамдылығы деңгейіне диагностикалау, белгілі шарттар, талаптар, ықтимал нұсқаларына сай келуін есепке алу – болашағын анықтауға мән береді.

Тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы бұл ақыл-ой, дене, адамгершілік, еңбек пен политехникалық білім, эстетикалық тәрбиелердің біртұтас педагогикалық үдерісте тоғысуы. Қазіргі кезеңде білім алуы, тәрбиеленуі, мәдениеті, іскерлігі, дағдысы, өзін-өзі дамытуы негізінде жастарды осы салаға тарту үшін оларды ынтландыру қажет. Педагогикалық мамандарға талаптарды күшейту, сапалы білім алуға жағдайлар жасау, мемлекеттік грант санын арттыру, кәсіптің мәртебесі мен педагогтардың беделін көтеру, оларға лайықты еңбекақы төлеу мәселелерін қарастыру қажет.

Қазіргі тәрбие бағыттарының негізінде келесі идеялар жатады:

– тәрбие мақсаттарының шынайы болуы, мақсат – адамның білімі, іскерлігі және дағдысын жетілдірумен жан-жақты дмыту, мамандық таңдауына бейімдеу кәсіби жарамдылығын анықтау;

– аға ұрпақ пен балалардың бірлескен іс-әрекеттері, ынтымақтастығын арттыру, адамгершілікті өнеге ету іс-әрекеттер мәдениетін, өмір қалыптарын жақсартта түсу мүмкіндігі мен қабілетін сай пайымдауға жеткізу;

– өзін-өзі тану: адамның сенімі, көзқарасы, өмірлік түсінігі арқылы тұлғаның қалыптасуына тәрбие ықпалдарын жасау, өзін-өзі тану, өзінің мәдениетін арттырумен кәсіптік, азаматтың қалыптасуына әсер ету;

– тәрбиенің тұлғалық бағыты: оқу орнындағы тұтас педагогикалық үдерістердің өзегін тек бағдарлама, іс-шаралар, әдістер, технологиялар, жарыстар, оқу үдерісі формалары ғана себепкер, ықпал, әсерін, жасамайды, сондай-ақ балалардың әрбірінің, өздерінің қатысуларымен, өздерінің үлестерімен, басшылық жасауларымен педагогикалық істің жоғары мақсаты, міндеттері және мәніне тәуелді оқушы білім, тәжірибе, іскерлік, дағды алып, дамып қалыптасады және өзін-өзі жетілдіріп, болашақ таңдайтын мамандығына жалпы кәсіби жарамдылығына ие бола түседі;

– өз еркіндігі: балалардың өз еріктерімен, қалаулары, қызығушылықтары және мүкіндіктеріне және жас ерекшеліктеріне қатысты ынтымақтаса, ақылдаса, кеңесе бірлікте, түсінушілікпен, ойласа жұмыс істеу идеялары іске нәтижелі, ықыласпен жүзеге асырылады, жарамдылығын байқайды, сондай-ақ азаматтық, жолдастық міндеттерді түсінеді, өз бетінше үлес қосу, ой бөлісу, ұсыныс айту және шығармашылықпен орындауға кіріседі;

– ұжымдық бағыты: тұтас педагогикалық үдерістегі іс-әрекеттер, қарым-қатынастар, жұмыстар ұжымда тәртіп құралдары есебінде бірлесіп, кеңесіп,

–ынтымақтасып рухани, адамгершілікпен ерікті түрдегі әдістер, технологиялармен ынтымақтасып атқарылуы тұтас педагогикалық үдерісте мақсатымызға жеткізеді, әрбір шәкірт өзін-өзі танып, өзін-өзі бағалап, жалпы өзінің жарамдылығын байқайды [3].

Педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері: кәсіптік білім, кәсіптік іскерлік, кәсіптік дағды, кәсіптік қабілет, педагогтық әдептілік, педагогикалық техника, тұтас педагогикалық үдерісті конструкциялай білуі, жаңа педагогикалық технологияларды зерделеп, іс-әрекеттерге орынды қолдана білуі.

Кәсіби жарамдылықты дамыту міндеттері:

– педагогикалық білім бірлігін жетілдіру;
– педагогикалық кәсіпке бейімділігін арттыру, өз ісінің шеберлерінен үйрену;

– жағдаяттарды меңгеру, басқару қабілетін нығайту;

– жаңа педагогикалық технологияларды шығармашылықпен зерттеу, зерделеу, меңгеру;

– балалардың психологиясын меңгеру [4].

Кәсіби жарамдылық – бәсекеге қабілеттілік есебінде, бәсеке болған уақытта сапа артады, сан да ұлғаяды. Жастың кәсіби жарамдылығында нарық заңдылықтарын кәсіби тұрғыдан игереді, білікті маман болуына негіз қаланады, өзі қалаған кәсіп иесі болуына мүмкіндігі мол, қызығушылығы жеткілікті, алғы шарттар бар.

Кәсіби жарамдылық болашақта еңбек өнімділігін арттыруға үлесін дамытады, жалпы алғанда бәсекеге лайықты маман даярлау негізгі мақсатқа жетеміз. Еліміздегі 2011-2012 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының болашаққа бейінді оқыту жүйесіне көшеді. Бұл іс 12 жылдық білім беру аясында жүзеге асырылады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 15 желтоқсан.
2. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 10 шілде.
3. *Сейталиев Қ.* Педагогиканың жалпы негіздері. – Алматы, 2009.
4. *Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А.* Педагогика. - Алматы: Дарын, 2004. 448 б.
5. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен №1118, 2010 жылдың 7 желтоқсанында бекітілген) //Егемен Қазақстан, 2010 жыл, 14 желтоқсан.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются вопросы самоопределения, профессиональноспособность как конкурентноспособность. (Сманов Л.С., Абенова А. **Профессиональноспособность как конкурентноспособность**)

SUMMARY

This article discusses the issues of self-determination, professional ability as competitiveness. (Smanov L.S., Abenova A. **Professional Ability as Competitiveness**)

ӘОЖ 372 649 43 271

Ә.С.ҮСЕНОВ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Көпұлтты Қазақстан жағдайында елдің болашағына қызмет ететін патриоттарды тәрбиелеу қажет. Патриотизм мәселесі жаһандану жағдайында өрши түсуде. Патриоттық тәрбие берудің бірнеше жолдары бар. Ең бірінші өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Қазақстандық патриотизм - Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсау. Мақалада Қазақстан патриотизмінің іргетасы - барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі екендігі айтылады.

Кілт сөздер: патриотизм, патриоттық тәрбие беру жолдары, қазақстандық патриотизм, ауыз әдебиетінің үлгілері арқылы тәрбиелеу.

Бүгінгі жаңарған білім беру жағдайында жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, яғни, тәрбиені гуманизациялау мен демократияландыру жағдайында жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру мәселесі күн тәртібінде тұр.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер, өндіріс күшінің қарқынды дамуы мен ұлтаралық татулық, сонымен қатар көп ұлтты Қазақстан жағдайында елдің болашағына қызмет ететін патриотизмді дамыту ауадай қажет. Өндіріс пен техниканың қай саласында болсын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырумен қатар отанға қызмет етуге дайын, жаңа қоғамдық қарым-қатынастың қозғаушы күшіне айналатын патриот жас ұрпақты өмірге дайындау қоғамның жаңа талабынан туындап отыр.

Саяси түсіндірме сөздікте: патриотизм - [грек, *patris* - отан, атамекен] - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі, деп атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ осы сөздікте патриотизм мәселесі жаһандану, интернационаландыру, мемлекетаралық, аймақтық және жершарылық ықпалдастық жағдайында өрши түсуде, - деген [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті жолдауында: Қазақстан патриотизмінің іргетасы - барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады- деген болатын [2].

Соңғы жылдары осы салада арнайы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген С.Т.Иманбекова өзінің еңбегінде «патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына теориялық талдау жасай келе: «Қазақстандық патриотизм - Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсау»,- деп тұжырым жасады. Ал Қазақстандық патриотизмді іске асыру көп ұлтты Қазақстанда бірлік пен елдікті сақтай отырып, демократияландырылған, әлемдік өркениеттен орын алу идеологиясына негізделген стратегиялық бағыт-бағдар болып табылады, -деген [3].

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің базалық мазмұны төмендегі білім салаларын қамтиды. Олар:

1. Бастауыш білім берудің мазмұны 7 білім саласы арқылы берілген: «Тіл және әдебиет», «Математика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

2. Негізгі орта білім берудің мазмұны 7 білім саласы арқылы берілген: «Тіл және әдебиет», «Математика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

3. Жалпы орта білім берудің мазмұны 7 білім саласы арқылы берілген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» пәндері енгізілген. Бұл базалық білім мазмұнын құрайтын пәндер жүйесі гуманитарлық және техникалық пәндер жүйесін құрайды. Осы пәндер жүйесі бойынша жалпы білім беретін орта мектепте оқушыларға патриоттық тәрбие беру – негізгі жолы болып табылады. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады- деген болатын [4].

Сондықтан, көп ұлтты Қазақстан жағдайында және білім беруді ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында патриоттық тәрбие беруді жүзеге асырудың бірнеше жолдарын атап өткеніміз жөн. Оқу-тәрбие үдерісі тұтас жүйе ретінде тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу және білім беруді қамтитын күрделі жүйе. Сондықтан оқыту үдерісінің тәрбиелік идеясын күшейту қажет. Яғни, сабақ оқыту үдерісінің негізгі формасы болғандықтан, оның тәрбиелік мәнін айқындаудың маңызы зор. Әсіресе, жалпы білім беру жүйесінде гуманитарлық пәндер: қазақстан тарихы, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, өзін-өзі тану, т.б. пәндері арқылы жүзеге асыруға мол мүмкіншілік бар. Атап айтқанда, қазақстан тарихы пәнінің әр бір тарауларында кездесетін тарихи оқиғалар, ауыз әдебиетінің үлгілері, халық жадында сақталған тарихи оқиғалар (Сақтар, Ғұндар, Түркі қағанаты, т.б. дәуірлеріндегі тарихи аңыз оқиғалар, бабаларымыздың жауынгерлік, ерлік әрекеті, т.б.) тек білім берудің қайнар көзі ғана емес, оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құралдары бола алады. Сондай-ақ, оқушыларды қазақ ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруді жүзеге асырудың негізгі жолы, жүзеге асырудың мүмкіндігі қазақ әдебиеті пәні. Бұл пәнде халық ауыз әдебиетінің үлгілері мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыздар мен батырлар жырлары, т.б. енгізілген.

Сонымен қатар, ауыз әдебиеті үлгілері арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің екінші жолы сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар.

Бүгінгі таңда саналы білім берумен қатар сапалы тәрбие беру мәселелері де өзекті болып тұр. Мектептегі тәрбие жүйесін құруда, тәрбие жүйесінің барлық субъектілерінің қызметін ұйымдастыруда тәрбие берудің кешенді бағдарламасы және үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие берудің тұжырымдамасы пайдаланылып келеді. Тәрбие тұжырымдамасында тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын сипаттай отырып, тәрбиенің құрамды бөлімі патриоттық мазмұнына былай сипаттама берген: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс. Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе - деген болатын [5].

Сондықтан тәрбие жүйесінің барлық субъектілерінің қызметін киліктіре отырып, яғни сынып ұжымын ұйымдастыруда, балалардың ынталылар тобын немесе клуб бірлестіктерін, ата-аналар бірлестіктерін, тәлімгерлер кеңесінің қызметін киліктіре отырып, отанын, елін қорғаушылар клубтарын, үйірмелері мен әртүрлі іс-шаралар жүйесін қалыптастыру маңызды. Сонда ғана балалардың белсенділіктері қалыптасып, патриоттық тәрбие жүзеге асады.

Мысалы, бүгінгі таңда мектептерде және мектептен тыс мекемелерде «Отан қорғаушылар» бірлестігі, «Азамат» пікір-сайыс клубы, «Алау» әскери-патриоттық сайысы, т.б. өз деңгейінде жүргізілуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы: Дайк Пресс, 2007. – 344 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 2012 ж. 15 желтоқсан. - №828-831.
3. *Иманбаева С.Т.* Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясының авторефераты. – Қарағанды, 2007. – 42 б.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Алматы, 2010.
5. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2009.

РЕЗЮМЕ

Речь идет о некоторых направлениях патриотического воспитания учащихся.
(Усенов Ә.С. Некоторые направления патриотического воспитания учащихся)

SUMMARY

The question is about some directions of patriotic education of students.
(Usenov A.S. Some Directions of Patriotic Education of Students)

УДК 373. 222

К.Б.БАЙТЕРЕКОВА

соискатель ЮКГПИ

Л.С.СМАНОВ

доктор педагогических наук,
профессор ЮКГПИ

ПУТИ ОРГАНИЗАЦИИ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Рассматривая правовое воспитание в рамках гражданского и определяя общность их задач, укажем, что правовое воспитание в большей степени ориентировано на осознанное восприятие юридических законов, правовых норм и обязанностей. Система правового воспитания определяется характером этнокультуры и политикой государства. В таком формате правовые знания являются приоритетными и в своей предметной, процессуальной и функциональной сущности служат той необходимой базой, которая формирует правовое сознание и определяет поведенческую позицию юного гражданина.

Ключевые слова: правовая культура, правовое воспитание, правовые знания, простейшее комментирование, оценочное комментирование, аналитическое представление факта, добавочная информация, дополняющий факт, альтернативные суждения, дискуссионные, развивающие идеи.

Содержание первого этапа нашего исследования, посвященного учебно-методическому обеспечению правовой подготовки школьников, составило рассмотрение вопросов, определяющих взаимообусловленность правовой и педагогической культур, аргументация взаимосвязи педагогики и права в аспекте социализации, а также педагогическая интерпретация основных законов и положений, определяющих социальный статус ребенка, его права и обязанности. В качестве ключевых используются понятия *правовая культура, правовое воспитание, правовые знания*, определяющие характер учебно-методического обеспечения правовой подготовки учащихся различных типов общеобразовательных школ в Республике Казахстан. Ранжирование названных понятий обуславливает особое место в этом ряду дефиниции *правовая культура*, которой определяется обусловленное правовыми знаниями и воспитанием прогрессивно-правовое развитие, обеспечивающее законные действия личности в реальных жизненных ситуациях. Отличительные признаки правовой культуры – трансформация накопленных правовых знаний в правовые убеждения, привычки правомерного поведения; готовность действовать, руководствуясь этими правовыми знаниями и

правовыми убеждениями, т.е. поступать правомерно – в соответствии с законом. Не менее важное значение имеет правовое воспитание как составная часть гражданского, общественно-социального воспитания, направленная на формирование уважительного отношения к закону на основе правового просвещения.

При всей значимости указанных понятий мы, тем не менее, обращаемся в своей работе к исследованию проблемы экстраполяции правовых знаний, что объясняется важностью задачи формирования у учащихся той необходимой правоведческой информации, которая, в конечном счете, и определяет поведение личности, ее готовность поступать в соответствии с правовыми нормами. По нашему глубокому убеждению, правовое воспитание личности и правовая культура общества формируются только при наличии научно обоснованного понятийного поля, они характеризуются как результат освоения знаний. В свою очередь, качество и уровень правовых знаний обусловлены дидактическим обеспечением процесса обучения. Таким подходом определено наше обращение к дефиниции экстраполяция, которая более точно характеризует логико-методологическую процедуру переноса проблем формирования правовых знаний в педагогическую область.

Термин *правовое воспитание* появился в XX в., но право (как в авторитарных, так и в демократических обществах) считалось важным элементом воспитания гражданина. В античной культуре Сократом, Платоном, Аристотелем было сформировано ставшее традиционным представление о гражданской добродетели как неотъемлемой черте гражданина, где важное место занимала законопослушность. Аристотель особо подчёркивал роль закона в воспитании добродетельности. В Древнем Риме это положение развивали Цицерон, Квинтилиан и их последователи. Идеи гражданского воспитания, рассматриваемые в тесной связи с правом должностования, получили распространение в эпоху Возрождения, особенно во Флорентийской республике (XV в.), в воззрениях представителей школы «гражданского гуманизма» (П.Верджерио, Д.Бруни и др.). Исполнение гражданского долга связывалось с подчинением закону, указанный тезис был раскрыт в трудах мыслителей эпохи Просвещения, и уже в конце XVIII в. в государственных школьных системах вводятся учебные курсы законоведения, а с конца XIX в. – в России и относящихся к ней республиках учебный предмет получил название граждановедение.

Гражданское право казахов с начала своего возникновения еще на уровне обычного права находилось в тесной связи с традициями гражданского воспитания. Более того, отечественное право и отечественная педагогика были представлены одними и теми же источниками. Достаточно обратиться к исследованию «Слов назидания» выдающегося казахского просветителя Абая Кунанбаева, к изучению работ по проблемам педагогики Ибрая Алтынсарина, к общественно-педагогической деятельности М.Дулатова,

к общественно-публицистической – А.Байтурсынова и др. Исследование работ по школоведению, принадлежащих отечественным педагогам двадцатого столетия, еще раз убеждает нас в том, что правовая основа включена во все звенья учебно-воспитательного процесса и охватывает самые различные отношения: «руководство школы – учитель», «учитель – класс», «учитель – ученик», «класный руководитель – воспитанник», «учителя – родители».

Ежедневно слышат ученики «ты должен», «вы обязаны»... Обязанности касаются соблюдения дисциплины и правил поведения в обществе, отношения к школьному имуществу и личным вещам, подготовке домашней работы и ведения тетрадей... Значительно реже звучит «ты имеешь право»... А ведь чтобы воспитать свободную, уверенную в себе личность, важно сформировать для ученика такую комфортную среду, в которой бы он чувствовал себя не беспомощным, а защищенным, чтобы, вступая в самостоятельную жизнь, знал, что он охраняется правом, что строить жизнь надо по законам добра и справедливости. Задача школы – помочь детям адаптироваться к жизни, научить их жить в демократическом обществе, грамотно регулируя свои отношения с государством, другими людьми.

Необходимо отметить, что основой государственной образовательной политики, ее правового обеспечения в Республике Казахстан является гуманистическая направленность всех видов образовательно-воспитательной деятельности, что предполагает неукоснительное следование нравственно-моральным нормам. Нормы морали, охватывая все стороны жизнедеятельности человека, имеют значительно более широкое распространение в сравнении с правовыми законами и соотносятся с понятием этнопедагогика. Речь идет о той сфере материальной и духовной культуры народа и общества, которая прямо и непосредственно связана с воспитанием детей. Это колыбельные песни, игрушки, игры, одежда и еда, орудия труда и труд детей, детский фольклор, национальные праздники, советы старших и заветы предков потомкам, спортивные состязания подростков и посвящение их «в возмужалость», методы приучения и совокупность взглядов народа на подготовку подрастающего поколения к труду – важнейший, решающий элемент общей культуры личности.

Глубокое научное понимание взаимосвязи обычного права и народной (традиционной) педагогики конструктивно и созидательно, поэтому и актуально. Определяя содержательный компонент обучения правовым знаниям в школе, мы обратились к изучению вопроса о правовом всеобуче и тщательно проанализировали те положения, которые определяют его цели, принципы и порядок проведения в Республике Казахстан. Цель правового всеобуча – повышение правовой культуры граждан и формирование традиции уважения к закону. Основными принципами правового всеобуча являются: всеобщность; системность; непрерывность; заинтересованность в получении правовых знаний и обязанность государства обеспечить реализацию

возможности их получения; индивидуальность (учет возрастных, профессиональных и других особенностей различных категорий граждан).

Основное содержание правового всеобуча заключается в воспитании высокого правосознания, обеспечении превращения правовых знаний и убеждений в практические действия по исполнению законов Республики Казахстан. Специальным пунктом положения предусмотрено правовое обучение учащейся молодежи в Республике Казахстан. На основании указанного положения разработана концепция, в соответствии с которой строится процесс правового образования в различных типах учебных заведений. Цель Концепции – заложить основы правовой культуры на основе учета возрастных особенностей обучающихся.

Целостность и полноту преподавания права в учебных заведениях, обеспечивает, безусловно, школьный курс правоведения, призванный своим содержанием реализовать следующий круг задач:

- формирование высокой гражданственности выпускника, его общей правовой культуры и социальной активности;
- получение учащимися специальных правовых знаний в процессе подготовки к выбору сферы трудовой деятельности;
- ранняя профилактика правонарушений.

Решение задач юридического всеобуча в средней школе немыслимо без глубокой научной разработки проблем теории правового обучения и воспитания школьников, всестороннего улучшения теоретической базы и методического оснащения преподавания правовых дисциплин в различных типах общеобразовательных школ. Стремление к решению очерченного круга проблем обусловлено направлениями предпринимаемого нами исследования. Его выполнение нацелено на разработку содержания и методики правового всеобуча в условиях получения среднего общего образования.

Нами сформулированы рекомендации по изучению в школе Конвенции о правах ребенка, при этом определены постепенно усложняющиеся уровни этой работы: 1) простейшее комментирование, оценочное комментирование, аналитическое представление факта, ситуации – вплоть до самостоятельных предположений; 2) добавочная информация суждением, дополняющим факт, альтернативные суждения, дискуссионные, развивающие идеи, проектирование фактов по аналогии и ассоциации; 3) постановка и разрешение проблемных вопросов; 4) переход от частных суждений к связным, целостным выступлениям. Не меньшее значение, на наш взгляд, имеет знакомство учащихся с Законом Республики Казахстан «Об образовании», комментарий к которому представляется чрезвычайно интересным и содержательным как в педагогическом, так и в юридическом отношении.

Рассматривая ретроспективу педагогики школы, можно видеть, что технология образовательного процесса представляется одновременно и

достаточно устойчивой и непрерывно развивающейся, что в полной мере касается и дидактических условий формирования правовых знаний учащихся. Возникает необходимость в разработке концепции педагогического аспекта правовой подготовки учащихся. В основе концепции должно лежать исследование дидактических условий как системы мер, необходимых для реализации педагогических задач.

При разработке теоретических подходов к организации правовой подготовки учащихся за основу нами взята нормативная модель, представленная в Государственном общеобязательном стандарте среднего образования и проанализированная как описательная «эталонная» модель. Такая модель позволяет довести содержание целей обучения и воспитания в средней школе до уровня необходимых знаний, умений и навыков, качеств личности с указанием доступных проверкам характеристик. В разработке данной модели, ее качественных и количественных характеристик состоит одна из целей нашего исследования. При этом мы учитываем цели обучения, параметры необходимых уровней знаний, доступные проверкам характеристики. В нашей работе показано управление процессом обучения при освоении цикла «Человек и общество» путем использования логик, связанных с разворачиванием предметного содержания (Схема 1).




Схема 1. Концептуальная модель организации в школе правового всеобуча.

Собственная педагогическая деятельность позволила нам прийти к однозначному выводу о том, что изучение правовой литературы и передовой педагогический опыт, обогащенный попутно экспериментальными коррективами, призван способствовать формированию у учащихся необходимой системы правовых знаний.

ЛИТЕРАТУРА

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан /Источник: conception 1. doc
2. *Соколов Я.В.* Граждановедение. «Права и свободы человека и гражданина». – М., 1994.
3. *Никитин А.Ф.* Обычай и закон. Как они уживаются //Юридический вестник, 1996, №10 (438). – С. 28.
4. Гражданское образование: содержание и активные методы обучения. /Под ред. Шехтера С. и Воскресенской Н. при участии Иоффе А. и Уайта Ч. – М., 1997. – 190 с.
5. *Валеев И.И.* Гражданином быть обязан. – Уфа, 2000. – 212 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада құқықтық мәдениетті тәрбиелеуге қатысты педагогикалық тұжырымдамалар қарастырылған.

(Байтерекова К.Б., Сманов Л.С. Мектеп оқушыларын құқықтық тәрбиелеуді ұйымдастыру жолдары)

SUMMARY

In this article discussed pedagogical output about the ways of organization of legal education.
(Baiterekova K.B., Smanov L.S. Ways of Organization of Legal Education Students)

ӘОЖ: 316.812.7

Г.Т.МҰСАБЕКОВА

педагогика ғылымдарының докторы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

Н.ЕСМҰРЗАЕВ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«Отбасы дегеніміз не» деген сұраққа жауап беріледі. Ғұламалардың берген анықтамалары келтіріледі. Жастардың қазір ажырасуы көптеп кездеседі. Оның себептері іздестіріледі. Қазақ жастарын отбасылық өмірге даярлаудың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері көрсетіледі. Жастарды отбасы өміріне дайындаудың психологиялық аспектісі ретінде шарттар ұсынылады.

Кілт сөздер: отбасы, отбасылық өмір, отбасылық өмірге даярлау, отбасылық өмірге даярлаудың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері, отбасылық өмірге дайындықтың басты компоненттері.

Жастарды отбасы өміріне дайындаудың психологиялық аспектісіне келмес бұрын «Отбасы дегеніміз не?» деген сұраққа жауап берейік. Аристотельдің айтуы бойынша, отбасы – адамдар қарым-қатынасының алғашқы түрі, ол мемлекеттің алғашқы ұяшығы. Сондықтан да, мемлекетте отбасының орны ерекше және оны елге терең түсіндіру қажет. Отбасының өмірлік іс-әрекетінің сферасы, оның мүшелерінің арнайы қажеттіліктерін қанағаттандырумен тікелей байланысты. Жалпы, отбасы түсінігінің мән-мағынасы өте кең болып келеді. «Отбасы дегеніміз не» деген сұрақ қойылғанда, бәрімізге ата-ана мен бала-шаға туралы ойлар келеді. Яғни, отбасы тек осы мүшелермен ассоциацияланады.

Қазіргі кезде отбасын құру және өмірлік жарды таңдау қиынға соғады. Өйткені, қазіргі жастарда отбасы, неке туралы түсінік азын-аулақ. Сондықтан да, қазіргі таңда, осының салдарынан ажырасу көбейіп келеді. Сонымен қатар, Батыстың азаматтық некесі де осыған әсер етеді. Осы себептен жастарды отбасы өміріне дайындаудың психологиялық маңызы өте зор.

Жастарды отбасы өміріне дайындаудың психологиялық аспектісіне келетін болсақ, біз мына шарттарды ұсынар едік:

1. Отбасы туралы балаға ата-ана, кішкентай күнінен бастап дұрыс түсінік беру керек.

2. Мектепте, жоғары оқу орындарында отбасына қатысты түрлі тренинг-жаттығулар өткізілуі тиіс.
3. Жастарға отбасы және неке туралы көптеген ақпараттар берілуі керек.
4. Отбасында болатын түрлі конфликтілер мен мәселелерді шешу жолдарын үйрету керек, сонымен қатар психологиялық кеңес беру қажет.
5. Отбасын құру екі жастың қалауымен болуы керек.
6. Отбасын құрудағы басты мәселе - жастар бір-бірін жақсы түсіне білуі керек.

Еркек пен әйелдің бас қосып, шаңырақ құруы – отбасының салт-дәстүрлік негізін қалап, оны жүйелеп, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Сол бойынша үйдегі адамдардың өзіндік орны мен атқаратын қызметі, отбасы үшін жауапкершілігі бар. Егер де ол орындалмайтын немесе бұзылатын болса, отбасының берекесі кетеді, оны күйреуге әкеліп соқтырады. Ал мұны болдырмаудың сара жолы – жұптық жарасым, өзара түсіністік пен сыйластық [1].

Қазақ отбасында ер мен әйел – шаңырақтың негізгі іргетасы. Бұл іргетас үйленумен қаланып, нығаяды. Адам баласы жан-дүниесі аңсаған рахат пен татулық, бейбіт өмірді, ең шынайы сүйіспеншілік пен мейірімділік ыстық сезімдерді ана құшағы мен әке шаңырағынан табады, өзінің адамгершілік қасиетін, абыройын, намысын үйленіп, үй болу арқылы айрықша жарқырата көрсетіп, айрықша қамқорлықпен қорғай алады. Отбасы жауапкершілігі үйленген еркек пен әйелдің бірінің алдындағы парызы мен қарызын бұлжытпай орындаудан басталады. Бұл орайда М.А.Каньян былай дейді: «...Негізінде «қол ұстасу» деген күйеу жігіттің өз жарын қолынан ұстап үйіне алып келуін білдіреді. Бұл жұбайлық өмірдің басы. Сондай-ақ, бұл «жыныстық қатынас» дегенді білдіретін бейнелі сөз ретінде де пайдаланылады. Біз бұл жерде ерлі-зайыпты екі кісінің әрқайсысына жүктелетін маңызды істерді баяндау үшін осы екі мағынаны да қатар қолданып отырмыз. Біріншіден, әйелдің еркек үйінің табалдырығын аттауы – оның бір отбасынан екінші бір отбасына, бір ортадан екінші бір ортаға қоныс аударуы екені рас. Бұрын ол ата-анасы мен туыстарының ортасында болса, енді өзі қалаған жанның етегінен ұстап, оның өмірлік жарына айналды. Ері ендігі жерде әйелі үшін жауапты әрі некемен келер жауапкершіліктің барлығы оның мойнында. Демек, ерлі-зайыптылардың екеуі де араларындағы алғашқы кездесуге психологиялық тұрғыдан дайын болуы тиіс. Бұл кездесуден бұрын еркек өзінің жауапты қадам алдында тұрғанын ескеріп, болашақ жарымен жақсы, һәм жарасымды тіршілік етуге, жұбайлық өмірдің ыстық-суығын бірге көтеруге, қиындыққа қайыспауға дайын болуы шарт. Сол секілді жас келін де ендігі жерде өзінің оң жақта отырған еркек қыз еместігін ескеріп, сүйгенінің сүйіктісіне айналатынын, болашақ отбасында құт-береке қонақтауы, не қонақтамауы өзіне де байланысты екенін жан-тәнімен сезініп, жауапты қадамға лайықты дайындық жасағаны жөн. Яғни,

жас жұбайлардың екеуі де неге қадам жасап жатқандарын, оның жауапкершілік аманатымен қоса не нәрсе жүктерін толық сезінгені дұрыс.

Екіншіден, олар жыныстық қатынасты ұрпақ көбейтуге, зинадан аулақ, нәпсіқұмарлықтан ада болуға ықпал ететін іс ретінде қабылдағаны игі. Халқымызда: «Екі жақсы қосылса, ай мен күндей жарасар, екі жаман қосылса, ырылдасып айрылысар», - деген дана сөз бар. Отбасы беріктігі ерлі-зайыптылардың бір-біріне керектігін жандүниесімен сезініп, қашанда бір-біріне мейіріммен қарауы арқылы нығаяды. Күнделікті қарапайым тіршілікте әйелі дайындаған тамағының дәмді екендігін күйеуінің аузынан естіп, риза болғысы келсе, күйеуі отбасына қажетті бір шаруаны тындырып қайтқаны үшін жұбайының жылы лебізін тыңдағысы келеді. Немесе, жұмыстан шаршап үйге қайтқанында әйелінің балаларына: «Әкеңе көрпе сал, жастық әкеліп бер, дем алсын, мазасын алмаңдар», - деген тәрізді ыстық ықыласын күтеді. Мұның бәрі ұсақ-түйек сияқты көрінгенімен, жұптық жарасымды гүлдендіретін мінез-құлық, жауапкершілік, сыйластық [2].

Өмірде көріп жүрген бір жағдай, көптеген әйелдер күйеулерін «Отбасы өміріне жауапсыз қарайды. Бала-шағасын бағуды ойламайды. Жұрттың еркегі болса үйді де алып, автокөлікті де мініп, ата-анасына сыйлық та жасап, қолынан келген бар тірлігін жасап жатыр. Біздің күйеуіміз ұйқыдан бас көтермейді, ішетіні арақ, сыра», - деп зар жылайды. Бұл рас. Өмірде мұндай еркектер аз емес. Қазір біраз еркек ұсақталып кетті. Ішінде отбасыға масыл болып отырғандары да көп. Алайда жас келіншектердің есінде болғай, еркектер әйелдерге қарағанда отбасын асыраушы, әке болу парызын өтеуге бірден қалыптасып кете алмайды. Олар бойдақ кезінде бірге жүрген үйленбеген жолдастарынан да қол үзіп кете алмай, кейде оларға қосылып та кетеді. Сол себепті әйел бастапқы кезде күйеуіне үйіп-төгіп, көп талап қоя бермеуге тиісті. Кейде еркектің отбасы үшін жауапкершілік танытпауы, яғни, жауапсыздығы әйелінің отбасы үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, бәрін де өзі билеп-төстеуінен де болады. Иә, отбасындағы кез-келген мәселені шешуге әйелінің белсенді түрде араласып, үстемдікті өз қолына алуы күйеуін отбасы жауапкершілігінде енжарлыққа, бейтараптылыққа әкеліп соқтырады. Еркек отбасы үшін ең басты жауапты жан екенін ұмытады. Және де отбасында жалғыз ұл болып еркелеп, есейгенше шешесінің етегіне оратылып жүрген, өмірі еш нәрсеге араласпай өскен еркек те отбасы үшін өзінің жауапкершілігін бастапқыда толық сезінбейді, үйленген соң отбасын қаржымен, тамақ, киім-кешекпен, баспанамен қамтамасыз ету қажеттілігін түсінсе, уайымға батады, тіпті өнбойын қорқыныш сезімі де билейді. Ал мұндай еркектен жанұяға жақсылық күту қиын. Сол себепті күйеуі осындай жан болып шықса, әйелі оған түсіністікпен қарап, үмітін үзбей, оның отбасы жауапкершілігін жете сезінуіне, отбасы үшін өмір сүріп, еңбек етуіне түсіністікпен жәрдемдескені жөн. Отбасы жауапкершілігінде бала тәрбиесі басты орын алады. Қазақ отбасында ер бала әкеге тартып оқ жонады, қыз

бала шешеге тартып тон пішеді. Әр отбасының бастаушы адамы тәрбие жұмысының тізгінін өзі ұстап, өзіне бағынуға тиісті әр адамға өнегелі үлгілер көрсетіп отырады, оларды жақсылыққа бастайды. Бұл шара – үйшілік дәстүрлі тәлім салты саналады. Әлеуметтік әрекеттерге әр адамның саналы түрде араласуына бағыт сілтейді. Үйшілік дәстүрге бала-шағаны қалай басқару, жақсылыққа қалай баулу, нендей жайларға зейін қою керектігі, айналасындағы адамдармен қалай қарым-қатынас жасау мәселелері жатады. Жату-тұру, киіну, тамақ жеу, адамдармен сөйлесу, әрқилы мерекелер мен ойын-сауыққа бару секілді істердің барлығы үйшілік тәрбиенің жосындары. Ата-баба аруағына сиыну да, үйшінің абыройын қорғау да сөзсіз орындалатын шарттар. Бұл – үйшіндегілердің жүрегіне сіңіріп, көңіліне тоқып алуға тиіс ережелері». Ал осынау отбасылық дәстүрлі тәлім-тәрбиенің жемісті жүзеге асырылуы ата-аналардың, яғни ерлі-зайыптылардың отбасылық жауапкершілікті қалай сезініп, қалай атқаратынына тығыз байланысты. Жұптық жарасымға жету жолдары Отбасындағы жұптық жарасым – бақытты болудың басты тірегі. Ол үшін ерлі-зайыптылардың үнемі есте сақтайтын қағидалары, бұлжытпай орындайтын міндеттері, басшылыққа алатын ақыл-кеңестері бар. Мінез-құлық ерекшеліктері мен сезімдер тұрақтылығының мұқият есепке алынуы ойдағыдай отбасы құрудың шарты болып табылады. Өз мінезін білу, болашақ жар мінезінің ерекшеліктерін түсіну, ұстамдылық көп жағдайда отбасында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға мүмкіндік туғызып отырады. Ерлі-зайыптылардың бір-бірінің іс-әрекеттеріне баға беруде төзімді әрі әділ болуы аса маңызды. Бір-бірінің жан-дүниесін түсіне білу, кешіріммен қарау қасиеттері де отбасында маңызды сипатқа ие.

Қазақтардың халық педагогикасында болашақ отбасын дайындауда бай тәжірибе жинақталған. Оны қазіргі заман талабына сәйкес күнделікті тыныс-тіршілікте пайдалану қазақ халқының рухани-адамгершілік әлеуетін байыта түсуге өлшеусіз үлес қосары сөзсіз.

Біздің пікірімізше, қазіргі арнайы әдебиетте отбасылық өмірге дайындықтың әлеуметтік ізгіліктік аспектісіне басты көңіл аударылады, ал бұрын бұл ұғым көбіне физиологиялық тұрғыдан ашылған еді: жыныстық тәрбие мәселелері, ұлдар мен қыздардың гигиенасы және т.б.

Сонымен, біз аталмыш дайындықтың басты компоненттері (құрамдас бөлшектері) келесідей деп есептейміз:

- ізгілікті-психологиялық компонент (отбасы өмірінің психологиясын білу, отбасында жайлы психологиялық климат жасай білу, өзіне, отбасы мүшелеріне моральдық-ізгіліктілік талаптар қою, басқа адамдармен достық қарым-қатынас жасау);

- әлеуметтік компонент (отбасылық қарым-қатынасты құру және оны сақтау қажеттігінің мәнін білу, жұбайының ұлттық тілін, оның халқының салттары мен дәстүрлерін қадірлеу, қазіргі отбасының қоғамдық талаптарын отбасының әрбір мүшесінің мүддесімен үйлестіре білу);

- шаруашылық-тұрмыстық компонент (бірлескен өмірдің мәдениетін білу, шаруашылықты жүргізе білу, үйдегі міндеттерді бөлісе білу, отбасының барлық мүшелері үшін жайлы жағдай тудыру жөнінде өзіне талап қою);

- физиологиялық компонент (жұбайының сексуалдық-эротикалық қажеттерін білу, бір-бірінің сексуалдық мәдениетін тәрбиелей білу, жұбайлар өмірінде махаббаттың, бір-бірін қадірлеудің, адалдықтың маңыздылығын түсіну);

- педагогикалық компонент (педагогикалық мәдениетті меңгеру, балаларды тәрбиелей білу, барлық жастағы отбасы мүшелерімен араласа білу, қазіргі педагогикалық көзқарастарды білу, отбасылық тәрбиенің әдістерін, тәсілдерін білу, балаларға отбасы педагогикалық процесінің субъектілері ретінде қарай білу);

- сауықтыру - бос уақыт өткізу компоненті (отбасы мүшелерінің мәдени өмір салтын ұстану қажеттігін тәрбиелеу, отбасының бос уақытын өткізуді ұйымдастыра білу, өткізе білу, қазіргі сауықтыру бағдарламаларын білу, отбасы мүшелерін дамыту мақсатымен олардың бос уақытын өткізгенде қажеттері мен мүдделерін үйлестіре білу);

- экономикалық компонент (отбасының экономикалық жағдайын білу, экономикалық қарапайым білімін білу, отбасылық бюджетте қаражатты бөле білу, отбасылық бухгалтерияны жүргізе білу, отбасы мүшелерінің материалдық қажеттерін білу және тәрбиелеу, өзінде тұтынушы мәдениетін тәрбиелей білу).

Неке – отбасы қатынастарына дайындық дегеніміз – күрделі, ұзақ көп қырлы процесс. Қазіргі күні отбасылық өмірге дайындауды ұйымдастырудың түрлі нысандары бар: оқушыларға арналған «Әдеп» курсы, отбасы университеттері, жас жұбайлар клубы, лекция циклдері, факультативтер, таныстыру қызметі және т.б., олар неке - отбасы қатынастарының қазіргі практикасына бағытталмаған. Себебі, жастардың көпшілігі жоғары оқу орындарында білім алатындықтан, отбасын құруға дайындық кәсіби білімнің құрамдас бөлігіне айналуы керек. Отбасын құру жөніндегі студенттермен жүргізілетін жұмыс әлеуметтік педагог пен әлеуметтік жұмыскердің қызмет саласы болып табылады, ол жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық процесі

жағдайында студенттермен қолайлы нысандар мен әдістерді таба білуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Айтмамбетова Б., Бейсенова А.* Тәрбиенің жалпы әдістері. – А.: Мектеп, 1991. – 55 б.
2. *Қарсыбаев Б.* Отбасылық өмірге даярлау //Қазақстан мектебі. -2009. -№1. - 62-65-б.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о семье, о подготовке казахской молодежи к семейной жизни. Определяются психолого-педагогические особенности подготовки молодежи к семейной жизни. Предлагаются условия подготовки молодежи к семейной жизни.

(Мусабекова Г.Т., Есмурзаев Н. Психолого-педагогические особенности подготовки казахской молодежи к семейной жизни)

SUMMARY

It is a question of a family, of preparation of the Kazakh youth for family life. Psikhologo-pedagogical features of preparation of youth to amily life are defined. Conditions of preparation of youth to family life are offered.

(Musabekova G.T., Esmurzaev N. Psicho-Pedagogical Features of Preparation of the Kazakh Youth to Family Life)

УДК 372 358 045

М.Ж.ЖУМАБАЕВ

доктор физико-математических наук,
профессор МКТУ им. Х.А.Ясави

Г.Е.СЫРБАЕВА

менеджер МКТУ им. Х.А.Ясави

ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ГЕОГРАФИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье рассматриваются проблемы использования информационно-коммуникативной технологии в географическом образовании. Развитие инновационной педагогической технологии приводит к необходимости частичной замены традиционных средств обучения новыми компьютерными технологиями. Отмечено, что применение компьютерной технологии активизирует все виды учебной деятельности. При этом информационно-коммуникативная технология способствует реализации дидактических принципов организации учебного процесса и может повысить эффективность образовательного процесса.

Ключевые слова: компьютер, технология, коммуникативность, информация, педагогическая технология, процесс обучения, традиционная методика, информационно-коммуникативная технология, география.

Использование компьютерной технологии, применение мультимедии и др. технических средств обучения являются основными направлениями модернизации системы географического образования. Применение в обучении компьютера в сочетании аудиовизуальными средствами называются «информационной технологией в образованиях». Применение информационных компьютерных технологий на уроках географии не только облегчает усвоение нового материала, но и представляет новые возможности для развития творческих способностей, повышает мотивацию, развивает мышление и творческие способности, формирует активную жизненную позицию студентов [1-3].

Педагогическая технология отражает тактику реализации образовательных технологий. Образовательные технологии включают себе следующие принципы: принцип согласованности; принцип полноты; принцип целевого единства; принцип всеобщей профессиональной ориентации; принцип предметной содержательной согласованности; принцип единства теории и практики [4]. Педагогические технологии - это исследование не только в сфере использования технических средств обучения или компьютеров, но и исследования с целью выявить принципы и разработать приемы оптимизации образовательного процесса путем анализа факторов, повышающих


образовательную эффективность. На сегодняшний день, во всем мире широкое развитие получили информационно-коммуникативные технологии. При использовании информационно-коммуникативной технологии необходимо стремиться к реализации всех потенциалов личности-познавательного, морально-нравственного, творческого, коммуникативного и эстетического и др. качеств. Чтобы эти потенциалы были реализованы на достаточно высоком уровне, необходимо педагогическая компетентность в области информационной технологии. Предметом и результатом информационной технологии является - информация, а инструментом труда- компьютер [5-7].

Развитие информационно-коммуникативной технологии позволяет частичную замену традиционных средств обучения новыми компьютерными технологиями. Использование интернета, различных компьютерных программ позволяют получить разнообразную текстовую, внетекстовую визуальную, звуковую и динамическую информацию. Мультимедийные технологии позволяют объединить различные формы представления географической информации, и не только позволяют выстраивать материалы в виде линейной последовательности, но и дает возможность создавать нелинейного перемещения между частями материалов. Применение компьютеров в географическом образовании дает следующие преимущества: 1) экономия времени; 2) оперативность информации; 3) возможность автоматизированной проверки знаний. В настоящее время существуют мультимедийные учебники; мультимедийные энциклопедии; мультимедийные атласы и географические карты; мультимедийные обучающие игры. Интернет дает неограниченную возможность получить качественно новые географические информации, которые могут использовать как и преподаватели, так и обучающиеся. Материалов по географии в сети интернета достаточно много. Их можно разделить на несколько групп: наглядные ресурсы; справочная информация; web-атласы; авторские публикации; издания учебных пособий; нормативные документы образования; периодические педагогические издания; игры; дистанционное обучение; сетевые проекты, методические разработки и т.д.

География один из предметов, в которой использование компьютерной технологии может активизировать все виды учебной деятельности: 1) Изучение нового материала; при этом на мониторах компьютеров или на специальных экранах можно получить высококачественные иллюстрации, имитации; 2) Подготовка и проверка домашнего задания; 3) Самостоятельная работа. Здесь выполняются индивидуальные задания на компьютере; 4) Внеклассная работа; 5) Творческая работа. При этом создают собственные интернет-сайты, разрабатывают мультимедийные уроки.

В педагогической литературе существуют следующие подходы в определении технологии: 1) технология определяется как дидактическая концепция, часть педагогической науки; 2) как педагогический процесс; 3) как процедура алгоритм деятельности преподавателя и учащихся; 4) как педагогическая система [8,9]. Процесс формирования педагогической технологии можно представить в виде следующей схемы: Научное познание педагогической

действительности → законы, закономерности как объективные связи → педагогическая технология. Использование педагогической технологии предполагает построение учебного процесса в следующей схеме:



Технологизация педагогического процесса - это тенденция его развития, которая направлена на повышение эффективности образовательного процесса. С развитием педагогических технологий возникает проблема определения того, в чем отличие от традиционной методики. Технологию можно понимать как определенный способ обучения, в котором основную нагрузку по реализации функций обучения выполняют средства обучения под управлением преподавателя. При этом преимущество отводится средству обучения, а преподаватель выполняет функции стимулирования, организации и координации деятельности учащихся. Любая педагогическая технология должна удовлетворять критерии технологичности: концептуальность, системность, управляемость, эффективность, воспроизводимость [8,9].

В настоящее время процесс обучения немислиб без широкого применения информационно-коммуникативных технологий, в том числе, компьютерных технологий. Использование компьютерных технологий повышает положительную мотивацию учащихся к учению, активизирует познавательную деятельность, развивает мышление и творческие способности учеников, формирует активную жизненную позицию.

Компьютер является универсальным средством обработки, хранения и предоставления информации. С помощью интернета можно найти большое количество информации с географическим содержанием. Поэтому, имеем возможность их применять в учебном процессе с помощью компьютеров. Информационная технология обучения, основанная на применении современной передовой техники-компьютера, демонстрационных комплексов, позволяет решать по-новому многие педагогические задачи. Наиболее распространенным методом применения компьютера в учебных целях является использование мультимедийных образовательных программ, позволяющих в сконцентрированной форме изучать и повторять материал по теме в темпе, который ученик (студент) подбирает сам. Урок можно проводить в разнообразных формах. Например, с помощью интерактивных досок можно демонстрировать различные явления природы, образование облаков, выпадение

осадков и т.д. Компьютерные анимации позволяют наглядно и в динамике рассматривать многие географические объекты и явления. При совместном использовании компьютера и проектора можно получить необходимые изображения в цветной форме, которые нужны во время проведения уроков. Мультимедийные программы позволяют улучшить восприятие изучаемого материала.

Кабинет географии должен быть оборудован аудио-визуальными интерактивными средствами обучения для иллюстрации учебного материала, которые повышают наглядность обучения. С помощью интернета можно находить нужные материалы для расширения возможностей обучения географии. Использование компьютера позволяет построить графики, диаграммы, которые можно использовать в процессе прохождения уроков географии. В географии заложены огромные возможности применения компьютерной технологии. На факультете «Естествознания» есть компьютерные классы и лаборатории, интерактивные доски и множество технических средств обучения. Кабинет географии Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясауи оснащен новыми компьютерами последнего поколения, интерактивной доской и аудио-видео техникой, которые позволяют организовать занятия на высоком научно-методическом уровне. На кафедре географии, преподавателями разработаны многие учебно-методические материалы по экономической и физической географии. Преподаватели при проведении занятий используют новые педагогические технологии.

Развитые страны мира осознали необходимость реформирования своих систем образования с тем, чтобы обучающиеся (ученик, студент) действительно стали центральной фигурой учебного процесса, и при этом познавательная деятельность обучающихся находится в центре внимания педагогов-исследователей, разработчиков программ образовательных средств обучения.

Информационно-коммуникативная технология – это обобщенное название технологии, отвечающих за хранение, передачу, обработку, защиту и воспроизведение информации с использованием компьютера. Любая педагогическая технология – это информационная технология, так как основу технологического процесса обучения составляет получение и преобразование информации.

Использование информационно-коммуникативной технологии позволяет: эффективно организовать процесс обучения; расширять информационные потоки при использовании интернет; интегрировать обычный урок с компьютером; лучше оценить способность и знание обучающихся; применить тесты на уроках и объективно, быстро оценить усвоение изучаемого материала; выбрать уровни трудностей задания для конкретного обучающегося; быстро организовать прямые и обратные связи с обучающимися; быстрая организация проверки домашнего задания, фронтального опроса, подготовить обучающихся к активному и сознательному усвоению материала, объяснения и закрепления материала, промежуточного и итогового контроля, освоения обучающимися современных информационных технологий.

Информационно-коммуникативные технологии могут существенно повысить эффективность образовательного процесса. Развитие общества диктует необходимость использования информационно-коммуникативных технологий в образовательной системе, и это значит, что современный преподаватель должен использовать информационно-коммуникативные технологии в своей деятельности.

Использование информационных технологий обучения способствует реализации известных дидактических принципов организации учебного процесса, наполняет деятельность преподавателя принципиально новыми содержаниями. Компьютер, как и другие информационные носители, должен выполнять вспомогательные функции, должен помочь педагогу. Таким образом, при преподавании географии целесообразно совмещать современные информационно-коммуникативные технологии с традиционными методами и формами обучения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Красильникова В.А. Информационные и коммуникационные технологии в образовании. – М.: ООО "Дом педагогики", 2006. – 231 с.
2. Семенова Н.Г., Вакулюк В.М. Информационные и коммуникационные технологии в профессиональном образовании. //Современные проблемы науки и образования. – 2006, №6. – 97-99 с.
3. Зюзгин А.В. Информационно-коммуникационные технологии в преподавании и изучении естественно-научных дисциплин. – Пермь: ПГУ, 2007. – 289 с.
4. Буланова-Топоркова М.Б., Духавнева А.В., Кукушин В.С., Сучков Г.В. Педагогические технологии. – Ростов-на-Дону: МарТ, 2002. – 320 с.
5. Полат Е.С., Бухаркина Ю.Ю. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: АСАДЕМА, 2001. – 269 с.
6. Баранов А.С., Сулова В.Г., Шейнис А.И. Компьютерные технологии в школьной географии. – М.: "Генжер", 2004. – 80 с.
7. Таможняя Е.А. Компьютерные технологии: возможности использования. //География в школе, 2004, №4. – С. 46-50.
8. Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе. – М.: ЮНИТИ, 2002. – 437 с.
9. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное Образование, 1998. – 130 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ақпараттық-коммуникативтік технологияның географияны оқытудағы пайдалану мәселелері қарастырылған.

(Жұмабаев М.Ж., Сырбаева Г.Е. Географиялық білім берудегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялар)

SUMMARY

This article deals with the problems of use of information and communicative technology in geography education. **(Zhumabayev M.Zh., Syrbayeva G.E Information and communicative technologies in geographical education)**

ӘОЖ 372. 878

А.А.БАЛАБЕКОВА
ОҚМПИ-ның оқытушысы

С.Н.КЕНЕНБАЕВ
ОҚМПИ-ның оқытушысы

СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Сынып жетекшісі – ұрпақ тәрбиелеп өсіретін жалпы қоғам сенген адам. Оны баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы деп айтуға болады. Заман ағымына қарай сынып жетекшісінің де тәрбие жұмысының мазмұны мен мәні өзгеріп, жаңарып, жаңа сипат алып отыратындығын естен шығармағанымыз абзал. Мұның өзі қоғамның үздіксіз дамуынан, ғылым мен техниканың өркендеуінен туындап отырған нәрсе.

Сынып жетекшісінің сөйлеу мәдениеті жоғары, білімі терең болуы тиіс. Толассыз ізденіш, сезімтал, байқағыш сынып жетекшісі ғана бала жүрегіне жол таба біледі. Ол өз мамандығын, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйі тиіс.

Кез-келген қиын жағдайда сынып жетекшісі ата-анамен тіл табысып, жақсы қарым-қатынас орнатуға міндетті. Ата-ананы сыйлап, өзара түсінушілік болғанда ғана алға қойған мақсат орындалады.

Кілт сөздері: сынып жетекшісі, мектеп құрылымы, сынып жетекшісінің ережесі, қиын бала, педагогикалық технология.

Мектеп өмірінде мұғалім – басты тұлға. Мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді. Ол белгілі бір сыныпта оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы әрі ұстазы, ақылшы-кеңесшісі болып саналады. Сондықтан да ол қиын да жауапты іс. Соған қарамастан мұғалімдердің кейбіреуі бұл міндетті өздерінің білім беру қызметіне қосымша іс ретінде қараса, ал басқалары оны негізгі педагогикалық әрекеті ретінде қарастырады. Дегенмен, сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі қаншалықты қиын болғанмен де, әрине ол басқаларға өте қажет. Себебі, мектеп құрылымындағы ең негізгі буын ол – сынып.

Сыныпты тұңғыш рет қабылдай отырып, оның жетекшісі оқушыларға жақсы тәрбие беру міндеттерін қоғамдық мақсатқа сай жүргізуде жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады, соның барысында ол деректер жинайды. Онда оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне, жалпы дайындық дәрежесіне маңыз бере отыра, сыныптағы оқушылар құрамын

мұқият танып біледі. Сонымен бірге сыныпта оқушыларды орналастырып отырғызу, олардың бойы мен көзінің көру дәрежесін, құлағының есту қабілетін, тәртіптілігі мен достық байланыстарын, мінез-құлықтарын, темпераментінің негізгі ерекшеліктерін, ұйымшылдығы мен белсенділігін, мәдениеттілігін, сыныптағы саяси-моральдық жағдайдың сипатын, т.б. мәселелерді анықтайды. Оның нәтижесі оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруда берері мол.

Қазіргі мектепте сынып жетекшісі 1-11 сыныптарға тағайындалады. Ол сынып оқушыларының тәрбие жұмысын ұйымдастырушы болып табылады. Оған негізінен мынадай екі түрлі басты міндет жүктеледі.

1. Сыныпта оқушылармен бүкіл тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жүргізіп, оған бағыт беріп отыру.

2. Мектеп пен отбасының байланысын жасау.

Сынып жетекшісінің жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі. Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын [1].

Сынып жетекшісі өз сабақтарында және басқа сабақтарға қатысып, сынып жиналыстарында, сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға зер сала бақылау арқылы, оқушылардың өзімен және оның жолдастарымен, ата-аналарымен әңгімелесу арқылы жеке оқушылар жайлы неғұрлым толық мағлұмат алады.

Сынып журналы арқылы жеке оқушының үлгерімі, сабаққа қатынасы, тіпті отбасы туралы да білуге болады.

Сынып жетекшілерінің мектеп дәрігерлерімен байланыс жасап отыруының зор маңызы бар, өйткені тәртіпсіздік, оқу үлгермеушіліктің себебі денсаулығына байланысты болуы да мүмкін.

Сынып жетекшісі өзінің сыныппен жүргізетін жұмысын алдын-ала ойластырады. Сол ойластырған жұмыстарын «сынып жетекшісінің ережесі» атты құжатты басшылыққа ала отырып жоспар жасайды.

Сынып жетекшісінің жұмыс жоспарын жасау үшін талап етілетін қатаң нұсқаулар қойылмайды. Жоспар бүгінгі таңда жүргізілген жұмысқа алдын-ала бағдар, сыныпта атқарылатын істің бағдары ретінде де қарастырылады. Жоспарда істелетін жұмыстардың айқын мақсаты, нақты шаралар белгіленуі қажет. Жоспар бір тоқсанға немесе жарты жылға арнап жасалады. Оның кіріспесі сынып сипаттама берілуден басталады. Оқушылардың жалпы саны, үздік оқушылар, 4 пен 5-ке оқитындардың аты-жөні аталуы мүмкін. Сабаққа үлгермейтіндердің аты-жөні келтіріліп, саны және қай пәннен үлгермейтіні жазылады, тәртібі нашарлардың аты-жөні аталады. Одан кейін белсенділердің мінездемесі берілуі мүмкін. Одан соң оқушылардың алдында тұрған жұмыстар арнайы бөлініп көрсетіледі. Онда жетістік-кемшілік, көңіл бөлінетін ерекше жұмыстарға айрықша назар аударылады. Сабаққа қатынасу, жауапты қарау, оның ішінде кімге ерекше көңіл аудару көрсетіледі. Одан әрі

оқушылардың өзара көмегін ұйымдастыру және оған бақылау жасаудың түрлері: пәндік мұғалімдерді қосымша сабақ беруге тарту (қазір бұл бұрынғыдай емес, ерекше күрделі мәселе болып табылады, бұл нарықтық экономика заңдылығына бағындырылады). сабақтарға қатысу (әсіресе оқушылар нашар үлгеретін пәндерге), оқушылардың үйге берген тапсырмаларын тексерудің жолдары, оқушыларды пәндік үйірмеге тарту, оқушылармен үлгерім туралы әңгімені де көрсетеді, оқушылармен жеке-жеке жүргізілетін жұмыстарда көрсетіледі [2].

Сынып жетекшісінің жұмысындағы ең бір мәселе «қиын» бала мәселесі. Педагогика тарихында «қиын» бала ұғымы ХХ ғасырда кеңінен тарала бастады.

«Қиын» бала мәселесі Б.А.Чманов, Ә.Ж.Жұмабаев, В.В.Трифонов, Л.К.Керімов сынды бірқатар қазақстандық ғалымдардың да ғылыми зерттеулерінің тақырыбына айналды. Аталған ғалымдар осы топтағы балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін, жүріс-тұрысындағы жат қылықтарды зерттеп, оларды қайта тәрбиелеу жолдарын көрсетті. Мәселен, Ә.Жұмабаев мектептің «қиын» оқушылармен жұмыс жүгізу жүйесін жасады, В.Трифонов болашақ мұғалімдерді «қиын» оқушылармен жұмыс жасай білуге дайындау мәселесін көтерді, ал Л.К.Керімов «қиын» балаларды жеке және топтап қайта тәрбиелеу бағдарламасын ұсынды. Бұл ғалымдардың пайда болуының бірнеше себептерін ашып көрсеткен.

Біріншіден, отбасында тәрбие ісіне жеткілікті көңіл бөлінбеуден, яғни тұрмыстағы дау-жанжал, ата-аналарының маскүнемдікке салынуы немесе олардың біреуінің болмауы кері ықпал жасайды. Осы орайда ғалым-педагог В.В.Трифонов тәрбиесі нашар балалардың пайда болуына қоршаған шағын ортасы, отбасындағы тәрбиесі ықпал ететіндігін атап көрсете отырып, өзі жүргізген зерттеу жұмыстарының барысында қиын балалардың 44%-да толық отбасы болмағанын, 30%-да жақын туыстарының біреуі (әкесі, шешесі немесе ағасы) заң алдында жауапқа тартылғандар, ал 15%-да әке-шешесінің біреуі ішімдікке салынғанын анықтаған. Бұдан шығатын қорытынды, қиын балалардың пайда болуының негізгі себебі – отбасы тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмауы. Сонымен бірге, В.Трифонов қиын оқушының пайда болуының физиологиялық, психосоматикалық негіздері бар екендігін де ескертеді.

Екіншіден, мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, мектеп әкімшілігінің тарапынан жекелеген оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, талап-тілектерін, қызығушылықтарын ескермеуден туындайды. Сондай-ақ, мектеп пен отбасының арасындағы байланыстың дұрыс жолға қойылмауы да әсер етеді.

Үшіншіден, бұқара халықтың, қоғамдық ұйымдардың тәрбие ісіне немқұрайлы қарауы, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға көңіл бөлінбеуден туындайды.

Қиын оқушылармен әңгіме жүргізу барысында сынып жетекшісі міндетті

түрде олардың жас және дербес ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Жалпы халық педагогикасының тәрбие тәсілдерін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану арқылы қиын балаларды адамгершілікке баулудың мүмкіндіктері мол.

Сыныптағы бас тәрбиеші ретінде сыныпта сабақ беретін мұғалімдер ұжымының оқушылардың сабақтарының сапалы өзгеруіне және дұрыс тәрбие алуына, ата-аналарының бала өмірін дұрыс ұйымдастырылуына, сабақ оқуларына дұрыс жағдай жасап, бақылау, басшылық жасауды жетекші ұйымдастырып басшылық жасайды.

Балаға үйінде қандай ықпал жасалатынын, қате болса, дер кезінде көмек көрсету, тіпті балаға қорған бола білуі де қажет.

Ол ата-аналарды күн тәртібі, сабақ дайындау, үй шаруасына араласу, балаға мектеп тарапынан қойылатын талаптармен таныстырады. Ол мектеп пен ата-ана тарапынан талаптың балаға бірдейлігін қамтамасыз етуді қояды.

Нарықтық экономикаға көшу барысында, өтпелі кезең деп аталатын уақыттың ауыртпалығынан қалай шығу жолдарын, жаңа қатынасқа байланысты білімді өмірмен нақты ұштастыру жолдарын, үнемі баланың да ата-ананың да есіне салып отырады. Қоғамның бүгінгі күн талабына сай, ендігі жерде, адам тұрмысы әркімнің қабілеті мен өмірге деген икемділігіне, еңбегіне, оны ұйымдастыра білу қабілетіне байланысты, отбасы ынтымақтығы мен еңбек сүйгіштігіне, ата-ананың үлгі-өнегесіне байланысты екенін естен шығармау керек [3].

Қиын бала мәселесіне байланысты теориялық кеңестің іс-жүзіндегі нәтижесіне назар аударайық:

Психологиялық дамуының бұзылуы себептері мен салдарлары және белгілері. Мысалы: 9-сыныпты бітіретін бір оқушыны алып зерттеп көрсек.

Әлеуметтік фактор. Қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік дағдарыстардың әсерінен ауылдан қалаға жұмыс іздеп және әйелінің денсаулығына байланысты жанұясын асырау мақсатында келген отбасы. Отбасында үш бала бар. Мамандығы жоқ, әртүрлі жалдамалы жұмыстар істеу арқылы күнделікті күнкөрісін жасап отырған әкенің бала тәрбиесіне қарауға мүмкіншілігі жоқ, материалдық жағдайы төмен.

Географиялық фактор Бірінші қауіпті экологиялық аймақта ұзақ уақыт өмір сүрген. Жергілікті экологияның әсерінен аналарының денсаулығы өте нашар, бірнеше дәрігерлік тіркеуде тұрады. Қалаға көшіп келудегі бірден-бір себеп – жергілікті экологияның әсерінен ана денсаулығының нашарлауы.

Биологиялық фактор Анасының баласына жүкті кезінде денсаулығы дұрыс болмағандықтан, бала туғаннан жұқпалы аурумен жиі ауырады. Соның салдарынан жүйкесі бұзылған. Ықылас қою, есте сақтау, қабылдау қарқыны кешеуілдеп дамыған. Сылбыр, баяу қозғалады. Өз қатарластарымен салыстырғанда бойы ұзын, кеудесі қысқа және мөлшерден тыс қолы ұзын, еңкейдеп жүреді. Невропатологта тіркеуде тұрады.

Үйшілік фактор Жанұяда бала тәрбиесіне араласпаушылықтың әсерінен үйден безіп, көше кезіп сыртқы ортаның жағымсыз ықпалына түсіп, жазықсыз қылмысқа іліккен. Баланың мұндай жағдайынан ата-анасы бейхабар.

Жүргізілген диагностикалық зерттеу жұмысы. Дәрігермен жүргізілген жұмыстар:

1. Медициналық анықтамамен танысу.
2. Психо-терапия әдістерімен танысу.
3. Дәрі-дәрмекпен емделуін, уақытында дәрігерлік тексеруден өтіп отыруын ата-анасына қадағалату.

Психологпен жүргізілген жұмыстар:

1. Оқушымен жеке әңгіме өткізу.
2. Даму ерекшеліктерін анықтау.
3. Ата-анасына бағыт беру, кеңес беру.

Заң орындарымен жүргізілген жұмыстар:

1. Инспекторлық тіркеу, бақылауға алу.
2. Конференцияларға, дәрістерге қатыстыру.
3. Ата-анасымен кездесіп, әңгіме өткізу.

Ата-анасымен жүргізілген жұмыстар:

1. Отбасының материалдық жағдайымен танысу.
2. Әртүрлі тақырыптарда сауалнамалар алу.
3. Ата-анамен үнемі тығыз байланыста болып, ақыл-кеңестер беру:

- ұстамды, сабырлы сөйлесу;
- қол жеткен табыстары үшін мадақтау;
- үйде қатаң күн тәртібін орнату;
- балаға шектен тыс тыйым салмау, т.б.

Оқушымен жүргізілген жұмыстар:

1. Балаға ілтипатпен қарап, оның жағымды қасиеттерін ашуға тырысу.
2. Сынып ұжымынан бөлектемей, іс-шараларға қатыстыру, қоғамдық тапсырма беру.
3. Сабаққа қатысуын жүйелі бақылау.
4. Бос уақытын үнемді пайдалануға дағдыландыру.
5. Оқушының даму ерекшеліктерін үнемі бақылап, диагностикалық зерттеу жүргізу.
6. Сауалнамалар, тест әдістерін пайдалану.

Нәтижесінде

- өзара түсінік пайда болды;
- сабақтан қалмайды;
- мінез-құлқында оңалу байқалды;
- бақылауға көне бастады;
- ақыл-кеңестерді тыңдайтын дәрежеге жетті;
- ұжымнан бөлінбейтін болды;
- жеке басының жақсы сапалары ашылды;

- жүйкесі сауыға бастады;

- өзіне деген сенімділік пайда болып, оң қадам бастады.

9-сыныпты бітірген соң арнайы кәсіптік колледжге оқуға түсті.

Сынып жетекшісінің іс-әрекетіне нұсқау:

1. Сынып жетекшісі сыныптың оқу-тәрбие үрдісін басқарады.

2. Өз сыныбы оқушыларының тұлғалық, психологиялық ерекшелігін зерттеп, психо-педагогикалық жас ерекшелігін білу керек.

3. Әр оқушының потенциалдық қабілетін ашып, интеллектісінің дұрыс дамып-жетілуіне жағдай жасау.

4. Сыныптың белсенді мүшелері өз бетімен жұмыс жасауға қалыптастырады.

5. Сыныптың оқушыларының тәртібін, мінез-құлқын, оқу-үлгерімін, сабаққа қатысуын қатаң бақылайды.

6. Сырқаттанған, көп сабақты бос жіберген оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастырады.

7. Мектептің құжаттарын уақытында дұрыс дайындап, керекті мәліметтерді оқу-ісінің меңгерушісіне өткізеді.

8. Ата-аналарымен ынтымақтастықта байланыс жасап, баласының білім деңгейін, емтиханын, т.б. мәліметтерді уақытында хабарлайды.

9. Демалыс кезінде оқушылардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырады.

10. Сыныптың кезекшілігін, мектептің ауласының, сынып бөлмесінің тазалық жұмыстарының атқарылуын басқарады.

11. Пән мұғалімдерімен тығыз байланыс жасап, сыныптың психологиялық жағдайына талдау жасайды.

12. Өз сыныбына психо-педагогикалық конселиум өткізеді.

13. Сыныптың оқушыларымен мектептің іс-әрекетіне қатысады.

14. Заңды түрде сыныптың жетекшісі баланың өмірі мен денсаулығына, біліміне жауап береді [4].

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде мектепте сынып жетекшілерінің оқушыларды тәрбиелеуде біршама қиындықтары кездеседі. Қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты, оқушылардың бір-біріне деген достық қарым-қатынастары өзгеріп, мектеп қабырғасында орын алып жүрген қылмыстық істердің көбейіп бара жатқандығы. Мұның бірден-бір себебі, нарықтық заманға байланысты, ата-аналардың таңертеңнен кешке дейін жұмыста болып, балаларына көп көңіл бөлмеуінде. Қылмыстық істерді болдырмау үшін, өз сыныбының оқушылары жақсы адам болуы үшін, сынып жетекшісі ата-аналармен тығыз байланыста болып, заң орындарының қызметкерлерімен кездесулерді көбірек ұйымдастыруы тиіс.

Сынып жетекшісінің жұмысында кездесетін тағы бір қиындық, оқушылардың жас ерекшеліктерінің өтпелі кезеңінде. Міне, осы сәттерде, сынып жетекшісі оқушыларға көп көңіл бөліп, оларды психологиялық, физиологиялық жағынан тереңірек зерттеп, бос уақыттарында әр түрлі

үйірмелерге баруларын қадағалап, әр оқушымен жеке-жеке әңгімелесуі керек. Жоғарыда көрсетілген алдын алу іс-шараларын қолданса, сынып жетекшісінің оқушыларды тәрбиелеудегі қиындықтары азаяр еді.

Оқытудың жолдары мен әдістерін түбегейлі жаңартуды талап ететін жаңа әлеуметтік жағдайларды түсініп, жаңа педагогикалық технологияны терең меңгерген, яғни жұмысқа жаңашыл бетбұрыс жасаған педагогқа сынып жетекшісі болу қиын емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Әбенбаев С.Ш.* Сынып жетекшісі. – Алматы: Атамұра, 2004. – 4-18 б.
2. *Қоянбаев А.* Педагогика. – Алматы: Мектеп. 1998. - 325 б.
3. *Сейталиев Қ.* Педагогиканың жалпы негіздері. – Алматы: Атамұра, 2009. – 203 б.
4. *Абилова З.* Сыныптан тыс жұмыстардағы эстетикалық тәрбие. – Алматы: Мектеп, 1977. – 198 б.

РЕЗЮМЕ

В статье авторы рассматривают проблемы классных руководителей в воспитании школьников, а также методы работы с трудными детьми.

(Балабекова А.А., Кененбаев С.Н. Проблемы классных руководителей в воспитании школьников)

SUMMARY

In article authors provide research problems about class headers and behavior school pupils, as so methodical works with a difficult children's.

(Balabekova A.A., Kenenbaev S.N. The problems of class teachers in the education of students)

УДК 370.114

С.С.МАЛИКОВА

кандидат педагогических наук, доцент

Государственный институт искусства и культуры Республики Узбекистан

ТРАДИЦИИ, ОБЫЧАИ И ЭТИКА СЕМЬИ

Мы узнаем о народе не по его названию, а по его культуре, через его духовность, вглядываясь в истоки его духовности. Духовное наследие прошлого сохраняется и передается не только в виде памятников, науки и искусства, оно включает в себя разнообразные формы социального управления, нравственным развитием человека, среди которых наиболее значимыми являются обычаи и традиции.

Богатые, уникальные традиции, потеря которых невозможна, нуждаются, в защите и восстановлении.

Источником духовных ценностей для личности является традиционная этика семьи и родственных отношений, основными принципами которой всегда было почитание старших, взаимовыручка, забота о детях. Возрождение ценностей семьи и родственных отношений должно означать не увековечивание отживавших семейно-родовых отношений, а возможность экономического, культурного и профессионального раскрепощения каждой семьи. Сегодня семейные ценности вновь возрождаются вместе с узбекским народом.

Ключевые слова: этика семьи, этикет, иерархия, брак, развод, традиции, обычаи.

Мы узнаем о народе не по его названию, а по его культуре, через его духовность, вглядываясь в истоки его духовности. Духовное наследие прошлого сохраняется и передается не только в виде памятников, науки и искусства, оно включает в себя разнообразные формы социального управления, нравственным развитием человека, среди которых наиболее значимыми являются обычаи и традиции.

Обычаи и традиции узбекского народа – это результат его воспитательных усилий в течение многих веков. Через эту систему наш народ воспроизводит себя, свою духовную культуру, свой характер и психологию. Однако, изучение семейного воспитания в регионах показало, что непонимание сущности национальных обычаев и традиции, оторванность от национальных корней, особенностей народа, его психологии и образа жизни, пренебрежительное отношение к прошлому приводит к отрыву от истоков, рушит связь поколений.

Богатые, уникальные традиции, потеря которых невозможна, нуждаются,

в защите и восстановлении.

Источником духовных ценностей для личности является традиционная этика семьи и родственных отношений, основными принципами которой всегда было почитание старших, взаимовыручка, забота о детях. Возрождение ценностей семьи и родственных отношений должно означать не увековечивание отживавших семейно-родовых отношений, а возможность экономического, культурного и профессионального раскрепощения каждой семьи.

Узбекский писатель Абдулла Кадыри в своих произведениях писал об узбекской семье, о ее гостеприимстве, об этике семьи, родственных отношениях, уважении к старшим, к женщине – Матери. Сегодня семейные ценности вновь возрождаются вместе с узбекским народом.

Господствующей формой современной семьи является малая семья, состоящая из родителей и детей. Однако сыновья после женитьбы стремятся поселиться в близи отцовского дома, чтобы постоянно помогать друг другу и родителям, с которыми остаётся обычно младший сын. Хорошо налаженные широкие родственные связи каждая семья по-прежнему считает своим достоянием и поэтому уделяет большое внимание воспитанию родственных чувств у детей. Сохраняется и традиция жить в тесном общении по месту жительства, вне зависимости от родства. Это традиция превратилась в одну из черт национальной культуры узбеков, их характера и психологии. Поэтому в каждой семье придается большое значение общественному мнению.

Стремление вести себя прилично, как доказано, уходит вглубь тысячелетий истории человечества. Оно существовало до появления письменности, а в дальнейшем зафиксировано в древнейших письменных документах. Это стремление вытекает из условий совместной жизни двух и более людей, и ни одно общество не обходилось без правил и норм человеческого поведения и общения.

Единство культуры нравственного сознания и поведения выражается в «этикете». Этикет помогает формировать гармонично внутренний мир и внешнюю культуру личности. Культура нравственного поведения характеризуется соблюдением личностью общепринятых манер поведения, правил приличия, благопристойности. Единство этих манер и правил мы называем этикетом. Этикет, как мы знаем, имеет свои принципы – это вежливость, тактичность, культурность, а также терпеливость и толерантность в жизненных вопросах.

Многое определяет взятый с самого начала тон повседневных семейных отношений, разговоров, правильный характер в быту.

В семье культура человеческих отношений важнее всего. Семья живыми нитями связывает каждого человека с традициями народа, его нравственным и культурным наследием, с нашими гуманистическими идеалами.

Период «строительства гнезда» – свадьба становится тем рубежом, за

которым начинается для всех трех семей – новобрачных и их родителей – новая жизнь. Самая сложная задача здесь, особенно для невесты, новые формы отношений молодоженов с родителями.

В большой узбекской семье существует строгая иерархия. Отношения в доме строятся на основе безусловного подчинения главе семьи и уважении старших. Женщина в местной семье занимает двойное положение – с одной стороны это мать и жена главы семьи, с другой – подчиненный и мужа и отца его (или матери). Причем дискриминации здесь нет – это вековая традиция, основана на опыте жизни в непростых местных условиях.

Как известно, семья это союз двух людей и их детей, переживает множество этапов развития и переживает различные трудности, некоторые переносят их с достоинством, но некоторые не могут быть терпимы или просто не могут идти на компромиссы и переходят к разводу.

Нужно отметить, что в Средней Азии разводов практически не было, но в современном Узбекистане встречается всё чаще и чаще.

Брак у узбеков заключается издревле лишь по согласию родителей и с выплатой калыма (иногда это был очень большой выкуп) по этой основной причине браки не распадались. Развода не было и из-за определённого сложившегося менталитета. Во-первых, по религии Ислама брак благословенный Аллахом нельзя было разрушать. Во-вторых, для развода должны были быть веские причины, например: даже если жена не могла родить, нельзя было развестись, для решения этой проблемы религия разрешала завести вторую жену.

В Средней Азии очень ответственно относились к браку, нельзя было развестись с женой и оставить ребёнка без отца – это считалось большим грехом.

Единственной причиной для развода у узбеков считалась измена со стороны жены. Но и в этом случае по закону Шариата считалось, чтобы обвинить в измене, для этого нужно было провести серьёзные доводы и обязательным считалось привод четырёх свидетелей, без этого обвинения в измене Шариат считал недействительным. Но если всё же измена происходила и были приведены свидетели, то по закону Шариата мужчина выходя на улицу три раза кричал «талок», что означает в переводе «моя жена свободна и я не муж её» [1].

Ещё одним обрядом сопровождался развод, но он является антигуманным и не все решались на него. А суть его в следующем: при разводе муж отправлял свою жену в одном платье без драгоценностей на арбе в дом отца жены и все прохожие по внешнему виду жены понимали, что муж везёт обратно свою избранницу и любой мужчина мог кинуть камень в женщину, не редко получалось, что жена не доезжала до своего дома и умирала по дороге.

Развод не приветствовался общественностью и старейшины, аксакалы

старались делать всё, чтобы сохранить семью.

И в настоящее время развод в узбекских семьях имеет свои характерные особенности. Это, в первую очередь, может быть связано с такими общественными причинами как:

1. Разведённая женщина по сравнению с мужчиной критикуется намного больше со стороны общественности;

2. После развода положение женщины усугубляется больше чем у мужчины, потому что по узбекским обычаям женщина, которая развелась, покидает дом мужа и отправляется домой к родителям, что усугубляет и там её тяжёлое положение;

3. У женщины после развода шанс на создание другой семьи очень ограничен. Разведённому мужчине не вызывает ощутимо больших проблем жениться на незамужней девушке и создать новую семью;

Женщина, во многих случаях остаётся жертвой развода. В отличие от мужчины возникают проблемы в создании новой семьи, воспитания детей, а также огромную роль играют материальные, моральные, психологические и духовные факторы.

Существуют следующие факторы, влияющие на рост числа разводов в узбекских семьях на сегодняшний день:

- отсутствие детей;
- низкая способность к социальной адаптации и недостаточная приспособляемость;
- плохое понимание партнёра и нетерпимость по отношению и его поведению и потребностям;
- нежелание переносить трудности;
- чрезмерная властность одного из партнёров;
- изменение социального статуса семьи с переходом рыночной экономики;
- изменение экологической обстановки в регионах;
- социальное неравенство.

В настоящее время влияет на увеличение числа разводов и материальная обеспеченность семьи. Чем выше доход семьи, тем чаще супруги идут на развод. Высокая материальная обеспеченность приводит к расширению демократических взаимоотношений внутри семьи, однако она же ослабляет семейные узы.

Семья – это ячейка общества, а общество заинтересовано в стабильности брачно-семейных отношений. Ведь каждый расторгнутый брак добавляет обществу всё новые и новые проблемы, поэтому вполне обоснованным будет рассматривать рост разводов в нашей стране как негативное явление.

Разводы существенно ухудшают демографическую ситуацию в стране. А это, в свою очередь, ставит перед обществом целый ряд социально-экономических задач, решить которые не всегда легко.

Для ускорения прогресса нужен вдохновенный полный самоотдачи труд. Однако разводы заметно снижают работоспособность людей. Также нужна положительная демографическая ситуация, т.е. рождаемость детей (низкая рождаемость и демографические проблемы в ряде стран во Франции, Германии и России др).

Среди других факторов, влияющих на снижение рождаемости детей – нестабильность семейно-брачных отношений. Как правило, в кризисных семьях появляется лишь один ребёнок. Женщина уверена, что сумеет сама воспитать его в случае развода. Если она хоть немного сомневается в крепости своей семьи, рождение второго и последующих детей остаётся большой проблемой. Таким образом, даже «перспектива» развода сокращает рождаемость.

Развод увеличивает количество одиноких людей, а также, прямой виновник ухудшения здоровья очень многих: бывших супругов, их детей, родителей, близких родственников. Переживания их порой столь сильны, что мешают нормально трудиться, приводят к несчастным случаям в быту и на производстве, создают поле отрицательных эмоций.

Также при разводе возникают и материальные убытки – вопрос жилплощади, ухудшение материального положения супругов, дестабилизируется быт, который предстоит снова налаживать.

Нельзя не затронуть самую печальную сторону разводов. Ежегодно они превращают в полусирот тысячи, сотни тысяч детей.

Известно также, что число разводов, количество «живых сирот» у разведенных узбекских семей в настоящее время стало больше в 2-2,5 раза, чем в других национальностях страны. Причём более низкий уровень «культуры развода», характеризующийся непосредственно национальными особенностями, которые приводят к отрицательным последствиям по сравнению с разводами других национальных семей, и проходит это более тяжело [2].

Супруги не расстаются вдруг. Каждому разводу предшествует долгая череда ссор, конфликтов, которые медленно, но верно убивают чувство. Наиболее страдающей стороной при этом оказываются дети. Многие родители полагают, что ребёнок ещё ничего не понимает, и поэтому продолжают ссориться и оскорблять друг друга в его присутствии. Это глубоко ошибочное мнение.

Раньше брак был пожизненным союзом. И сама установка – жену или мужа выбирают на всю жизнь до гробовой доски, как говорили раньше, — многое определяло в отношении супругов. Эта установка делала их терпимее, заставляла искать внутренние резервы для сохранения и упрочнения семьи.

Нередко позже, оглядываясь назад, бывшие супруги сожалеют о содеянном. Ищут ошибку, находят, но исправить уже не в силах. Самое

обидное, что страдают, как правило, не только сами бывшие супруги, их родственники, но и, самое главное, дети. Те, ради кого, собственно, семья и создавалась.

В заключение хочется ещё раз подчеркнуть, что главные спасатели и врачеватели семьи – сами супруги. Ведь супругами и родителями не рождаются, а становятся в процессе жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1. История народов Узбекистана / под ред. Н.Аскарва. –Тошкент: Узбекистон, 1996.
2. Оила психологияси. /Шоумарова Г. таҳрири остида. – Тошкент: Узбекистон, 2000. –232 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада отбасының мәдениеті және этикасы туралы әртүрлі ғалымдардың пікірлері айтылады. Сонымен қатар отбасының мемлекет алдындағы міндеттері қарастырылады.
(Маликова С.С. Салт-дәстүрлер және отбасы әдебі)

SUMMARY

This article deals with the opinions of various scientists about culture and ethics in family, also family obligations before the State.
(Malikova S.S. Traditions, Customs and Family Ethics)

УДК 646.1

Б.Б.ЖОЛДАСОВА

кандидат педагогических наук,
и.о. доцента МКТУ им. Х.А.Ясави

Т.А.АБУЛКАСИМОВА

старший преподаватель Ташкентского института
текстильной и легкой промышленности

В.Г.ПЕТРУНИНА

кандидат технических наук, доцент
Ташкентский институт текстильной и легкой промышленности

**О ПРОЕКТИРОВАНИИ ГИБКОГО ПРОЦЕССА ПО ИЗГОТОВЛЕНИЮ
СПЕЦОДЕЖДЫ ДЛЯ РАБОЧИХ АПК**

Целью настоящей работы является изучение возможности перехода на гибкие производственные процессы в сфере производства спецодежды, которые обуславливаются комплексным решением задач механизации, технологии и организации, вызванными необходимостью повышения эффективности функционирования предприятий в рамках мелкосерийного производства.

Применение новых технологий и гибких технологических процессов позволит решить вопросы снижения трудозатрат на подготовку производства, расширения номенклатуры изделий, улучшения условий труда на производстве.

Ключевые слова: актуальность, технологический процесс, спецодежда.

Социально-экономическое преобразование в Узбекистане неразрывно связано с реформированием и модернизацией промышленных предприятий по выпуску конкурентоспособных швейных изделий. Главная задача швейной промышленности Узбекистана – удовлетворение растущей потребности людей в одежде высокого качества и разнообразного ассортимента. В связи с этим на первое место выступает проблема насыщения рынка красивой, добротной одеждой. Решение этой задачи напрямую связано с выбором надежной системы конструирования, позволяющей в кратчайшие сроки и с высокой степенью точности разрабатывать новые модели, а также применять современные технологии их производства. Решение этой задачи осуществляется на основе повышенной эффективности производства, ускорения научно-технического прогресса, роста производительности труда, всемерного улучшения качества работы, совершенствования труда и производства.

Появление новых видов материалов, прогрессивной технологии обработки, достижения науки и техники, с одной стороны, расширяет возможность выбора проектировщиками оптимальных решений. А с другой – ещё более усложняют задачу, так как при отсутствии научно обоснованных методов компромиссных решений само по себе противоречивой задачи проектирования значительно увеличивается область поиска, а значит, и неопределённость при принятии проектных решений.

Все эти проблемы, стоящие перед проектировщиками качественной одежды, могут быть преодолены только при привлечении новой общей методологии проектирования – системного подхода.

Швейная промышленность современного периода характеризуется эксплуатацией технологических процессов различных типов и форм.

Однако сегодня отсутствуют четкие представления о взаимосвязи конструкции швейного изделия с его технологическим решением. Не решены вопросы анализа и сопоставления технологий обработки деталей и узлов одежды, как в технологическом, так и в экономическом плане. Не выявлены зависимости, отражающие закономерности изменения функциональных связей структуры технологического процесса при ее преобразовании в организационно-технологическую и транспортно-технологическую структуру, функционирующую в потоке.

Привычная типовая технология уже не обеспечивает разнообразия ассортимента, моделей, фасонов в силу определенных производственных технологических ограничений. Особую важность в настоящее время имеют научные разработки в области создания новых технологий и гибких (мобильных) процессов, которые позволяют обеспечить выпуск разнообразных видов и моделей одежды [1].

В настоящее время многие научные организации занимаются разработкой специальной одежды для рабочих различных отраслей промышленности. К сожалению, меньше уделяется внимания проектированию спецодежды и средств индивидуальной защиты (СИЗ) для работников сельского хозяйства.

Актуальность данной темы определяется необходимостью рационального выбора защитных материалов и изготовления определенных видов спецодежды на гибкой форме потока для предприятий агропромышленного комплекса (АПК). Агропромышленная интеграция есть содержание агропромышленного производства, а агропромышленные предприятия, объединения, комплексы являются формированием этого производства.

Спецодежда и индивидуальные защитные приспособления до настоящего времени являются необходимыми средствами для предохранения рабочих от травм, отравлений и профессиональных заболеваний. Среди широко осуществляемых в нашей стране мер по охране труда СИЗ, занимают

видное место. Выдаваемая сегодня спецодежда и СИЗ работникам АПК в Узбекистане не отвечают современным требованиям и мало пригодна для эксплуатации в силу несоответствия свойств материалов воздействующим внешним факторам.

Все это можно объяснить отсутствием научных разработок и исследований по проектированию защитной спецодежды для рабочих всех отраслей АПК Узбекистана.

Специалистами кафедры “Технология швейных изделий” ТИТЛП проведены исследования по унификации конструкций спецодежды для различных условий труда и климата, свойств материалов и пакетов, а также различных маршрутных схем гибких процессов изготовления спецодежды.

В качестве объектов исследования выступали материалы, рекомендуемые для изготовления спецодежды, защищающей от вредных факторов. Знание динамики изменения свойств тканей позволит осуществить их объективный выбор для спецодежды (рукавицы и перчатки), режимов их обработки в процессе изготовления с наименьшими технологическими потерями. Ткани для спецодежды наряду с удовлетворительными физико-механическими и гигиеническими свойствами должны хорошо защищать рабочего в определенных производственных условиях. Поэтому при выборе тканей надо исходить из конкретного назначения спецодежды и устойчивости ткани к воздействию определенных агрессивных факторов, от которых необходимо защищать человека.

В настоящее время были проведены исследования физико-механических свойств и физико-гигиенических (капиллярность, воздухопроницаемость, усадка) предлагаемых материалов для спецодежды и СИЗ.

В задачу научных исследований включены ткани: диагональ (арт. 1394, арт. 1395), брезент (арт. 300, арт. 14). Результаты исследований тканей представлены в таблице 1.

Таблица 1. Показатели структурных и физических свойств тканей для спецодежды

Вид ткани	Поверх. плотность, г/м ²	Толщина ткани, мм	Гигроскопичность, %	Воздухопроницаемость, дм ³ /м ² сек	Усадка, %	
					По основе	По утку
Арт.1394	188	0,98	9	88	0,1	0,1
Арт.1395	180	1,05	14	117	0,5	0,2
Арт.14	458	1,09	12	115	0,2	0,1
Арт.300	440	3,09	11	105	0,1	0,3

Существенное различие в свойствах материалов ассортимента спецодежды обуславливает значительные потери времени и средств на переналадку швейного оборудования в потоках.

Понятие гибкого технологического процесса в современной технической литературе применяется в основном как синоним быстропереналаживаемого

мобильного производства.

Целесообразность перехода на гибкие производственные процессы в сфере производства одежды обусловлена комплексным решением задач механизации, технологии и организации, вызванным необходимостью повышения эффективности функционирования предприятий в рамках мелкосерийного производства.

Необходимо системное рассмотрение всех составляющих понятия гибкости для решения проблемы создания гибких организационно-технологических структур швейных потоков. В первую очередь, следует обращать внимание на технологические особенности обработки выпускаемых изделий. К этим особенностям можно отнести: последовательность преобразования предметов труда в процессе производства, ассортиментный состав обрабатываемых изделий, общность физических процессов преобразования предметов труда [2].

В настоящей работе были исследованы 2 типа гибкой формы потоков по изготовлению спецодежды с разработкой схемы адресного моделирования. Для производства четырех видов спецодежды (куртка и брюки, куртка и юбка, халат, халат-фартук) предложены два вида гибких форм потоков. Технологическая однородность установлена по коэффициенту однородности и установлен порядок запуска в поток. Установленный вид запуска моделей в один поток позволил на 50 % снизить затраты времени на подготовку производства, что, в свою очередь, сказалось на стоимости единицы изделия. Разница во времени запуска и выпуска продукции повлияла на сроки выполнения заказа, что оказалось положительным фактором организации производства спецодежды.

Разработанный сотрудниками ТИТЛП технологический процесс позволяет обеспечить сборку частей спецодежды, их обработку и отделку с привлечением современного швейного оборудования. На основе экспериментальных исследований задача совершенствования гибких процессов формулируется следующим образом: при известной конфигурации гибкого модульного потока и заданных конструктивно-технологических параметрах изделий необходимо определить объем производства и ассортимент выпускаемой продукции, обеспечивающий наиболее равномерную загрузку всех рабочих мест. Кроме того, была установлена равномерная загрузка каждого модуля с учетом технологических ограничений. Ограничениями в данном случае служили такт технологического процесса и трудоемкость каждого модуля.

Таким образом, только при таком подходе к проблеме организации гибкого производства, возможно наиболее эффективно использовать технологическое оборудование, повысить эффективность процесса.

Подобный подход к совершенствованию гибких технологических процессов позволит в кратчайшие сроки пересмотреть организационно-

технологические решения и осуществить запуск разноассортиментных изделий в один поток с учетом технологической однородности моделей.

ЛИТЕРАТУРА

1. Основы функционирования технологических процессов швейного производства: Учебное пособие для ВУЗов и СУЗов/ В.Е.Мурыгин, Е.А.Чаленко. – М.: Компания «Спутник +», 2001. – С. 299.

2. *Шалькова Н.П., Мурыгин В.Е.* Предпосылки к созданию гибких организационно-технологических структур швейного потока. //Швейная промышленность. – 1993, № 1. – С. 17-19.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада ауыл шаруашылығы жұмысшыларының арнайы киімінің берілген материалдарды есепке ала отырып, иілгіштік процесін жобалау, құрастырмалы-модулдік құрылысының зерттемелері қарастырылады.

(Жолдасова Б.Б., Абулкасимова Т.А., Петрунина В.Г. АӨК жұмысшыларының арнайы киімін жасаудың иілгіштік процесін жобалау)

SUMMARY

In article are considered questions of the designing the flexible process on fabrication of the models of the defensive cloth for workers of the agriculture with provision for characteristic recommended material; the developments of the schemes block-modular assembly of the flow.

(Zholdasova B.B., Abulkasimova T.A., Petrunina V.G. About Designing the Flexible Process on Fabrication of the Overalls for Workers APK)

ӘОЖ 782/785-057.87

А.С.БАЙҒОНОВА

ОҚМПИ-ның магистр-оқытушысы

С.Н.КЕНЕНБАЕВ

ОҚМПИ-ның оқытушысы

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ӘН ЖӘНЕ АСПАПТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ БАУЛУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада қазіргі таңдағы мектепте музыка сабағында оқушыларды ән және аспаптық мәдениетке баулудың басты мақсаттары мен әдістері қарастырылады. Музыка сабағында оқушылар ән айту, аспаптық мәдениетті, эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгереді. Сонымен қатар, шешендік айтыс, жыр-терме, ән айту, суырып салма ақындық өнерімен етене танысады. Оқушылар музыка сабағында: эстетикалық сезім мен эмоциялық көңіл-күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді. Сабақта оқушылар ән және аспаптық мәдениетті меңгере отырып, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мен арттыра түсудің маңызы зор екені баяндалады.

Кілт сөздер: музыка өнері, көркем шығарма, музыкалық тәрбие, эстетикалық талғам, мәдени деңгей, екпін, саз, ырғақ, әуен, тембр, гармония, өлшем.

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасында білім беру саласының ең негізгі талабы: кең дүниетанымдық көзқарас, толық құзыреттілік, шығармашылық әрекетке бейім тұлға тәрбиелеу. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше. Музыка тәрбиесі жастарды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Оқу тәрбие барысында мектепте негізгі оқушыларды өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарына ұмтылуға тәрбиелеу, ұрпақты ата-баба салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен қайта табыстырумен қатар және меңгерту болып табылады. Музыка өнері әрбір

оқушыны әсемдік әлеміне үйретіп қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге табиғи жағдай жасайды. Сол себепті әрбір қоғам мүшесін өнерпаздыққа тарту қоғамның объективті қажеттілігі және заңдылығы болуы керек.

Тәрбиедегі басты мақсат: қоғам мүшелерін әлеуметтендіру болатын, яғни өнер адамның тек қана рухани өмірінің құрамдас бөлігі болып қоймай, әлеуметтендірудің аса пәрменді құралы болды. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келген халықтық қазынаны, оның таңдаулы үлгілерін жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу құралына айналдыру, нақтырақ айтқанда, олардың көркемдік, музыкалық, эстетикалық талғамы мен мәдени деңгейін жоғарылату – басты міндет.

Ұлы Абай өмір шындығын дәл бейнелеу жөнінде поэзия мен музыканың рөлін былайша суреттеді: әсемдік сыры, биік мұратталғандары, көркем шарттары, шығармадағы дарындылық пен шеберлік ән мен күйді орындаудағы дәстүрлер, т.б. мәселелерді көтере келіп, эстетикалық тәрбиенің негізгі өлшемдеріне ғылыми талдаулар жасады. Ойшыл ақын жеке адамның эстетикалық сезімдерін дамытудың нақты жолдарын қарастырады. Абайдың түсінігінше, баланы жастайынан көркемдікке баулуда үлкендер неғұрлым ертерек ойластыруы қажет, өйткені бесіктегі нәрестенің өзі ананың әлдиі, құлағына жеткен ән-күйдің әуезді үні арқылы сұлулық пен көркемдіктен хабардар болып жатады.

Мектепте музыка сабағында: шешендік айтыс, суырып салма ақындық өнері, ән айту, жыр-терме, театр өнері өз бейнесін тапты. Сонымен қатар, ұлттық өнерге осылай оқушыларды жастайынан баулу олардың адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дұрыс қалыптастыруына, мәдени дәстүріне деген сыйластық сезімін дамытуға әсерін тигізді, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттырды. Оқушылардың әсемдікті түсіне білу қабілетін дамытады.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру ісінің мазмұнды, деректі, ұғынықты келуі, әрі ән мен күйдің көкейге қонымды, әсерлі болуын қажет етеді.

Оқушы күнделікті өмірде музыкамен етене араласады. Мұны салыстырмалы түрде алғанда үш жүйеге бөлуге болады: а) музыка сабағында ұғымдық тапсырмаларды орындауы (бірігіп күй тыңдауы және музыкалық шығармаларды талдауы); ә) өз бетінше қатысуы; б) музыканы кездейсоқ тыңдауы [1].

Сондай-ақ, оқушылардың сабақ барысында шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда ынталандырудың маңызы зор.

Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл Фараби «Музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын айта келіп, тәрбиелеу барысында тәжірибе жинақтаудың рөлі

зор екенін атап көрсетеді», т.б. өзгерісін бақылап, сезінуге үйретеді. Оқушы эстетикалық сезім мен эмоциялық көңіл күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді. Оқушы өз жауабын жолдастарының жауаптарымен салыстыра отырып, пікірінің дұрыстығына немесе жаңсақтығына көз жеткізеді. Сол арқылы оның музыка жөніндегі ойы мен талғамы қалыптасады. Музыка шығарманы талдау әңгімелесу әдісі арқылы жүргізіледі. Көркемдік құралын, көркем бейнелердің жасалу жолдарын сабақтың тақырыбы ретінде алынған белгілі бір мәселе төңірегінде талдау оқушы танымын кеңейтіп, сөздік қорының молаюына жол ашады. Музыка мұғалімі сабақты талдау үшін музыкалық құбылыстарға тән ұғымдардың қалай аталатынын білу қажеттігі туындайтындықтан, алдына басты мақсат етіп қояды. Бұл ретте оқушылардың музыкалық сөздік дәптерінің болғаны жөн. Себебі, оқушы бұл ұғымдарды күнделікті өмірде аса көп пайдалана бермейтіндіктен, тез ұмытуы мүмкін. Сөздік дәптер арқылы әр сабақ сайын әр оқушылардың сөздік қоры молайып, талдау мүмкіндігі кеңейе түседі.

Талдау, үйретудің алғашқы сатысында музыкалық екі шығарманы салыстыру оқушыға өз ойын жеткізуге жеңілдігін тудырады. Мысалы, ән және күй жанрдың ортақ белгілері (нық, жігерлі, екпінді) талдау мен қатар тиісті айырмашылығы (бірі жеңілдеу, екіншісі ауырлау болса, бірі жоғары, екіншісі төмен регистрге орындалуы) арқылы тыңдаушылардың белгілі бір тобына арналатындығы анықталады. Оқушы осының бәрін әсерлене тыңдай отырып, талқылауға белсенді қатысу барысында, оқушылардың жаңалыққа деген құмарлықтары пайда болады; өз бетімен жұмыс жасай алады; музыкаға қатысты ақпарат көздерін тани біледі. Мектеп оқушыларына аспаптық музыканы талдау біртіндеп күрделене береді. Мектеп бағдарламасының осылайша құрылу оқушылардың көркемдік талғамын музыкалық қабылдауына жол ашумен берге, олардың өздік пікірін айта алатындай деңгейге жеткізеді [2].

Тақырып шығарманың мазмұнын түсінуде басты рөл атқаратындықтан, оның басталып, аяқталуын анықтай алу дағдысын әдетке айналдырған жөн. Мұндай дағдының болмауы шығарманы түсінбегендігі десе де болады. Сондықтан шығарманы тыңдап, талдауда оқушы музыкалық тақырыпқа барынша зейін қоя мән беріп, сол арқылы көңіл-күйдің (жігерлі, сергек, сабырлы, ойлы, қайғылы) өзгерістерін бақылауға үйретіп шығарма болмысынан саналы түрде түсіну сатысына қарай ауысады.

О.Апраксина: «Музыканы оқушылармен бірге талдау, дұрыс бағытта болуы шарт» - дейді. Талдау барысында музыка тілінің элементтерін түсіндірумен шектелмей, ол элементтердің көркем шығармадағы рөлін анықтауға күш салған жөн. Әрине, оның рөлін әр оқушы өзінің түсінігіне, тәжірибесіне сүйеніп анықтайды. Мұғалім оқушыға шығарманың мазмұнын композитордың ойымен барынша жақындата түсіндіруді басты мақсат етіп қоюы қажет.

Тыңдауды неден бастау керек? Бұл – музыка тыңдауға үйретудің күрделі де маңызды мәселесінің бірі.

Жалпы, қабылдау процесі жөнінде О.Апраксина: «...кез келген қабылдау күрделі процесс, оған түрлі сезім мүшелері қатысады, нәтижесінде күрделі шартты рефлекторлық байланыстар жиынтығы түзіледі. «Музыкалық қабылдау – оның мәні шындықтың көркем бейнесін музыкалық шығармадан ести алу және оның мазмұнын көркемдік бірлік ретінде сезіне отырып бастан кешіре білу қабілеті» - деп атап көрсетті. Музыкалық шығарманы қабылдау процесі үстінде оқушы оны толық тыңдайды, бірақ толық түсінбеуі немесе мүлде түсіне алмауы мүмкін. Бұл оның музыка тыңдаудағы тәжірибе ауқымына байланысты қабылдайды. Музыкадағы барлық оқиға желісі музыка үнінің құдіретті тілі арқылы жеткізіледі. Егер, оқушы күрделі мазмұнға құралған байланысы бар кесек туындыларды тыңдай білмесе, шығарманы толық түсіне білу қиын. Сөз жоқ, ішкі мазмұны музыка тілі арқылы берілетін күрделі шығармалардың негізгі өзегі оның әуені болып табылады. Ал, тыңдаушы музыкалық білімнің, әсіресе тыңдау қабілетінің аздығынан сол әуеннен ештеңені сезіне алмай, музыканы шала ұғып, эстетикалық әсерленуі ойдағыдай болмайды. Кейде соның салдарынан музыкалық шығарманы түсінбей де қалады. Бұдан басқаны қабылдау үшін оны тек тыңдап қана қою жеткіліксіз екенін аңғарамыз [3].

Музыкалық шығарманы талдап, тыңдаудың екінші жағы – музыканы ойнап көрсету. Мұғалім шығарманы өзі орындайды немесе ұнтаспадан тыңдатады. Бастауыш сыныптарда музыкалық шығарманы мұғалім өзі орындап көрсеткені тиімді. Бұл сыныптарда өтілетін музыкалық шығармалардың көлемі шағын болғанымен, орындауы үлкен шеберлікті қажет етеді. Бір шығарманы әртүрлі аспапта ойнап көрсету, мәнерлі орындау. Ойнатуда мұғалімнің мүмкіндігі жетпеген жағдайда музыкалық шығармадан ұнтаспадан тыңдатылады. Оны қалай түсінуге болады? Күрделі шығармадан үзінді орындаған симфониялық оркестрдің құрамындағы сан қырлы аспаптардың бояуын ешқандай да орындау ауыстыра алмайды. Ортатория, кантата, опера, симфониядан алынған үзінділерді ұнтаспадан тыңдатқанда ғана сабақ мақсатына жетеді. Қай жағдайда да, орындаушы – шығарма мазмұнын жеткізуші. Шығарманы тыңдап болғаннан кейін оның мазмұнын түсінуге бағытталған сұрақтар жүйесін сабақтан бұрын жан – жақты ойластырып алу қажет. Бұл мәселеде мұғалім белгілі бір материалды талдау арқылы оқушыларға нені меңгертетінін өзі анықтап алады. Қойылатын сұрақтар жүйесін дайындауда тағы бір ескеретін мәселе, сабақ өтілетін сыныптың жалпы музыкалық жабдықталу деңгейі. Осы екеуін ескере отырып, нақты сұрақтар жүйесі дайындалады. Олар анық, қысқа, нақты, дұрыс жауапқа бағыттау арқылы оларды жалпы мәселеден ең бастысын қорытындылай білуге үйретеді.

Музыка сабағында нақты мақсат қойылу арқылы оқушының сезімін (эмоция) ояту. Оқушылардың сабақ үстіндегі эмоциялық өзіндік іс-әрекеттері

бағыттаушы және реттеуші рөл атқарады.

Сезімді (эмоция) ояту үшін қабылдауда белсенділік мақсаты қойылады.

Бірінші мақсат: а) музыкалық шығарманың мазмұнын оқушылармен бірге талдау; ә) музыка-дидактикалы ойындар ұйымдастыру; б) тиімді әдісті таңдап ала білу;

в) оқушылардың жас ерекшеліктері мен музыкалық даму ерекшелігін ескере отырып, музыкалық шығарма таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Екінші мақсат – музыканы саналы түсінуге баулу. Саналы түсіну үшін белгілі бір деңгейде музыкалық білім болуы керек. Сондықтан, бұл міндетті жүзеге асыру үшін, нота сауатын меңгеру мақсаты қойылады.

Нота сауаты: а) музыканың көркемдік құралдарының (екпін, саз, ырғақ, әуен, тембр, гармония, өлшем, т.б.) музыкалық шығарма мазмұнын жасаудағы ерекшеліктерін түсіндіру;

ә) әнді нотамен орындау; б) түрлі көрнекіліктер пайдалану; в) ырғақтық қимылдар жасау (нота биіктігін көрсету, қолды ырғақпен шапалақтап ұру) арқылы меңгертіледі.

Үшінші мақсат – музыкалық шығарманы өз шама-шарқынша орындауға үйрету арасында орындаушылық дағдыларды меңгерту. Орындаушылық дағдыларды меңгерту арқылы көркемдік білім беру мақсаты қойылады. Бұл мақсат: а) вокалды хор дағдыларын; ә) аспапта орындау дағдысын; б) ырғақтық-би дағдыларын; в) шығарманы тыңдап, талдай алу дағдысын меңгерту арқылы жүзеге асады;

Үшінші міндеттегі тағы бір мақсат – оқушының шығармашылық қиялын дамыту:

а) ладтық сезіміне байланысты сурет салуға; ә) суырып салып айтуға (импровизациялау) баулу арқылы жүзеге асырылады [4].

Музыка пәнінің мұғалімі осы үш міндетті жүзеге асыру арқылы оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастырады, әр түрлі жанрдағы музыканы талдай отырып, оның сапасын ажырата білуге үйретеді.

Қазіргі таңда музыка мамандарының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – осы ата-бабаларымыздай музыканың құдіретін терең түсініп, оны өзінің рухани азығы етіп адам өмірін нұрландыруға ат салысатын музыкалық білімді азамат тәрбиелеу. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны саналы түрде қабылдауға баулу – музыкалық тәрбие беру жұмысындағы күрделі міндеттерінің бірі. Өйткені, ол оқушының музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғашқы шарты болып есептеледі. Мектептегі мақсатты бағытталған және жүйелі қойылған музыкалық білім беру жұмыстары музыка сабағында іске асырылады. Пәннің аталуынан-ақ оның басқа пәндерден айырмашылығы бар екендігін байқауға болады.

Мектептегі музыка сабағының басқа пәндерге ұқсастығы мен өнер сабағы ретінде айырмашылығы бар. Оның басқа пәндермен ұқсастығы мынада: оқу жоспарына енгізілген барлық пәндердің негізгі мақсатындағыдай жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуінде; кез-келген сабақтың жоспарын құрастырудағыдай психологиялық, педагогикалық заңдылықтарға сүйеніп,

балалардың жас ерекшеліктеріне тән олардың қабылдауы, ақыл-ойы, қиялы ескерілуінде; оқытудың барлығы жалпы дидактикалық принциптерге негізделіп құрылуында; музыканың басқа пәндермен байланысында; әртүрлі іс-әрекеттерді мақсатты қолданып, сабақтың бүтін өтуінде; оқытудың негізгі әдістерін қолдануында [5].

Музыка сабағының айырмашылығы оның өнер сабағы екендігінде. Музыка өнері - өмір шындығын айрықша бейнелеп, онда көңіл-күй, сезім негізгі қызмет атқарады. Музыка арқылы оқыту процесінде тек ойлау арқылы түсініп қана қоймай, сондай-ақ ақыл мен көңіл-күйдің, сана мен сезімнің бірігуін талап етеді. Әдебиет пен бейнелеу өнерлері музыкамен бірлесіп, адамның ішкі дүниесін ашады [6].

Музыка сабағының келесі айырмашылығы бірлескен көркемдік және техникалық принципін қажет етуінде. Бұл не дегеніміз?

Музыка сабағы өнер сабағы болғандықтан, оның барлық компоненттерінің көркем болуын талап етеді. Ән салу мен тыңдауға арналған музыкалық шығармалар ғана көркем болып қана қоймай, кез-келген сабақтың құрамына енгізілген элементтің, бір ғана дыбыстың орындалуының өзі көркемді болуы тиіс. Шығарманың мәнерлі, көркемді орындалуы оның техникасына байланысты. Сол себептен де, көркемділікті-мақсат деп, ал техниканы - сол мақсатқа жету жолы деп санауға болады. Соңғы айырмашылығы жұмыс жасау формасының ұжымдық түрінде: бір мезгілде балалар бірге музыканы тыңдап, орындауында.

Музыка сабағы оқу пәні ретінде тарихпен тығыз байланысты. Музыкалық шығармалардың сазгердің шығармашылығында өзіндік орын алып, бейнелеуіне себебі болған тарихи кезеңдер мен әлеуметтік жағдайларды білу қажет. Сонымен қатар, тарихи жағдайларға да музыканың әсер етуін түсіну қажет. "Музыка" оқу пәнінің қажеттілігі жас ұрпақты эстетикалық тәрбиелеудегі музыкалық өнердің алатын орнының мәнісінде. Музыка сабағында айрықша эмоционалды атмосфераның орнауы қажет, себебі музыка - "сезім тілі". Музыка балаларды толғандырып, олардың көңіл-күйіне белгілі әсерін тигізеді. Музыкадан алған әсерлері мұғалімнің мәнерлеп орындап берумен қатар, оның түсіндіруінде, мимикасында, қол қимылдарында күшейтіледі. Музыканың орындалуына оқушылардың назарын аударып, қиялдарын дамытып, мұғалім олардың музыкалық бейнелердің әлеміне енуге, оның мәнерлігін айқын сезінуге көмектеседі.

Әрбір сабақтың өзіндік ерекшеліктері мен қайталанбайтын мәні оның мазмұнына да байланысты болады. Оның мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен құрылысы, амал-тәсілдері мен әдістерінің барлығы да дұрыс бағытта ойластырылған болуы керек, әйтпесе жақсы жетістіктерге жете алмаймыз. Мұғалімнің сабаққа дайындығы оның педагогикалық іскерлігіне, шеберлігіне байланысты болып, берілетін музыкалық материалдардың тәрбиелеушілік, білімділік, дамытушылық міндеттерін жүзеге асырады. Музыка сабағының мазмұнына әртүрлі көңіл-күйдегі, сипаттағы шығармалар еніп, сабақтың бүтін өтілуіне жету үшін құрылысын анықтау қажет. Сабақты құрастыруда әрбір сыныптың жас ерекшелігін, балалардың ақыл-ойы мен эмоционалды көңіл-

күйіне түсетін жүктің дәрежесін ескеру керек. Музыка пәнінің сабақ кестесіндегі орнына көңіл бөлу қажет. Музыка сабағының қандай пәннен кейін өтілуінің де мәні бар. Музыка сабағы алдын-ала құрастырылған жоспар бойынша өтіледі. Бірақ іс-жүзінде мұғалім мен оқушылардың тікелей қарым-қатынасы - тірі процесс болғандықтан, оның құрамындағы кейбір бөлшектерін болжау мүмкін емес.

Қазіргі уақыттағы музыка сабағының сапалылығы оқушылардың белсенділігіне де байланысты. Белсенділік мәселелерін арттыруды тек сабақтың құрылысын қызықты құрастыруда, оқушылардың қызығушылығын оятудағы әдіс-тәсілдерді қолдануда ғана шеше алмаймыз. Себебі мұғалімнің әрбір оқушыға көңіл бөлуіне де байланысты. Әрине бұл міндет мұғалім алдындағы қиын міндеттің бірі, себебі, мұғалім оқушылармен аптасына бір-ақ рет музыка сабағында жүздеседі. Сол себептен де мұғалім оқушыларын білуі керек, олардың жақсы және нашар дамыған жақтарын есінде сақтап, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескеріп, баланың әлеміне еніп, әрқайсысының жетістіктерін бағалай білуі керек.

Қазіргі уақыттағы мектептегі музыка сабағы арнайы жабдықталған дәрісханада өтіледі. Дәрісхананың эстетикалық талғамда безендірілуі музыка сабағының өнер сабағы екендігіне байланысты атмосфералық көңіл-күйді тудыратындай болуы тиіс. Қорытындылай келе, сабақтың жақсы деңгейде өтуіне сабақтағы қолданатын техникалық құрал-жабдықтар мен көрнекілік құралдардың сапалылығына, мұғалімнің оларды іскерлі қолдануына да байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Дуйсембінова Р.К.* Қазақтың әншілік өнері: Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 1998. – 110 б.
2. *Дуйсембінова Р.К.* Музыкалық білім беру педагогикасы: оқу құралы. - Талдықорған, 2006. -216 б.
3. *Ахметова М.* Ән өнері және уақыт. – Алматы: Өнер, 1993. – 198 б.
4. *Балабеков Е.* Қазақтың музыкалық фольклоры: Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 157 б.
5. *Ғизатов Б.* Қазақ музыкасының терминологиялық сөздігі. – Алматы: Өнер, 1987. – 232 б.
6. *Қоңыратбай Т.* Қазақ халқының музыкалық фольклоры //Музыка әлемінде. 2004, №2. - 34-38 б.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассказывает о методах обучения школьников освоению песенной и инструментальной культуры исполнения на уроках музыки.

(Байгонова А.С., Кененбаев С.Н. О методах обучения школьников освоению песенной и инструментальной культуры исполнения на уроках музыки)

SUMMARY

In this article opened by studying methods for school pupils about musical songs and instrumental culture skills for providing of the musical lesson's.

(Baigonova A.S., Kenenbaev S.N. The Method of Teaching Pupils Mastering Song and Instrumental Performance Culture at Music Lessons)

ӘОЖ 371.1

Г.Т.ТОККУЛОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доцент м.а.

Н.ОШАНТАЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ

Дамыған елдердегі жоғары білім беру жүйесіне жасалынған түрлі кезеңдердегі талдаулар көптеген елдерде жоғары білім беру жүйесінің жоғары сапаға теңестірілген аса тиімді механизмдерінің қалыптасқанын, сол себепті олардың өз азаматтарымен қатар басқа да шетел білімгерлерінің осында жоғары білім алуына жағдай жасау білім беру жүйесіндегі маңызды мемлекеттік мәселелердің тиімді шешімін табуын қажет етіп отыр. Қазақстандық білім беру жүйесін Болон процесінің білім саясаты кеңістігіне енгізудің Еуропалық сапа жүйесін салыстырмалы талдау арқылы еліміздегі білім беру сапасын арттырудың ғылыми-теориялық негіздері жасалынды. Мақалада қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру жүйесіне сәйкестендірілуі мақсатындағы кейбір мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: білім беру жүйесі, Болон процесі, интеграция, маман даярлау, салыстырмалы-педагогикалық талдау.

Қазақстан мемлекетінің экономикалық қуаттылығы мен қауіпсіздігі көп жағдайда халықтың білім деңгейімен айқындалады, бұл, әсіресе, жоғары білімді болашақ мамандардың кәсіби дайындығының сапасына тікелей тәуелді.

Қазақстанда білім беру жүйесінің әлемдік білім беру жүйесіне интеграциялануы, оның жоғары білім беру жүйесінде дамыған елдердегі кәсіби маман даярлау жетістіктеріне терең ғылыми талдау жасау қажеттілігін талап етіп отыр. Еліміздің Еуропалық білім беру жүйесі аймағына ену мақсатының нақты жүзеге асу мүмкіндігі айқындалған соң (2012 жылы Болон декларациясына қол қойылды), дамыған елдердегі білім беру жүйесінің сапалылығын анықтау мақсатында салыстырмалы-педагогикалық талдау жасау қажеттілігі күн тәртібіне қойылды.

Дүние жүзінің көптеген елдеріндегі сияқты, Қазақстан Республикасында да қазіргі кезде білім беру жүйесін реформалау жүзеге асырылуда, ЮНЕСКО-ның жүйелеуі бойынша бұл реформа екінші типті реформалар қатарына жатады.

Дамыған елдердегі (Ұлыбритания, Жапония, Норвегия, Франция, т.б.) жоғары білім беру жүйелеріне салыстырмалы-педагогикалық талдау жасау, негізінен, әдіснамалық мәселе болып табылады. Ең басты мәселе жоғары кәсіби білім беру, оның ішінде жоғары педагогикалық білім берудің сол елдердің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесте алатын орнын

нақты анықтау болып отыр. Осы тұрғыдан дамыған елдердегі жоғары білім беру жүйесінің қазіргі күйі мен жайын жүйелілік қатысы негізінде қарастыру өте маңызды.

Әлемдік нарықтағы бәсекелестік, объективті шарттар, ғылыми прогрестің талаптары дамыған мемлекеттерде жоғары кәсіби білімді мамандарды даярлаудың тиімді механизмдерін үздіксіз іздестіруге ұмтылдырады. Сол себепті қазіргі уақытта дамыған елдерде жоғары білім беру саласында аса қызық процестер байқалуда, атап айтқанда олар мынадай мәселелерге ерекше назар аударуда:

- «ғылым-өндіріс» макроқұрылымында жоғары кәсіби білім беру жүйесін дамыту;
- таңдалған мамандық нобайы негізінде түрлі оқу орындарының функцияларын диверсификациялау;
- көпдеңгейлі маман даярлау құрылымын жетілдіру;
- жекеленген оқу орындарында жоғары білікті маман даярлау жұмыстарын шоғарландыру;
- үздіксіз білім беруді қарқынды дамыту;
- диплом алғаннан кейінгі оқытуды дамытудың түрлі формаларын жетілдіру;
- жоғары білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету [1].

Жоғары кәсіби білім беру саласында, әсіресе, жоғары педагогикалық білім беру мәселесінің маңыздылығына ерекше назар аударып, оның мынадай бағыт-бағдарларын өзекті мәселелер ретінде қарастырады:

- дамыған елдердің көпшілігінде студенттердің өзіндік жұмыстарына басымдылық беру арқылы оқу-тәрбие процесін интенсификацилауға;
- жоғары кәсіби педагогикалық білімді мамандарды даярлау бағдарламаларын әзірлеуге;
- оқытудың жеке-дара формаларының қызметін күшейтуге;
- оқытудың белсенді әдістері мен техникалық оқу құралдарын енгізуге [2].

Салыстырмалы талдау жұмысының талқылауға алынған бағытында жоғары кәсіби білім беру жүйесінің ішкі құрылымын айқындайтын сыртқы факторларды зерттеудің әдіснамалық маңыздылығына ерекше назар аударылады, яғни дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық, тарихи және ұлттық дәстүрлеріне, халықтың менталитетіне сүйену есепке алынады. Сол себепті жалпығылыми педагогикалық әдіснама тұрғысынан ақпараттық ортаның бірлігін, оқыту технологияларының, ғылыми-әдістемелік базасының жетімділігін, оқыту процесін басқарудың тиімділігін қамтамасыз ететін, жоғары мектеп педагогикасының әлемдік деңгейінің талаптарына жауап бере алатын жоғары білім беру жүйесінің үйлесімділігі мұқият зерттелуге тиіс.

Дамыған елдердегі жоғары білім беру жүйесіне жасалынған түрлі кезеңдердегі талдаулар көптеген елдерде жоғары білім беру жүйесінің жоғары сапаға теңестірілген аса тиімді механизмдерінің қалыптасқанын, сол себепті олардың өз азаматтарымен қатар басқа да шетел азаматтарының аталған елдерде жоғары білім алуға ұмтылатынын көрсетіп отыр.

Өйткені, индустриясы дамыған елдерде жоғары кәсіби білімді маман сол мемлекеттің негізгі құндылықтар жүйесінің біріне жатқызылады, яғни ғылыми-техникалық және мәдени прогрестің аса маңызды факторы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан аталған сектор сол елдің басқа елдермен бәсекеге түсе алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жүйе құраушы элемент деп саналады.

Жоғары педагогикалық білім беру мәселесіне дамыған елдерде (Жапония, Англия, Германия, Швеция, Финляндия, Франция, т.б.) халықтың прогрессивті ойлауының көрсеткіші ретінде болашақ азаматтың қалыптасуына жағдай жасайтын ғылыми-әлеуметтік фактор деңгейінде қарастыру орын алған [3]. Оның басты себебі, аталған мемлекеттерде педагогикалық білім беру жұмыстарының мазмұны психология ғылымының жетістіктеріне сүйенеді, сондықтан басқа ТМД елдеріндегі педагогикалық мамандарды даярлау жүйесіне қарағанда психологияландырылған сала болып табылады. Бұл жағдай жоғарыда аталған дамыған елдерде педагогикалық мамандану тар шеңберде берілетін білім мазмұнымен шектелген прагматикалық қатынасқа негізделген бағыттылықты көрсетеді, алайда олар өздерінің қызмет ету сферасында тез нәтижелерге қол жеткізу мақсатында қарастырылған прагматикалық қатынасты қамтамасыз ете алады.

Осы тұрғыдан дамыған елдердегі жоғары білім берудегі унитарлық қатынас көп жағдайда мақсатқа қол жеткізудің құралы ретінде қарастырылып, педагогика ғылымының негізгі мәселесі «адам-маман» тұлғасын дамытуға жеткілікті көңіл бөле бермейді. Дамыған елдерде жеке-дара оқытуға басты көңіл бөлініп, оқу материалы еске сақтауға бағытталып, оқушылардың өзін-өзі басқаруын қамтамасыз етуге арналады. Сол себепті дамыған елдерде жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде өзіндік жұмысты орындау оқытушының жетекшілігімен жүзеге асырылады.

Сонымен бірге дамыған мемлекеттерде жоғары педагогикалық білім беру сапасын бағалау сапа менеджментінің талаптары бойынша кіріктірілген тұжырымдамаға сүйенеді. Мысалы, педагогикалық мамандықтарға қатысты АҚШ, Жапония, Ұлыбритания мемлекеттерінде негізгі көңіл кәсіби даярлыққа аударылады, ал ТМД елдерінде, оның ішінде Ресей мен Қазақстанда негізгі мазмұн жалпығылыми даярлыққа аударылады. Бакалаврлар даярлау жүйесі бойынша білім беру стандарттарында АҚШ қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық пәндерге 27,3%, базалық пәндерге 20,4%, кәсіптік пәндерге 52,3%, ал Жапонияда тиісінше 31,2%, 15,8%, 53,2% үлес бөлінсе, Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беру стандарты мазмұнының сәйкес блогтарына тиісінше 21,5%, 33,1%, 45,4% бөлінген [4].

Салыстырмалы талдау жұмысымызда дамыған елдердегі жоғары білім беру саласын қаржыландыру мәселесі негізгі орындарда тұр. Өйткені, дамыған мемлекеттер өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап жоғары кәсіби білім беруді дамытуда оның ел экономикасындағы шешуші факторлардың бірі екендігін ескеру қажеттігін, оны жеткілікті қаржыландырмай, сапалы кәсіби маман даярлау мүмкін еместігін мойындаған. Жоғары кәсіби білім берудің негізгі бөлігі іргелі зерттеу жұмыстарына арналады. Соңғы жылдары жоғары білімді кәсіби мамандарды даярлау мәселесі бойынша ғылымға бөлінген қаржы АҚШ-та - 60%,

Жапонияда - 54,9%, Оңтүстік Кореяда - 59,7%, Францияда - 90%, Ұлыбританияда - 95% құрап отыр. Жоғары оқу орындарында сапалы білім беру мен ғылыми зерттеулерге үлкен көлемде көңіл бөлу сапасы жоғары ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға, одан ары қарай олардың сапалы қызмет атқаратын маман даярлауға мүмкіндіктерінің жоғары болуының қамтамасыз етілуі сол елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жоғары болуының кепілі ретінде қарастырылған.

Соңғы 30 жыл кезеңінде АҚШ, Жапония, Батыс Еуропа елдерінде жоғары мектепті дамытуға қатысты ортақ бағыттар болды, атап айтқанда білім беру жүйесіндегі озық дәстүрлер мен инновацияларды және оқытудың тиімді технологияларын бір-бірінен алмасу арқылы интеграциялық процестерде қарқынды жүргізуіне байланысты дамыды.

Әлемнің дамыған мемлекеттеріндегі жоғары кәсіби білім берудің негізгі түрі университеттік білім беру болып табылады. Жапонияда студенттердің 78,3%-ы, Францияда - 85%-ы, АҚШ-та - 91%-ы университеттік білім алады, сонда ғана олар толық жоғары білімді маман болып саналады. Ал, Германияда университеттік білім беру колледждегі білім берумен толықтырылады. 1970-1980 жылдардағы маман даярлаудың жаңа типті бағыттары бойынша болашақ мамандарды тікелей өндіріске даярлау мақсатында жоғары кәсіби мектеп-колледждер ашылды. Өйткені, ақпараттық технологиялардың дамуы мен олардың практикалық сұраныстарға жауап беру мәселелеріне қатысты дәстүрлі емес оқу орындары қажет бола бастады. Сондықтан бұрыннан қолданыста жүрген оқу бағдарламаларын диверсификациялау арқылы халықтың сұранысын қамтамасыз ету бағытында ғылым мен білім беру мазмұнын бір-біріне жақындату үшін жоғары білім берудегі интеграциялауды белсенділендіру қажет еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Митина В.С.* Развитие сравнительной педагогики в США. //Методологические проблемы сравнительной педагогики. – М., 1991. – 93 с.
2. *Столяренко А.М.* Сравнительная педагогика: Учебник авторизованного изложения. – М., 1992. – 160 с.
3. *Воскресенская Н.М.* Некоторые вопросы методологии сравнительной педагогики в Англии в 80-х годах: концепция Б.Хоямза //Методологические проблемы сравнительной педагогики. – М., 1991. – 93 с.
4. *Вульфсон Б.Л.* Методы сравнительно-педагогических исследований //Педагогика. – 2002, № 2. – С.70-80.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены некоторые проблемы интеграции казахстанской системы образования на мировую систему образования.

(Токкулова Г.Т., Ошантаева Н. Интеграция системы образования Казахстана к международной системе образования)

SUMMARY

This article discusses some problems of integration of Kazakhstan education system in the world education system. **(Tokkulova G.T., Oshantaeva N. Integration of the Kazakhstan Education System to the International Education System)**

ӘОЖ 378.001

Э.ӨМІРЗАҚ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Бұл мақалада білім беру үдерісіндегі студенттердің өзіндік жұмыстарының дәстүрлі оқыту жүйесінен тыс жасалған технологиялар оқытудың мотивациялық сипатын арттырып, оқушылардың пәнге қызығуын тудырады. Студенттердің өз айналасындағылармен табиғи бәсекелестігін дамытады. Оның дара тұлғалық белсенділігін күшейтеді, өз бойындағы қабілетін саналы түрде ашуына қолайлы жағдай туғызады. Олардың адамгершілік сапаларын жетілдіреді. Шығармашылық еркіндікке ұмтылдырып болашақ мамандардың бағдарлы біліктілігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Кілт сөздер: білім беру парадигмасы, саяси реформалар, іріктеу критерийлері, психологиялық депрессия, инновациялық деңгей, кәсіби ұстаным, кәсіби бағдар, академиялық бақылау.

Жоғары оқу орнының өмірін бүгінгі күнге лайықтап өзгерту өмірдің қойып отырған өзекті талабы. Қазақстан Республикасының Конституциясында [1], «Білім туралы» Заңында [2], ҚР 2005-2010 жж. білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасында [3] және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарда оқу-тәрбие жұмысын жетілдірудің жолдары «Қазақстан-2030» даму стратегиясымен өте тығыз байланыста көрсетілген. Бұл құжаттарда елдің, оның ішінде жоғары білім беретін мекемелердің білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары дәлелденген. Қазіргі кезде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға байланысты біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалуда. Бұл педагогика теориясы мен тәрбие үдерісіндегі келесі елеулі өзгерістерге сәйкес болып отыр:

- білім берудің парадигмасы өзгерді, білім мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше діл пайда болуда;
- білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарықтық жағдайдағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;
- баланың жеке басын тәрбиелеуге, оның жан дүниесінің рухани баюына, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- мектеп, отбасы және қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлескен іс-әрекетіне ұмтылыс жасалуда;

- қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» бағдарламасында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп көрсетеді [4]. Бұл мақсатқа жету оқыту үрдісінің алдына жаңа маңызды талаптар қояды. Әлеуметтік саяси реформалардың әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдық өзгерістер кезіндегі мемлекеттік білім беру саясатында студенттердің білім сапасын арттыру мәселесі басты орынға ие болып отыр.

Егер кеңестік орталықтандырылған білім беру жүйесінде жалпы әлеуметтік тәжірибелер басым болса, қазіргі жаңа ашық жүйеде студенттердің жекедаралық қабілеттерін қолдана алу мүмкіндіктеріне басымдық беріліп отыр. Ал, білім мазмұны сол бұрынғы әлеуметтік тәжірибе негізін сақтай отырып, қазіргі педагогикалық ұстанымдарға бейімделген адамзаттық құндылықтар тұтастығында қарастырылатын болады.

Әлемдік деңгейде кең қанат жайып келе жатқан ғаламдану үдерісінде әр халықтың өзіндік бет-бейнесін сақтап қалу, ұлттық ерекшеліктерді қазіргі өркениет талаптарына сай жетілдіру мәселесі зор маңызға ие болып отыр. Халықтың рухани құндылықтарының ақпараттар ағымына төтеп беруі және жан-жақтан еніп жатқан жат түсініктер тасқынына ілесіп кетпеуі үшін жас ұрпақтың білімінің берік, білігінің бекем болуы тиіс. Әрине, ол жалпы білім беретін білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жүйесінің қалай ұйымдастырылуына тікелей тәуелді. Әсіресе, қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу процесінде студенттердің жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Бұл орайда әр ұлттың бүкіл танымдық әлемінің көрінісі, рухани мәдениетінің дамуының тетігі – жоғары оқу орны жүйесі студенттердің ішкі сұраным қажеттігіне сай бағытта оқытылуын түпкі нәтижеге бағдарлай ұйымдастыру жайы да шешуші рөл атқарады.

Мұнда әрбір мамандыққа байланысты пәндерді меңгерудің мазмұндық жүйесін саралауда сананы дамытуға, әдістемелік сипатын жетілдіруде білімді студенттің ішкі мүддесімен үйлестіруге басымдылық беру қажет. Өйткені білім мазмұнында студенттің өзіндік ойлау қабілеттерін, жеке көзқарастарын дамытуға тірек болар негізгі өзекті тауып, барлық ұғым-түсініктерді соған сәйкестендіре жүйелеу қандай маңызды болса, сабақта, сабақтан тыс ұйымдастырылатын оқу процесінде студенттің білімді өздігінен меңгеруіне, өзіне деген сенімділігін арттыруға, әр түрлі өмір жағдаяттарында дұрыс жол

табатындай қажетті іскерліктерді қалыптастыруға бағытталатын жұмыстарды үйлестіре жүргізудің де мәні соншалық үлкен.

Сол себепті де білім беру үдерісі, ең алдымен, жеке тұлғаға бағытталып, мынадай міндеттерден түзіледі: студенттің интеллектуалдық-танымдық, психологиялық, іскерлік сапаларын, өз бетінше оқу әрекетшілдігін, қарым-қатынастық біліктілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, рухани-адамгершілік, экологиялық, дене мәдениетін, т.б. қалыптастыру мен дамыту. Білім мазмұнын құрайтын оқу материалдары тұлғаны дамытушы мүддені түзуге тікелей қызмет ететіндей етіп құрылады. Ал, тұлғаның дамуы оның әр пәннен алатын білімі мен игерген іскерлік, дағдыларын өмірде қаншалықты қолдана алуымен өлшенеді.

Дәстүрлі оқыту жүйесінен тыс жасалған технологиялар оқытудың мотивациялық сипатын арттырып, оқушылардың пәнге қызығуын тудырады, студенттердің өз айналасындағылармен табиғи бәсекелестігін дамытады, оның дара тұлғалық белсенділігін күшейтеді, өз бойындағы қабілетін саналы түрде ашуына қолайлы жағдай туғызады, олардың адамгершілік сапаларын жетілдіреді, шығармашылық еркіндікке ұмтылдырып болашақ мамандардың бағдарлы біліктілігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Біз жоғарыда айтылған мәселелерді саралай келе, білім беру үдерісіндегі студенттердің өздік жұмыстарының (бұдан былай СӨЖ) алатын орнының ерекше екендігіне көз жеткіздік.

Сондай-ақ, қазіргі білім беру жүйесіне лайық СӨЖ іріктеудің критерийлері бүгінгі күн талаптарына лайық тұлға ретінде жан-жақты дамыған, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білетін, бәсекелестікке дайын азамат етіп тәрбиелеуге сәйкес анықталды.

Білім берудің жаңа тәсілі жалпы адамзаттық және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту мақсатында СӨЖ қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады.

Осыған байланысты оқытушы білім беруде әртүрлі оқу үдерісінің әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана білуі қажет. Оларды саналы-сапалы меңгеруіне бағыт-бағдар беріп отыруы тиіс. Студент сабаққа тек тыңдаушы ғана емес, еңбектенуші, өз ойын жеткізе білуші, өз бетімен білім алушы ретінде қатысса көбірек ұтады. Қазіргі таңда жаңа жүйеге сәйкес, яғни кредиттік технология оқытуды ұйымдастырудың бір бөлігі ретінде өз бетінше ғылыми оқыту әдісін таңдайды.

Өзіндік танымдық жұмыс студенттер бойындағы танымдық қабілетінің, шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады, сонымен бірге оқытушы студенттерге материалдарды тиімді пайдалануына көмек көрсете отырып студенттердің адамгершілігін, эстетикасын, ақыл-ойын интеллектуалдық сезімін, біліктілігін арттырып өздігінен ізденуге жағдай жасауы керек.

«Оқу материалын студент ойлап-қорыту арқылы қабылдайды. Ойлау –

ой тәсілдерін талдау, жинақтау процесінен басталатын күрделі психикалық әрекет» [5].

Студенттің ой-өрісінің жетілуі мен дамуы, жаңа білімді игеруі табысты болуы үшін оқытушы әрбір студенттің қабілетіне байланысты ерекшеліктеріне сай психологиялық тұрғыдағы ойларына сәйкес материалдарды ұсынуы қажет. Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе, біз студенттерге алдын-ала берілген силлабуста СӨЖ тақырыптары көрсетілетінін білеміз, олай болатын болса, егер біз дер кезінде СӨЖ тақырыптарын студенттерге ұсынбасақ, қорқыныш сезімінен туындайтын психологиялық депрессия салдарынан студент өздігінен жұмыс істеу қабілетін жоғалтуы мүмкін. Студенттерде жиі кездесетін мұндай психологиялық депрессиялық жағдайлар табиғи заңдылық болып табылады.

Студент тақырып таңдау кезінде өзіне ұнамды, өзі ізденіс жасай алатынына сенімді тақырыпты таңдай білуі тиіс. Себебі, студенттік өзіндік жұмыс барысында, болашақ мамандығы бойынша өз бетінше білім алуға үйренеді.

Біз, Ж.Н.Сүлейменованың еңбектерінде берілген студенттің өз бетінше орындайтын жұмысын инновациялық деңгейде ұйымдастыруда қойылатын талаптарға талдау жасай келе, ең қажетті деген төмендегідей дидактикалық талаптар ескерілуі тиіс деп есептейміз:

- СӨЖ жоспары алдын ала кафедра мәжілісінде, ғылыми әдістемелік семинарда талқылануы керек;
- дәрісханада және дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстар бір-бірімен үйлесімді байланыста болуы қажет;
- студенттердің теориялық, практикалық, психологиялық даярлықтарының ескерілуі;
- өздік жұмыстардың тақырыптары мен мазмұны практикалық құндылықты арттыруға мүмкіндік жасайтындай болып құрылуы қажет;
- СӨЖ-дің орындалуын үздіксіз, жүйелі түрде бақылап отыру;
- СӨЖ-ді орындау барысында студенттердің белсенділік және қызығушылық танытуы;
- СӨЖ-дің ауқымды мәселеге құрылып, кәсіби ұстанымды бағдар етуі қажет.

Жоғарыда аталған талаптарға сүйене отырып біз, СӨЖ-дің негізгі бағыттарын ұсынамыз:

1. СӨЖ-ді жоспарлау:
 - СӨЖ-дің түрін анықтау;
 - СӨЖ-дің мазмұнын, көлемін анықтау;
 - СӨЖ-ге уақыттың мөлшерін анықтау;
 - Бюджеттен студенттерге бөлінген сағат санын анықтау.
2. СӨЖ-ді ұйымдастыру:
 - СӨЖ-ді әдіс-тәсілдермен қамтамасыз ету;

- Оқытушыларды СӨЖ-бен қамтамасыз ету;
 - Практикалық тәсілдердің әдістемесі студентті оқуға (білім алу үшін) бейімдеу;
 - Оқу тәсілдерін таңдау;
 - Техникалық құралдарды қолдау.
3. СӨЖ-ді бақылау:
- СӨЖ-ді басқаруда бақылаудың орнын анықтау;
 - Сессиялар аралығында академиялық бақылау СӨЖ-дің бақылауын зерттеу;
 - СӨЖ-дің жалпы және арнайы құрылымдарының бақылауын орындау;
 - СӨЖ-ді бақылау және тәсілдерінің әдістемесі;
 - Пән айырмашылығына байланысты бақылауды анықтау.

Қорыта келе, студенттердің өзіндік жұмысының түрлерін әлі де болса санамалап айта беруге болады. Негізінен, ұстаз өтілетін сабағының мазмұнына сай, студенттердің танымдық қызығушылығын арттыра алатындай өзіндік жұмыстарды пайдалана алса, сонда ғана ол оқытушының шеберлігін, жаңалыққа құштарлығын көрсетеді, білім сапалы болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазанындағы №284 –І Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін. – Алматы: «Жеті жарғы», 2002. –245 б.
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы. –Астана: «Алтынорда», 2004. –130 б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан. 2004. -16 қазан.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан. 2004. -16 қазан.
5. *Сүлейменова Ж.Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясының жоғары мектепте оқыту әдістемесі. – Алматы: «Атамұра», 2005. – 365 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль самостоятельных работ студентов в процессе образования технологии, выработанные вне традиционной системы образования, повышая мотивацию преподавания, вызывая интерес у учащихся к предметам.

(Омирзак Э. Роль самостоятельных работ студентов в процессе образования)

SUMMARY

The work deals with individual work improves the qualify of knowledge, stimulates the students for individual work and increases the motivational feature and forms the students interest to the subject.

(Omirzak E. The Role Individual Work in Teaching Process)

УДК 646.1

Б.Б.ЖОЛДАСОВА

кандидат педагогических наук,
и.о. доцента МКТУ им. Х.А.Ясави

М.К.РАСУЛОВА

кандидат технических наук, доцент
Ташкентский институт текстильной и легкой промышленности

Т.А.АБУЛКАСИМОВА

старший преподаватель
Ташкентский институт текстильной и легкой промышленности

**ПОВЫШЕНИЕ ФОРМОУСТОЙЧИВОСТИ ТКАНЕЙ ПРИ
ИЗГОТОВЛЕНИИ ВЕРХНИХ ИЗДЕЛИЙ**

Качественный анализ методов повышения формоустойчивости деталей швейных изделий показывает, что для решения проблем, связанных с совершенствованием технологии изготовления верхних изделий, наиболее перспективным является метод прямой стабилизации. Он предполагает нанесение на изнаночную сторону деталей изделия полимерной композиции в частности коллагенсодержащего материала. При использовании метода пропитки полимерным композиционным составом обеспечивается качественная формоустойчивость деталей одежды, надежное соединение дублирующих материалов с деталями верха.

Статья посвящена исследованию физико-механических свойств материалов различного ассортимента с разными дублирующими пакетами и разработке рекомендаций материала пропитанного с полимерной композицией для верхних изделий.

Ключевые слова: метод, ассортимент, формоустойчивость, техническая характеристика.

Одним из направлений решения актуальной задачи - расширение ассортимента и улучшения качества продукции легкой промышленности Узбекистана является дальнейшее совершенствование методов оценки качества материалов и пакетов одежды. При создании одежды большое значение имеет определение рационального ассортимента создаваемых изделий. Улучшение качества выпускаемых швейных изделий связано с необходимостью использования качественных текстильных материалов и пакетов с известными физико-механическими свойствами.

Для повышения формоустойчивости тканей различного ассортимента при изготовлении верхних изделий, применяются клеевые материалы. При оценке эксплуатационных свойств одежды все большее значение имеет стабильность

исходного внешнего вида в эксплуатационном периоде. Эксплуатационные свойства тканей для одежды требуют создания новых полимерных композиционных материалов и технологий их применения. При этом появляется необходимость определения поведения химически активных соединений с обрабатываемым материалом [1].

Полимерный композит можно наносить как на изнаночную сторону основного материала, так и на клеевую прокладку. Кроме того, можно гибко варьировать уровень формоустойчивости на различных участках деталей изделия (полочке, спинке, рукаве) посредством применения композиций с разной концентрацией компонентов, нанесением в несколько слоёв и различной топографией. В связи с этим расширяются границы проектирования деталей одежды, сокращаются материальные и трудовые затраты.

Качественный анализ методов повышения формоустойчивости деталей швейных изделий показал, что для решения проблем, связанных с совершенствованием технологии изготовления швейных изделий, наиболее перспективным является метод прямой стабилизации. Он предполагает нанесение на изнаночную сторону деталей изделия полимерной композиции в частности коллагенсодержащего материала.

Это предусматривает решение задач по:

- разработке рационального состава полимерной композиции и оценке эксплуатационных свойств пакета «ткань+полимерный композит»;
- анализа методов обеспечения формоустойчивости в процессе изготовления швейных изделий;
- разработке технологии изготовления швейных изделий из тканей различного ассортимента с полимерным покрытием.

Формоустойчивость деталей одежды напрямую связаны как с физико-механическими свойствами тканей, так и пакетов с дублирующими материалами. В настоящей работе были исследованы физико-механические свойства пакетов материалов различного ассортимента [2]. Объектами данных исследований были выбраны 5 видов костюмных тканей. Техническая характеристика рекомендуемых тканей представлена в таблице 1.

Таблица 1. Техническая характеристика рекомендуемых тканей верхних изделий

№	Наименование ткани	Код ткани	Волокнистый состав, %	Поверхностная плотность г/м ²	Толщина, мм	Вид переплетения
1	Костюмный материал «Грюнель»	А	ВХ-50 К-50	158,9	0,33	полотно
2	Плательно-костюмный материал «Березка»	Б	К-50 Х-50	138,8	0,35	полотно
3	Костюмный материал «Резеда»	В	К-50 Х-50	261,2	0,4	саржа
4	Пальтовый материал «Дебют»	Г	Ш-100	337,2	1,0	полотно
5	Костюмный материал «Мар-мара»	Д	Н-40 ВЛ-60	312,6	1,1	жаккард

Результаты проведенных исследований физико-механических свойств материалов приведены в таблице 2.

Показатели воздухопроницаемости и несминаемости пакетов тканей приведены в виде диаграммы в рис.1 и 2.

Из диаграммы видно, что воздухопроницаемость тканей имеет коррелятивную связь с поверхностной плотностью тканей, т.е. чем выше поверхностная плотность ткани, тем меньше воздухопроницаемость. При создании пакетов тканей эта закономерность в основном сохраняется. Наилучшие показатели воздухопроницаемости наблюдаются в варианте с пропиткой тканей полимерным композиционным составом. Наименьшая воздухопроницаемость имеют ткани при создании пакетов с дублирином. Пакеты, созданные на основе флизелина, имеют промежуточные, т.е. средние показатели.

Таблица 2. Физико-механические показатели тканей с дублирующими пакетами

№	Вид образцов	Код ткани	Воздухопроницаемость, дм/мс	Несминаемость, %	Разрывная нагрузка, Н	Разрывное удлинение, %
1	Материал верха	А	49,90	88,3	987,9/843,2	44,8/39,7
		Б	85,9	60,3	440,8/534,6	21,8/25,3
		В	23,35	71,1	403,1/376,3	25,0/26,2
		Г	28,12	71,3	992,8/1018,6	37,6/24,0
		Д	17,43	79,6	825,6/964,2	56,8/72,3
2	Материал с пропиткой	А	47,61	82,3	990,5/892	37/39,8
		Б	82,7	68,1	462,4/501,4	22,2/25,4
		В	19,50	68,9	398,3/425,8	27,1/29,7
		Г	25,10	69,1	884,9/1019,5	38,1/22,8
		Д	15,75	78,3	908,3/948,2	58,8/67,5
3	Материал с дублирином	А	36,51	72,2	996,7/874,2	41,3/37,7
		Б	77,9	67,6	463,2/551	22,5/25,5
		В	14,71	66,6	371,4/376,3	24,2/26,2
		Г	19,50	68,4	992,8/1018,6	37,6/24,1
		Д	11,98	77,1	298,2/703,3	35,4/56,9
4	Материал с флизелином	А	37,35	78,3	1006,5/936,2	44,7/39,7
		Б	81,1	58,8	455,7/473,8	23,5/26,6
		В	17,43	68,1	365/408,7	26,6/31,1
		Г	21,57	67,7	966/1017,7	40,7/25,0
		Д	14,71	75,9	838,7/907	62,2/83,1

Примечание: в числителе – основа, в знаменателе – уток




Рисунок 1. Воздухопроницаемость пакетов тканей




Рисунок 2. Несминаемость материалов с разными дублирующими пакетами

Как видно, из представленных табличных данных, показатель несминаемости тканей различного ассортимента обработанных полимерной композицией имеют соответственно 82,3; 68,1; 68,9; 69,1; 78,3%. При этом несминаемость всех видов тканей с полимерной композицией в сравнении с другими пакетами имеют лучшие показатели. Все 5 видов тканей в пакете с

флизелином имеют худшие показатели несминаемости. Ткани с дублирином по результатам исследований занимают промежуточное положение между пакетами с полимерной композицией и с флизелином.

Показатели разрывной нагрузки и разрывного удлинения изменяются в зависимости от вида ткани и применяемого пакета.

Результаты проведённых исследований выявили положительные свойства, присущие при использовании метода пропитки полимерным композиционным составом:

- обеспечение удовлетворительной формоустойчивости;
- незначительное снижение гигиенических показателей пакета, в отличие от вариантов с использованием клеевых дублирующих материалов;
- возможность применения прокладок для любого вида изделий;
- надёжность соединения дублирующих материалов с деталями верха.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Рогова А.П.* Изготовление одежды повышенной формоустойчивости. – М.: Легкая индустрия, 1979. – С. 215.

2. *Жерницын Ю.Л., Гуламов А.Э.* Методическое указание по выполнению научно-исследовательских и лабораторных работ по испытанию продукции текстильного назначения. –Ташкент: Сонат, 2007. – С. 95.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада әртүрлі ассортименттегі материалдардың физико-механикалық қасиеттері және сырт киімдер үшін полимерлік композициямен сіңірілген материалдарды ұсынудың талдамалары қарастырылады.

(Жолдасова Б.Б., Расулова М.К., Абулкасимова Т.А. Сырт киімдерді дайындауда материалдардың формаұстағыштығын жоғарылату)

SUMMARY

The article is about researching physics-mechanical peculiarity of mixed materials with different duplicating pocket and engineering recommendation of soaked polymeric composition for over clothes.

(Zholdasova B.B., Rasulova M.K., Abulkasimova T.A. Increasing firmness of fabrics in preparing over clothes)

ӘОЖ 785.789 (075.5)

А.А.БАЛАБЕКОВА
ОҚМПИ-ның оқытушысы

А.С.БАЙҒОНОВА
ОҚМПИ-ның магистр-оқытушысы

ҚАЗАҚСТАНДА ӨНЕР ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Өнер дегеніміз – өмір шындығын көркем бейнелер арқылы жеткізетін адам іс-әрекеттерінің формасы. «Өнер алды – қызыл тіл» деген халық даналығы өнерпаз қауымның дәстүрлі ережесіне айналды.

Ерте дәуірлерде ән, өлең және би бөлінбей, біртұтас күйінде болған. Оның ізі ұзақ халқының бақсылық дәстүрінен ХІХ ғасырға дейін көрініс туып келді. Ондағы бақсы әрі әнші, әрі ақын, әрі биші. Ол өзі тартып отырған қобыз сарынына қосылып ән салады, би билейді. Сөйтіп бір өзі өнердің түрін қатар атқарады. Мұны өнердің біртұтастығы немесе синкреттік белгісі дейміз.

Уақыт өткен сайын өнер де дамып, жетіліп, жіктеліп отырған. Енді ән, би, өлең жеке-жеке өнер түрінде қалыптасады. Оның бір ғана саласымен шұғылданатын орындаушы мамандар туады. Сөйтіп, өнердің әр саласы кәсіби сипатқа ие бола бастайды. Солардың бірі - музыка өнері. Мақалада осы саланың елімізде қалай қалыптасып, қалай дамып жатқандығы туралы мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: мәдени-ағарту жұмысы, ұлттық интеллигенция, театр, көркем сурет, хореографиялық білім беру, декоративті-қолданбалы өнер, музыка тілі, қазақтың ұлттық бейнелеу өнері.

Әрбір дәуірдің, әрбір тарихи кезеңінің өз үні, өз әуені, өз мақамы болған. Сол сипатына қарап кез-келген әннің туған кезеңін дөп басып анықтауға болады. Музыканың келесі бір қасиеті - әуезділігі, әсерлігі, көркемділігі. Бұл уақыт сынынан мүдірместен өтіп, біздің заманымызға келіп жеткен халық әндерінің барлығына дерлік тән белгі. Жазба мәдениеті туа қоймаған дала жағдайында нағыз көркем, тыңдаушысына терең әсер ететін әуезді саз ғана ел ауызына ілігіп, ұзақ мерзім өмір сүре алған.

Музыканың мәнін түсініп қабылдау үшін бұл өнер саласының өзіндік ерекшелігін айқын аңғарып, табиғат құбылыстарын, өмір шындығын музыкалық дыбыстар қандай жолмен бейнелейтініне ой жүгірткен жөн. Музыка тілі – басқа өнердің салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыкада айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы беріледі.

Музыка өнерінің ерекшелігі – сөз бен тіл жеткізіп айта алмайтын,

адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында. Музыка таза эмоцияға әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл-күйіне байланысты [1].

XX ғасырдың 20-шы жылынан бастап қалыптасу мен дамудың бастапқы сатысында мәдени-ағарту жұмысы мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілді, оның негізгі бағыттары:

- сауаттылық деңгейін көтеру және бұқараны ағарту мақсатындағы мәдени-ағартушылық жұмыс;

- мектептің жалпы білім беру жүйесі арқылы оқушы жастарға музыкалық-эстетикалық, көркем тәрбие беру;

Жаңа қоғам құрылысы тек қана – жаңа экономикалық жүйе, саяси құрылыс, сапалы жаңа мәдениет типі және өнер мен мәдениеттің ерекше ережесі ғана емес, сонымен қатар өнер саласындағы білім беру жүйесінің мамандарын мамандандырудың даярлығы болжанған.

Кезінде колониалды болған аймақтағы мамандар мәселесін шешуде бұрынғы интеллигенцияны қайта тәрбиелеу жағы қаралмаған. Жалғыз ғана жол – халық ішінен қазақтың жаңа ұлттық интеллигенциясын құру болды. Әсіресе мәдениет пен өнер саласындағы жаңа ұлттық мамандарды қалыптастыру және құру өзекті мәселе болды.

Бұл жерде айта кетер бір жәйт, өзінің тұла бойы толған талант, туа біткен қасиеті бар Күләш Байсейітова, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев сынды әншілер мен Шара Жиенқұлова сияқты бишілердің ізін басатын, өнерін әрі қарай жалғастыратын ұрпақты халық арасынан тауып, өнерге баулып, дұрыс білім беретін белгілі бір жүйе қажет еді [2].

1930-жы жылдар кезеңінің мәнді оқиғалылығы – Қазақстандағы кәсіптік өнердің дамуына жағдайлар жасалып, алғашқы мәдениет және өнер саласында оқу орындарының ашылып, мәдениет және өнер саласының мемлекеттік саясаты нақты жүйелі сипатқа ие болды.

Осы кездің жағдайларында мәдениет пен өнер орта арнаулы оқу орындары жалпы орта білім беру жүйесі құрылуының ерекше маңызы болды.

Атап айтқанда 1930-шы жылдары театр, көркем сурет, хореографиялық білім беру даярлығы бойынша алғашқы училищелер, қазақ драма театрлары, қуыршақ студиясы, қазақ филармониясы, халық аспаптар оркестрі құрылып, жұмыс жасай бастады.

Қазақстан Республикасының өкіметі ұлттық кәсіби мамандар даярлаудың маңыздылығын түсінумен осы кезде мәдениет пен өнер саласында музыкалық, театрлық және көркемдік білімді, сондай-ақ өнер және кітапханашы-библиограф түрлері бойынша маманданатын мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлауды қамтитын бірнеше артықшылық бағыттар бойынша мәдениет саласында мамандарды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыра бастайды.

Осымен қатар, Қазақ ССР халық ағарту комиссариаты ең таңдаулы

қабілетті актерлерді орталық театралдық оқу орындарына жіберу туралы шешім қабылдады.

Ленинградтағы сахна өнері институтында 23, Мәскеу театр комбинатында 25, Мәскеу консерваториясының жұмысшы факультетінде 4 қазақстандық өнерпаз оқыды.

1929 ж. Қазақ драма театры Қызылордадан Алматыға көшірілді. Бұл театр ұжымының режиссерлік бастауында Ж.Шанин, К.Байсейітова, Қ.Жандарбеков, А.Исмаилов, А.Токпанов, Ш.Айманов, С.Естемесова, Ә.Мамбетов, т.б. тұрды.

Мұнда Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Х.Бөкеева, Қ.Бадыров, Ш.Жандарбекова, С.Майқанова, Е.Өмірзақов, К.Қармысов, С.Телғараев, т.б. тамаша актерлар өсіп-өнді.

Олар ССРО және ҚазССР-ң халық әртісі, Республикаға еңбегі сіңген өнер қайраткері, еңбегі сіңген әртіс деген мақтаулы атақтарға ие болды.

Ұлттық театрдың негіздемесі және табысты жұмысы, кәсіптік драма өнерінің пайда болуы сахна шеберлігі мектебінің құрылуы және тек актерды ғана емес, сонымен қатар көрерменге де көркем тәрбие беру халық музыка театрының құрылуына негіз болды.

1937 жылы музыкалық театр өз сахнасында бірнеше опералық қойылымдарды табысты жүзеге асырып, театрға Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театры деген атақ берілді.

Театр А.Үмбетбаев және Мүсілім және Ришат Абдуллиндер, Ш.Бейсекова, Б.Досымжанов, К.Кенжетаев сияқты атақты әншілерін, өнер саңлақтарын өсіріп шығарды.

Абай атындағы театрда көптеген жетекші әртістердің музыкалық-сахналық өнері гүлденіп, көркейді. Б.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы, В.Виликановтың «Қамбар және Назым», П.Чайковскийдің «Аққулар көлі» балеті және т.б. ең тамаша спектакльдер қойылды.

20-30 жылдары кәсіптік музыка өнерінің даму ерекшелігі – дәл сол кездегі алғашқы музыкалық мәдени мекемелердің, театрлардың және оқу орындарының құрылуы болып табылады.

1930-1940 жылдары музыкалық білім беруде түбегейлі өзгеріс белгіленді. Алғаш рет А.Жұбановтың “Әліп би” (Музыкалық әліппе) атты музыка бойынша оқу құралы жарық көрді. 1950 жылдан бастап білім беру жүйесінде белгілі биіктеу басталды. Бірқатар сапалы оқулықтар дидактикалық және әдістемелік еңбектер жарық көре бастады.

1932 жылы Алматыда фортепиано, шекті аспап, хорды дирижерлеу, ән, музыка теориясы мамандықтары бойынша мамандар даярлаудың күндізгі және сырттай оқу бойынша жүзеге асырылатын П.Чайковский атындағы музыкалық училище ашылды [3].

Қазақтар ХХ ғасырдың бас кезінде көшпелі өмірді сақтаған біраз

халықтардың бірі. Халықтың тілінде және көркем шығармашылығында бұл көп ғасырлық ерекшеліктің ритмі осы күнге дейін жадында жақсы сақталған.

Эпос, фольклор, ән, музыка, би, декоративті-қолданбалы және бейнелеу өнері, қазақтың сәулет ескерткіштері – осылардың бәрі кеңістікке және уақытқа үнемі қозғалыс, ауысу және олардың өзіндік нәтижесінде туған ерекшелікті қатынас белгісін қалдырды.

Қазақтың халық биінің бастауы қазақ хореографиясының практиктері және зерттеушілері Ш.Жиенқұлованың, Л.Сарынованың, Д.Абированың еңбектерінде белгіленген. Олар би дәстүрінің ең алдымен қазақ халқының декоративті-қолданбалы өнерімен байланысты екенін анықтайды. Халық биін шығаруға өрнек ең үлкен, зор мағынаға ие болды.

Билеу өнері күрделі эволюциялық жол кешті. Әсемділіктің қарапайым, жәй түрінен біртіндеп бейнелі-жетік би формалары туды, сахна өнерінің күрделі жанрының бірі – балет спектаклінің шығуы елеулі кезең болды.

Балет өнерінің әр алуан түрі – бейнелеу өнерін, ән, драматургияны біріктірді. Олар балетте өзінен өзі жүзеге аспайды, олар хореографқа бағынышты. Бізде мамандандырылған, талантты хореографтарды даярлайтын, Алматы хореографиялық училищесінің үлкен мүмкіндігі және еңбегі бар. Оқу орнының даярлық базасы – ең күштілердің бірі, өйткені бұның бастауында Г.Уланова, А.Селезнев, т.б. тұрды.

Республиканың педагогикалық институтында көркем-кескін факультетінің ашылуы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру және табысты көркем білім беруге қолайлы мүмкіндік туғызды.

Болашақ бейнелеу өнері және көркем еңбек пәнінің мұғалімдерін даярлаудың басты мақсаты – қазақтың ұлттық бейнелеу өнері тәсілдерімен студенттерді көркем білімге даярлау және оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. Бейнелеу өнерінің даму тарихы, еңбегі сіңген шеберлер шығармашылығы, Қазақстанның бейнелеу өнерінің қазіргі мәселелері, ерекшелігі, мазмұны Г.Сарықұлова, М.Ғабитова, С.Құмаровалардың еңбектерінде оқылады.

Алғашқы бесжылдықтың соңында Қазақстанда 20 театр, соның ішінде 7 қазақстандық, 5 театр студиясы, қазақ филармониясы және халық аспаптар оркестрі болды.

Соғыс салдарынан туған жаппай эвакуация және миграция процесі жағдайында Қазақстанда өнер мен білім саласында кәсіптік оқу орындарын маманмен қамтамасыз ету әрекеті едәуір жоғарылады, әр түрлі халықтардың мәдениеті өзара байи бастады. Әйтсе де реэвакуациядан соң орталық жоғары оқу орындарында, театр және мекемелерде, жоғары оқу орындарында білім берудің, мәдениет пен өнердің және ұлттық жүйесін құру мәселесі қайта шиеленісті. Осыған байланысты, 1947 жылы мәдениет пен өнер саласындағы жоғары оқу орындарының кәсіптік дамуында ресми мемлекеттік саясатқа қолдаудың жаңа бағыттары жарияланды.

1947 жылы қаулы шешімдерді жүзеге асыра отырып, 50-жылдары Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындары жанынан Республика үшін мәдени интеллигенциясы мамандарын даярлайтын музыкалық, көркемсурет-графика, кітапхана факультеттерін ашты. Алматыда қазақтың Қыздар педагогикалық институты жанынан екі факультет ашылды: музыкалық педагогикалық (1968 ж.), кітапханашылық (1956 ж.) факультеттер жұмыс істей бастады.

Тұтас алғанда мәдениет пен өнер саласындағы кәсіби білім берудің даму жылдамдығы бойынша 60-шы жылдардың бас кезіндегі басқа бағытты оқу орындары бойынша даму көрсеткішінің ұмтылысына орын беретінін атауға болады, мемлекеттік қолдаудың мақсатты саясатына орай мәдениет пен өнер саласында жеке ұлттық маманды даярлау мәселесі толық шешілді.

Қазақстан Республикасының жоғары және орта арнаулы оқу орындары түлектерінің сапалы ұлттық құрамы едәуір жақсарғаны байқалды.

Қазақстан жайындағы мәдениет пен өнер саласындағы оқу орындарымен кәсіптік жеткілікті кең инфрақұрылымы ұмтылысының көрінуі 30-жылдардан бастап бір жоғары оқу орны - Мемлекеттік консерватория және 16 орта арнаулы оқу орны, олардың ішінде 8 музыкалық училище және 9 музыкалық мектеп пайда болып, тиімді жұмыс істей бастады. Тұтас алғанда республика өңірінде музыкалық мекемелер, мәдени оқу орындары, театр, өнер қайраткерлері мен шығармашылық одақтары көрнекті рөл атқара бастады [4].

Кәсіби білім беру теориясының өнер саласында Қазақстан мектептерінің қалыптасуы мен даму тарихына педагогика ғылымының көрнекті ғалымдары және республиканың тамаша мәдениет қайраткерлері Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, С.Көбеев, С.Мендешев, И.Сембаев, С.Сыдықов, Т.Тәжібаев және т.б. өздерінің мағыналы да мәнді үлестерін қосты.

Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің ерекшелігі Ә.Нұғманова, А.Ұзақбаева, П.Момынов, т.б. қазақстандық ғалымдар тарапынан зерттелінді. Қазіргі кезде мамандардың мәдениет пен өнер саласындағы кәсіби даярлығын қазақстандық классикалық типтегі 16 жоғары оқу орыны жүзеге асыруда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Өтемісов Ж.* Өнер әлемі. – Алматы: Эверо, 2007. -156 б.
2. *Момынұлы П.* Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. – Алматы: Өнер. 2002. II том. – 206 б.
3. *Өтемісов Ж.* Ұлттық өнер – тәрбие көзі. – Алматы: МерСал, 2005. – 84 б.
4. Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Ғылым, 2000. – 112 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается становление первых коллективов искусств в Казахстане, также вклад мастеров искусств в сферу культуры и народного творчества.

(Балабекова А.А., Байгонова А.С. Становление коллективов искусств в Казахстане)

SUMMARY

In this article opening problem at the first staying art collectives in Kazakhstan, so collectivity an art culture and national creation spheres.

(Balabekova A.A., Baigonova A.S. The Establishment of the First Arts Groups in Kazakhstan)

ӘОЖ 958.584 3 (584 5)

М.С.АМРИНА

тарих ғылымдарының кандидаты,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің аға оқытушысы

Қ.С.ӨСКЕМБАЕВ

тарих ғылымдарының кандидаты,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің доценті

**«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ
МАТЕРИАЛДАРЫ...» ДЕРЕГІНІҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Бұл мақалада авторлар ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ жерін зерттеуге арналған экспедиция материалдарының негізінде жарық көрген көп томды «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары» дерегінің ішкі құрылымын сипаттауды мақсат тұтады. 1896-1903 жылғы Ф.А.Щербинаның Қазақстанға жасаған экспедициясының материалдары ішкі құрылым, жариялау, баспаға дайындау мәселесіндегі атқарған істерге талдау жасалады. Экспедиция зерттеулерін жариялау тәртібі, статистикалық кестелердің алдын-ала дайындалуы сияқты мәселелер қарастырылады. Бүгінгі күнде бұл деректің кешенді түрде ғылыми талданбағанын негізге ала отырып, дерекке енген құжаттарды жүйелеп, оның тәжірибелік мәніне үлкен мән береді.

Кілт сөздер: Ф.А.Щербина, Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары..., 12 ояз, статистикалық кесте, Л.К.Чермак, Н.Тасилова.

1896-1903 жылдар аралығында Қазақстанға жүргізілген Ф.А.Щербина экспедициясы нәтижесінде жинақталған «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» жарыққа 13 том ретінде шықты. 12 том экспедицияның зерттеген 12 оязына арналған: Ақмола облысының Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Омбы, Петропавл; Семей облысының Павлодар, Қарқаралы, Семей, Зайсан, Өскемен, Торғай облысының Ақтөбе және Қостанай. 13-інші том барлық 12 ояз бойынша бюджеттік зерттеу мәліметтерінің жинағын көрсетеді. Сондықтан да ең алдымен бұл деректің ішкі құрылымы, жариялау, баспаға дайындау мәселесіндегі атқарылған істерге талдау жасаудың маңызы зор деп есептейміз. Томдарды басып шығаруда экспедиция басшылары біршама қиыншылықтарға кездесті: баспаханалық базаның жоқтығы, қаржы жетіспеушілігі, біліктілігі жоғары мамандардың жетіспеушілігі, т.б. Дегенмен, ең маңызды материалдарды

талдаудағы болса да, сол секілді жарыққа шығаруда да қиыншылық тудырған жағдай – экспедиция жұмысының практикалық міндеттерге тәуелділігі – яғни қоныс аударушылар үшін жаңа бос жерлерді табу мақсаты. Әрине, бірінші кезекте том мәтіндерінің жерге орналастыру чиновниктеріне қажетті бөлімдерін талдау және баспаға дайындау жүргізілді. Бұл ең алдымен статистикалық кестелер мен оған ескертулер және рулық схемалар болды. Бұл материалдар экспедиция тағайындаған қауымның пайдалануындағы жерлердің шекарасын көрсетіп “артық жерлерді” көрсетуге мүмкіндік берді. Сондықтан 1-ші томмен жұмыс жасау барысында (Ақмола облысының Көкшетау оязы) алдымен «Ақмола облысының жерге орналастыру партиясының чиновниктерінің жұмысы үшін талап етілген алдын ала дайындалған статистикалық кестелер басылды» - деп жазады Ф.А. Щербина. «Бұл экспедиция зерттеулерін жариялау тәртібі, қоныс аудару учаскелерін негіздеу ісінің ағымдық қажеттіліктеріне байланысты, басқа барлық ояздар үшін де тағайындалды», - деп мәлімдейді өз жазбаларында экспедиция басшысы. Жерге орналастыру партиялары үшін табылған мәліметтерді дайындау барысында экспедицияның ағымдық жұмысы кешенді болды, сондықтан көп жағдайда уақыт тапшылығына байланысты бағдарлама бойынша жүргізілу керек нағыз қажетті еңбек талдаусыз да қалып отырды [1].

Деректің жалпы құрылымы бастапқы экспедицияның бағдарламасында қарастырылған мәселелерге сай келгенімен, әр облыс пен ояздың өзіне тән ерекшелігіне сай деректің құрылымы өзгеріске ұшырап отырды. Мәселен, қажетті жағдайларда жаңа кестелер қосылып немесе мәтінде бұрын қаралмаған тақырыптар да әр өлкенің өзгешелігіне сай дерекке қосылып отырған.

Басылымның құрылымына талдау жасау әр томдағы бар мәліметтердің арасындағы нақтылы айырмашылықтарды анықтауға негіз болады. «Мәліметтердегі...» 12 томның әрқайсысында бір оязға сипаттау бар. Сондықтан бірегей құрылымда, XIII том бюджеттік сипаттауға арналған және тіптен бөлек принципте құрылған. Томдардың құрылымы зерттеліп отырған ояздың ерекшелігіне байланысты кейде өзгеріске ие болған. Дегенмен, мұның бәрі әр томға қажетті қаңқаға байланысты құрылған. Мысалға алып қарағанда әр том негізгі екі бөліктен құрылған: мәтіндік (жалпы) және кестелер. Оның алдында «Алғысөз» бар.

«Алғысөз» (XII-V томдарда – «кіріспе») томның маңызды құрамдас бөлігі және барлық томдарда бар. Бірақ әр томда өзіндік сипатта. Егер 1-ші томда, мысалы, «Алғысөз» көлемі жағынан үлкен болып нақтылы оязды зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық түсіндірме жасаса, ал XII томда «Алғысөз» – қысқаша бір бетке ғана жазылған және сондай да бір құнды ақпарат қамтылмаған. Мұндай айырмашылық басқа да томдарда бар. Бұл кей жағдайда әртүрлі авторлардың әр томға алғысөз жазуымен де түсіндіріледі.

Негізінен алғысөзді экспедицияның басшысы жазған, ал басшылардың өзгеруіне орай алғысөздің авторы да өзгерген. «Алғысөздің» басты құндылығы ояздың ерекшелігіне қатысты зерттеудің әдістемесін анықтаудағы өзгерісті көрсетуінде. Ереже бойынша «Алғысөзде» экспедицияның құрамындағы нақтылы оязды, зерттеуге қатысқан қызметкерлер тізімі, экспедиция басшысы көрсетіліп, сол сияқты томның мәтінін жазудағы әр автордың қатысын анықтауға қажетті мәліметтер де берілуі қажет болды. Өкінішке орай, мұндай толыққанды «Алғысөзді» тек I, V, VII, X томдарға қатысты айтуға болады [2].

Томның жалпы немесе мәтіндік бөлігі өз мазмұны бойынша әрқилы жоспарда. Томдағы бұл бөлімдер де әртүрлі авторлардың қолымен жазылған. Жалпы бөлімде, бірінші кезекте ояздың шаруашылық суреттемесі мен ерекшелігі көрсетілген. Жерді пайдалану формасы, жер шаруашылығы мен мал шаруашылығын сипаттау барлық томдарға тән. Ояздың шаруашылық ерекшеліктерін анықтау негізгі бөлімде орын алған (VIII-ші том) немесе шаруашылықтың салаларын сипаттаумен бірге болып, әрине авторға байланысты болды. Бұл көпшілік томдарға тән. Ояздың шаруашылығына талдау жасауда маңызды орынды жерді жалға алу мәселесі алады. VI, IX, XI томдарда кәсіпшілік пен жерді жалға алуға ерекше көңіл бөлінген. Бұл осы мәселеге ерекше көңіл бөлген Л.К.Чермактың томдардағы мәтінді жазуымен түсіндіріледі. IV том да Л.К.Чермактың редакциялауымен жазылған. Кәсіпшілікті сипаттау жерді жалға алуға қарағанда аз жазылған. Мәтіннің жалпы бөлімде бұлай жазылуының себебін Семей облысының Павлодар оязының ерекшелігімен түсіндіруге болады, себебі жерді арендау бұл аймақта кең тарады. Бұл мәтінді жазған И.Ф.Гусев болғанмен, Л.К.Чермактың тапсырмасымен жазылғандығы көрінеді. Шаруашылықтың кәсіпшілік деп аталатын саласына авторлардың көзқарасының әр түрлі болғандығын және оның мәтіннің құрылымына қалай әсер еткендігін келесі мысалдан көруімізге болады. Ф.А.Щербина жазған I том мәтінінде кәсіпшілік жер шаруашылығы деген мақаламен біріктірілген, яғни оған маңызды рөл берілмеген. Қазақ шаруашылығының негізгі сипатын анықтаудағы авторлардың көзқарасы негізгі бөлімдегі берілген мәліметтердің құрылымын анықтады, сол сияқты шаруашылықтың әр саласын сипаттауға арналған мәтіннің көлемін де көрсетті [3].

Статистиктер мал шаруашылығына қазақ шаруашылығындағы маңызды сала ретінде қарады. Шаруашылықтың бұл саласына сипаттама берген кезде зерттеушілер отардың құрамын анықтауға тырысып, малдың бұл түрінің шаруашылықта басым болуының себептерін іздестірді. Мысалы, Ақмола облысының Атбасар оязын 1897 жылы экспедицияның екінші жылы зерттегенде бұл ояздың шаруашылығында түйенің негізгі орын алғандығы белгілі болған. Бұл бірнеше себептермен түсіндірілді, оның ішінде ең алдымен Атбасар оязының табиғи жағдайымен Көкшетау оязын зерттегенде

отардағы түйе малының санын анықтауға бағдарламада аз орын берілді, ал Атбасар оязын зерттегеннен кейін статистиктердің кейбір аудандарда түйе малының шаруашылықта құнының ірі қара малға қарағанда жоғары екеніне көздері жетті. Сондықтан түйе малын есепке алып, оның шаруашылықтағы үлес салмағын анықтап алғаннан кейін Ақмола облысының Ақмола оязын, Семей облысының Павлодар оязын, Торғай облысының Қостанай оязын, Семей облысының Қарқаралы оязын зерттеген кезде оған ерекше көңіл бөлінген (III, IV, V, VI) [1, 88 б.].

Жер шаруашылығын суреттеу мал шаруашылығы секілді әр томда кездеседі. Жер шаруашылығы, отырықшылық барлық ояздарда бірдей дамымаса да, экспедиция қызметкерлерінің тарапынан мал шаруашылығын қарастырғандай дәйекті зерттеуге ие болды. Олардың пікірі бойынша отырықшылық қазақтар үшін мал шаруашылығына қарағанда перспективті іс деп есептелді. Ең алдымен, статистиктер ояздағы ең алғашқы жер өңдеудің қалыптасуынан басталған кезеңнен тарихын қарауды жөн деп есептеді. Олар жер шаруашылығымен, отырықшылықпен айналысудың қазақтар үшін тұрақты норма ма, әлде қашан да басқаша сипатта болды ма деген мәселені анықтауға тырысты. Мұнымен қоса, олар егістіктен алынған өніммен олардағы бар мал санының арасында өзара байланыс бар ма деген мәселеге көңіл аударды. Жер шаруашылығының жағдайын анықтау маңызды орынға ие болды. Еңбек құралдары, өнімнің сорттары, жұмыстың маусымдық айналымы, табиғи жағдайлар, бұл істегі қиыншылықтар – мұның бәрі экспедиция қызметкерлерінің назарынан тыс қалмады. Тек ғылыми мақсат қана емес, практикалық мақсат та басшылыққа алынды. Тек осындай жолмен, олардың есептеуі бойынша, орыс шаруаларын қоныс аударуға арналған аудандардың жер шаруашылығын жүргізудің тиімділігін анықтауға болды. Сирек кездесе де статистиктер бау-бақша өсіру мәселесіне арналған сұрақтарды да қамтуға тырысты. Бұл арада ормандар мен оған жақын жатқан шабындық алқаптар да суреттелді. Келесі міндетті түрде жалпы бөлімде қарастырылған әр томға қатысты сұрақ жерді пайдалануды сипаттау болды. Бұл сұраққа экспедиция қызметкерлерінің еңбектерінде көп көңіл бөлінгендігі көпшілікке мәлім. Бұл мәселені теориялық тұрғыдан ой елегінен өткізуге тырысып, өткен дәуірдегі және өзге халықтардағы жерді пайдаланудың ережелерімен қатарласа қарастырған. Өз бағдарламаларында қарастырғандай статистиктер қазақ қоғамындағы жерді пайдаланудың ережелерін көрсететін мәліметтерді практикада жинақтады. Олар жерді иемденудің маңызды формасын тағайындады. Жалпы пайдаланатын жайылымдық, шабындық, қыстаулық, т.б. жер аудандарына көп көңіл бөлінді. Келесі жағынан олар ауылдың қарамағындағы жерді пайдаланудың аудандарын нақтылы анықтауға тырысты, бірақ бұл көп жетістіктерге әкелмеді, себебі шекара ұғымы қашанда тұрақты болмады. Дегенмен, зерттеушілер жерді бөлуге негіз боларлық сұрақтарға ерекше зейін қойды.

Бұл көп жағдайда өзен аңғарларымен, тау шатқалдарымен, шұңқырлармен есептелді, тіпті шекара шартты түрде де көрсетілді. Экспедиция қызметкерлерінің өздері зерттеген аудандардағы жерді пайдалану мәселелеріне қатысты үлкен жұмыс атқарғандығын айтуымыз керек. Далалық өлкенің әр түрлі ояздарына жүргізілген жұмыстар барысында кейбір қауымдарда «қой-бөліктер» деп аталатын қой малын қыста ұстауға арналған тиімді орындардың бар екендігіне көп көңіл бөлді [1, 91 б.] .

I томның жалпы бөлімінде «зерттеу кезінде кездескен қиыншылықтар», «жұмыс бағдарламалары және ұйымдастыру», «бюджеті мен сұраныстары» деп аталатын бөлімдер бар екенін көрсетуіміз керек. Өзге томдарда кездеспейтін, осы I томда ғана бар бұл бөлімдердің болуын түсіндіруге болады. Алғашқы том аз зерттелген мәселеге арналған үлкен басылымды ашты. Сондықтан экспедицияның өзі жөнінде, оның құрылу тарихы мен зерттеуші аймағы жөнінде алдын-ала мәлімдемелердің болуы қажетті жағдайдан туындалды [2, 18-25 б.] .

Барлық томдарда (I томнан басқа) қазақ шаруашылығына қажетті шөптің есебі берілген. Шөп есебі әр томда әр жерде көрсетілген: IV, VII, X томдарда жалпы бөлімде, ал қалғандарында (III, 2-бөлім, XI, II) «Арнайы бөлім» деп аталатын бөлімге енгізілген Омбы облысының Петропавл оязына арналған XII томында шабындық нормалар «Арнайы бөлімге» енгізіліп, оған 20 беттік мәтін берілген. Осы томда басқа томдарға енгізілмеген «Қысқы малды ұстауға арналған арнайы санақ мәліметтердің нұсқасы» деп аталатын кесте енгізілген. Қазақ шаруашылығына қатысты шөп нормаларын анықтауға деген экспедиция қызметкерлерінің ерекше назарын олардың анықтау әдістемесінің жергілікті әкімшілік тарапынан, сол сияқты басқа да ғалым-статистердің тарапынан сынға ұшырауымен түсіндіруге болады. Сондықтан экспедиция қызметі бұл мәселеге қатысты кең түсіндірме жасауды қажет деп тапты.

«Мәліметтер» жаратылыстану ғылымының облыстарындағы мамандар үшін қызықты болып табылатын мәліметтерді де қамтыған. Бұл ең алдымен, әр томда бар оязды геоботаникалық суреттеу мәселесіндегі топыраққа, өсімдікке, суды пайдалануға, климаттық жағдайға, т.б. сұрақтарға қатысты. I томда зерттеліп отырған ауданның табиғи жағдайын игеруге байланысты экспедиция жұмысын толықтыру үшін арнайы гидротехникалық есептен үзінді берілген. Осыған қарап та экспедиция қызметінің жүргізілген зерттеулерді толыққанды етуге тырысқандығын көруімізге болады. Экспедицияда геоботаник мамандар жұмыс жасады. Экспедиция қызметі үшін мұндай суреттеулер ояздың бөлінуіне негіз болған жайылымдық аудандарды сипаттау үшін қажет болды. Әр томда аудандарды табиғи-тарихи суреттеу бар. Том соңында, әдетте, бұл ауданның картасы берілген.

“Аудандар мен ондағы артық жерлердің кестесі” деп аталатын кесте міндетті түрде әр томда бар, бұл барлық томдағы мәліметтер біріктіріліп экспедиция жұмысының негізгі қорытындысын көрсетеді, яғни артық жерлер

тағайындалады. Бұл кесте «Түсіндірме жазбамен» бекітілген. Оны әдетте экспедиция меңгерушілері жазып, қазақ шаруашылығына қажетті нормасын тағайындауға түсіндірме жасап, жер параметрін есептеп көрсетеді. Негізінен алып қарағанда «Материалдардағы...» қарастырылған бөлімдер осылар.

Осындай жолмен, «Материалдардың...» мәтіндік бөлімі әр томға қатысты өзіндік сипатта. Бұл айырмашылық қарастырып отырған ояздың ерекшелігін және мәтіннің авторына да байланысты. Мәтіндік бөлім алынған мәліметтерге қажетті түсініктеме бере алатындықтан томдағы кестелерге талдау жасауда жоғарғы мәнге ие [1, 92-94 б.] .

«Материалдардағы...» келесі құрылымдық бөлім-кестелер. Кестелер әр томда, міндетті түрде ауылдық, қауымдық, аудандық кестелер деп берілген және бұл кестелер жылқы малының санын есепке ала отырып шаруашылықты топтаған статистикалық мәліметтерді қамтиды. Мұнымен қоса, томдарда әр түрлі салалық кестелер де бар. Әрбір мұндай кесте анықталған практикалық міндеттерден туындалған. Ф.А.Щербинаның сөзі бойынша ««Материалдар...» «жерге қатысты шаруашылықтың практикалық қажеттілігін көрсететін басылым» болып табылады.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» дерегінің екінші бөлігі кестелерден тұрады деп жоғарыда атап көрсеттік. Кестелер әр томда міндетті түрде кездеседі. Сонымен қатар әрбір зерттелген ояздың өзіндік ерекшелігіне сай басқа да кестелер қосылып отырған. Олардың бірқатарын төмендегі 1-ші кестеден көруге болады.

Кесте 1. Деректегі статистикалық кестелердің түрлері

	Кестелердің түрлері	Кестелердің ерекшеліктері мен онда сақталған мәліметтер
1.	<i>Ауылдық кесте</i>	<i>Әр болыс бойынша ауылдардың, қыстаулардың атауы, сол жерлерге қашаннан бері қоныстанған, ру басшыларының аты, тұрғындар (әйелдер, ерлер) саны, тұғын үйлер саны, шаруашылықтар, мал шаруашылығы (жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі) мен егін егетін жерлер мен дақылдар туралы статистикалық мәліметтер сақталған.</i>
2.	Қауымдық кесте	Қауымға кіретін ауылдардың шаруашылығы, мал, жер өңдеу, аренда, тұрғындар саны туралы статистикалық мәліметтер
3.	Аймақтық кесте	Тұрғындардың жас ерекшелігіне байланысты саны, сауаттылар, оқып жүргендер саны, мал шаруашылығы мен жер өңдеу туралы статистикалық мәліметтер
4.	Шаруашылығы жөніндегі кесте	Шаруашылық топтар, олардың жалпы саны, жалдамалы жұмысшылар, мал шаруашылығы, қажетті сүт, жүн, ет, ұн мөлшері, жер өңдейтін құралдар саны, колонер туралы мәліметтер
5.	Ояздардың ерекшелігіне сай жасалған кестелер; қосымша, жалпы мәліметтер	Әр зерттеліп жатқан ояздың спецификалық ерекшелігіне сай жасалған кестелер
6.	Ру-тайпалардың кестесі: а) Зерттеліп жатқан ояздарға көшіп келетін қазақ руларының кестесі; б) ояздағы жергілікті ру-тайпаларының кестесі	а) Зерттеліп жатқан ояздарға көшіп келетін ру-тайпалардың атаулары мен олардың шежіресі беріледі; б) Ояздың әр болысы ауылдарында орналасқан ру-тайпалардың атаулардың шежіресі беріледі;

Бұл кестелер жер өлшеушілер мен статистиктердің белгілі бір практикалық міндеттерін жүзеге асырудағы қажеттіліктерінен туындаған. Сондықтан деректе бір-біріне ұқсамайтын кестелер де кездеседі [5] .

Негізінен кестелерде статистикалық материалдар сақталған. «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» дерегінде кездесетін карталардың деректік мағынасы өте зор. Олар тарихи деректердің ішінде ерекше, әрі әлі де зерттелмеген дерек түріне жатады. Оған бөлек аймақтар мен облыстар, ояздар, қалалар және белгілі бір территорияның картасы жатқызылады. Қазақ жерлерін зерттеген экспедиция мүшелерінің ішінде арнайы ояздар мен болыстарды картаға түсірген топографтар болды. Бұл экспедицияда олардың рөлі өте зор еді. Деректегі карталарды 1) рулардың орналасу картасы; 2) ояздардың жалпы картасы; 3) зерттеліп жатқан ояздағы болыстар мен ауылдардың картасы деп бөліп қарастыруға болады. Қазақстанның сол кезеңдегі территориялық бөліністі, ру-тайпалардың қоныстанған жерлерін анықтау үшін бұл карталардың маңызы зор. Ол туралы экспедиция басшысы Ф.А.Щербина «До работъ экспедиціи также не существовало никакихъ матеріаловъ по этому предмету. Схематическія чертежи площади фактическаго киргизскаго землепользованія и во многихъ случаяхъ больше или меньше точное нанесеніе такихъ площадей на карты Военно-топографическаго Отдела дали возможность какъ для приблизительнаго исчисленія распределенный между отдельными общинами земли, так и для правильной пастоновки дальнейшихъ работъ землеустроительныхъ чиновъ въ этомъ направленіи», - деген болатын. Бұл картаны және ру-тайпалардың кестесін Ә.Н.Бөкейхан жасаған болатын [5, 12 б.] .

Ауылдық кестедегі статистикалық мәліметтер шаруашылық санын, тұрғылықты халық санын, әр ауылдағы мал санын көрсету үшін қажет болып арнайы графалардан орын алды. Кестеде ауылдың орналасқан жері жөнінде, ауыл ақсақалдарының аты, тегі, жазылған, көрші елді-мекендермен, сауда пунктері мен ояздық қала арасындағы арақашықтық жөнінде мәліметтер де бар. Осы жерде ауылдың негізі қаланған мерзім, қыстау қарамағындағы су көздері көрсетіледі. Келесі бағана тұрғылықты халыққа арналған және ауылдағы шаруашылық санын көрсетеді. Бұл бағана жыныстық-жастық топтарды көрсететін бөлікке бөлінген. Мысалы, I томда бұл бағана тек бір «жұмыс жасындағылар» деп берілсе, қалған томдарда жасқа бөлу тиянақты көрсетілген. Мысалы, II, VII, VIII, IX, X, XI томдарда «жұмыс жасындағылар (еркектер үшін 18-60 жас, әйелдер үшін 16-55) деп берілген және «жартылай жұмыс жасы» (еркектер үшін 14-17 және 60-тан жоғары, әйелдер үшін 14-15 және 55-тен жоғары деп берілген). Бұдан кейін тұрғылықты жай-киіз үй, жертөле, ағаш баспаналар жөнінде мәліметтер кездеседі.

Келесі бағанада ауыл экономикасы жөнінде мәліметтер бар. Ең алдымен

бұл бағана мал шаруашылығы жөнінде және мал түріне байланысты өзге бағаналарға бөлінген. Бұл барлық томдарда кездеседі және жылқы, ірі қара мал, түйе, қой, ешкі деп көрсеткен. Малдың барлық түрі жасына қарай берілген себебі статистиктерге бұл барлық малды бір бірлікке аудару қажет болды. Мал шаруашылығы жөніндегі кестеге «Малды бағу» «Мал бағушылар мен жұмыскерлерді жалдау» (тек I томда «Мал бағушыларды жалдау» деп көрсеткен). «Сүт және жүн үшін өзгенің малын пайдалану» деген бағаналар қосылған. Бұл бағананы жазу зерттеу барысына байланысты қалыптасқан.

Жұмыстың жүргізілу барысында қазақ шаруашылығы жөнінде түсінік кеңейген сайын жер шаруашылығына қатысты бағаналар көбейтілді. Егер I-ші томда қарапайым «Егін себу» бағанасы екі бөлікке ғана бөлінсе: егін себу шаруашылығының саны, егін себудегі десятина саны, ал II томда бұл жерге қанша жыл егін салынды; алқаптан қыстауға дейінгі арақашықтық; ауылдағы орақ, соқа, т.б. құралдардың саны; егін себудің әдістері – өз күшімен бе, әлде аралас па деген мәліметтер қосылған [1, 95-96 б.] .

Келесі әр томда кездескен міндетті кесте – бұл «Статистикалық мәліметтерге арналған қауымдық кесте». Бұл кестедегі бағаналар ауылдық кестені қайталайды. Ауылдық кестедегідей бұған «Тұрғындар», «Құрылыс», «Кәсіпшілік», «Мал шаруашылығы», «Малды бағу», «Жалдамалы мал бағушылар мен өзге жұмыскерлер» деген бағаналар енген. Әр бағананың өзі көп жағдайда кішкене бағаналарға бөлінген. Жалпы жерді қауымдық пайдалану тәртібін сипаттау үшін жаңа бағаналар қатары да қосылған. Бұл әсіресе «жерді пайдалану» – бағанасы, қысқы қыстаудың күзгі жер жайылымы күзеудің ауданын десятинамен көрсетуге арналған. Шаруашылыққа арналған әр адамның жан басына шаққандағы малдық жайылымның есебі. Мал шаруашылығы жөніндегі барлық мәліметтер «Жылқы малына қатысты мал саны» деп аталатын кестеге шоғырландырылған. Барлық қауым мүшелерін мал санына қатысты топтастыру көрсеткіші үлкен қызығушылық туғызады. Бұл арнайы бағанада келесі шаруашылықтың бірден-бірге сатыланушылығы (градация) бар; жылқы малының; 2-ден 5-ке дейінгі жылқысы бар; 6-дан 10-ға дейінгі; 11-ден 25-ке дейінгі; 26-дан 50, 51-ден 100; 100-ден асқан. Тек I, II, III, VI, XI томдарда топтау 101-ден-300-ге дейінгі жылқыға жеткізілген. Бұл Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қостанай, Омбы ояздары бойынша томдарда 100-ден 300-ге дейінгі жылқы малын есептеген топтау бай шаруашылықты топтастыруға мүмкіндік туғызған. Көптеген бай шаруашылықтың мың басқа дейін отары болғаны белгілі. “100 жылқыдан астам” бағанасы қауымдық кестеде қазақ қоғамының шаруашылық жағдайының шынайы бейнесін бүркемелеген [6] .

Ауылдық кестедегідей, қауымдық кестеде қазақ ауылындағы эксплуатацияның түрі мен көлемін саралауға мүмкіндік беретін бағаналар бар. Бұл «Малды бағу», «Жалдамалы мал бағушылар мен жұмыскерлер» бағанасында кездесетін мәліметтер. Ауылдық кестедегідей өзгерістерге ұшыраған. «Пішен шабу» бағанасы ауылдық кестедегіні қайталап

сәйкестендірілген. Тек өзгеріс толықтыруларда, мысалы қауымдық кестеде пішен шабуға дейінгі аралық (барлық томдарда), шөпті жинау әдісі (II, III, IV, V, VI томдарда кездеспейді) бағаналары бар. Қауымдық кестеге қарап пішен шабумен айналысатын шаруашылықтың жалпы санын анықтап және жиналған көпене саны жөнінде мәлімет алуға болады. Қауымдық кестедегі жер өңдеуге арналған бағана нышаны ауылдық кестедегіге қарағанда қарапайым. Тек V томда жер шаруашылығы дамыған Қостанай оязы суреттелгенде қосымша бағана енгізілген, онда соқа мен тырма, малалаудың шаруашылықтағы саны енгізілген. VI томда «Егін себу десятинасының саны» бағанасын «Сұлы пұтымен есептегендегі егін себу көлемі» бағанасына алмастырылған. Мұндай атау «Материалдардың...» өзге бөлігінде кездеспейді [1, 99 б.] .

Қауымдық кестеде ауылдық кестеде кездеспейтін бағаналар бар. Бұл жерді арендау, шөпті шабу, есептесу, көшіп-қону жөніндегі бағаналар. Дегенмен, олар үнемі кездеспейді.

«Жерді жалға алу» кестесі жайылымдық жерді және шөпті шабуға арналған жерді жалға алуды екі жақты қарастырған (шаруашылық саны мен десятина санына сәйкес). I томда мұнымен қоса, «Шөп шабуды тапсыру» бағанасы кездеседі. Ол «Шаруашылық саны» және «Шөп көпенесі» деп аталатын бағаналарға бөлінген. Сол сияқты тек осы I томдағы қауымдық кестеде «Төлем төлеу» бағанасы енгізілген. Онда түтін салығы, облыстық земстволық жинақ, земстволық тәуелділік (барлығы сом, тиын есебімен) есептелген. II томнан бастап кестелерде көшіп қону жөніндегі бағаналар кездеседі. Ол статистиктерге шаруашылық ауыл мен қауымды топтастыру үшін қажет болды. Мұндай топтастыруға негіз болған нышан ол бірлесіп көшіп-қону мен белгілі бір территорияны қысқы жайылым (қыстау) үшін бірлесе пайдалану болды. Бұл арада міндетті түрде қыстаудың территориясында болған күндер мен одан тыс мерзімдегі күндер есепке алынды. IV, V, VI томдардан басқа жеке томдарда барлық көшіп-қону жолын шақырыммен есептеген бағаналар; қыстаудан шыққаннан оған қайтып келгенге дейінгі тұрақтар; жолға кеткен күндерді есептеп көрсеткен бағаналар кездеседі.

«Кестелерге қажетті түсініктемелер» немесе «Кестелерге ескертулер» (ауылдық және қауымдық) А.А.Кауфманның көрсетуі бойынша «Зерттеу жазбаларының шынайы төзімділігін» көрсетеді. Мәтінге оларды енгізудің өзіндік себептері болды: жерді бөлуші партиялардың қызметкерлері экспедиция соңынан жүріп, олар тағайындаған артық жерлерді планшетке яғни бетіне сызба сызатын қағаз керілген кішігірім тақтаға енгізді, және бұл кестелерге статистиктердің мәтіндік түсініктеме, нақтылы түсінікті болу үшін ескерту жасауын қажет етті. Олар үшін арнайы келесі пункттерді қамтыған бағдарлама жасалды.

1. Қыстау маңындағы жайылым. Топтың өз ішінде бөлу (жеке қыстаудың

ішінде өзінің қой бөліктері, яғни қыстаудан бөлек қой жайылымы бар, жоқ екенін анықтау). Жайылымды пайдалану дәрежесі: оның құнды, маңызды бөлігі; көп пайдаланатын ерекше маңыздысы. Су көздері, көшіп-қону жолы, малды қабылдау, айдау. Жайылымдық жерді арендаға беру. Көршілермен болған дау себептері.

2. Шөп шабу, пішен ору. Оның сипаттамасы, орналасуы. Малды шөппен азықтандыру мерзімі. Ескі шөптің қалғаны бар ма? Шабындық жерлерді тапсыру.

3. Айдалған жер. Егістік. Олардың орналасуы (қыстау ішіндегі территорияда ма, әлде маңында ма). Суландырылған жайылым. Жайылымды тапсыру.

Бұл бағдарлама қауымдық кестеге ескерту жасау үшін құрастырылғаны көрініп тұр. Осындай статистер жинаған нақтылы материалдарды чиновниктер пайдаланып, қауымдық бланктерден таңдап алып, жекеленген қауым құрамын зерттеп, олардың жерді пайдалану ауданын есептеген. Әсіресе бұл қауымнан «артық жерлер» қиып алынған кезде және жергілікті тұрғындармен конфликт-қайшылық туындаған кезде қажет болды. Нақтылы материал қауымдық кестені қарастырған кезде өте құнды болып есептелді [7].

Үшінші міндетті кесте «Жылқы малы бойынша әр томға енген шаруашылықты топтауға арналған статистикалық мәліметтердің аудандық кестесі». Бұл кестенің негізіне экспедицияның зерттеуіндегі әр оязды ауданға бөлу алынған, ол жердің сапасына қарай анықталған. Аудандық топтық кестелер әр өлке бойынша әр түрлі мүлктік топтарды анықтауға мүмкіндік туғызады. Бұл арада тағы да бұған дейінгі кестелерде болған: «Тұрғылықты халық», «Тұрғын үй», «Жалдамалы жұмыскер», «Мал», «Жайылымдық жерлер», «Шабындық жерлер», «Кәсіпшілік» бағаналары орын алған, тек көптеген басқа, жаңа ұсақ сипатталған нышандарға ие болған. Жаңа бағана ет пен ұнды пайдалану мөлшеріне арналған.

Осы үш негізгі кестеде – ауылдық, қауымдық және аудандық, экспедиция мүшелері әр ауданның орта шаруашылығына қажетті жерді пайдалану нормасын есептеп шығарды. Сондықтан әр томда «Аудандар мен артық жерлердің кестесі» берілген. Бұл кішігірім кестелерде жер нормалары, жалпы жер аудандары мен артық жерлер немесе жайылымның жетіспеушілігі көрсетілген. Бұл міндетті кестелермен қоса, әр томда ерекше кестелер бар.

Кейінгі жылдары осы тақырыппен айналысып жүрген зерттеушілердің бірі Н.Тасилова осы мәселеге қатысты өз ойын былай деп тұжырымдайды: «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» ең алдымен екі ғасырдың тоғысындағы бүкіл қазақ қоғамының шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық жағдайынан, географиялық орналасуы мен рулық-тайпалық құрылымынан құнды-құнды мәліметтер беретін жазба деректің түрі.

Көптеген зерттеушілер бұл деректің мәліметтерін өз еңбектерінде кеңінен пайдаланады, бірақ та әлі күнге дейін экспедиция материалдары

кешенді түрде деректанулық талдаудан өткен жоқ. Сондықтан да, «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» мәліметтерін деректанулық сыннан өткізудің маңызы аса зор екендігін атап өтуіміз қажет» [5, 10 б.].

Автор Н.Тасилова бұл деректің ерекшелігі мен құндылығына байланысты мынандай пікір білдіреді: «Біріншіден, Қазақстан жерін зерттеу экспедициясы жұмысын аяқтамай-ақ, бүкіл материалдар сұрыпталып, жүйеленіп кітап болып басылып шығуында. Яғни, дерек сол кезеңнен алшақтамайды; екіншіден, бұл деректің материалдарын кітап етіп құрастырып, баспаға даярлаған авторлардың өздері сол экспедицияның бел ортасында жүріп, басынан соңына дейін қатысқан білімі жоғары зерттеушілер болған. Ол деректің объективтілігін жоғарылатады; үшіншіден, дерек басылып шыққаннан кейін қайта өңделмеген, басылмаған. Демек, дерек бұрмалаушылыққа ұшырамай, түпнұсқа күйінде жетуімен де ерекшеленеді [5, 9 б.].

Автордың зерттеліп отырған тақырыпқа байланысты пікірін қолдай отырып мынандай қорытынды жасауға болады: «Материалдардың...» барлық басылымы өз негізінде мәтіндік, кестелік бөлімде болсын біртекті құрылымда. Зерттеудегі әдіс-тәсілдердің өзгерісіне сай және жекеленген ояздың өзіндік ерекшелігіне байланысты барлық томдарда өзіндік өзгертулер орын алып, жаңа мәтіндер мен кестелер енгізілген. Сондықтан басылымның I томы көп жағдайда өзгелерінен бөлектеу. Осы ерекшелікті және ұқсастықтарды есепке алған кезде басылымның томдарын салыстыруға толық негіз бар.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» арнайы ғылыми түрде зерттелмеген үлкен деректер кешенін құрайды. Оларды жүйелеп, деректанулық талдаудан өткізіп, практика жүзінде пайдаланудың маңызы аса зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Волкова Т.П. Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Дисс. канд. ист. наук. - М., 1982. – 170 с.
2. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская обл. Кокчетавский уезд. –Т. I. –Воронеж, 1898. – 860 с.
3. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей под руководством Ф.А.Шербины. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. –Т. IV. –Воронеж, 1903. – 762 с.
4. Портреты. Степь глазами извне. От Геродота до Гумбольдта. / Авторс. колл: А.Х. Касымжанов и др. –Алматы: Эверо, 2000. – 148 с.

5. *Тасилова Н.* «Материалы по киргизскому землепользованию» дерегінің ішкі құрылымы мен сақталу формасы. // ҚазҰУ хабаршысы: Қазақ университеті. Тарих сериясы, №4 (43). 2006 ж. -9-13 бб.

6. Очерки экономической истории Казахской ССР (1860-1970 гг.). –Алма-Ата: Казахстан, 1974. – 382 с.

7. *Кауфман А.А.* Переселенцы-арендаторы Тургайской области. 2-я часть отчета старшего производителя работ Кауфмана по командировке в Тургайскую область. – Спб: Типография Безобразова, 1897. – 287 с.

РЕЗЮМЕ

Автор в данной статье в качестве главной цели определяет изучение внутренней структуры многотомного источника «Материалы по киргизскому землепользованию...», явившегося результатом работы экспедиции по изучению казахских земель в конце XIX- и в начале XX вв. Отмечая, что до настоящего времени данный источник не подвергался комплексному научному изучению, автор проводит систематизацию документов, вошедших в данный источник, обращает особое внимание на его практическую деятельность.

(Амрина М.С., Оскембаев К.С. Общая структура источника «Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию... »)

SUMMARY

Author determs as main goal of this article the study internal structure a hug researches of “Materials on the Kirgiz landscape...”. It is result of work the expedition on study the Kazakh lands at the end of XIX and beginning XX the centuries. Author notes to the present time such documents don’t consider completely by other scientists and she systematises the documents in this article.

(Amrina M.S., Oskembaev K.S. «Materials on the Kirgiz (Kazakh) Landscape» the issue of Internal Structure)

ӘОЖ 958.45:297

Д.МҰСТАПАЕВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**КӨНЕ НАНЫМ-СЕНІМДЕР МЕН ӘУЛИЕЛЕР
КУЛЬТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Мақалада елдің рухани мәдениетінде сақталған көне наным-сенімдердің ерекшеліктері туралы баяндалады. Ежелден келе жатқан, тарихи санада сақталған әулиелер культінің сипатына тоқталады. Қазақ жеріндегі, Орталық Азия мен Кіші Азиядағы қасиетті жерлердің ғылыми әдебиеттерде зерттелуі қарастырылады. Ата-баба рухын, қасиетті жерлерді қастерлеудің өте ертеден келе жатқан түп-тамыры туралы айтылады. Орта Азиядағы әулиелер культінің тарихи тамырын зерделеген О.А.Сухарева, В.Н.Басилов, Г.Н.Снесарев, Р.М.Мұстафина т.б. ғалымдар зерттеулері қамтылған.

Кілт сөздер: тотемизм, көне наным-сенімдер, дәстүрлер, ата-баба культі, әулиелер культі, дүниетаным.

Елдің рухани өміріндегі ықылым заманнан келе жатқан, сақталып қалған тотемизм, анемизм, фетишизм, зоолатрия, яғни жануарларға, аспан денелеріне, т.б. бас ию бөлшектері бар ата-баба культі белгілі бір халықтың ата-бабасын қадірлеуде жасалатын рәсімдік іс-әрекеттері [1]. Мазар, оның жанына қойылатын арнайы заттар, мысалы әулиелі жерлердегі ту ұшы, малдардың мүйіздері де осыларға мысал болады. Көшпелі және отырықшы мәдениетті қатар алып, тіршілік еткен ортада көптеген қасиетті, киелі орындар болғаны белгілі. Ежелгі наным-сенімде ата-баба рухы- аруақтарды құрметтеген. Олардың есімі мен жорыққа шығып, тайпа, рулар ұрандарына айналды. Маңызды бір мәселені шешкенде, жорыққа шыққанда ата-баба рухына бас иіп, құрбандық шалып отырған.

Қазақ халқының тарихи санасында от, су, тотемизм, мифологиялық тақырыпта, жұмақ пен тозақ туралы, отбасына беріктік, жауынгершілік туралы түсініктер сақталып қалған [2]. Дала дәстүрінде табиғат күшін сыйлау, аспан, Күн, Ай, Жер, отқа, суға сыйыну тән болды. Ата-баба рухына бас ию сақ дәуірінен, оған дейінгі кезеңдерден келе жатқан дәстүр деуге болады. Қазақтардың қоғамдық санасында ата-бабасына бас ию, отты қасиеттеу әлі күнге дейін сақталған. Осы аталған көптеген ұстанымдар мен рәсімдер мұсылмандық сипатқа ие болды. Ислам жергілікті наным-сенімдердің әсеріне ұшырады және олардың өзара ұштасып, үйлесуіне алып келді. Тәңірлік, зәрдүш, шаманизм, т.б. белгілері ел санасында сақталып

дамыды. Бұлар ежелгі жергілікті наным-сенім, дәстүр мен мұсылмандықтың бірігуінде бейнеленеді. Елдің тіршілігінде, оның дамуында тарихи сананың маңызы ерекше, ата-баба өсиетіне беріктік, ата-баба рухын сыйлау дәстүрі, салт-дәстүр сабақтастығы ерекше орын алады. Халықтың ежелден келе жатқан жырларында Жаратушыдан перзент сұрап, сыйынады. Рәсімдер жасап, ата-баба рухына құрбандық шалады. Орта Азия мен Қазақстанда кең тараған сопылық ілім, ежелден келе жатқан наным-сенімдер, дәстүрлер, әулиелі жерлерге деген дәстүрлер мен рәсімдер исламның жергілікті дәстүрлермен үйлесуі деуге болады. Аруақтарға сыйыну ежелгі дәстүр, ата-баба қабірін, әулиелерді қадірлеу ежелден келе жатқан рәсім болып табылады [2].

Қайтыс болған ата-бабаларын, көсемдерді қадірлеу сақтарда , ғұндарда, көне түркілерде болған.

Қазақтың салт-жоралғылары – әлемдік құрылым, қоршаған орта, әлеуметтік космос, бөтен дүние, қоғамдық қатынастары жөніндегі үлгілері секілді. Зерттеуші Н.Әлімбаев зерттеуінде көрсеткендей екі космостың үйлесуін, байланысын бабаларымыз «құдай жарылқады», «әруақ атты» деген баламалармен бейнелеген. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының ауыз әдебиетінде бас кейіпкер тілегі ата-баба зиратына барып тәу еткеннен кейін қабыл болады. Бейіт әруақтармен тіл табысудың, олардың құдыретін игілікке бағыштаудың торабы [3].

Ата-баба рухын, қасиетті жерлерді қастерлеудің өте ертеден келе жатқан түп-тамыры бар, ертеден, сақ дәуірінен келе жатқан үрдіс деуге негіз бар. Сақ патшасының парсы патшасы Дариге «Ата-бабамыздың моласын тауып бұзып көріндер, сонда біздің бұл молалар үшін қалай соғысатынымызды көресіндер» деген жауабы ата-баба рухын сыйлауды көрсетеді [4]. Бұл дәстүр кейінгі кезеңдерде, түркілерде өзінің жалғасын алды. Әруақты мойындау туыстық-ұлттық мінез, тәлім-тәрбие, өнеге, ортақ мақсат төңірегіне топтасу. Бабаларға тағзым ету түркі өркениетінің өлшемі. Елдегі барлық ұлыс, тайпалар, топтар түркі дәстүрлерін бейнеледі, соларға сай заңдар мен салттар бойынша өмір сүрді [5].

Әскери демократия заманында жеке батырлық, әскери қабілеттер, қасиеттер бағаланған, алға тұтылған батыр ата-баба культінің біртіндеп қалыптасуына алып келді. Өткен ата-баба мен ұрпақтарды байланыстырып, жаңаша түсіндіретін тарихилық бөлшегі деуге болады. Ұрпақ - зерттеулер көрсеткендей көп рет қайталанған, шешуші мәнге ие, тарихи ата-бабалардың көптеген ғасырлардан соңғы жаңа сипатта қайталануы [6].

Отырар-Қаратау, Жеті Асар, Қауыншы мәдениетінде ата-баба әруағына табынған. Ертедегі қанлы елінде ата-баба мазарларына әр жыл сайын барлық иеліктер жиналып, ата-бабаларын шек берген [7].

Ш.Уәлиханов зерттеуінде «Қазақтарда әруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, мұсылмандардың әулие-

әмбиелеріне сыйынатын, әруағын көмекке шақырады, Қазақтар әруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа шалады. Мінәжат етіп, әруақтың басына (моласына) барып түнейді. Құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейтесті арманын өтеуді тілейді» дейді [8]. Ежелгі түркілік өмір мен өлім туралы дүниетанымда ата-баба рухы өзінің ұрпақтарына көмектеседі деген наным болған. Ата-баба культі ежелгі түркілер мен монғолдарда өз ғұмырларында ерлігі, жақсы істерімен әйгіленіп, ел санасында қалған тұлғаларды ұлықтап, оны үнемі қорғап, қолдайтынына сенген [9].

Ата-баба культі - тотемдік ата-бабаның шығу негізі отбасының, рудың қолдаушысы, рудың негізін салушы ата-баба ерекше тұлға ретіндегі көзқарастардың жиынтығынан туындады. Олар көптеген салт-дәстүрлер, рәсімдерде сақталып, қайта қалыптасып, жаңа сипатта барлық түркі-монғол халықтарының наным-сенімдерінде орын алды.

Мұсылмандық дәуірге дейін түркілер отқа, қасиетті тау, ағаш, Жер, ата-баба әруақтарына, қасиетті деп есептелетін жануарларға табынды. Әлемдегі адамзат баласының мәдениеті мыңдаған жылдар бойы адамның іс-әрекетімен байланысты болды. Барлық кезеңде адамзат баласы адамның жан-дүниесі бай адамды пір тұтқан [10].

Орта Азиядағы әулиелі жерлер жайында шығыстанушылар еңбектерінде қамтылып зерттелгені белгілі. Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеулерде, атап айтқанда Н.Маллицкий, П.Позднев, Ә.Диваевтың, Н.С.Лыкошиннің, т.б. еңбектерінде әулиелер және олардың мазарлары туралы айтылады. XX ғ. бірінші жартысында А.А.Семеновтың, В.А.Гордлевский, И.Гольдциер, В.А.Жуковскийдің зерттеулері әулиелер культіне қатысты болды [11].

Орта Азиядағы әулиелер культіне қатысты іргелі зерттеулер XX ғ. екінші жартысында, елуінші-алпысыншы жылдарында жарияланды. Сол кезеңдегі ресми көзқарасқа сай әулиелер культі діни қалдық, ескі діни көзқарас ретінде қабылданған еді. Зерттеушілер О.А.Сухарева, В.Н. Басилов, Г.Н.Снесаревтің [12], зерттеулері бұл мәселені саралап зерттеуде өзіндік тұжырымдар айтумен, қоғамдағы қалыптасқан сол уақыттың талабына сай талданды. Сол кездегі Орта Азия, Қазақстандағы қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен тілдерінде жарияланған О.Дастанов, М.Агаев, А.Мухтаров, О.Мурадов, А.Алимухамедов, т.б. авторлардың еңбектері, әулиелі жерлерге байланысты тұжырымдары сол кезеңдегі қоғамдағы көзқарастан алшақ кетпей, сынай қараған тұстары болды, сонысына қарамастан аталмыш тақырыпты саралаған еңбектер деуге негіз береді [13].

Зерттеушілер О.А.Сухарева, В.Н.Басилов, Г.Н.Снесарев өз еңбектерінде Орта Азиядағы әулиелі жерлердің, тұрғындарының ерекшеліктерін сипаттап, олардың сипатын, құрамын жіктеген.

Г.П. Снесаревтің зерттеуінде әулиелі жерлерді сипатына қарай жүйелеп, төрт топқа бөлген [14, 277-278]:

1. нақты өзінің аты жоқ, лақап атпен белгілі әулиелер мазарлары, жерлеу орындары, т.б.

2. Құран- библиядағы әулиелер, атап айтқанда Мұса, Нұх, Сүлеймен, Дәуіт, т.б. Алғашқы исламның кезеңіндегі алғашқы халифтер, Пайғамбар ұрпақтары, ілімін жалғастырып, таратушылар. Осы топта әр түрлі мамандық пен кәсіпті қолдаушы әулиелер аталған.

3. Үшінші топта ортағасырлық сопылар негізін салушылар, жетекшілері, ізбасарлары аталады. Осы топта Г.П.Снесаревтің тұжырымында әулиелер көп және кең танымал болған. Дін таратушы жергілікті әулиелер мен дін аша келген әулиелер кең тарады.

4. Төртінші топта жергілікті билеушілер отбасы мүшелері, жеке адамдар ел арасында әйгілі, кең тараған қасиетті әулиелер жанында жерленген соң белгілі болған адамдар енген.

Г.П.Снесаревтің 1950-1960 ж.ж. тарихи-этнографиялық және фольклорлық материалдар негізінде жүргізген зерттеуі белгілі бір аумақты қамтығанмен, Орта Азия аймағының басқа өңірлерінде де кездесетінін айғақтады [4, 3]. Г.П.Снесарев Орта Азиядағы әулиелер культінің тарихи тамырын, екі бастауын ата-баба культі және көне өркениет жағдайында қалыптасқан зороастризммен байланыстырған [15].

Екі құбылыс та Орталық Азияға ислам діні келгенше өзгеріске ұшырай отырып, әртүрлі деңгейде сақталған.

Орталық Азия, Кіші Азия аумағын алғанда әулиелер культі уақыт өте сопылық авторлардың шығармаларында ерекше орын алды. «Әулие» терминін «Жаратушыға жақын», сопылық шығармаларда «қолдау», «қорғау», «Жаратушының көмегі» деп түсіндіріледі [16].

XIV-XV ғғ. Анадолы түріктерінің әулиелері туралы Ф.Көпроғлы, О.Көпроғлы, А.Осактың зерттеулерінде тарихи тұрғыдан деректік маңызы, әулиелер культінің сипаты, халықтың әулиелерге қатысты аңыздары, ерекшеліктері сараланған болатын [16].

Орталық Азиядағы, Кіші Азиядағы әулиелер, әулиелі жерлер туралы елдің аңыздары, танымдары, наным-сенімдері туралы О.А.Сухарева, В.Н.Басилов, Г.Н.Снесарев, Р.М.Мустафина [17], Ф.Көпроғлы, О.Көпроғлы, А.Осактың [18] зерттеулерінен мәнді тұжырымдар табуға болады. Аталған зерттеулерге сүйенсек, көптеген әулиелі орындар тарихы осыны меңзейді.

Әулиелер культі исламда маңызды орын алғаны белгілі. Үлкен аумақты мекендеген, сан ғасырлар көшін басынан өткізген елдің салт-дәстүрлері, наным-сенімдерінде әулиелі жерлерге байланысты ортақ бір іс -әрекеттер бейнеленген. Атап айтқанда:

1. Тірі кезінде, кейін қайтыс болған соң қасиетті әулиенің кереметтері ел аңыздарында, т.б. деректерде айтылып отырады.

2. Әулиенің мазары қасиетті орынға, ол жердегі қалған заттар құнды қасиетті жәдігерлерге айналады.

3. Елдің жадында, түсінігінде қасиетті орындардағы әулиелер Жаратушы мен адам арасындағы дәнекер, оның Жаратушы берген күші пендеге де өтеді деген наным.

4. Мазарға ел үнемі зиарат етіп келеді және ол жер рухани орталыққа айналады.

5. Әулие мазарларында құрбандық шалу, түрлі рәсімдер жасау.

Орталық Азия мен Кіші Азиядағы, Анадолы түріктерінде әулиелі жерлерге қатысты жоғарыда атап өткен ұқсастықтар бар.

Тарихи тұлғаларға, жергілікті жерлердегі әулиелерге қатысты ел арасында лақап атпен белгілі әулиелі жерлер, мазарлар көптеген ғасырлар бойы зиарат орнына айналып отырған [16, 98]. Лақап атпен аталған әулиелер мазарлары өте көп және үлкен аумақ көлемінде көптеген ғасырлар белесінде тарихи оқиғалар, өзгерістер, елдің рухани өмірінің сипатына сай орын алып, ел тарихында зиарат орны ретінде қадірленіп сақталып отырды.

Лақап атпен аталған әулиелер мазарлары нақты тұлғаның аты мен ерекше қызметіне, істеген кәсібі не т.б. қарай атаған. Мысалы Құсшы ата әулие кезінде құсбегілік өнермен елге белгілі болса, Қазаншы ата қазанды құюымен, ежелден келе жатқан ел дәстүрін сақтап, қадірлеуімен, сол кездегі рухани дамудың бір тармағын көрсетеді.

Мұндай қадірлі, әулиелі жерлер ел тарихында өте көп сақталған. Олардың бәрі зерттеушілер тұжырымдағындай ата-баба рухын қадірлеуге, Жаратушыға сыйынуға, сол кезеңдегі дәнекер деген түсінікке негізделгендей.

Орта Азия мен Қазақстанда, Кіші Азияда әулиелер мазарын, зиарат орнын ел «қадамжай», «мазар», «кесене», «түрбе» деп атайды. Орта Азия мен Қазақстандағы әулиелі жерлер сияқты Кіші Азияда қасиетті әулиелерді зерттеуші Ю.Аверьянов жауынгер кейіпкерлерге, дәуріштер, «кәсіптік » әулиелер, белгілі бір кәсіпті қолдаушылар, шығармашылық мұра қалдырған кәсіби мистиктер деп бөледі. Осы тұжырымда қиялдағы, нақты түрде болмаған есімдері тау, ағаш тастармен сәйкес культтік нысаналар әулиелер деп аталғаны айтылады [16].

Әулиелерге ел кейбір мемлекет қайраткерлерін де жатқызған. Аңыз-әңгімелерде, жырлар мен әулиелер кереметтері туралы жазбаларда исламға дейінгі наным-сенімдер, елдің сан ғасырлардағы рухани өмірі бейнеленеді. Исламды қабылдаған елдің рухани өмірінде ерекше сипатта орын алып, исламдық сипатта танылды.

Ежелден келе жатқан ата-баба культі түркі халықтарының өмірінде, наным-сенімдерінде ерекше орын алып, жергілікті жердің даму сипатына қарай ерекшеленгенмен әулиелерді қадірлеу исламдану процесінде сақталып, елдің рухани болмысында бейнеленді.

Түркі халқы қоныстанған барлық жерлердегі әулиелі орындарға тән ұқсастық исламды аша келген, кейіннен мазары қасиетті орынға айналған тұлғалар, жергілікті елдің салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен араласу,

исламды насихаттауда өзіндік орын алған, белгілі бір кәсіп иелерінің іс-әрекетімен елге танылған жеке және жалпыға бірдей белгілерінің болуымен ерекшеленеді. Қазақтардағы батырлар жыры, аңыз-әпсаналар, түрік халқындағы әулиелер туралы әңгімелер, ауызша және жазбаша шығармалары қасиетті әулиелердің кереметтері, даму кезеңдері, тарихи оқиғалар туралы нақты айтады.

Орта Азия мен Қазақстандағы көптеген ғасырлар беделінде зиарат орнына айналған орындар жүздеп, одан да көп сипатта кездеседі. Оларды аймақ-аймаққа бөліп қарағанда әр уақыт кезеңінде көне заман, ортағасырлар, жаңа заманда сабақтастық тауып, дами түскені байқалады.

Қазақ даласында әулиелі жерлер көп. Олардың көп жері – Қаратау алқабы деуге болады. Соларды өлкені зерттеушілер үш топқа бөлген. Біріншісі –Бабтар, екіншісі - сопылар, үшіншісі - аталар, шәкірттер деп бөлінеді. Әулиелер культі бірінші, белгілі бір кезеңде өмір сүрген тұлғалардың әулиеге тән қызметі, уақыт беделінде қияли-ғажайып сипат алған тарихи бейнесі, екінші әулиелерге байланысты мазарлар, ғибадатханалар, молалардың болуы және олардың жанындағы барлық құрылыс, шырақхана, шырақтар, су көздері, құдықтар, ағаш, тастар – бәрі қасиетті болып есептеу, белгілі бір зиарат ету рәсімінің болуы [15].

Р.М.Мұстафина әулиелі жерлерді Оңтүстік Қазақстандағы орындар негізінде келесі сипатта ресми исламға байланысты әулиелер, сопылар, қазақтың ру басы әулиелері, исламға дейінгі табиғат культіне байланысты әулиелер (Қазығұрт, Жылаған ата, т.б.), арнайы кәсіптерге қамқоршы әулиелер, қазақ батырларының сүйеушісі - Баба Түкті Шашты Әзиз деп тұжырымдаған. Қазақы әулиеге табыну өзінің негізгі идеялары бойынша ислам рухын білдіріп, оның орнығуына көмектеседі [19].

Исламға дейінгі дәстүрдің жұрнақтары тұрмыстық, халықтық ислам ретінде көрсетіліп, исламмен әрекеттесе отырып, өзінің өміршендігін жалғастырып келеді. Оңтүстік Қазақстандағы ел зиарат етіп, қадірлейтін әулиелі жерлер әр түрлі және өте көп. Әулиелер культі исламға дейінгі наным-сенімдердің көптеген бөліктерін өзіне жинақтай отырып, өзінің негізгі ойы бойынша ислам рухын бейнелейді. Әулиелер мазарлары, олардағы белгілер кейбір исламға дейінгі рәсімдерді, салт-дәстүрлерді сипаттайды. Орта Азия мен Қазақстан, Кіші Азиядағы әулиенаманы зерттеген ғалымдар еңбектеріндегі әулиелердің категориялары әрбір территорияның жергілікті тарихынан өрбігенмен, өзара ұқсас сипаттары барын көруге болады.

Әулиелі жерлерге қатысты деректерді саралаған зерттеуші С.Қондыбаев Қожа Ахмет Ясауи ілімімен байланысты әулиелі жерлерді екі аумаққа Қаратау-Ташкент және Арал-Каспий деп бөледі. Бірінші аймаққа Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Өзбекстан Республикасындағы Ясауи жолына қатысты әулиелі орындар енеді [20].

Ясауи дүниетанымында әулие – даңғыл жол, дана тұлға болды. Ол

халқының жақсы-жаманын, олардың екі арасын ажыратуға ықпал ететін [21]. Көшпелі түркілердің көне дәстүрлі көзқарастарымен араласып, (тотемизм, анемизм, магия белгісі) олардың исламмен үйлесу процесі жүрді [22].

Түркі тектес жауынгердерден тұрған Әмір Темір әскерлерінің қолбасшыларының ата дәстүрі, қасиетті әулиелерге құрмет көрсетуі, Ясауи әруағына құрмет көрсетуі ежелгі наным-сенімдермен ұштасып жүргізілді және қасиетті жерлерде бейнеленді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Итс Р.Ф.* Введение в этнографию: Учебное пособие. – Ленинград, 1974. – 158 с.
2. *Орынбеков М.С.* Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 240 с.
3. *Әлімбаев Н.* Қазақтың дәстүрлі циклі салт-жоралғыларының теориялық мәселелері жөнінде (этносемантикалық аспект)// Этнокультурные процессы на территории Казахстана (древности, средневековье, современность). – Алматы, 1995. – С.123-127.
4. *Акишев А.К.* Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1984. –118 с.
5. *Әбушәріп С.* Тұран-Түркістан тарихы мен өркениеті. – Түркістан: Мирас, 1999. – 235 бет.
6. *Турсунов Е.Д.* Древнетюркский фольклор: истоки и становление. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. –172 с.
7. *Қазақтың көне тарихы /Дайындаған М.Қали.* – Алматы: Жалын, 1993. – 400 бет. - 94-бет.
8. *Уәлиханов Ш.* Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Қазақ бақсы-балгерлері. / Құрастырғандар Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. –Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 бет.
9. *Безертинов Р.Н.* Тэнгрианство – религия тюрков и монолов. – Набережные Челны, 2000. – 447 с.
10. *Нұртазина Н.* Көне түркілік дәстүр және ислам (мифологиялық діннің ислам дінімен алмасуының заңдылығы // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. – 300 б.
11. *Гордлевский В.В.* Ходжа Ахмет Ясеви. –Избр. соч. М.: изд. Вост. Лит., 1962., Семенов А.А. Мечеть Ходжи Ахмеда Есевичского в г. Туркестане // Изв. Средазкомстариса, Ташкент, 1926. Вып. 1. –С. 121-130., Гольдциер И. Культ святых в исламе: Мухаммеданские эскизы. – М.: ОГИЗ, 1938.
12. *Сухарева О.А.* К. вопросу о культе мусульманских святых Средней Азии. – Труды института истории и археологии АН Узбекистана, 1951., Басилов В.Н. Культ святых в исламе. – М.: Мысль, 1970., Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969.
13. *Дастанов О.* «Әулиелі» жерлер туралы шындық. – Алматы, 1967., М.Агаев Керематлы ерлерін сыры. – Ашхабад, 1968, Алиммухамедов А. «Мукаддас» ва «кадамгох жойлар хамда уларнинг зарарлари. – Ташкент, 1966.
14. *Снесарев Г.П.* Хорезмские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. – М.: Наука, 1983. – 200 с.
15. *Снесарев Г.П.* Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. – 331 с.

16. *Аверьянов Ю.* Образ святого вели в османско-турецкой литературе жанра менакыб–наме и взаимосвязь традиций // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселері. III Халықаралық ғылыми конференция материалдары. –Түркістан, 2010. – 272 б.

17. *Сухарева О.А.* К. вопросу о культе мусульманских святых Средней Азии. – Труды института истории и археологии АН Узбекистана, 1951., Басилов В.Н. Культ святых в исламе. –М.: Мысль, 1970., Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. -331., Мустафина Р.М. Представления, культуры, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане конца XIX-XX вв). – Алма-Ата, 1992.

Enver Bey'in Cemiyete girdiği, bölgeye gönderilen Şemsi Paşa tarafından İstanbul'a bildirilmiştir. Manastır'a geçen Enver Bey, nasıl çalışacağı konusunda bir şey söylenmemiştir, tek bildiği çok dikkatli ve gizli çalışılması gerektiği idi. Daha önce de Manastır'a benzeri bir örgütlenmeye gidilmiş ama fark edilerek dağıtılmıştı. Enver Bey asker ve yakın arkadaşları arasında kurmayı başardığı güvenden yararlanır. Önce Kurmay Başkanı Hasan (Miralay Hasan Tosun) Bey'e, söz arasından böyle bir cemiyetin kurulmasından bahs eder. Hasan Bey hemen kabul eder. Ardından batarya Komutanı Yüzbaşı Kazım Karabekir'e açılır, o da kabul eder. Böylece bu yörede örgütlenmenin ilk adımını atılmış ve Manastır'da karargâhın birçok üyesini cemiyete kaydettirmiştir.

Ayrıca Enver Bey, Manastır'da okulu olmayan Müslüman köylere okul yaptırıp, buralara Cemiyet mensuplarından öğretmenler tayin ederek, bunlar vasıtasıyla köylüler arasında güçlü bir örgütlenme kurmak ister. Köyler hakkında istatistik bilgileri toplamaya başlar. Esasen askeri müfrezeler sürekli çevreyi gezmekte olduklarından, birlik komutanlarından, gittikleri *"İslam köylerinde, ahalinin tabiatına göre nasihat yahut zorla birer okul yapılması için"* para toplamak üzere çalışmalarını rica eder. *"Milli eğitime önem vermek gerektiği herkesçe biliniyordu"*. Kendisi de asker çevrelerden para toplamaya başlar. *"Bu hususta Selanik'te bile bir defa, Kurmay Başkanı Mirliya Ali Paşa ve Süvari Feriki İsmail Paşa ve Ferik Rahmi Paşa ve sair zevattan para toplamıştır"*. Rumeli Genel Müfettişi Hüseyin Hilmi Paşa: Saraya yazdığı bir telgrafında; *"Benden başka İttihat ve Terakki'ye girmeyen kimse kalmadı"*

diyordu. Askerlerle beraber polis ve jandarma mensupları da “İttihat ve Terakki Cemiyeti” üyesi olmuşlardı.

Sonuç

Gizli birlik giderek genişlemeye başlar ve Binbaşı Enver Bey Manastır’da ciddi bir teşkilatçılık vasfı gösterir. Mümtaz Kolağası Servet, Selanik’in tanınmış adamlarından Konyalı Hüseyin, Avcı Yüzbaşı Süleyman Cemiyete girenler arasındadır. Hürriyet Kahramanı olarak ün salacak olan Kolağası Resne’li Niyazi Bey de Enver Bey tarafından cemiyete alınmıştır. Dört ay kadar sonra Enver Bey yeniden Selanik’e giderek Talat Bey’le görüşür. Orada Rahmi Bey’le tanışır. El yazısıyla bir talimat alır. Manastır üyelerinin numaraları beş yüzden başlayacaktır. Enver çok ateşlidir. Dönüşünde çalışmalar hızlandırılır ve binbaşı ve mülazım arasındaki subaylar yemin töreninden geçirilerek gizli cemiyete alınırlar. Manastır’dakiler kendilerine ayrı bir merkez heyeti seçerler.

KAYNAKÇA

1. Kemal H. Karpat, *Balkanlar’da Osmanlı Mirası ve Ulusçuluk*, Çev; Recep Boztemur, İmge Yayınları, Ankara 2001, s. 243; Osmanlı tarihinin en önemli ve kuşkusuz ilerisi için en belirleyici olan dönem 1908 – 1918 yılları arasındaki Jön Türk ya da İttihat ve Terakki (İT)dönemidir.

2. Orhan Koloğlu “Enver Paşa İngilizlerin İstemediği Bir Adamdır”, Murat Çulcu vd, Şu İngilizler Canımı Çok Sıkıyor bir Enver Paşa kitabı, Destek Yayınları, İstanbul 2009, s. 43; Jön Türk kavramıyla belirlenen hareket ayrı bir harekettir; İttihat ve Terakki ise ondan tamamen farklı bir harekettir. Jön Türk hareketi, İttihatçıları da içerir gibi görünür. Ancak büyük bir iç parçalanma söz konusudur. Jön Türk hareketinin içinde Osmanlı’daki ayrılıkçı hareketler, hatta Türk kökenli olmalarına rağmen yabancılarla işbirliği yapmayı savunanlar da vardır. Mizancı Murat ve Prens Sabahattin’ler vardır.

3. Muhittin Birgen, *İttihat ve Terakki’de On Sene, İttihat ve Terakki Neydi?*, Haz: Zeki Arıkan, 1. Cilt, Kitap Yayınevi, 2. Baskı, İstanbul 2009, s. 63-69; Birgen önce “İttihat ve Terakki” nedir? Diye kendi-kendine kaç yüz defa sorduğunu fakat zihnindeki düğümü çözemediğini diyor. Bir gün bu meraklı sorusunu Talat Paşa’ya sormuştur. Talat Paşa’dan tatminci cevap alamıyor ve bu arada Ziya Gökalp odaya giriyor ve soruyu Talat ona havale ediyor. Ziya Bey’de “İttihat ve Terakki Türk Milletinin ruhundan kopmuş bir mefkûre hamlesidir” diye cevaplar. Birgen sonra, bizim gibi, birçokları gibi, İttihat ve Terakki’nin rengi taayyün etmemiş bayrağı etrafında toplanmış olan muhtelif fikir ve meşrepteki taraftarları bunu sonradan anlamaya başladılar. Fikrimi daha iyi anlatmak için şöyle ifade edeyim: “İttihat ve Terakki, bidayette, bir bayrak bile değildi. Üzerine herkesin kendi bayrağını çekmek istediğini boş bir bayrak direği! Yalnız bundan ibarettir” demiştir.

4. Emine Gümüşsoy, “II. Meşrutiyeti Hazırlayan Bir Merkez Ohri”, *SDB Fen Edebiyat Fakültesi Sosyal Bilimler Dergisi*, Sayı No 18, Aralık 2008, s. 53.

5. Enver Ziya Karal, *Osmanlı Tarihi*, VIII. Cilt, Türk Tarih Kurumu Yayınları, 2. Baskı, Ankara 1983, s. 511; Genç Türkler, hiçbir zaman organik bir siyasi parti teşkil etmemişlerdir. İşlerinde istibdat idaresinin yerine meşrutiyetin kurulmasına taraftar olmasına rağmen bu ekseriyette, meşrutiyetin kuruluş şekli ve meşrutiyetin ilanından sonra yapılması gereken ıslahat ve icraat konularında fikir yönünden görüş ayrılıkları var idi. İttihat ve Terakki Cemiyetine gelince, bu cemiyeti kuranlar, Genç Türklerden sayılmakla beraber organik bir siyasi teşekkül içinde ve siyasi bir program etrafında toplanmış bulunmakta idiler. Gerçi bu parti üyeleri de her hususta aynı fikirde değildiler. Aralarına keskin ve fikir ayrılıkları vardı.

6. Ahmet Bedevi Kuran, İnkılâp Tarihimiz ve Jön Türkler, Tan Matbaası, İstanbul 1945, s. 30.
7. Kazım Nami Duru, İttihat ve Terakki Hatıralarım, Sucuoğlu Matbaası, İstanbul 1957, s. 5.
8. Kazım Karabekir, İttihat ve Terakki Cemiyeti, Yapı Kredi Yayınları, İstanbul 2009, s. 19.
9. Hüner Tüncer, Osmanlı'nın Rumeli'yi Kaybı (1878-1914), Kaynak Yayınları, İstanbul 2010, s. 90.
10. Macfie, 2003, a.g.e, s. 25; Fuat Dündar, İttihat ve Terakki'nin Müslümanları İskân Politikası (1913-1918), İletişim Yayınları, 5. Baskı, İstanbul 2011, s. 19.
11. Ahmet Eyicil, "Osmanlı İttihat ve Terakki Cemiyeti", Ed: Hasam Celal Güzel vd, Türkler, Yeni Türkiye Yayınları, 13. Cilt, Ankara 2002, s. 228; Cemiyetin kuruluşunda mason teşkilatı ve İtalyan birliğini sağlamak amacıyla kurulan Carbonari teşkilatı da etkili olmuştur. İbrahim Temo Birindis Napoli'ye giderek burada mason locasını ziyaret etmiştir. Bu ziyareti esnasında edinmiş olduğu bilgileri ışığında cemiyeti de buna benzer şekilde örgütlemiştir. Cemiyetin üyelerine verilen numaralar Carbonari teşkilatı üyelerine verilen numaraların bir örneğiydi. Bu modele göre İbrahim Temo'nun numarası 1/1 olarak kaydedilmiştir. Yani birinci şubenin numaralı üyesi demektir.
12. B.Gaibov (Hazırlayan), Dashnaki, Komünist Yayınları, Bakü 1990, s. 5-9; Rus Çarlığı İçişleri Bakanlığı'nın örgüt hakkında verdiği bilgiye göre 1880'de kurulmuştur. Ayrıca 1892'de Cenevre'de Birinci Taşnaktzutyen Genel Kurultayı toplanmıştır. Toplantıya 32 üyenin katıldığı bildirilmektedir.
13. Ömer Karayumak, Ermeniler Ermeni İsyancıları Ermeni Katliamları, Vadi Yayınları, Ankara 2007, s. 148-149; İlk Ermeni Ayaklanmaları 1890 yılından itibaren Erzurum Ayaklanması (20 Haziran 1890) ile başlamış, aynı yıl Kumkapı Olayı (15 Temmuz 1890) ile devam etmiştir. 1892 ve 6 Ocak 1893 Merzifon, Kayseri, Yozgat ve Çorum'da Ermeniler isyanlar çıkarmıştır. Ağustos 1894 Birinci Sason İsyancı, Eylül 1895'de Bab-ı Ali gösterisi ve eş zamanlı Eylül 1895'te Sivas İsyancı takip etmiştir. Aynı yıl çıkan Eğin ma-murat-il Aziz İsyancı, Ekim 1895 Trabzon, Elazığ, Erzincan, Bitlis, Bayburt, Maraş, Urfa, Diyarbakır, Muş ve Sivas İsyancıları ile bütün Doğu Anadolu Vilayetlerini içine alacak şekilde genişlemiştir. Ekim 1895, Ocak 1896 Zeytun ve Haziran 1896 Van İsyancıları Ağustos 1896 yılında Osmanlı Bankası Baskını izlemiştir. 1903-1904 İkinci Sason İsyancı, Temmuz 1905 yılında ise Sultan II. Abdülhamit'e yapılan Yıldız Suikastı girişimi takip etmiştir. II. Meşrutiyetin ilanından sonra Nisan 1909 yılında Birinci Adana Vakası ile yeniden alevlen olaylar, Birinci Dünya Savaşı esnasında Doğu ve Orta Anadolu bölgesinde yoğun bir şekilde devam etmiştir. Şubat 1914 yılında II. Zeytun İsyancı, Bitlis, Muş, Elazığ, Diyarbakır, Sivas, Yozgat, II. Adana ve Van İsyancıları takip etmiştir. Birinci Dünya Savaşı sonrası da Ermeni çetecileri isyanlarına devam etmişlerdir.
14. Galip Vardar, İttihat ve Terakki İçinde Dönenler, Yazan Samih Nafiz Tansu, Tan Matbaası, İstanbul 1960, s. 48; Bursalı Tahir Bey, Posta Telgraf Dairesi Başkâtibi Talat Bey (Paşa), Selanik Müşir Yaveri Kazım Nami Bey, Askeri Rüştiye Fransızca Öğretmeni Naki Bey, Katib-i Mes'ul Mithat Şükrü (Bleda) Bey, İzmir Valisi Mustafa Rahmi (Evranos) Bey, Bursalı Hakkı Süha Bey, Mücahit Ömer Naci Bey, Mas'ub İsmail Canbolat Bey ve Edip Servet Bey'dir.
15. Tarık Zafer Tunaya, Hürriyet'in İlanı İkinci Meşrutiyetin Siyasi Hayatına Bakışlar, Cumhuriyet Armağanı, 1998, s. 131.
16. Bayram Kodaman, "II. Meşrutiyet Dönemi (1908-1914)", Ed: Hasam Celal Güzel vd, Türkler, Yeni Türkiye Yayınları, 13. Cilt, Ankara 2002, s. 183.
17. Nevzat Kösoğlu, Enver Paşa, Ötüken Yayınları, 2. Baskı, Ankara 2008, s. 47.

18. Hasan Babacan, “Enver Paşa”, Ed: Hasam Celal Güzel vd, Türkler, Yeni Türkiye Yayınları, 13. Cilt, Ankara 2002, s. 263. Babacan, Avşar, 2011, a.g.e, s. 17.

ТҮЙІНДЕМЕ

«Бірлік және Даму» партиясының құрылған жері, бірнеше дін және әртүрлі ұлттар бір мекенде өмір сүрген Румели еді. XIX ғ. алғашқы ширегінде Османлы мемлекетінің бұл аймағындағы халықтардың ұлттық көзқарастарының оянуымен қатар шет мемлекеттердің қол сұғушылық әрекеттері нәтижесінде қарама-қайшылықтар туындап өрши түсті. Македония территориясында басталған қайшылықтардың нәтижесінде Әскери фельдшерлік академия білімгерлері 1889 жылы «Бірлік және Даму» партиясының құпия түрде негізін қалады. Ресей-жапон соғысы соңында Ресейде 1905 жылы, 1906 жылы Иран және 1908 жылы Қытайда орын алған конституциялық парламенттік жүйеге өтуі, «Бірлік және Даму» партиясының тікелей құрылуыны өз әсерін тигізгені даусыз. Сонымен қатар бұл ұйым мүшелері Салониктегі «Македония Рисорта» және «Веритас» атты массон ұйымдарымен астыртын байланыс жасап «Хилал» атты құпия ұйымның негізін қалады. Әнуар Паша массон болмағанымен 1906 жылы аталмыш құпия ұйымға мүше болып тіркелді.

(Тұрлыбек А. Бірлік және даму партиясының құрылуы және Әнуар Пашаның мүше болып қабылдануы)

РЕЗЮМЕ

На месте организации партии «Единство и Развитие», где в первой четверти XIX в. жил Румели, вместе проживали несколько религий и разные национальности. На этой территории Османского государства вместе с пробуждением национального взгляда у народа в результате вторжения иностранных государств возникали и вспыхивали разногласия. В результате начавшихся разногласий в 1889 г. в Македонии студенты Военно-фельдшерской академии секретно основали партию «Единство и Развитие». Неоспоримо, что в конце Российско-японской войны в 1905 г. в России, в 1906 г. в Иране, и в 1908 г. в Китае переход конституционно-парламентской системе повлиял на возникновение партии «Единство и Развитие». Вместе с тем члены этой организации тайно вели связь с массонскими организациями «Македония Рисорта» и «Веритас» в Салонике и основали секретную организацию «Хилал». Хотя Ануар Паша не являлся масоном, в 1906 году он тайно вошел в эту организацию.

(Тұрлыбек А. Создание партии «Единство и развитие» и членство Ануара Паши)

SUMMARY

At the place of organization place of the party «Unity and Development» where Rumelidir lived in the first quarter of the XIX century, ten religions and various nationalities lived together. On this territory of the Ottoman state, together with awakening of peoples national view, as a result of invasion of foreign states, disagreements arose and broke out. As a result of the started disagreements in 1889 in Macedonia students of Military and Medical assistant's Academy secretly created the party “Unity and Development”. Indisputably, at the end of the Russian-Japanese war in 1905 in Russia, in 1906 in Iran, and in 1908 in China, transition to the constitutional and parliamentary system affected the emergence of «Unity and Development» party. At the same time, members of this organization secretly conducted communication with “Macedonia Risorta” and “Veritas” Masonic organizations in the Salonik and founded a secret organization "Hilal". Although Anuar Pasha wasn't a mason in 1906 it secretly entered this organization.

(Turlybek A. Party creation "Unity and development" and Anuar Pasha's membership)

ӘОЖ 958.45

Н.Т.ҮСЕНБАЕВА

№22 жалпы орта мектеп мұғалімі

ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

Патша өкіметі жүргізген қазақ жерін отарлау әрекетінің патша өкіметіне ең тиімдісі әрі ең қолайлысы қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру болып табылды. Бұл әрекет ғылымда «шаруалық отарлау» деп аталады. Шаруалық отарлау патшалы Ресейдің отарлау әрекетінің барлық жақтарын қамтиды. Олардың отарлау саясаты қазақтардың саяси тәуелсіздігін жою, билікті орыс шенеуніктерінің қолына беру, қазақ халқын рухани салада да отарлау болып табылды.

Егемендігімізді алып, етек-жеңімізді жинаған тұста қазақтың бір айтулы ғалымы бүгінгі таңда қазақтардың басым бөлігінің шөл және шөлейт жерлерде өмір сүргені туралы мәлімет жариялады. Шындығында ұлан-ғайыр өлкенің қазақтар қоныстанған жерлерін қарасаңыз, көбісі аңызға кең дала. Тіпті кешегі республика үкіметінің шешімімен жүзеге асырылған «ауыл жылы» шарасы кезінде де көптеген қазақ ауылдарының қолайсыз жерлерде өмір сүріп отырғаны анықталды.

Кілт сөздер: отарлау саясаты, шаруалық отарлау, жаппай қоныстандыру, әлеуметтік тірек, әлеуметтік күш.

Шаруалық отарлаудың мән-мағынасын қазақ жерін отарлау ретінде ғана қарастыруға болмайды. Қазақ жерін отарлау шаруалық отарлаудың бір саласы ғана. Біздің ойымызша, шаруалық отарлау саясатын кең мағынада түсінсек, Ресейдің бұл әрекетінің ең негізгі, түпкі мақсаты орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аудару арқылы отарлық саясатты қолма-қол жүзеге асыратын әлеуметтік күшті қазақ жеріне орналастыру болып табылады. Патша өкіметі көздеген мақсатына жетті. ХХ ғасырдың басында Қазақстанға миллиондап қоныс аударылған орыс шаруалары, олардың үрім-бұтақтары патша өкіметінің, одан кейінгі уақытта кеңес өкіметінің әлеуметтік тірегі, солардың саясатын жүзеге асыратын әлеуметтік күштің рөлін атқарғаны белгілі.

«1844 жылы 14 маусымда қабылданған «Орынбор қазақтарын басқару туралы ережеде» Орынбор қазақтары орналасқан жер Ресей империясының бір бөлігін құрайтыны, Сыртқы істер министрлігінің қарауында болатыны» айтылған [1]. 1867 жылы қазақ даласындағы басқару туралы ережені әзірлеу жөніндегі комиссияның құжаттарынан қазақтардың жерге меншік құқығын анықтайтын Заң жоқ екені, Орынбор өлкесінің басшыларының қазақ жерін мемлекеттік меншік деп танып келгені, танып отырғаны туралы мәліметтерді оқуға болады.

Осыдан келіп патша өкіметі өзінің қазақ жерінің меншіккері құқығын

заңдастыруға көшті. 1868 жылы қазан айында қабылданған қазақ жеріне Ресейдің әкімшілік жүйесін енгізу туралы «Уақытша Ереженің» 210-параграфында «қазақ қоныстары алып жатқан жерлер мемлекеттік жер деп танылады және қазақтардың қауымдасып пайдалануына беріледі» [1, 424 б.] деп жазылған. Қазақстанның оңтүстігіндегі қазақтардың жер пайдалану құқығы туралы мәселе 1886 жылы маусым айында қабылданған ережеде жарияланды.

Ақырында патша өкіметі 1891 жылы 25-наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережеде» сол кездегі қазақ жерінің меншік және пайдалануы туралы қолданыста жүрген барлық заң, ережеге біріктіріліп, бір жүйеге келтірілді [1, 425 б.]. Бұл құжат кейбір басылымдарда «Степное положение» («Дала ережесі») деп аталып жүр [2, 115 б.]. Небәрі 17 баптан тұратын бұл заң бойынша қазақ жері патша өкіметінің меншігіне айналды. Заңның 119-бабында: «Жер, соның ішінде ормандар да мемлекет меншігі деп танылатыны туралы» айтылады [1, 425 б.].

Қазақ жерін патша өкіметінің меншігі деп жариялаған алғашқы күндерден бастап қазақ халқы, оның алдыңғы қатарлы зиялыларының арасында ғана емес, Ресейдегі зиялы қауымның арасында отаршылдық жүйені жүзеге асырып жүрген шенеуніктерінің арасында Ресейдің аталмыш әрекетінің заңдылығы туралы әңгіме өрбігені, оппозициялық күштердің бой көрсете бастағаны байқалады. Қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру мәселесімен шұғылданып жүрген шенеуніктердің бірі Т.И.Седельников деген: «Дала өлкесінің жерге орналастырушы комиссиясының жоғары шенді адамдары қазақтардан жерді тартып алудың заңдылығы туралы мәселенің туындауынан қауіптенді» [1, 425 б.] деп жазады. Ары қарай ол патша өкіметінің қазақ жерін отарлау әрекетінің заңсыз екеніне патша шенеуніктерінің көзі жете бастағанына тоқталады.

Патша өкіметі қазақ жерін мемлекет меншігіне алудың заңсыздығына қарамастан Қазақстанда шаруалық отарлау әрекетін жалғастыра берді. Патша өкіметі, оның Қазақстандағы өкілдерінің бастамасымен Қазақстанға қоныстанатын шрауаларға барлық жағдай жасалып отырды. Қоныс аударушыларға ең құнарлы жерлер берілді, олардың Қазақстанға көшіп келетін жол қаражатын өкімет өз мойнына алды. Көшіп келгендердің шаруашылығын ұйымдастыруына мемлекет қарыз берді, оларды белгілі мөлшермен салықтан босатты. Мұндай жеңілдіктер қазақ жеріне орыс шаруаларының мың-миллиондап ағылуына әкеп соқты.

Орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыруда ерекше көзге түскен жоғары шенді шенеуніктердің бірі Жетісу облысының губернаторы Г.А.Колпаковский болды. Жетісу губернаторының Қазақстанның бұрынғы астанасы Алматы қаласының әскери бекінісі ретінде салынуына губернатордың тиісті еңбек сіңіргенін атап отырып, Қазақстанның ең шұрайлы жерінің бірі «жер жаннаты Жетісуды» орыстандыруда сіңірген еңбегін атап өтпесек, тарихқа жасаған қиянат болар еді. Губернатор Жетісу

жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру туралы рұқсат бергендегі мақсатын «өлкені орыстандыру» [1, 426-427 б.] деп тұжырымдаған көрінеді. Ол ереже қабылдап, Жетісу облысына келіп қоныстанған ер адамдардың әрқайсысына 30 десятина жер, шаруашылық жүргізуге қарыз ақша беретін, 15 жылға салықтан босатылатын болған [1, 427 б.]. Мұндай ережелер Қазақстанның басқа облыстарында қабылданып отырған.

Сөйтіп, патша өкіметі қазақ жерін өз меншігіне алып, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру әрекетін заңдастырды. Ресейдің бұл әрекеті тарих ғылымында «шаруалық отарлау» деп аталып жүр дедік. Бұл атаудың мағынасы патша өкіметі қазақ жерін өз меншігіне алу арқылы ғана отарлау әрекетін доғармай, жалғастырды деген мағына береді. Қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру әрекеті бастала салысымен осы мәселемен шұғылданып жүрген орыс шенеуніктерінің арасында патша өкіметі жүргізе бастаған қазақ жерін отарлау әрекетінің заңдылығы туралы күмән пайда болғаны тегін болмаса керек. Патша өкіметі Қазақстанда жүргізген аграрлық саясатында екі түрлі заңсыздық жасап отыр. Оның біріншісі, ата-бабасынан бері қыстап, жайлап игеріп алған қазақ жерін патша өкіметінің өз меншігіне алуы болса, екіншісі, сол жерге орыс шаруаларын қоныстандыру болып табылады. Сырт көзбен қарағанда, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру патша өкіметі өз шаруаларын өз жерінің бір бөлігінен екінші бөлігіне көшіріп жатқаны сияқты көрінгенімен, бұл әрекеттің заңсыздығы, отаршылдық сипаты орыс және қазақ қоғамының зиялы қауымының назарынан сырт қалмады. Шаруалық отарлауға байланысты «Дала уалаяты» газеті біраз мәселе көтергені байқалады. Осы газетке басылған Т.Уәлиханнның мақаласында қазақтың қыстауларын қоныс аудару қажеттігі үшін тартып алу қазақтардың жағдайын ауырлатып жіберетіні туралы айтылса, келесі бір мақалада орыс шаруаларына жер берудің теңсіздігі туралы айтылады. Дала генерал-губернаторы 1901-1902 жылғы есебінде қонысаудару қазақтардың көші-қон өрісін тарылтып жібергенін айта келе, қонысаударудың қазақ халқы үшін мәдени емес, теріс мәні болып отырған айтылады [1, 429 б.].

Осындай жағдайда қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы отарлау туралы қоғамда теріс пікір қалыптастырмау үшін, екінші жағынан, оппозициялық күштердің күшеймеуі үшін қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныс аударудың тігісін жақызып, қоғамға басқа қырынан көрсетудің айла-шарғысын іздестіре бастайды. Мұндай айла-шарғылардың бірі Қазақстандағы артық жерлер туралы қауесет еді. Бұл қауесеттің негізгі мақсаты патша өкіметі орыс шаруаларына қазақтың артық жерлерін ғана үлестіріп жатқаны туралы, қазақта жер жеткілікті, тіпті жерлері де бар, өкімет олардың шаруашылыққа қажетті жерлеріне тимегендігіне қоғамның көзін жеткізу еді. Сөйтіп, Ресейде Қазақстандағы артық жерлерді іздестіру басталады.

Дала генерал-губернаторының 1894 жылғы есебіне жасаған ескертуіне II

Николай патша Ақмола, Семей облыстарының көшпелі халқының пайдалануындағы бос жерлерінің сапасын тез арада зерттеу, мөлшерін анықтау тапсырылған. Патшаның жарлығына сай орыс шенеуніктері қазақтың бос жерін іздеуге шығады.

1893 жылы Сібір темір жолының Батыс бөлігінің аяқталуы Ресейдің орта бөлігінен шаруалардың Шығысқа қарай шаруашылық жүргізуге қолайлы жр тауып беру қажеттігі туындайды. Бұл міндетті патша өкіметі жүзге асыру үшін арнайы экспедиция ұйымдастырды. Экспедицияны земство статистігі Ф.А.Щербина басқарды.

Патша өкіметі экспедицияға төмендегі міндеттерді жүктейді: орыс шаруаларын қоныстандыруға қажетті жердің мүмкіндігінше мол қорын табу және олардың егіншілік үшін жарамдылығын анықтау, қазақтардың жер пайдалану нормаларын белгілеу, осылардың нәтижесінде қазақтардың «артық жерінің» көлемін анықтап, онан қоныс аудару қорын құру.

Қазақстаннан «артық жер» іздеген Ф.А.Щербина экспедициясы 1896-1903 жылдар аралығында Ақмола, Семей, Қостанай облыстарының 12 уезінің жеріне зерттеу жүргізеді. Зерттелген өлкелерден артық жер тауып алу үшін экспедиция өзіне берілген нұсқауда көрсетілгеніндей, қазақтардың жер пайдалану нормасын белгілеп, нормадан артық жерді қоныстандыру қорына аударуға тиіс болған. Экспедиция белгілеген норма бойынша қазақтың бір отбасына 24 ірі қара мал жайылатын жер жеткілікті деп есептелген [2, 124 б.]. (Ірі қара деген атау патша өкіметі мал шаруашылығымен шұғылданған халықтарға алым-салық салғанда пайдаланған есептік көрсеткіш. Бұл көрсеткіш бойынша түйе - екі ірі қара, жылқы - бір ірі қара, сиыр - бір ірі қара, 7 қой - бір ірі қара деп есептелген. Кейін бұл көрсеткіш кеңес өкіметі кезінде де пайдалынған).

Щербина экспедициясы зерттеген үш облыстың 12 уезіндегі 100 мыңдай қазақ шаңырағына нормаға сай 17 млн. десятина жер қалдырып, 18 млн.дай артық жер қоныстандыру қорына берілген [2, 128 б.]. Қазақ жерінен артық жер іздеу Щербина экспедициясымен аяқталған жоқ, онан соң да жалғасып жатты.

Қазақстанға орыс шаруаларының қоныс аударуына Щербина экспедициясынан соң әсер еткен екінші бір оқиға патша министрі Столыпін жүзеге асырған реформа болды. 1861 жылы Ресейде басыбайлылық қатынастар жойылған соң Ресейдің ауыл шаруашылығын капиталистік жолға түсіп, дамуға мүмкіндік алды. Мұндай мүмкіндікте пайдалануға аграрлық салада басыбайлылық қатынастар жойылған соң қалыптасқан жер иелену, пайдалану жүйесі мүмкіндік бермеді. Басыбайлылықтан құтылған шрауалар помещиктерден өздерінің үлес жерлерін алып, өзара қауымдасып, шаруашылық жүргізе бастады. Мұндай қауымдастық тарихта орыс қауымдастығы деп аталады.

Ресей территориясы да кең байтақ болғанымен, шаруашылыққа қолайлы

жерлердің көпшілігі орыс қауымдастығына тиесілі болды. Ресейде ауыл шаруашылығында капиталистік қатынастарды дамыту үшін орыс қауымдастығының қолындағы жерді ірі капиталистік шаруашылықтардың қолына топтастыру қажет болды. Бұл мәселені Столыпиннің аграрлық реформасы шешіп берді. Ол орысқауымдастығының құрамындағы ұсақ шаруаларға өз меншігіндегі үлес жерлерін сатып, қауымдастықтан шығуға рұқсат бердіде, патша өкіметі үлес жерін сатып, жерсіз қалған шаруаларға Шығыста дала өлкесінен құнарлы жер беретін болды. Сөйтіп, шаруалар қауымдастықтан шықты, олардың үлес жерлерін помещиктер сатып ала бастады. Столыпиннің ауыл шаруашылығында капиталистік қатынастардың дамуына жағдай жасау болды. Бұл реформа өз кезегінде орыс шаруаларының қазақ жеріне жаппай қоныстану қарқынының өсуіне әкеп соқты. Реформадан кейінгі жылдары қоныстану науқанының қарқынының өсуінен, Қазақстанда халық санының өсуінен байқауға болады. Статистік мәліметтерге қарағанда, 1896-1910 жылдары Қазақстан халқының саны жыл айын 2-3 пайызға өсіп отырған болса, тек 1911 жылы 43 пайызға көтерілгені [3, 107 б.] жоғарыда айтқандарға дәлел болса керек.

Шаруалық отарлау кезінде орыс шенеуніктері ойлап тапқан «артық жер» мәселесі кеңес заманында қайта жанданғаны белгілі. 1921 жылы Қазақ АССР-нің Орталық атқару комитеті қабылдаған жер-су реформасын жүргізу туралы шешімде жер пайдаланушылардың артық жерлерін қайта бөлу туралы айтылады. Патша шенеуніктері қолданып, ұмыт болған бұл атау кеңес дәуірінде неліктен қайта жаңғырды деген заңды сұрақ туады. Бұл атау жер иесі қазаққа байланысты қолданбағаны белгілі. Бұл атау қазақ жеріне қоныстанған орыс шаруаларына, әсіресе, помещиктерге, кулактарға байланысты қолданылды және олардың пайдаланып отырған жерлері шексіз болды, өкімет арнаулы шешім қабылдап, өкіметтік дәрежеде шешу қажет болды дегенді көрсетеді. Жер-су реформасы кезінде «артық жер» мәселесінің иелері орталық өкіметке өз айтқандарын істетті, бұл науқанды өкімет шешіміне сай жүргізбекші болған С.Қожановқа «қожановшыл» деген шен тағып жіберді.

Қазақ жеріне келіп қоныстанған мекені туралы мәліметті Д.Дамко 1926 жылы жүргізілген халық санағына сүйеніп анықтаған. Оның жазғанына қарағанда 1926 жылғы санақ бойынша қазақ жеріне қоныстанған шаруалардың 83 пайызы ауылды жерлердің, 17 пайызы ғана қалалық жерлердің үлесінде [3, 39 б.]. Бұл мәлімет патша өкіметі жүзеге асырған шаруалық отарлау Қазақстан экономикасының аграрлық саласын қамтығанын көрсетеді.

1889 жылы патша өкіметі қабылдаған орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру туралы заңда Қазақстанда орыс шаруаларын қоныстандыратын жерлерді алдын-ала дайындау туралы айтылады. Қоныстану учаскелерін, яғни қазақтың «артық жерлерін» табу, оның

шекарасын анықтаудан басталып, табылған жерлерді жеке отбасыларына, бау-бақша салуға, мал жайылымына, шабындыққа, мектеп, шіркеу тұрғызуға бөлумен аяқталатын болған. Сөйтіп, Қазақстанда орыс деревнялары пайда болды. Мұндай деревнялардың жалпы саны 1915 жылғы есеп бойынша 6500 болды да, ол 20 млн. десятина жерді алып жатты [3, 92 б.].

Қазақстандағы Ресейдің шаруалық отарлауының негізгі нәтижесі халық санының өсуі болды. 1896-1916 жылдардың аралығындағы 20 жылда Қазақстан халқының саны 2 млн.нан астам адамға өскен [3, 107 б.].

1915 жылғы ресми мәлімет бойынша орысшаруалары қоныстанған Қазақстанның солтүстік төрт облысындағы 160 млн. десятина жер қоныстанушылардың пайдалануында болды [3, 128 б.].

1906 жылдан кейін өкімет шаруаларды жерге оналастырудың үш түрін енгізді:

1. Жерді қауымдасып пайдалану;
2. Қауымнан шығып, жерді жекеше пайдалану;
3. Фермалар, хуторлар ретінде пайдалану.

Жер пайдаланудың бұл түрінің ішінен 1911 жылғы мәлімет бойынша түр пайдаланудың 2, 3 түрі барлық жер пайдаланушылардың 84 пайызына тең болды [3, 130 б.].

Патша өкіметі Қазақстанды екі ғасырға жуық уақыт отарлағанда отаршылдықтың ең ауыр, зардабы мол түрі қазақ жерін отарлау болды. Отаршылдықтың бұл түрінің салдарынан қазақ халқы жерінен айырылып қалды.

Қазақ жерін отарлау XIX ғасырмен аяқталған жоқ, келесі ғасырда да жалғаса берді. XX ғасырдың басына дейін патша өкіметінің қазақ жерін отарлауы негізінен елдің солтүстігін, ондағы төрт облысты қамтыған болса, XX ғасырдың басында отарлау әрекеттерін оңтүстікке бағыттай бастады.

Мұнан соң патша өкіметі қазақ жеріне келіп қоныстанған шаруаларға еркін көшіп-қону құқығын берді. 1904 жылы қабылданған ереже бойынша 1889 жылғы ережеден шаруалардың тек өкімет орындарының рұқсатымен қонысаударатыны туралы бапты алып тастады.

Сөйтіп, патша өкіметі орыс шаруаларын қоныстандыруды жүйелі ұйымдасқан түрде жүргізу әрекетін қолданғанымен, қоныстандыру бұрынғыша стихиялы түрде жалғаса берді. Мәселен, 1905 жылы өз бетімен қоныстанушылардың саны Ақмола облысында жалпы қоныстанушылардың 55 пайызын құраса, бұл көрсеткіш Семейде 61 пайыз, Торғайда 87 пайыз болған [1, 594 б.]. Бұл фактілер Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру мәселесі бойынша жаңа экспедиция жасақтауда, бірақ олар қоныстандыру науқанында орын алып отырған қазақ халқының мүддесіне қайшы әрекеттерді жоя алмады.

Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыруды күшейте түсу мақсатына 1906-1911 жылдары министрлер Кеңесінің төрағасы және ішкі министрі

болған П.А.Столыпин жүргізген аграрлық реформа, реформаны жүзге асыруға байланысты қабылданған бірнеше заң актілері бағытталды. Аграрлық реформаның негізгі мәселесінің бірі Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыруды күшейтуге бағытталды. Аграрлық реформаға байланысты жиналған мәліметтерде 1916 жылға дейінгі мерзімде қазақтардан тартып алынған жерлер туралы қорытынды мәлімет жарияланған. Осы кезде Дала өлкесінде 106 млн. десятина жер зерттеліп, оның 30 млн.-ы, яғни үштен бірі «артық жерге» жатқызылып және қазақтардан күшпен тартып алуға арналған [4]. Мұнымен қатар бұл мәліметке әскери бекіністерге қоныстанған қазақтарға берген жерлер, қалалар мен темір жолдарға берілген жерлерді қоссақ, патша өкіметінің қазақтардан тартып алған жерінің көлемі 45 млн. десятинадан асып түседі [4].

Зерттеушілер Қазақстанда жүргізген патша өкіметінің отаршылдық әрекеттерінің ішіндегі ең сорақысы, ең шектен шыққан қаталы - жерді өздері иеленгені деп есептейді. Жер қалың бұқараның өмір тіршілігінің негізгі көзі, мемлекеттің тірегі, жерсіз мемлекет құрылмайтынын ескерсек, патша өкіметі қазақ халқын осы негізінен айырды. Қазақстанды патшалы Ресей отарлаған соң өрістеген ұлт-азаттық қозғалыстардың негізгі себебі жер мәселесі болғаны да белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. – 768 б.
2. *Шонанұлы Т.* Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995.
3. Демко Дж. Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896-1919). – Алматы: Ғылым, 1997. – 230 б.
4. *Тынышбаев М.* Ресей Министрлер Комитетінің Төрағасына хат //Өркен, 1991, 28 желтоқсан.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о том, что самой основной целью колониальной политики Царской России, которую проводили в прошлых веках в казахской земле, было посредством переселения русских крестьян на казахскую землю расположить социальную силу, осуществляющую непосредственно колониальную политику в казахской земле.

(Усенбаева Н.Т. О колониальной политике Царской власти)

SUMMARY

The article focuses on the fact that the most basic to the colonial policy of Tsarist Russia, which was conducted in the past centuries in the Kazakh land, it was through the resettlement of Russian peasants in the Kazakh land arrange social force that is carried out directly in the colonial policy of Kazakh land.

(Usenbaeva N.T. About the Colonial Policy of the Tsarist Government)

ӘОЖ 297.7

С.Н.ҚҰРБАНҚОЖА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

СОПЫЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Сопылық - исламдағы мистикалық-аскеттік бағыт. Алғашқы сопылық қауымдар сегіз жүз жылдың шамасында пайда болып, өмір сүріп отырған әлеуметтік теңсіздікке феодалдық ақсүйектермен ауыз біріктірген жоғары дін басыларының дүниеқоңыздығына наразы төменгі топтағы мұсылман дінбасыларын біріктірді.


Тақуалық өмірді аскетизмді уағыздау үстем таптардың өмір салтын сынап, халықтың ең кедей топтарын марапаттап көтермеледі. Алайда сопылық қанаушы қоғамға белсенді түрде қарсы шықпауға, бітімге келуге, құдайдан қорқуға, дүниеден бас кешуге шақырды. Кедейлік жанды құтқарудың басты ең таңдаулы құралы ретінде дәріптелді, діни сенім дәрежесіне жетті.

Бұл мақалада негізінен орта ғасырларда пайда болған сопылық, оның ішінде «Йассауи» мектебінің негізгі ұстанымдары қарастырылады.

Кілт сөздер: сопылық ұстаз, шәкірт, хақ, хәл, хақиқат, кемелдік, насихат, хақ жолы.


Ұстаз бен шәкірт арасындағы қатынасты реттеуде Ясауи мектебі: шәкірт ешқашан өзін ұстазынан артық санамау керек және оған толық мойынсұну қажет; ұстаз шәкірттің сөз мағынасын, астарлы сөздің ишаратын, иін, ойын түсінуі үшін оның ақылы мен сезімталдығын үнемі ұштап отыруы керек; шәкірт ұстазының сөзі мен ісіне мұқият болуы тиіс; ұстаздың ризалығына ие болуы үшін адал қызмет етуі тиіс; шәкірттің жалған сөзді болмауы, сөзіне берік, бір мінезді болуы тиіс; ұстазының сырларына сақ болу керек; оның барлық насихатын, нұсқауларын орындауы тиіс деп үйретеді. Ұстаз бен шәкірт арасындағы қатынас сол дәрежеде болу үшін алты хәл: 1) Кемелдікке жетуге талаптану; 2) Хаққа жақындауға тырысу; 3) Хаққа қауышу үшін жанұшыра ұмтылу; 4) Хақ жолында қауіп пен үміт хәлінде болу; 5) Алланы естен шығармау; 6) Үнемі Хақиқат туралы пікірде болу қажет [1].

ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ АРАСЫН РЕТТЕУШІ 6 ШАРТЫ



Мектепке кірген шәкірттің кемелдікке жетуінің төрт шарты: Қожа Ахмет Ясауи негізін салған бұл діни-сопылық мектеп Хаққа қызмет ету - халыққа қызмет ету, басты талап - барша адамды сүю деген ілім негізінде дамыды. Әсіресе, сопылық жолға түскен мүридтің кемелдікке жетуінің *төрт шарты*: мақан (кеңістік), заман (уақыт), ихуан (бауырмалдық, өзара ынтымақтастық), рабт-и Султан (мемлекет басшысына риясыз қолдау көрсету) көрсетілді. Бірінші, кеңістік, яғни шәкірттердің дін негіздерін үйренуі үшін, ең алдымен ыңғайлы орын, отан болуы керек. Екінші, уақыт, тыныш заман болуы керек. Үшінші, ихуан, яғни бір мақсатқа және бір ізгілікке ұмтылған ортада бауырмалдық болуы керек. Төртінші, рабт-и Султан, яғни мемлекет басшылары бастамашы болған игі істерге жәрдемші болу, шынайы қарым-қатынаста болу. Ясауи бұл «кемел адам жолының» төрт қажетті шартын тікелей дәстүрлі түркілік дүниетанымға негіз деп қалыптастырған [2].


Мектепке кірген шәкірттің кемелдікке жетуінің төрт шарты



Ал ұстазға қойылатын шарт: дін ғылымына қанық болу; жұмсақ, ашық мінез; сабырлық; Хақ ризасына қауышу; шын ықылас; Хаққа жақын болу.

Мектептің алты түрлі дәстүрлі жолы бар: 1) Көппен бірге намаз оқу; 2) Таң сәріде ояу болу; 3) Үнемі дәретті, таза болу; 4) Өзін үнемі Алланың құзырында ұстау; 5) Хақты жиі зікір ету; 6) Салиқалы және кемел адамдармен сұхбатта болу.


Мектептің дәстүрлі алты жолы



Мектептің ерекше қадір тұтатын қасиеттері: 1) Қонақжайлылық; 2) Қонаққа мүмкіндігінше жағдай жасау, күту; 3) Қонақтың кенеттен кеп қалуын ырыс деп білу; 4) Қонақтың көңілін қалдырмау; 5) Қонақтың тілегін орындау; 6) Қонақтың дұғасын, батасын алу.

Мектептің алты этикалық тәртібі бар: 1) Ұстаз алдында әдепті болу; 2) Өзін қасындағы адамнан артық санау; 3) Барлық адамды өзінен артық санау; 4) Ұстаздарды құрметтеу; 5) Ұстаздың алдында рұқсатсыз сөйлемеу; 6) Олардың айтқан нақылы мен ақылдарын естен шығармау [3].

Мектептің этикалық алты тәртібі



Түріктердің ислам дінін тандауындағы ықпалды алғышарттар дін, адам, қоғам туралы ілімінде болды. Ол ілімді қорыта айтсақ: дін - адамның ішкі жан дүниесін түсіну, адам – әлем жаратылысының себебі, қоғам - адамдардың бауырмалдық, кішіпейілдік, сүйіспеншілік қарым-қатынасы. Әл-Фарабиде, Жүсіп Баласағұн да бұл ұғымдарды философиялық трактаттарында жан-жақты сөз етеді. Онда «қоғам жеке адамдардан құралады. Жеке адамдар жақсы болса, қоғам жақсы болады, қоғам жақсы болса өмір де бақытты, жан да тыныш» деп ой түйеді.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Хәл ілімі – Адамның ішкі күйін, халын реттеуді үйрететін сопылық ілім.
«Зікір» (араб. зикр – еске алу, жадына сақтау деген мағынаны береді) сопылықта Алланы ұлықтау, дәріптеу үшін жасалатын шартсыз ғибадат саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Құрбанқожа С.Н.* (Әбу Фараби) «Йассауйтану». – Түркістан: ЖК «Мырза», 2004. – 190 б.
2. *Кенжетәев Д., Асқаров Н., Сайлыбаев Ә., Тұяқбаев Ә.* Дінтану. – Алматы: «Арман П.В.», 2010. – 240 б.
3. *Құрбанқожа С.Н.* (Әбу Фараби) «Ұлттық тәрбие негіздері» – Түркістан: ЖК «Мырза», 2010. – 582 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются основные принципы школы суфизма.
(Құрбанқожа С.Н. Основные принципы школы суфизма)

The main principles of the schools of Sufism are studied in this article.
(Kurbankoja S.N. That are the Main Principles of the School of Sufism)

УДК 301

Т.Б.МАТИБАЕВ

кандидат социологических наук,
соискатель-докторант Академии Государственного
Управления при Президенте Республики Узбекистан

**РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЁРСТВА В СОЗДАНИИ
ОСНОВ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ И
УКРЕПЛЕНИИ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ СТАБИЛЬНОСТИ В
СТРАНЕ**

В статье раскрывается роль государства в функционировании механизма социального партнерства. Акцентируется внимание на том, что социальная ответственность государства проявляется в выполнении ряда важнейших социальных функций, т.е. корректирует стихийные процессы поляризации богатств, не допускает того, чтобы социальная дифференциация в обществе перешла допустимые пределы. Подчеркивается, что в социальной политике это означает перераспределение (на основе закона) части богатств для поддержания малоимущих слоев.

Ключевые слова: государство, социальное партнерство, функция, президент, право, общество, коллектив, концепция, население, гражданство, развитие, консенсус.

Роль государства в функционировании механизма социального партнерства определяется общим характером взаимоотношений государства и гражданского общества в демократически организованном социуме. Государство как политическая организация публичной власти выполняет по отношению к гражданскому обществу две функции: а) осуществляет управление гражданским обществом, в том числе правовое регулирование общественных отношений; б) сотрудничает с институтами гражданского общества в рамках социального партнерства.

Глава нашего государства И.Каримов отмечал: «Важное значение в деле обеспечения дальнейшего развития институтов гражданского общества, усиления их роли в обеспечении прозрачности и эффективности проводимых реформ может иметь принятие закона «О социальном партнерстве», предусматривающего четкое разграничение границ и совершенствование организационно-правовых механизмов взаимодействия ННО с государственными структурами в реализации программ социально-экономического развития, решении гуманитарных проблем, защите прав,

свобод и интересов различных слоев населения страны» [1].

В процессе реализации первой функции государство:

- определяет правовое положение постоянно действующих трехсторонних органов;
- устанавливает принципы и правила ведения коллективных переговоров;
- определяет легитимных представителей сторон и их правовой статус;
- закрепляет принципы и (в определенной степени) пределы коллективно-договорного регулирования;
- регламентирует порядок разрешения коллективных трудовых споров.

Правовое обеспечение коллективно-договорного регулирования создается на основе требований Конвенции МОТ №154 о коллективных переговорах (1981), предусматривающей необходимость принятия мер для содействия коллективным переговорам, в частности, создание регулирующих коллективные переговоры правил, органов и процедур разрешения разногласий, возникших в процессе переговоров [2].

Социальная ответственность государства проявляется в том, что оно выполняет ряд важнейших социальных функций: корректирует стихийные процессы поляризации богатств, не допускает того, чтобы социальная дифференциация в обществе перешла допустимые пределы. В социальной политике это означает перераспределение (на основе закона) части богатств для поддержания малоимущих слоев – в этом состоит существенное значение социального партнерства государства;

-определяет прожиточный минимум, который реализует через установленные законы о минимальных размерах заработной платы, пенсий, пособий по безработице;

-обеспечивает гражданам определенный комплект бесплатных услуг в области образования, здравоохранения, экологической безопасности, доступности к культурным благам;

-создает минимальные необходимые условия для социального страхования.

Выступая как субъект социального партнерства, государство выполняет в необходимых случаях также свои административные и информационные функции. Государство, например, принявшее на себя труд развивать предпринимательскую культуру, способно через средства массовой информации, искусство и другие каналы воздействия наглядно рекламировать предпринимательство как благо для общества. Если в обществе культивируется представление о том, что создание собственной фирмы – дело престижное и достойное, а на человека, создавшего собственное дело, смотрят с одобрением, желающих последовать его примеру найдется немало.

В этом плане роль и помощь ННО очень необходимы госструктурам. Ведь

сегодня в стране действуют более 5200 негосударственных некоммерческих некоммерческих организаций, из которых около 400 являются членами НАННОУз. Их основные сферы действия – социальная защита уязвимых слоев населения, защита прав детей, здравоохранение и образование. В последние годы увеличивается количество ННО, работающих с предпринимательскими структурами по защите их интересов и прав. Связь организаций всех трех секторов становится теснее, а это и есть путь к эффективному социальному партнерству.

По словам руководителя филиала международной неправительственной организации «Региональный диалог» Мьюши Север, впервые термин «социальное партнерство» появился в Ирландии, призывая к тому, чтобы участники всех секторов работали совместно во имя разработки общего стратегического плана развития страны.

«Для реализации поставленных целей любому государству необходимо участие людей. Узбекистану тоже необходимы конкретные шаги по вовлечению пока еще не очень активных слоев населения, чтобы и они могли сделать вклад в развитие страны своими идеями. Уверена, что у людей Узбекистана очень большой потенциал – они образованны, креативны, инновационны. Я также думаю, что вклад широких слоев населения страны в государственное строительство очень востребован», – сказала Мьюша Север.

«В этом отношении готовящийся закон о социальном партнерстве может многому помочь. Очень важно, чтобы негосударственные некоммерческие организации (ННО) имели возможность формировать это законодательство на первом этапе, то есть участвовать в разработке и экспертизе, в самом законотворческом процессе. Сегодня во всем мире растет роль гражданского общества или так называемого «третьего сектора». И я рада, что в Узбекистане так много внимания уделяется роли, которую могут играть ННО» [1].

Президент Ислам Каримов в Концепции дальнейшего углубления демократических реформ и формирования гражданского общества в стране отмечает, что гражданские институты, негосударственные некоммерческие организации сегодня становятся важным фактором защиты демократических ценностей, прав, свобод и законных интересов людей, создают условия для реализации гражданами своего потенциала, повышения их общественной, социально-экономической активности и правовой культуры, способствуют поддержанию баланса интересов в обществе.

Важное значение в деле обеспечения дальнейшего развития институтов гражданского общества, усиления их роли в обеспечении прозрачности и эффективности проводимых реформ имеет принятие Закона «О социальном партнерстве», в котором разработаны механизмы взаимодействия ННО с государственными структурами в реализации программ социально-экономического развития, решении гуманитарных проблем, защите прав,

свобод и интересов различных слоев населения.

Именно государство, и только оно, объединяет всех граждан страны и способно (по этой причине) представлять их общие потребности, интересы и цели, выражать общую волю народа, закреплять ее посредством законодательства и иных форм правотворчества, обеспечивать претворение ее в жизнь, применяя самые разнообразные методы, вплоть до прямого принуждения.

В юридической литературе высказано мнение о том, что в механизме коллективно-договорного регулирования трудовых отношений государство выполняет особую роль - роль социального партнера. При этом «государство как социальный партнер в правовом механизме социального партнерства властными функциями не наделяется» [3].

Важнейшая роль в формировании таких механизмов социального партнерства принадлежит государству. Без государственного регулирования современное общество существовать не может. Но чтобы государство стало субъектом партнерских отношений, должна пройти определенная трансформация в функциях и задачах властных структур. В системе социального партнерства государство участвует, как правило, в лице исполнительной власти – правительства, его органов и представителей (Министерство социальной защиты и труда, различного рода государственные комитеты социальной ориентации). Государство выступает в качестве равноправной стороны со своими особыми функциями, отличающимися от функций двух других партнеров – профсоюзов и нанимателей.

Известно, что решения государства определяют:

- модель перехода на рыночные отношения;
- темпы, формы разгосударствления и приватизации;
- соотношение преобразований на макро- и микроуровне;
- взвешенный учет социальных аспектов в продвижении к рынку [4].

Основные составляющие политики государства в сфере социального партнерства:

-согласование между партнерами на высшем (национальном) уровне основных направлений социально-экономической политики в целом, включая разработку основных критериев и показателей социальной справедливости, мер по защите субъектов трудовых отношений;

-формирование и совершенствование механизмов и институтов, способствующих согласованию интересов социальных партнеров на различных уровнях;

-создание соответствующих органов, комиссий, призванных заниматься решением задач развития социального партнерства и регулирования социально-трудовых отношений;

-содействие расширению участия трудящихся в управлении

предприятиями, отраслями производства, делами государства и общества;

- развитие и стимулирование переговорного характера процесса урегулирования возникающих между сторонами противоречий и разногласий;

- снижение уровня и смягчение остроты социальных конфликтов посредством развития и совершенствования законно-примирительной практики, примирительных и согласительных процедур.

Отчасти взаимодействие госструктур и общественных организаций уже регулируется рядом законов. Например, в статьях 4-5 Закона "О государственной власти на местах" говорится о взаимоотношениях представительных органов власти и хокимов с органами самоуправления. Кенгаш народных депутатов и хоким области, района, города призваны содействовать развитию самоуправления на соответствующей территории, направлять их деятельность.

Закон «Об органах самоуправления граждан» (в редакции 1999 года) закладывает правовую основу взаимодействия органов госвласти и управления с органами самоуправления граждан, создавая необходимые условия для их становления и развития. Основные полномочия органов самоуправления, кенгашей или их председателей (аксакалов) подробно прописаны в статьях 10-13 Закона.

Статья 4 Закона «О негосударственных некоммерческих организациях» регламентирует взаимоотношения ННО с государственными органами, определяет формы и условия их поддержки: «Государство обеспечивает соблюдение прав и законных интересов ННО, создает им равные правовые возможности для участия в общественной жизни».

Юридическим и физическим лицам разрешено оказывать финансовую или иную поддержку их деятельности.

Здесь важно отметить, что положения статьи 3 Закона применяются к ННО независимо от организационно-правовой формы, в том числе профессиональным союзам, политическим партиям, религиозным организациям и иным ННО, если другими законами, регламентирующими порядок их создания и деятельности, не предусмотрены иные положения.

А статьей 11 предусмотрена государственная поддержка деятельности ННО, которая может быть оказана в форме субсидий, грантов и социальных заказов.

Проект закона «О социальном партнерстве» разработан для дальнейшего совершенствования социально-партнерских отношений и направлен на усиление процесса демократизации власти, упрочение институтов гражданского общества, укрепление связи органов власти с населением [5].

В современных условиях именно социальное партнерство должно выступить как способ цивилизованного согласования интересов. Признание сообществом значимости этого института как важнейшего, необходимого

условия строительства государства с социально ориентированной экономикой должно предполагать дальнейшие практические шаги в этом направлении.

Объективные условия складываются таким образом, что властные структуры, развивая систему социального партнерства, должны постоянно совершенствовать технологии и механизм партнерских отношений. Как свидетельствует современная практика, наибольшее распространение в деятельности органов государственного управления получили заключения договоров, соглашений на основе достижения консенсуса по важнейшим направлениям социально-экономического и политического развития, путем согласования интересов различных групп, слоев и классов.

Консенсус в партнерских отношениях проявляется в следующих трех основных видах: *позитивный*, т.е. достаточный для предотвращения разрастания социальных конфликтов, недопущения массовых социальных волнений, войн; *негативный*, при котором довольно высок уровень недоверия между основными субъектами социального партнерства; *неоднозначный и обоюдоострый*, характеризуется устойчивой тенденцией роста социальных конфликтов, забастовок, массовых акций протеста.

Ведущим фактором достижения консенсуса в партнерских отношениях является соблюдение законности в действиях сторон, формирование у них способности и умения договориться между собой. Таким образом, речь идет по существу о согласовании позиций сторон при разработке и осуществлении всей экономической и социальной политики государства. В ситуациях, когда необходимо проведение срочных рыночных реформ, а в обществе отсутствует политическая стабильность, прочное трехстороннее согласие становится первоочередной потребностью.

Процесс согласования и защиты интересов работников и работодателей, предпринимателей может осуществляться как непосредственно, путем организации взаимодействия органов государственного и муниципального управления с представителями профсоюзов и объединениями работодателей, так и опосредованно в результате обмена информацией, создания благоприятных условий для решения возникающих проблем, ведения переговоров и подписания коллективных договоров, соглашений.

Государство вступает в партнерские отношения добровольно, сознательно ограничивая свои властные полномочия, но никакого особого правового статуса социального партнера не приобретает. Его задачей в сфере заключения соглашений, равно как и в других областях деятельности, является представление и защита общественных интересов, то есть интересов общества в целом. Государство выполняет роль социального партнера, но партнерство это особого рода. В отличие от работодателей и работников, которые олицетворяют интересы соответствующих социальных групп и устремлены лишь к их удовлетворению, государство нацелено на

согласование позиций сторон между собой и с общенациональными приоритетами. Таким образом, и выполняя роль социального партнера, государство сохраняет свою позицию "над обществом". Недаром главная его задача в механизме социального партнерства видится исследователям как задача посредничества, согласования разносторонних стремлений [6].

Опосредованный характер взаимодействия органов государственной власти с общественными объединениями выражается в том, что они, устанавливая связи, фактически напрямую в большинстве случаев не взаимодействуют с членами профсоюзов, работниками трудовых коллективов, всеми предпринимателями, работодателями. Поэтому органы государственного и муниципального управления должны постоянно иметь в виду, каков авторитет и влияние тех или иных профсоюзов, общественных объединений предпринимателей, их руководящих структур среди трудовых коллективов, работников отраслей, интересы которых они представляют.

Органы государственной власти и местного самоуправления, взаимодействуя в сфере социального партнерства, выступают не только как посредники или арбитры, осуществляющие согласование интересов работников и работодателей, но и как собственники производственных мощностей, организаторы производственного процесса и как работодатели. Поэтому повсюду продолжаются споры, дается различная оценка роли государства, властных структур в системе социального партнерства. Чем же должно заниматься государство? Выполнять роль медиатора (посредника) или участника и полноправного партнера в системе трудовых отношений? В рамках узбекской модели социального партнерства государство выполняет роли и работодателя, и посредника, в зависимости от удельного веса контрольного пакета акций на предприятии, в акционерном объединении или в отрасли.

Отмеченные обстоятельства во многом определяют возможности, границы деятельности и поведения как институтов государственного и муниципального управления, так и профсоюзов, и объединений работодателей, предпринимателей, в сфере взаимодействия с государством по различным проблемам политической, экономической, социальной и духовной жизни общества. Эти же обстоятельства надо учитывать при анализе основных направлений, целей и задач развития партнерских отношений на разных уровнях. У субъектов социального партнерства могут и должны быть как общие, так и отличные друг от друга цели деятельности, что не только естественно, но и жизненно необходимо для каждой из сторон партнерского взаимодействия.

Объективно все три стороны – властные структуры, профсоюзы и объединения работодателей – в своей деятельности стремятся к обеспечению экономического и социального прогресса, к рациональному использованию трудового потенциала, улучшению условий труда и быта работников, к

созданию эффективной системы коллективных договоров и соглашений и т.д. Происходящие в экономике, на производстве процессы зачастую препятствуют достижению названных целей, создают ситуацию, при которой государственные органы, объединения предпринимателей не в состоянии содействовать динамичному развитию производства, теряют контроль над социально-экономической обстановкой. В результате возникают конфликтные ситуации, нередко вынуждающие партнеров вступать в конфронтацию, занимать позицию противостояния, или организовывать акции протеста.

Государство, объединяя всех граждан страны, способно представлять в системе социального партнерства их общие интересы и цели, выражать общую волю народа, обеспечивать претворение ее в жизнь, применяя самые разнообразные технологии, в том числе умиротворения, сдерживания, раскола «по горизонтали» и «по вертикали».

В Узбекистане указанный подход к защите общенациональных интересов применим по целому ряду причин, главная из которых - эффективно функционирующие рыночные механизмы. Создание дополнительных рабочих мест привлекая местных предпринимателей среднего и малого бизнеса, фермерских хозяйств, структур негосударственных некоммерческих организаций, расширения надомной работы и семейный бизнес. А также вовлечение международных инвестиций. Экономические исследования подтверждают, что создание подлинно рыночной экономики и интеграция в международный рынок – является приоритетной задачей.

В Узбекистане, в отличие от многих других стран постсоветского пространства, на первом этапе радикальных экономических реформ, с целью преодоления негативных тенденций стихийно развивающейся рыночной системы, эффективно использована регулирующая роль государства. Умелое использование государственных методов регулирования социально-экономических процессов обеспечил, в определенной мере, согласованность действиям товаропроизводителей. Принцип либерализации экономики вводится без особой спешки, по мере создания необходимых предпосылок для углубления экономических реформ. В силу этого, не столь разрушительными были социально-экономические последствия переходного периода.

В Узбекистане уже в 2001 году - раньше, чем во всех других субъектах СНГ, был достигнут дореформенный объем ВВП. Последовательно решались организационно-экономические проблемы, касающиеся создания предприятиям необходимой среды для нормальной производственной деятельности, стимулирования инвестиционной активности зарубежных и отечественных инвесторов, развития, адекватно рыночным преобразованиям, новых, более эффективных форм хозяйствования. Большое значение, с точки зрения создания социальной экономики, имели постепенная эволюционная

либерализация экономики, обеспечение должной координации и интеграции экономик регионов, с учетом особенностей каждого из них, совершенствование налоговой и бюджетной политики, развитие предпринимательства, дехканских, фермерских и других прогрессивных форм хозяйствования [7].

Мобилизация, через систему действенного государственного регулирования всех источников повышения эффективности, становится не только предпосылкой, но и содержанием стратегии развития, одним из его ключевых ориентиров.

ЛИТЕРАТУРА

1. Пресс служба Совета Федерации профсоюзов Узбекистана. //Газета. Uz. – 12 августа, 2011.
2. Нуриддинова А.Ф. Роль государства в механизме социального партнерства //Журнал российского права, №2, 2000.
3. Лушикова М.А. Государство, работодатели и работники: история, теория и практика правового механизма социального партнерства (сравнительно-правовое исследование). – Ярославль: ЯрГУ, 1997. – С. 68
4. Серия экономика. Социальная политика. Государственный Университет Высшая школа экономики: Учебники для Высшей школы. 2003-2005. – ООО «ИД РАВНОВЕСИЕ». Программа «Электронная книга».
5. Проект Закона «О социальном партнерстве» //Норма, N23 от 5 июня 2012 года
6. Семигин Г.Ю. Социальное партнерство в современном мире. – М., 1996. – С. 99
7. Саидов К.С., Сейтмуратов Р.А., Асланова Д.Х. Социальная экономика. – Самарканд, 2005.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әлеуметтік серіктестік тетіктерінің жұмыс істеуіндегі мемлекеттің рөлі ашылады. Мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігіне баса назар аударылып, бірқатар маңызды әлеуметтік функциялардың орындалу мәселелері қарастырылады.

(Матибаев Т.Б. Елдегі ұлттық мемлекеттілік негізді құруда және әлеуметтік-саяси тұрақтылықты нығайтуда әлеуметтік серіктестіктің рөлі мен маңызы)

SUMMARY

The article explores the role of the state in the functioning of the mechanism of social partnership. Attention is focused on the fact that the social responsibility of the state is manifested in a number of important social functions, is corrects the natural processes of polarization of wealth, does not allow for the fact that social differentiation in society crossed the permissible limits.

(Matibaev T.B. The role and Importance of Social Partnership in Laying the Foundations of National Statehood and Strengthening the Social and Political Stability in the Country)

ӘОЖ 372. 52 045

Е.АУЕЛБЕКОВ

педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

М.АБИЛДАЕВ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Мектеп оқушыларының бейнелеу өнері арқылы танымдық іс-әрекеттерін арттырудың маңызы жоғары болып саналады. Олардың кеңістіктік ойлауын дамыту бүкіл дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайды. Оқушыларға білім мен тәрбие беруде бейнелеу өнерінің оқуға қызығушылықтарын арттыруға тигізер әсері күшті. Олардағы оқуға қызығушылықтың негізінде қалыптасатын оқу іс-әрекетінің өнімдері білімдерде, іс-әрекетте, рухани өмірде, қоғамдық қатынастарда бейнеленеді. Сөйтіп, бұл оқу іс-әрекетінде тұлғаның барлық қажетті сапаларын қалыптастыруға көмектеседі.

Кілт сөздер: бейнелеу өнері, кеңістіктік ойлау, оқуға қызығушылық, танымдық іс-әрекет, білім сапасы.

Қазіргі таңда Отанымыз күрделі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жаңартулар тұсында дамып келеді. Осы кезеңде елімізде жүріп жатқан ауқымды өзгерістердің мәнін білім беру жүйесін, мектептердегі жас ұрпақты тәрбиелеп, оқыту мәселесінің жаңа қарқынмен дамуға бет алуынан байқауға болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру саласын дамытудың алдағы онжылдықтарға арналған бағдарламаларын қарқынды жүзеге асыру міндеттері межеленді [1].

Кемелделген тұлға тәрбиелеу ісі ең алдымен оған қажетті алғы шарттар мен жан-жақты тәрбиелеу құралдарына тікелей байланысты. Осындай парасаттылыққа, ізгілікке және әсем талғамға тәрбиелеу құралдарының бірі - өнер болып табылады. Соның ішіндегі бейнелеу өнерінің жас ұрпақтың қалыптасуына, тәрбиесі мен білімін жетілдіруде әсері ұшан-теңіз. Атап айтсақ, оқушының өзін қоршаған ортаны танып-білуіне ұшқыр қиялы мен нәзік сезімдерінің дамуына, ғибрат пен саналылыққа, биік адамгершілік сезімдерге, яғни рухани жағынан дамып, жан-жақты жетілуіне ықпал ете алады. Өнерге жаны құштар, өз ісінің білгірі, терең ойлы бала жүрегін ұға

алатын педагог өз кезегінде бала тәрбиесінде өнердің маңызын жете түсініп, өз мамандығын шығармашылық еңбекпен ұштастырары сөзсіз. Түрлі өнер саласы бойынша хабардар болып, жалпы көркемдік бағыттағы тәрбие туралы мәліметтер жинақтауы педагог беделін арттыра түседі. Әсіресе, бейнелеу өнері материалдарын пайдаланудың маңыздылығы да, көлемі де үлкен болып табылады. Бұл мәселелерге қатысты зерттеулер, оларды талдау мәселелері Б.М.Неменский, Л.С.Выготский, Б.Юсов, Т.Я.Шпикалова, М.Н.Ростовцев, С.Герасимов, Қ.Ералин, А.Қамақ, Қ.Болатбаев, Ж.Балкенов, Қ.Жеделов, т.б. еңбектерінде орын алған.

Бейнелеу өнері – бұл адам баласының заманнан заманға рухани, эстетикалық байлығы ретінде ұласып келе жатқан өнер саласы, ал сурет – бұл шежіре, ондаған ғасырлар бойы бүкіл адам тарихтарын, тіршілік тарихын шашауын шығармай, жоғалтпай жеткізген бірден-бір куәгер. Бейнелеу өнерімен айналыса отырып, адам тек суретшінің практикалық дағдыларын ғана меңгеріп, шығармашылық ойларын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен бірге өзін талғампаздыққа тәрбиелейді. Мектеп кезеңіндегі оқушылардың бейнелеу әрекеті баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты азайтып, эмоционалдық көңіл-күй, оқуға қызығушылық туғызады.

Мектептегі бейнелеу өнері пәнінің оқу материалдарын игеру оқушыларға зор талап қоятыны белгілі. Өйткені, шындықтағы құбылыстардың сыр-сипатын, мән-жайын ұғыну - өте күрделі танымдық әрекет. Мұның өзі бірнеше кезеңдерден тұратыны қазіргі ғылымға белгілі. Мәселен, сабақта материалды ұғынып, түсінудің алғашқы таныстыру кезеңінде оқушы нені, қалай оқу керектігі жайлы жалпы мағлұмат алады. Бұдан кейінгі кезеңде, ол мұны тәжірибеде байқап көреді. Үшінші кезеңде түсінгенін, ұғынғанын сөзбен тұжырымдайды. Төртінші кезеңде олар ойына ұстап тұрады да, бесінші кезеңде оқушыда зат пен құбылыс туралы белгілі ұғым қалыптасатын болады. Ақыл-ой амалдарын меңгеру арқылы оқушы шындықтағы заттардың байланыс-қатынастарын меңгереді, бір затты екіншісімен салыстырып, олардың айырмашылық, ұқсастықтарын айыра білуге, соларды дәлелдей алуға үйренеді. Ұғыну, түсіну дегеніміздің өзі де - нәрседе себеппен қатар нәтиже болатындығына оқушының көзінің жетуі. Мектепте бейнелеу өнері пәнін оқытуда да осындай күрделі кезеңдердің барлығын тұтас ұстап тұратын өте маңызды және ауқымды күш – оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары мен ынта-ықыластары болып табылады.

Мұғалім оқушы ойлауындағы талдау тәсілінің қалыптасуына жеткіліксіз көңіл бөлетін болса, ондайда оқушы материалдың бір-бірімен байланысының жеке жақтарын ғана меңгереді, әр ұғымның мәнін, өзіндік ерекшелігін жете түсінбей қалады. Сондай-ақ мұғалім сабақ беруде жинақтау тәсілін ойдағыдай пайдалана алмаса, онда берілетін мағлұмат бұрынғы материалмен дұрыс байланыспай қалады, бұл берілген мағлұматтың практикалық мәнінің

төмендеуіне әкеліп соғады. Оқушыда белсенді ойлау процесін дамытудың орнына олардың есте сақтау, жаттау қабілетін өсіруге ерекше мән беріліп кетеді. Әрине, оқушының есте сақтау қабілетін дамыту қажет. Бірақ оқушыны оқуға қызықтыра отырып ойландырып, әр нәрсені бір-бірімен салыстырғызып, талдатып-жинақтатып, дәлелдеткізіп үйретсе ғана олардың танымы мен білімі мазмұнды болады.

Білім – адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін оны ойлау операциясы, талдау, салыстыру, жіктеу және жинақтау арқылы терең ұғыну қажет. Оқушы ойлау операциясына сүйеніп өз білімін шындыққа айналдырады. Бұл дамытып оқытудың негізгі ережесі, яғни оқушылардың таным іс-әрекетін дамыту, оларды өз бетімен ізденуге, зерттей білуге және жаңа білімді еркін игеруге үйрету болып табылады. Оқушылардың білімі – оқыту процесін, ең бірінші кезекте оқу материалдарын меңгерудің нәтижесі. Білім – қандай да бір танымдық іс-әрекетті жасау негізі, ал танымдық іс-әрекет жеке тұлғаны қалыптастырады. Сөйтіп, білім – қоғамдық-өндірістік тәжірибеде қолданылады, меңгерілген сапалы білімнің көмегімен адам жаңа білімдер жасауға қатысады, еңбекке дағдыланады, қоғамдық-материалдық байланыстың артуына, рухани мәдениетінің дамуына өз үлесін қосады.

Әл-Фараби бақытты болу мен қоғамдық тіршілікті жақсарту білімділікке байланысты екендігін ескерте келе, білім мен өнерді меңгергеннен кейін адамда іскерлік пен өз бетінше әрекеттену, парасаттылық пайда болатындығын айқындаған [2].

Оқушыларға білім мен тәрбие беруде бейнелеу өнерінің өзіндік орны бар екендігі белгілі. Бейнелеу өнерінің жалпы білім беру пәні ретіндегі пайдасын педагог Я.А.Коменский белгілеп беріп, өнерді үш талап негізінде, яғни, өнерді дұрыс пайдалану, өнерді сапалы бағытта оқыту, жиі жаттығулар жасау арқылы үйренуді анықтаған [3].

Мектепте бейнелеу өнерін оқытудағы эстетикалық тәрбиенің мазмұнын айқындаған педагог Б.Неменский өз еңбектерінде неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гетенің сурет салуға өте үлкен мән беріп, оның балаларды өте қызықтыратындығын, дүниені кең әрі терең тануға көмектесетіндігін жазғандығын мысал ретінде келтіреді. Ол И.В.Гетенің: «Сурет салу мен өнерді оқып білу кедергі жасаудың орнына ақындық шығармашылыққа көмектеседі. Жазуды азайтып, сурет салуды көбейту керек» деген сөздерін тілге тиек етеді [4].

Осындай тұжырымдардың, идеялардың көп болғанына қарамастан бейнелеу өнерінің, сурет салудың мектептерде пән ретінде жүргізілуіне ХІХ ғасырда ғана қол жеткізілді. Оның жүзеге асырылуына көрнекті педагог И.Г.Пестолоццидің зор ықпалы болды, сондықтан И.Г.Пестолоцци сурет салуды мектептердің оқу бағдарламаларына пән ретінде енгізген педагог-

ғалым деп саналады. Ол дүниені, қоршаған табиғатты дұрыс тану арқылы дұрыс ойлау мүмкіндігі сурет салумен туатындығын көрсетті. Ол өнерді талқылай отырып, игеру үшін арнайы жаттығулар, яғни көзді барлық заттар мен құбылыстарға салыстыра, талдай, топтастыра отырып карауға үйрететін жаттығуларды ұсынды. Көрнекті ғалым жазудан бұрын сурет салуды үйренудің пайдалы әрі қызықты екендігін, яғни қызықты іс-әрекет ретінде сурет салу жазудың жеңіл үйретілуіне себепші болатындығын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Сөйтіп, сурет негіздеріне барлық баланы үйретуге болатындығын, сондықтан оның жалпы білім берушілік мәнін ескере отырып, басқа пәндермен қатар мектептегі өз орнын алуын қолдады [5].

Оқушылардың бейнелеу өнері арқылы оқуға қызығушылықтарын арттыруда олардың кеңістіктік түсінік, ұғымдарын, ойларын дамытудың ерекше ролі бар. Балалардың кеңістіктік елестетулерінің, қиялының дамуы олардың ойлау қабілетімен тікелей байланыста болады. Кеңістіктік ойлаудың әлсіз болуы ғылымдар негізін игеру міндетін орындауды қиындатады. Мәселен, бейнелеу өнерінің тәрбиелік теориясын қалыптастыруға үлес қосқан С.А.Герасимов бір заттың айналасындағы кеңістік құбылыстарын ғылыми перспектива элементтерін ескере отырып анықтау керектігін айтады [6]. П.А.Сорокун оқушылардың кеңістіктік елестету ойлауын арттыру - олардың бейнелі ойлауының күрделі психикалық үрдістерінің дамуына ықпал етуші факторы деп есептеді [7].

Оқушылардың бейнелеу өнерін оқудағы қызығушылықтары басқа пәндердің материалдарын меңгеруге де септігін тигізеді. Меңгеру нәтижесінің сапасы оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларын бағалау арқылы анықталады. Ал білім сапасы – білімді меңгеру нәтижесі болып табылады. Бұл жерде іскерлік дегеніміз – іс әрекетті жақсы істеуге керекті жұмыс тәсілдерін белгілі бір жағдайларға байланысты таңдау және қолдану, адамның жұмысты жаңа жағдайда өнімді, сапалы, уақытында істей білу қабілеті. Іс-әрекет іскерлікке айналу үшін педагогикалық жағдайлар жасалады. Іскерліктің құрылымына елес, ұғым, білім, дағды, зейінді шоғырландыру, бөлу, ауыстыру, қабылдау, ойлау, іс-әрекет процесін реттеу және өзін-өзі бақылау дағдылары енеді. Осы бөліктердің бірлігі арқылы оқушы өз жұмысының нәтижесін түсініп, оған жету үшін іс-әрекеттің тиімді тәсілдері арқылы жұмыс істеп жақсы нәтиже алады.

Оқушының оқуы – олардың танымдық іс-әрекеті болып табылады. Осы іс-әрекеттің маңызды белгілеріне өзін-өзі сынау және өз бетімен жұмыс істей білу, оқуға қызығушылық, қажеттілік, танымдық белсенділік, табындылық, жігерлілік, өзінің алдында тұрған міндеттерді дұрыс түсіну, керекті іс-қимылдарды таңдау жатады. Оқуға қызығушылықтың негізінде қалыптасатын оқу іс-әрекетінің өнімдері білімдерде, іс-әрекетте, рухани өмірде, қоғамдық қатынастарда бейнеленеді. Сөйтіп, оқу іс-әрекетінде тұлғаның барлық қажетті сапалары көрініп қалыптасады.

Қоғамның барған сайын күрделеніп, қарқындап даму барысында оқушылардың қызығу жүйелерін Ф.Гусейнова зерттесе, оқушылардың танымдық дамуы мен қызығушылығына оқу құралдарының әсеріне А.Дусавицкий зерттеулер жүргізді, ал оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру, білімді игеру үдерісін басқару мәселелерін Н.Ф.Талызина қарастырды [8].

Оқушының білімді меңгеруі, ұғынуы, мұғалімнің сабақ оқытуы, екеуі де - «инемен құдық қазғандай» қиын нәрсе. Мәселен, мұғалім оқушыға бұрыннан таныс нәрсені ығыр қылып айта берсе, осы жағдай онда ақыл-ой тапшылығын, кейде тіпті оқуға қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Сондықтан ұстаз әркез оқушының рухани тілектерін, таным белсенділігін шөліркетпей, оны ұдайы қанағаттандырып, оның табиғатты, өмірді, адамдар еңбегін білуге құштарлығын дамытып отыруы қажет.

А.А.Бейсенбаева оқушылардың білім сапасын, оқуға қызығушылықтарын арттыруға тікелей ықпал жасаушы танымдық әрекеттердің өзіне тән ерекшеліктерін былай көрсетеді:

- таным процесінің ғылымдағы объектісі - белгісіз құбылыстар;
- оқушылардың таным процесі үнемдірек, яғни әдіскерлердің, ұстаздардың көмегімен әрбір мектеп пәні бойынша маңызды білімдер негізі іріктелініп алынады;
- оқыту процесінің ерекшелігі оқуды әрі қарай жалғастыруға және өз бетінше еңбек әрекетіне дайындалуына қажетті іскерлік пен дағдыларды игеру мен оның байланысы болып табылады;
- мектептегі таным процесі тек білім берушілік емес, сонымен бірге тәрбиелеушілік, дамытушылық сипатта болады. Білімді игеру барысында ақыл-ой қабілеттері дамиды, олардың көзқарастары мен сенімдері қалыптасады;
- оқушылардың таным процестері олардың жастарына сай ұйымдастырылады;
- таным процесі мұғалімнің бағыттаушылық рөлімен, оқушылармен тығыз өзара байланыста іске асырылады [9].

Сонымен, бейнелеу өнерін оқытуда оқушылардың таным үдерісін жандандыру олардың тәрбиесін, бүкіл білім ауқымын, дүниетанымдық түсініктерін арттыруға септігін тигізіп, олардың оқуға қызығушылықтарын арттырып, оқу іс-әрекеттерін жемісті болуына әсер етуші бірден-бір фактор болып табылады. Мектептегі бейнелеу өнерін оқушылардың жалпы оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға өзіндік ықпал жасайтын ыңғайлы әрі өзіндік сипаты мен ерекшеліктері бар пән ретінде қарастыруымыз қажет. Осындай күрделі мәселенің бас-қасында әрине мұғалім тұрады. Мұғалім оқушылардың оқуға ынта-ықыласын, қызығушылығын тәрбиелеу арқылы олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады. Ол алғашқы күннен бастап оқушының ынта-ықыласы мен бейімділігін, оның қолынан не істеу

келетіндігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығы қандай екендігін есепке алып, оқу үдерісін осы негізге орайластыра жүргізгені дұрыс. Себебі, мұғалім оқушы тәрбиесінің жан-жақты өсуіне және білімінің сапалы болып қалыптасуына ықпал етуші бірден-бір тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. //Егемен Қазақстан. – Астана, 15 желтоқсан 2012.
2. *Әл-Фараби.* Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Кітап, 1985. – 419 б.
3. *Коменский Я.А.* Ұлы дидактика. – Алматы: Мектеп, 1985. – 235 б.
4. *Неменский Б.М.* Культура. Искусство. Образование. Цикл бесед. – Москва: Центр ХКО, 1991. – 292 с.
5. *Песталоцци И.Г.* Педагогическое наследие. /сост. Джуринский А.Н. – Москва: Педагогика, 1988. – 185 с.
6. *Герасимов С.А.* Любить человека. – Москва: Педагогика, 1985. – 178 с.
7. *Сорокун П.А.* Формирование пространственных представлений у младших школьников. – Ленинград: изд.-во ЛПУ, 1988. – 264 с.
8. *Талызина Н.Ф.* Формирование познавательной деятельности младших школьников. –Москва: Просвещение, 1988. – 243 с.
9. *Бейсенбаева А.А.* Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. –117 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы повышения интереса к учебе школьников в процессе обучения изобразительному искусству.

(Ауелбеков Е., Абилдаев М. Изобразительное искусство и повышение интереса к учебе школьников)

SUMMARY

This article discusses some of the issues of increased interest in studying students in learning the fine art.

(Auelbekov E., Abildaev M. Visual Arts and Increase Interest in Studying Students)

МАЗМҰНЫ

ФИЛОЛОГИЯ

БАЙМАХАН Т.М. ДЖОЛДАСОВА Ж.Ж. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық тіркестердің кейбір ерекшеліктері	3-7
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. ГРАЧЕВА В.А. О психологизме в романе Джейн Остен «Гордость и предубеждение»	8-13
УРАЗБАЕВ Қ.Б. ОРАЗАЛИЕВА Г.Е. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі “жүрек” концептінің бейнесі	14-16
БАЙМАХАН Т.М. ШОРНАХОВА И. Структурные модели предложения в разносистемных языках	17-20
URAZBAYEV K.B. PARMANKULOVA D.R. Usage of Suffixes in Noun-Forming Process	21-27
КАМАЛҚЫЗЫ Ж. Мәңгірттік – ұлттық санаға түскен дерт	28-35
ИСЛАМ Д.А. Азаматтығын іздеткен қоғам жыршысы	36-39
ТІЛЕУҚАБЫЛОВ Қ. Түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелерінің батырлық жырлардағы көрінісі	40-45
ТӘШІМОВА Ә. Рахманқұл Бердібай – әдеби портреттің шебері	46-52
БОХАНОВА А.С. Лишительная семантика в экономических дискурсах Казахстана	53-57
ОРАЛБАЕВА Н.Н. Түркі қағанаты дәуіріндегі жазба ескерткіштерде кездесетін ауыз әдебиет элементтері	58-65
USENBAYEVA Ş.A. Sabahattin Ali'nin Edebî Hayatı	66-71
УРАЗБАЕВ К.Б. ЗАРИМБЕТОВ А.А. О типологическом аспекте казахской и каракалпакской топонимики	72-75
ЖУМАТАЕВА Г. «Әділ сұлтан» эпикалық жырындағы қазақ және түрік тілдеріне тән ортақ тілдік деңгейлердің көрінісі	76-83
НОСИРОВ А.А. Француз, өзбек, орыс және қазақ тілдеріндегі ПФ-дің ұқсастығын салыстыру	84-89
ТЛЕГЕНОВА Г.А. Общие темпоральные характеристики синхронного перевода	90-97

УРАЗБАЕВ К.Б. ЕСЕНКУЛОВА Н.М. Термины родства в межкультурной семейной коммуникации	98-103
ПЕДАГОГИКА	
СМАНОВ Л.С. БАЙТЕРЕКОВА К.Б. Құқықтық мәдениетті тәрбиелеу мәселелері	104-107
ОРЫНБАЕВА М. МҰСАБЕКОВА Г.Т. Шежіре – халықтық педагогиканың тәрбие құралы	108-113
СМАНОВ І.С. ЛЕСБЕКОВА П. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыру	114-118
ӘДІЛБАЕВА Р. Қосымша білім беру – тәрбиенің ажырамас бөлігі	119-123
ҚҰДРЕТУЛДАЕВА Н.Б. КЕНЕНБАЕВ С.Н. Студенттердің кәсіби мәдениетін дамытудың әдіснамалық алғы шарттары	124-130
СМАНОВ Л.С. АБЕНОВА А. Кәсіби жарамдылық – бәсекеге қабілеттілік есебінде	131-133
ҮСЕНОВ Ә.С. Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің кейбір жолдары	134-137
БАЙТЕРЕКОВА К.Б. СМАНОВ Л.С. Пути организации правового воспитания школьников	138-143
МҰСАБЕКОВА Г.Т. ЕСМҰРЗАЕВ Н. Қазақ жастарын отбасылық өмірге даярлаудың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері	144-149
ЖУМАБАЕВ М.Ж. СЫРБАЕВА Г.Е. Информационно-коммуникативные технологии в географическом образовании	150-154
БАЛАБЕКОВА А.А. КЕНЕНБАЕВ С.Н. Сынып жетекшісінің оқушыларды тәрбиелеуде кездесетін қиындықтары	155-161
МАЛИКОВА С.С. Традиции, обычаи и этика семьи	162-167
ЖОЛДАСОВА Б.Б. АБУЛКАСИМОВА Т.А. ПЕТРУНИНА В.Г. О проектировании гибкого процесса по изготовлению спецодежды для рабочих АПК	168-172

БАЙҒОНОВА А.С. КЕНЕНБАЕВ С.Н. Музыка сабағында оқушыларды ән және аспаптық мәдениетке баулу әдістері	173-179
ТОККУЛОВА Г.Т. ОШАНТАЕВА Н. Қазақстанда білім беру жүйесінің әлемдік білім беру жүйесіне интеграциялануы	180-183
ӨМІРЗАҚ Э. Білім беру үдерісіндегі студенттердің өзіндік жұмыстарының алатын орны	184-188
ЖОЛДАСОВА Б.Б. РАСУЛОВА М.К. АБУЛКАСИМОВА Т.А. Повышение формоустойчивости тканей при изготовлении верхних изделий	189-193
БАЛАБЕКОВА А.А. БАЙҒОНОВА А.С. Қазақстанда өнер ұжымдарының қалыптасуы	194-198
ТАРИХ	
АМРИНА М.С. ӨСКЕМБАЕВ Қ.С. «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» дерегінің жалпы құрылымы	199-210
МҰСТАПАЕВА Д. Көне наным-сенімдер мен әулиелер культінің зерттелуі	211-218
ZHUMATAYEVA D. Osmanlı devleti'nin akdeniz politikası ve kıbrıs adası'nın fethi	219-225
ҚАРАТАЕВА Д.Ғ. Түрік елінің көшбасшысы – Мұстафа Кемал Ататүрік	226-235
YASEMİN BİNİCİ Birinci Dünya Savaşı Yıllarında Alaş Dönemi Kazak Aydınlarının Siyasi Fikirleri	236-241
TURLYBEK A. İttihat ve Terakki Cemiyeti'nin Kuruluşu ve Enver Bey'in Cemiyete Girişi	242-249
ҮСЕНБАЕВА Н.Т. Патша өкіметінің отарлау саясаты туралы	250-256
ДІНТАНУ	
ҚҰРБАНҚОЖА С.Н. Сопылық мектептің негізгі ұстанымдары	257-260
СОЦИОЛОГИЯ	
МАТИБАЕВ Т.Б. Роль и значение социального партнёрства в создании основ национальной государственности и укреплении социально-политической стабильности в стране	261-269
ӨНЕРТАНУ	
АУЕЛБЕКОВ Е. АБИЛДАЕВ М. Бейнелеу өнері және оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру	270-275
МАЗМҰНЫ	276-278

